ШӘКӘРІМ
ғылыми-танымдық журнал

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылдың 3 наурызында қайта тіркеліп, № 9940-Ж куәлігі берілген.
2005 жылдан шыға бастады.

БАС РЕДАКТОР

Әмірбеков Шәріпбек Ағабайұлы
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры, саяси ғылымдар докторы, профессор

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Смағұлова Ақмарал Төлеуғазықызы
«Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты.

.

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Қадыров Айбар Қабыкенұлы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Мағауин Мұхтар
Қазақстанның халық жазушысы, әдебиетші ғалым

Ғарифолла Есім
академик, сенатор

Жанболатов Сұлтан
профессор (Қытай)

Мырзахметұлы Мекемтас
филология ғылымдарының докторы, профессор

Қалижан Уәлихан
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Әбдіғазиұлы Балтабай
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті қазақ филологиясы факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Жұртбай Тұрсын
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті "Отырар кітапханасы" ғылыми орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Хакім Мерием
PhD, профессор (Түркия)

Жақып Бауыржан
"Қазақ энциклопедиясының" бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Ескендіров Мейір
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Еспенбетов Арап
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті гуманитарлық-заң факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Сейітова Шынар
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы

Рамазан Айгүл
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы

Әубәкір Жандос
Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

© Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2012
© «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығы, 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
«ШӘКӘРІМТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Шәкәрім. Ғылыми-танымдық журнал.

МАЗМҰНЫ

ШӘКӘРІМТАНУ

Ғарифолла Есім. Шәкәрім және заман. 3
Тұрсын Жұртбай. Халық пікірі немесе Шәкәрім мұрасы қалай ақталды?.....7
Балтабай Әбдіғазиұлы. Тәуелсіздік жылдарындағы шәкәрімтанудың кейбір мәселелері.....16
Бағдан Момынова. Шәкәрім қолданған метафоралар: функциялық түрлері.....23
Айнаш Сейсекенова. К вопросу понимания жизни как страдания (на примере стихотворения Шакарима Кудайбердыулы "Если бы я встретил пророка Моисея").....27
Айман Ақтанова. «Қалқаман - Мамыр»: поэма мен либретто.....31
Жанбота Секей. Шәкәрім шығармаларындағы дәстүр мәселесі (ауыз әдебиеті мен фольклор).....36
Рүстем Екібаев. Қазақ тарихының білгірі.....39
Қуантқан Биболат. Экономикалық ой-пікірлердің Шәкәрім шығармаларындағы көрінісі.....41

АЛАШТАНУ

Асқар Сләмов. Алаш қозғалысы және алашорда үкіметі тарихының өзекті мәселелері 44
Бауыржан Ердембеков. Күретамыр.....55

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

Шынар Сейітова. Кейбір этнонимдік мағыналық бірліктердің тарихи және тілдік табиғаты.....59
Айгүл Рамазан. Қазақ зиялыларының кеңестік тіл саясатына қарсылығының баспасөздегі көрінісі.....62
Ақмарал Смағұлова. Қ.Мұхамедханов және текстология мәселелері.....66
Дәулет Шаяхимов. «Ағыбай батыр» поэмасының бір нұсқасы жайында мәлімет.....72

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯ

Серікбек Журсунов. Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірі мен шығармашылығын оқыту тәжірибесінен.....80

МҮШЕЛТОЙ

Ақмарал Смағұлова. Ақыл мен ғибрат өрнегі (Шәкәрім Құдайбердіұлының тұңғыш өлеңдер жинағына 100 жыл).....88

ТҰЛҒАЛАР

Бимбоэс Альвин.....94
Жәнібек Кәрменов 94
Келденбай Өлмесеков.....95
Талиға Бекхожина.....95

ФОТОШЕЖІРЕ

Н.Айтұлының шығармашылық кеші.....96
Жас ақындар мүшәйрасы.....98

ШӘКӘРІМТАНУ

ӘОЖ 821.512.122:13

Ғ.ЕСІМ, көрнекті философ-ғалым, жазушы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
Қазақстан Республикасы Парламентінің сенаторы

ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ЗАМАН

Мақалада ғалым Шәкәрімнің сыншылдығына ден қояды. Марғау жұртының ойына ой қосу жолындағы ақынның парасаттылығы, көшбасшылығы сынды мәселелер Шәкәрім шығармашылығы негізінде талданады.

"Қазақ болса өзімдей..."

Бұл - **"Сынатарсың өзіңді"** деп басталатын өлеңнің бесінші шумағының үшінші жолы. Шәкәрім - өзін әлемдік деңгейге көтерумен бірге туған халқының да алда болуын арман еткен адам:

- Мен жетелеп өлемін
Өрге қарай қазақты.

Көрдіңіз бе? Сонда ақын жұртын несімен жетелеп келе жатыр? Ол нендей қасиетімен көшбасшылық қызмет атқармақ? Оған Шәкәрімде жауап бар, ол: **"Өлсем де ойын бөлемін, сөзбен салып азапты"**, - дейді. Демек, оның ел жетектейтін көшбасшылығы ойшылдығында, парасаттылығында. Марғау жұрттың ойына ой қосып, сөзбен азап салып, оны оятпақшы, белсенді іске бастамақшы, себебі, ол өзге халықтарды көріп-біліп, солардың тұрмыс, тіршілігінен, өмірге деген ынтасынан ғибрат алып отыр. Енді осы сананы жұртына сіңдірмекші. Ол ары қарай:

- Қазақ болса өзімдей,
Қыла алмайды мазақты, -

деп, кесімді пікір білдірген. Ол өз өлшемін ұсынады. Егер қазақ мен сияқты болса, ол мазаққа түспес еді, мәселе сонда - қазақ өзі сияқты бола алмай тұр. Оның арманы **"қазақ сыншы болса екен"** дейді. Сыншылдық деген мәселе XX ғасырдың басында үлкен әңгімеге айналып, ол философия, мәдениет тарихында өріс алды. Сыншылдық деген не? Сыншылдық деген, ең алдымен - талғампаздық. Мен бәрін қабылдай беремін емес, мен қабылдауға тиісті нәрсені ғана қабылдаймын, тиісті емесін сынаймын, терістеймін деген сөз. Шәкәрім қазақ сыншыл болса екен деп тегіннен-тегін айтып отырған жоқ, ол мәселе болған соң сөз еткен. Шәкәрім заманында қазақ қандай еді? Сыншыл емес, қазақ еліктегіш, бала мінезді болатын. Содан кейін қазақ біреулерге ергіш, көнгіш болатын. Қазақ томаға-тұйықтықты қалап, "ұйықтап" жатып алды. Одан еріншектік деген кесел пайда болған. Алаш азаматтарының **"Оян, қазақ!"** деп ұран көтеріп жүргендері осы мәселеге қатысты болатын. Әрине, еліктегіштік, сөзге ергіштік, көнбістік, томаға-тұйықтық, еріншектік бұл қазақты өрге бастыратын қылықтар емес-ті. Шәкәрім қазақ сыншыл болса, әр нәрсенің сырын, парқын, мәнісін біліп, соған сай іс жасар еді деген пікір білдірген. Өкінішке орай, отаршылдық кезінде қазақ халқы осы томаға-тұйықтыққа түсті де, содан бері дүр сілкініп, өзге күйге шыға алмай қалды. Халық енді есін жия бастаған кезде, Шәкәрім сияқты көшбасшы, ойбасшыларының бәрі репрессияға түсті. Сөйтіп қазақ басшысыз қалды. Осындай заманда қазақтың қазақ болуына қызмет еткен бір көшбасшы данышпан адам болды, ол Мұхтар Омарханұлы Әуезов еді. Мұхтар Әуезов кеңестік тар жол, тайғақ кешу заманында қазақ халқына Абайды сақтап қалды, соның арқасында ақынды жете түсінбесек те, оның шығармаларын оқып, жаттап өстік. Егер Абай мен Мұхтар болмаса, қазақтың ойлау деңгейі, мәдени деңгейі, □□□□□□□□□□□ □□□□□□□

қандай сатыда болатынын айтып түсіндіру де қиын. *Мұхтар Әуезов қазаққа өркениетті әкеліп, өзі өркениеттің өлшемі болды.* Олай дейтінім, бұл кезде Шәкәрім, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулат, тағы да басқа Алаштың мықты-мықты азаматтары біз үшін жабық болды. Біздің ойлау кеңістігімізде тек қана Мұхтар Әуезов пен Абай ғана қалды. Бұл халық басындағы ауыр қасірет еді. Мұндай жағдайда қазақты сыншылдыққа кімдер үйретті? Мәселені төтесінен қойған Шәкәрім халық жауы атанды. Шынында, қазақ сыншыл болса екен деген сөзі - Шәкәрімді халық жауы деп атауға жеткізген ұғым. Коммунистік идеология ақынды нағыз жау деп таныды. Шынында Шәкәрім коммунистік идеологияның жауы екені рас. Өйткені, ол қазақ сыншыл болса деп отыр. Сыншыл қазақ большевиктер саясатына еріп кетпек емес. Ал Шәкәрім болса, ғылым деп уды жегізген деген сөзді айтады. Ондай адам большевиктер кезінде қалай аман қалмақ?! Шәкәрім сияқтылар ел ішінде дін аман болса, социализм ісі алға қалай жүрмек? Шәкәрім мен социализм бір-бірімен қабыспайтын жайлар. Большевизм сыншылдықты емес, құптаушылық психологиясын халық сана-сезіміне енгізуді мықтап қолға алды. Жоғары жақтан біреу бірдеме айтса болды, соны құптай бастайтынымыз содан қалған. Шәкәрім қазақтың сыншыл болғанын қалайды. Ол неге біз өзімізше ойламаймыз, қазақ болып неге ойламаймыз, дүниеге қазақ көзімен неге қарамаймыз дейді.

Шәкәрім **"Қазақтың жайы белгілі"** дей келе, қазақтың мінін көрсетіп, оның сыншылдық қуатына кеңістік ашпақшы. Ниеті таза. Осылай айтпаса Шәкәрім бола ма?!

Осы тұста маған мынандай ой келеді, кейінгі ұрпаққа қарағанда Шәкәрім бақытты, ол - өзі айтқандай, кірсіз ақылы, мінсіз сөзі, адал еңбегі бар жан. Ақыннан кейін бір ұрпақтың ғұмыры шамасында қазақ халқының рухани өмірінің астан-кестені шықты. Сөз айта алатын, елді өрге қарай жетелей алатындардың бәрі жазаланды, халық аштықтан қырылды, тоз-тоз боп шетел асып, жан сауғалап кетті. Шәкәрім арман еткен қазақтың сыншылдығы далада қалды. Басты жерге идіретін психология қалыптасты. Шәкәрім арман еткен қазақ сыншылдығы еліміз егемендікке жеткен соң ғана бой көрсетуде, енді өзімізше ойлап, әлемге қазақтың көзімен қарауды бастадық. Шәкәрім арманына жол енді ашылды.

"Құбылмалы сарай бұл, құм үстіне салынған"

Бұл - **"Жас алпыстан асқан соң"** деп басталатын өлеңнің бесінші шумағының бірінші, екінші жолдары. Шәкәрім:

- Құбылмалы сарай бұл,
Құм үстіне салынған, -

дейді.

Сарай құм үстіне салынған, ал құмда тиянақ, тұрлау жоқ, ол көше бермек. Құм деген мәңгілік өзгеріс символы. Құм үстіне сарай салу - әурешілік, мүмкін пендешілік, бірақ сарай салушылар құмсыз жерді қайдан таппақ? Оған жауапты Шәкәрім осы шумақтың үшінші, төртінші жолдарында нақты айтып берген:

- Сансыз байдан қалған тұл,
Жарай ма, оған жалынған?

Тарихқа көз салсақ, жер бетінде сансыз бай өтті. Олардан бүгінге не қалды? Бұрын еш нәрсе болмағандай байлықты қайта бөлісіп жатырмыз. Онымызды дұрыс десек те, оның тұрлауы қалай болмақ? Кешегі Қазақстандағы байлар Қазан төңкерісі желімен жоқ болды, сарайлары құмға салынған болып шықты.

Осы ойды Шәкәрім одан ары тереңдетеді:

- Өмір үйі желде тұр,
Үміт үйі - сағымда.

Иә, жел өтінде өмір сүріп жатырмыз, желмен келіп, желмен кетуіміз әбден мүмкін. Жел деген толассыз, мағынасыздықтың символы. Өмір үйі метафора болғанымен, мағынасы терең ойды білдіреді. Өмірдің үйі - адамның тағдыры. Өкінішке орай, тағдыр жел өтінде тұр, оған адамның әсері қалай болмақ? Шәкәрім ол жағына жауап іздемейді, ол мәселе шын-дығын айтқан.

"Үміт үйі сағымда" деп, Шәкәрім фаталистік пікір айтқан. Біз әдетте үмітсіз шайтан деп, үмітіміздің барлығына разы сияқты едік, мұнда үміт сағым болып кеткен. Сағым шындық емес, ол - елес. Сонда үмітіміз елеске айналса, не болғанымыз? Шәкәрім неге мұндай мұңды өлең жазған? Бұл ойларды заманы айтқызып отыр, өлең 1919 жылы жазылған, сондықтан өмір үйінің желде тұруы, үміт үйінің сағымда болуы түсінікті. Азаттық деген ұран бар, бірақ нағыз азаттық жоқ:

- Жасыл күмбез ішінде
Жан-тәнімен кім азат?
Бұл тіршілік тұсында,
Бола алмайсың шын азат.

Шәкәрім революция, социализм идеяларын қабыл алмаған. Олардың сағым, елес екенін әу баста-ақ сезген, білген. Коммунизм жолы адамзат жүретін жол емес екендігін де жанымен сезінген:

- Қабағыңды аш, қайғырма,
Берілгенге разы бол.
Анық ойдан айрылма,
Ашылған жоқ еркін жол.

Барға разы болу - халқымыздың санасында бар сабырлылық. Олай болмағанда, тіршіліктің мәнісі грек мифі Сизифтің тауға қарай тас домалатып, ол тастың қайтадан жерге домалап түсуі сияқты мәнсіз болмақ. Альбер Камю осы грек мифін қайталап айта отырып, адамзаттың тіршілігін таудың басына тас домалатып шығарған Сизифтің қуатымен анықтағысы келген, бірақ Сизиф қуаты тас таудың басына барғанда мәнсіз іске айналады, себебі тас ылдиға домаламайды, оны Сизиф қайта тау басына тағы шығарады, сөйтіп осы әрекет сансыз рет, толассыз қайталана береді. Осы аңыздағыдай тіршіліктің мәнін анықтауға бола ма? Бұл сұраққа Шәкәрімнің нақтылы жауабы жоқ. Шәкәрімнің айтып отырғаны тіршіліктің қалыпты жағдайы, бұдан адамның бойына енетін дәрменсіздік өсіп-өнуі мүмкін бе, әлде адамзат өзінің тағдырына көніп, сол санадан қуат алып, өмір сүруі керек деген түйін бе? Сірә, бізге соңғысы қажет демекпін.

"Адамдық борышың - халқыңа еңбек қыл"

Бұл - **"Адамдық борышың..."** деп аталатын өлеңнің бірінші, екінші жолдары:

Адамдық борышың -
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз,
Өнерсіз
Болады ақыл тұл.

Шәкәрім өлеңін Абайға тән дәстүрмен бастаған. Бұл - оның Абайдың мектебінен өсіп шыққандығының белгісі. Абай өлеңдерінің мәтіндеріне талдау жасау барысында мені таң қалдырған нәрсе - оның өлеңді бірден ұғымнан бастайтыны. Шәкәрім де өлеңді солай бастаған, бірден: **"Адамдық борышың, халқыңа еңбек қыл"**, - дейді. Бұл жерде екі нәрсе бар: адамдық борышың және халыққа еңбек қылу. Ойлансақ, осы талапты барша адамға қоя аламыз ба? Әрбір адам өзінің адамдық борышын сезіне ала ма? Бұл - адамның азаматтығына сын. Қазақ дүниетанымында азамат деген ұғымның тұғыры биік. Азаматтық - әрбір адамның шығар биігі. Азаматтықта кісілік қасиеті бар. Азамат - үй танымай, ел танитын белсенді жан. Азамат өзінің халыққа қызмет етуін адамдық борышы деп санамақ. Азамат атанған жан өзінің адамдық борышын жанымен сезінеді. Азаматтық сана - елдік сананың іргетасы. Шәкәрім осы биік мәселені тілге тиек еткен. Бұл сөздер - азаматтықтың биік нысанасы. Сонымен бірге әрбір адамның үйлі болып, ұрпақ өсіруі, мал бағуы, егін оруы - ол да азаматтық іс, ол да адамның борышы. Ал осының бәрі тікелей менің халқыма жасап жатқан еңбегім деп, мұны әркімге айта бермейді, сірә, айта берудің қажеті де жоқ шығар.

Адамдық борыш деген өзіне ғана емес, өзгелерге қызмет көрсете алатын қуат. Сонда адамдық борышы - халқыңа еңбек қыл, ол сенің білімділігің, кісілігің мол деген сөз. Ал адам жеке басынан аспаса, күйбең тіршілік соңында қалса, ол дағдарысқа ұшырамақ, күйзеліске түспек. Адам өзінің бойындағы қуатын тарқатып шығару үшін, ол міндетті түрде халқына еңбек етуі керек. Халқына еңбек ету адамның өрісін кеңейтпек. Халыққа қызмет ету - адамның өрісі, оның кемелденуі. Бұл - өзінің тәуелсіздігіне жеткен азаматтық санасы, ол кемел, жаны жомарт адамдарға қатысты. **"Адамдық борышың - халқыңа еңбек қыл"**. Бұл - енді кім не айтса да, адам өзіне қатысты айтпақ. Шәкәрімнің осы сөзінің ар жағында өзі тұр. Мен халыққа еңбек қылсам, мен кіммін деген ой сөз астарынан көрініп тұр. Сонда Шәкәрім сияқты таза ісімен, еңбегімен, қарекетімен көрінетін адамдар болады, олар өзінің өмір сүру кеңістігі сол халқына еңбек қылу деп есептейді. Ақын сондай адамдар туралы айтып отыр, өлеңнің үшінші, төртінші жолдарында:

- Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл, -

дейді. Мәселе күрделеніп барады. Еңбек ет, бірақ сол еңбегің сені ақ жолдан айнытпайтын болсын дейді. Ал сенің жасап жүрген еңбегің тек өз басыңның қамы болып кетсе не болмақ? Еңбектің де мақсаттары бар. Мысалы, Гитлер де өзі халқыма қызмет еттім деп әрекет етті. Не болмаса, шын мәнінде коммунизм идеясына сенген коммунистердің ерен еңбегін қайда қоямыз? *"Құрыш қалай шынықты"* романындағы бас кейіпкер Павел Корчагинді

мысалға алсақ, ол - коммунистік идеяға бар жан-тәнімен берілген жан. Былайша айтқанда, ол - сенімнің құлы, бірақ осы идеяға сенгені сонша, ол өзін азатпын деп сезінеді. Ол революцияға "құдайдай" сеніп тұр. Онда сенімнің тазалығы бар, бірақ ол Шәкәрім айтқан ар жолы ма? Ар сақтайтын жол ма?!

Сонда енді сенім таза бола тұра, қалай сенімді жоққа шығарамыз? Павел Корчагиннің сенгені қате болғанымен, онда сенімнің тазалығы бар. Қандай күрделі нәрсе! Еңбегің ақ жол болатын жол қайсы? Ақ жол қандай екенін қайдан білесің? Кім айта алады, мынау ақ жол, мынау бұрыс жол деп. Құран кәрімді оқып отырсаңыз, жиі айтылатын - тура жол деген сөз. Ал тура жол қайдан басталатын жол? Тура бастайтын жолды кім айтып көрсетіп, кім дәл түсіндіріп отыр? Қай данышпан бірден осы ақ жол деп адамдарды адастырмай бастап апара алды? Сондай данышпан тарихта болды ма? Ондай данышпанды дүние жүзінен таба алмайсыз. Бәрі адасып келеді. Мұхаммед пайғамбар болса Құранда осы тура жолға түсудің принциптерін ғана айтқан. Қалай жетудің жолдарын айтпаған. Діншілдер кейде айтады, бәрі Құранда жазылып қойған деп. Мен айтам: Құранда жазылған негізгі қағидалар, ол - тура жолдың принциптері. Ал тура жолды сен өзің табуың керек. Ал тура жолдың векторы - ол Аллаға сену, Жаратушыға сену, Мұхаммед пайғамбарымыздың айтқан сөзі - бұл вектор. Ал сен оған қалай жетпексің? Сол жолдағы сенімің таза ма, сенім сені адастырмай ма? Тура жол туралы күнде оқып отырып, мұсылман қауымы қалайша өркениеттен қалып қойдық? Сондықтан ақ жолды айнымай тану - Құранда айтылған тура жолды табу. Ол - өте ауыр, қиын мәселе. Сонда не істеу керек дегенде, Шәкәрім ой ұсынады. Ар сақта, оны біл дейді. Міне, ақ жолға барудағы өлшем - Шәкәрім үшін бұл арды сақтау.

Ар - сақталған жол, бұл - ақ жол. Ал ар деген нәрсе не? Ар деген ол адамның өзіне баға беретін, өзін тура жолға салуға бағыттайтын компастың тілі сияқты. Ар мынау деп айту мүмкін нәрсе емес, бірақ ақ жолға түспеген кезде ардың қиналатыны анық, адамдардың дағдарысқа түсетіні анық. Ілім, ғылым арқылы емес, өзіңді ар арқылы сақта. Бұл - өзіңді өзің пенделік қауіптен сақта деген сөз. Мен Шәкәрімнің ар сақта дегенін былайша түсіндіргім келеді. Сені жаратушы жаратқан кезде өзіңе тән адамдық табиғатыңды, болмысыңды сақта деп сана берген. Ол - мүмкіндік, ол - сенің адамдық қасиетің, ол - арың. Сен арыңды сақтай аласың, егер адамшылығың толық болса, сол жағдайда ғана адамшылық Жаратушыдан берілген сый болғаны. Ал егер өзіңді адам қылып жібергендегі өзіңнің болмысыңдағы мүмкіндігіңнен тыс, не мүмкіндігіңді ашпайтын істерге баратын болсаң, онда арыңа сын туады. Бұл сөз айтуға жеңіл. Кім оның мөлшерін, көлемін нақты анықтап бере алады? Сірә, оны сезіне алатын адамның өзі ғана болса керек. Адам сезіне алады, өзі өлшемге салады, мүмкін осы істе де адасады, бірақ ізденіс жолына түседі. Егер адам ізденіске түсетін болса - ол ар сақтау жолына түскені, ақ жолға түскені. Егер ол ізденіске түспесе, өзімен-өзі болып толғанбаса, онда, қазақша айтқанда, оның ар сақтайтын ақ жолда болуы қиын.

Адам кірлейді. Адамды дүние кірлетеді. Дүние - адамға жұғатын кір. Сол дүниенің кірінен қалай да тазару керек. Сонда тазаратын, тазару жағдайында тазарғанда нені сақтау керек дегенде, Шәкәрім ар сақтау керек деген. Тазарғанда арды тазарту керек. Ол бес уақыт намаздың алдында жуынып, шайынып, дәрет алу, тәнді таза ұстау деген өте жақсы, бірақ ол - мәселенің бергі жағы, оны ары қарай тереңдететін болсаңыз, дүниенің кірінен тазару мәселесі тұр. Егер бұл мәселе тек қана бір айтқанда түсінікті болып, біреулер бірден ұғып, бар адам оны бірден жаппай қабылдап ала қоятын болса, Шәкәрім сияқты данышпандар қиналып өлең жазбас еді. Оның қиналысқа түсіп, өзіне тоқтау іздеп отырғаны, бұл - адамды мәңгілік ізденіске, толғанысқа, қайғыға, мұңға салатын мәселе. Әрбір ой қайғыға бастайды. Қайғы деген еуропалық түсініктегі пессимизм, оптимизм мәнісін емес, ол өзге өлшемді, түсінікті қажет етпек.

Қайғы деген ойшылдықтың мінездемесі, қайғы - ар сақтаушы күш пен қуат.

ӘОЖ 821.512.122

Т.ЖҰРТБАЙ, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры

ХАЛЫҚ ПІКІРІ НЕМЕСЕ ШӘКӘРІМ МҰРАСЫ ҚАЛАЙ АҚТАЛДЫ?

Мақалада Шәкәрім ақында ақтау ісі туралы баяндайды. Алаш қайраткерлерін тергеу ісінің басталуы, сол жолдағы «халықтық пікірдің» маңызы турасында ой бағамдайды. Шәкәрім ақын шығармашылығын ақтаудағы «халық жолының» мән-маңызы сарапқа түскен.

1987 жылы қаңтар айында сол кездегі Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов Одақтың жанынан Құқық комиссиясын құрып, мені төрағалыққа бекітті. Сосын желтоқсан оқиғасына қатысты деректерді жиып, хабардар етіп отыруды тапсырды. Содан кейін алаш мұраларымен таныс екенімнен мағлұмдар ақын 1988 жылы қаңтар айында мені сол кездегі жоғары соттың төрағасы Тамаз Айтмұхамедовке жіберіп: "Міне, күні туды олардың. Ұстазыңның (профессор Хайыржан Бекхожиннің) үмітін ақтайтын кез келді. Алаш қайраткерлерін ақтауымыз керек. Сен солардың тергеу ісімен танысып шығып, әдеби эксперт бол",- деді.

Күрделі кездің қиын үкімдеріне қол қойып жүрген жоғары соттың төрағасы: "Біздің ұлтымызға жанымыз ашымайды дейсіңдер ме? Дайындалып келген үкімге қол қоямыз. Біз қоймасақ, басқаға қойдыртады. Олжас жіберсе - сенемін. Бұл орайда Олжаспен пікір алысып едік. Сонда бір адам жіберемін деген. Қазір "Алаш" қайраткерлерінің тергеу ісін қарап жатырмыз. Онымен Жоғары соттың мүшесі Қазыхан Кенжебаев айналысып отыр. Сонымен бірігіп өзіңе керекті деректермен таныс. Бізге де кеңес бер",- деді. Қазыханды шақырды. Жарқын амандастық. Екеуміздің қатар оқығанымызды және оның келіншегі Гүлнар Сейітбекқызы мен менің әйелім Әмина Сейітқызының кластас екенін білген соң: "Ендеше күнде таңертең сағат оннан бастап келіп менің бөлмеме отыр. Сағат үште босат. Қалғанын Қазыхан ұйымдастырады",- деді. Сөйтіп, "Ұраным - Алаш!..", "Алаш қозғалысы - Движение алаш" атты үштағандарға (жиыны алты том) пайдаланылған деректердің алғашқы көшірмелері Жоғары Соттың кеңсесінде түсіп еді. 1988 жылы көкек айында "Алашорданың" 14 мүшесінің азаматтығы ақталып, Қ.Кенжебаев дайындаған бір жарым беттік хат О.Сүлейменовтің атынан Г.В.Колбинге жолданды. Енді істің толық нәтижелі аяқталуы үшін "халықтық пікір" қажет еді. Біз, ең алдымен алаш қайраткерлерінің атынан жоғары жаққа хат ұйымдастыру қажет деп шештік.

Рухани әкеміз санайтын Ахаңның қызы - Шолпан Ахметқызы Байтұрсыновамен мені Бейсенбай Байғалиев марқұм архивтің оңаша бөлмесінде таныстырды. Әкесінің атын өзгертпей алып жүргенінің өзі сол тұста біз үшін құбылысты қасиет еді. Байыппен орашолақтау сөйлейтін мұңлы жанарына сондай бір махаббатпен сүйіне қарадым. Жоғары соттың алашордашыларды ақтаған шешімін (алғашында 14 адам ақталды) және оның анықтамасын көрсеткенімде көзінен мөлдірей моншақтап аққан жас тамшылар әлі де көз алдымда. Дауыс та шығармады. Үнсіз егілді. Енді жоғары жаққа олардың шығармашылығын ақтау туралы хат жазу қажеттігін, Жазушылар Одағы тарапынан Олжастың атынан ресми хаттың жолданғандығын айттым. Ол кісі үнсіз орынынан көтеріле берді... Кейін маған сол хаттың көшірмесін ұсынды. Сөйтсем, Гүлнар Міржақыпқызымен, архивтанушы, тарихшы А.Игенбаевпен,

А.Ижановпен ақылдасып, әкесіне қатысты сенімді деректерді жинастырып, осы хаттың негізінде заңсыз қысымға ұшырағандардың ісін қарайтын комиссияға қарата барынша байыпты хат жолдапты (Ол хат "Алаш қозғалысы - Движение алаш" атты үш томдық авторлық басылымның бірінші томында жарияладым).

Енді "Алашорда" қайраткерлерінің тергеу ісінде аты аталмаған Шәкәрім Құдайбердіұлының жеке басы мен шығармашылық мұраларын ақтаудың амалын қарастырдық. Өйткені, Шәкәрім Құдайбердиевті жоғары сот ақтайтындай еш ілік табылмады. Себебі, ол кісінің үстінен қылмыстық іс қозғалмаған, тергеу жүргізілмеген, сондықтан да сот үкімі шықпаған. Барлық айыптаулар Кеңқоныс пен Керегетастың арасындағы кезеңде таңға жуық оқыста оққа ұшқан қанды оқиғаны баяндауға құрылған Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы "Шәкәрімнің кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтерілісті басқарғаны және бандыларды бастап аудан орталығына шабуыл жасауға бара жатқан кезінде алдына ала қойылған тосқауылдың барысындағы атыс кезінде оққа ұшқаны" туралы жергілікті жерден берілген жеделхаттар мен жазбаша түсініктер. Бұл мағлұматтардың барлығы қарулы көтерілісті жаныштауға бағытталған ерекше әскери жасақтың жазалау жорығы туралы есеп ретінде тіркелген. Ондағы оперативтік мәліметтерде: Бақанас пен Қарауылдағы кеңес өкіметіне қарсы ұйымдастырылған қарулы көтерілістің жетекшілерінің бірі Бердеш Әзімбаев пен ақынның ұлы Зият Шәкәрімұлының сол топтың ішінде болғаны, олардың қашып құтылып кеткені, қазір олардың Шығыс Түркістанда тұратыны жөніндегі барлау ақпараттары көрсетілген. Сондай-ақ, "аудандық ішкі істер жасағының командирі А.Қаражігітов пен Қауіпсіздік комитетінің Ш.Құдайбердіұлының кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтерілісті ұйымдастырғанын, оның арнайы жасақпен атыс кезінде оққа ұшқанын растайтын" құпия құжатқа негізделген елуінші жылдардың соңында, алпысыншы жылдардың басында Шәкәрімнің жеке басы мен шығармашылық мұраларын ақтау туралы құрылған Қазақстан Орталық партия комитетінің арнайы комиссиясының қорытындысы ғана бар. Комиссияның ол қорытындысына қол жеткізудің мүмкіндігі бізде болмады. Сол тұста ол мүмкін де емес еді.

Бұл тұйықтан амалын тауып шығу үшін Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы "Ағалар алқасы" мен праволық комиссияның құрамындағы ардагер қаламгерлердің шағын тобымен пікір алысу өткізуді ұйғардық. Қойылатын мәселені ақынның шығармашылық жолына қарай бағыттау үшін шағын хабарлама жасау керек болды. Шындығын айтқанда, маған ақсақалдар мен әжелер өзара "қажы" деп қана атайтын Шәкәрім ақынның ұзына тағдыры маған таныс еді. Ақынның арғы атасы Ырғызбайдан тарайтын Сирақбай Досмағамбетов ақсақал 1966 жылы мені үйіне шақырып алып, қажының төрде ілулі тұрған суретін көрсетіп, ол суретті сол кездегі аудандық милиция бөлімшесінің күзетшісі Шәуеннің отқа өртеліп жатқан ақын қолжазбаларының ішінен байқатпай тығып алып, оны кейін Мұхтар Әуезовке бергенін айтып, араб қарпімен жазылған бір топ қолжазбаларды көрсетіп, оқып берді. Оның ішінде біраз өлеңдерімен қоса "Қоңыр атпен қоштасу", "Жолсыз жаза", "Айсұлу - Нартайлақ" атты дастандары болды. М.Әуезовтің "Еңлік-Кебек" пьесасымен таныс болғандықтан да әрі оның оқиғасын айтып беремін деп мектептен шеттеп қалғаным есіме түсіп, тек оқиға өткен жер өзіме жақсы таныс "Айсұлу-Нартайлақ" дастанын ғана алып, оны араб жазуын жақсы танитын мұғалима апайым Гүлбаран Самиеваға көшіртіп алдым (ол қолжазба дәптер қазір де бар). Ал "Қалқаман-Мамыр" қиссасын шопан Күмісбек Әбілақашев бабына келтіре жырлайтын. Кейін "Абыздың аңызы" атты шағын эссе жаздым. Ол "Лениншіл жас" газетінде 1971 жылы "Қиссашы шопан" деген атпен жарияланған еді. Сирақбай ақсақал бір жазда Шәкәрімнің қыстауын, Қодардың "Қаражартасын", Шақпақтағы "Шәкәрімнің тошаласын" көрсетіп, ол жерге белгі орнатып қайтқан. Содан бастап қажы туралы әңгімеге құлағым түрік жүретін болды. Соның ішінде ауылдағы ақжарқын, өзім жақсы көретін жылқышы Серікқазы Құрманов ағамыздың шешесі Жамал Ербалина апа қажы туралы әңгімені мөлдірете айтушы еді. Сондағы: "Менің құдай қосқан қосағым қажыны сондай қадір тұтатын, қақ-соқпен ісі жоқ, біртоға адам еді. Бақанас бойын жақсы біледі. Мен жаңа ұзатылып келгем. Қажының ауылына, әсіресе, жастары мен балаларының күндізгі қылығына алыстан қызыға қараймыз. Өйткені олардың барлығы даланың түсі сияқты гүлді, түрлі түсті

киім киіп, шөптің арасына ойнауға кіріп кеткенде, қайда кеткенін білмей қалатынбыз. Тек шөп пен бұта басының қимылдағанына қарап болжайтынбыз. Мұны: қажы аңшы емес пе. Аңқұсқа қалай көрінбеуді балаларына үйретіп жүр емес пе - дейтін үлкендер. Мойынсерікке жаңа кіргенбіз. Аудандық милиция өкілі келіп: бандыларды ұстайтын жасақ құрамыз - деп менің қосағымды қосып әкетті. Бұрын мылтық ұстап көрмеген. Тек жасақтың қарасын көбейтіп, соңында жүріп отыруды біледі. Кімді аңдып жүргенін де айтпайды. Бір күні түнде Шақпаққа бет алады. Ол - "Тұман қалың, күн суық. Аттарын қосақтап, бір біріне ықтап ұйықтап қалады. Бір сәтте апыр-топыр боп, банды келіп қалды десіп, шуласып, мылтық атылды да кетті. Қырдың басына шыға келген бір адам: "Мен ақпын!" - деп айқайлап, қолын көтеріп бізге қарай жүрді. Сол кезде оқ тиіп, жерге құлады. Сақалы тобылғы, қарағанның басын шалып барып құлады. Бәріміз таныдық. Ол - қажы екен. Сөйтіп, жазықсыз оқыста оққа ұшты. Жасаққа қаратып оқ атқан жоқ. Неге атылды, кім атылды десіп қалдық. Ақыры екіге бөліндік те бет-бетімізге тарап кеттік", - дейтін марқұм - деп Жамал апай маған әңгімелеп берген еді. "Бесігіңді түзе!.." атты роман-эссенің бірінші кітабі жазылып бітіп, "Еңлік-Кебектің" дастандық және пьесалық нұсқасы, "Қодар" дастанындағы өмір деректері талданып хатқа түскен кез еді. Соларға қоса "Абай жолы" роман-эпопеясындағы Шәкәрімнің прототиптік сипаты сараланып, Шәкәрімнің прототипі Шұбар немесе, бірінші - екінші кітапта Шәке, үшінші кітаптан бастап Дәрменге ауысқаны дәлелденген болатын. Біләл Ысқақұлы мен Арабтың қызы, Кәкітайдың тоқалы Бибіге қатысты даудан кейін "Алашорданың" бас биі қызметінен өз еркімен кеткендігі де сылтау етілді. "Дубровский" дастанынан мысал келтірілді. Ең соңында Шәкәрімнің елуінші жылдардың соңында "Қазақ әдебиетінде" жарияланған бір топ өлеңі, алпыс бір - алпыс екінші жылдары жарық көрген "Қазақ әндері" жинағындағы "Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек" дейтін әні, жетпісінші жылдардың екінші жартысында М.Мағауиннің құрастыруымен Ленинградта басылған "Қазақ ақындары" жинағындағы өлеңдер топтамасының аудармасы назарға ұсынылды. Мұның өзі жинақтала келгенде тәп-тәуір ақтау материалы болып шықты. Бұл ретте Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев ақсақалмен көп мәрте кездескендегі әңгімелер де еске алынды.

"Ағалар алқасындағы" бас қосу кезінде Ғалым Ахмедов Дегдар 1957 жылы Шәкәрімнің шығармаларын ақтау туралы Жазушылар одағының орталыққа ұсыныс жасағаны туралы айтты. Архивке барып із шалғанымызда Ахат Құдайбердиев пен Ғабит Мүсіреповтің хаттары табылды. Мақсатына жете алмаған сол хаттардың мәтіні мынадай екен:

"ПРЕДСЕДАТЕЛЮ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СОЮЗА ССР КЛИМЕНТУ ЕФРЕМОВИЧУ ВОРОШИЛОВУ

от учителя 70-школы колхоза имени Калинина Алма-Атинского района Алма-Атинской области Ахата Шакаримовича ХУДАЙБЕРДИЕВА

ПРОСЬБА

Я, сын казахского писателя, поэта Худайбердиева Шакарима, племянника основоположника казахской литературы просветителя Абая Кунанбаева.

Мой отец Шакарим после смерти своего отца Худайберды, старшего сына Кунанбая, с 7 лет воспитывался у Абая и благодаря его стараниям стал одним из образованных людей своего времени, хотя официально не обу-чался ни в каких учебных заведениях. В условиях кочевого быта казахского аула второй половины XIX века, будучи оторван от культурных центров, мой отец, под влиянием своего дяди Абая очень рано проявил интерес к русскому языку, к русской классической литературе, к отдельным представителям которой он до конца жизни питал глубокую симпатию. В частности великие творения А.С.Пушкина, Л.Н.Толстого - всегда вызывали у него чувство восторга и преклонения перед гениями русской и мировой литературы. В целях ознакомления казахского народа с русской литературой он перевел отдельные произведения Пушкина и Толстого на казахский язык, в частности "Дубровский" Пушкина был переведен им на казахский язык в стихотворной форме, так как именно такая форма в то время была обычной для народа, в подавляющем большинстве без грамотного и пере-дававшего свои устные творения в виде стихотворных сказаний из поколения в поколение. "Дубровский" переводе моего отца нашел широкое распространение в степи и уже в Советское время, в 20-х годах, был издан в гор. Семипалатинске.

Мой отец немало уделял внимания и восточной литературе, в частности, он с подлинника читал произведения Физули, Хафиза и других классиков восточной литературы.

Трудно передать в немногих словах широту его духовных запросов, но тот факт, что им было написано философское произведение, посвященное Аристотелю, может до некоторой степени дать понятие о нем не только как о писателе, но и как незаурядном мыслителе. Именно эта сторона его интеллектуальной жизни сильнее сказались в старческие годы, когда он почти отшельником проживал один вдали от аула, от семьи и сородичей. В степи его знали не только как автора популярных поэм "Калкаман - Мамыр" "Енглик - Кебке", устной, форме распространившихся по всему центральному Казахстану, но и как композитора, автора ряда популярных мелодий. Пользуясь огромной популярностью в народе, он уже в преклонные годы, после установления Советской власти, одно время работал народным судьей. В конце 20-х годов в Казахстане создалась весьма сложная ситуация в результате перегибов лжеактивистов, в последствии понесших заслуженное наказание. В этот период в отдельных волостях Семипалатинской губерний имели место вспышки кулацких мятежей, которые увлекали за собой и некоторые отдельные слои трудового народа.

Желая использовать популярное в народе имя отца моего, кулацкие элементы немало прилагали усилии втянуть его в свое бандитское движение, но не добившись никаких результатов от него самого, стали натравливать на него близких ему людей. В результате всей этой сложной ситуации, мой отец 73-х летним стариком покинул свой аул и вместе со своим младшим сыном вынужден был находится в бегах. Застигнутый отрядом активистов в 1930 году, он получил смертельную рану и его имя в официальных документах стало склонятся как имя врага народа, любовью которого он пользовался всю жизнь.

Эта трагедия одного из недюжинных сыновей казахского народа заслуживает того, чтобы разобраться в действительности положении вещей и восстановить доброе имя одного из крупных писателей Казахстана, произведения которого сейчас преданы забвению.

Как единственный, оставшийся в живых сын Худайбердиева Шакарима, будучи глубоко уверен, что правда восторжествует в конце концов и справедливый суд народов вынесет свой оправдательный приговор. Я собирал как опубликованные, так и неопубликованные произведения своего отца, но они сейчас лежат у меня как архивный материал, тогда как могли быть достоянием народа и послужить великому делу культурного строительства наших дней. Мои слова, как слова сына, не могут служить показанием беспристрастного свидетеля, но глубокое убеждение в честности и локальности отца к советской власти заставляет меня просить Вас дать указание об объективном расследовании этого вопроса и восстановлении имени его как писателя.

(Худайбердиев)" 20./VII.1957. (ҚР ОММ, 1778 қор, 2 тізім, 255 іс, 4-5 бб).

Ахат Құдайбердиевтің бұл хаты Кремльден төмен қарай құлдилап, Қазақстан Орталық партия комитеті арқылы Жазушылар Одағына жолданыпты. Бұл мәселе жазушылар арасында талқыланып, оған сұрауға Жазушылар Одағының сол кездегі бірінші хатшысы Ғабит Мүсіреповтің тарапынан мынадай жауап қайтарылыпты.

"ЦК КП КАЗАХСТАНА ТОВАРИЩУ РАХМАНОВУ А.

На Ваш запрос о поэте Шакариме Худайбердиеве сообщаем:

Известный поэт конца XIX и первых трех десятилетий XX века Шакарим Худайбердиев - выходец из крупной феодальной семьи (его отец был старшим сыном ага султана Кунанбая). Оставшись сиротой, он с 7 лет воспитывался в доме великого поэта Абая Кунанбаева, что во многом способствовало и развитию таланта Шакарима и оказало большое влияние на направление его творчества.

Рано овладев арабской грамотой, под благотворным руководством Абая Шакарим Худайбердиев усердно изучает творчество восточных поэтов и русских классиков и вскоре становится одним из образованных людей своего времени. Наряду со стихами, он пишет трактат по этике, религии, и истории казахского народа.

В своих стихах Ш.Худайбердиев воспевает честность, гуманность, справедливость, призывает к овладению знаниями, обличает жадных баев, невежественных мулл и чванливых чиновников. О широте интересов поэта говорит дажа краткий перечень названий его стихов "Ей, көп халық" ("0, множестве народа"), "Адамшылық" ("Человечность"), "Кәрілік туралы" ("Песня о старости"), "Жастық туралы" ("Песня молодости"), "Ашу мен ынсап" ("Злость и сдержанность"), "Мақтау мен сөгіс ("Похвала и хула"), "Мінеу мен күндеу" (Порицание и зависть") и др.

Ш.Худайбердиевым созданы широко известные поэмы "Калкаман-Мамыр", "Энлик-Кебек", "Нартайлак-Айсұлу" и повесть "Адиль-Мариям". В поэме "Энлик-Кебек" поэт впервые в казахской литературе рисует образ женщины, которая смело заявляет о своем праве на счастье и активно борется за свою свободу, бросает вызов старым обычаям. Стройность композиции, образность языка, новизна трактовки традиционной темы, обрисовка характеров главных героев - особо выделяет эту поэму, как шаг вперед в развитии жанра поэмы в казахской литературе.

Ш.Худайбердиев был горячим поклонником и популяризатором русской классической литератур. Он перевел на казахский язык повесть А.С.Пушкина "Дубровский" и его рассказ "Метель". Переведенные стихами, оба эти произведения в свое время пользовались большой популярностью среди читателей, Шакарим перевел некоторое произведения Л.Н.Толстого, а также произведения ряда восточных поэтов Фзули, Хожа Хафиза и др.

Несколько особняком стоит поэма "Лейли-Межнун". Шакарим считал ее переводом из Фзули. На самом деле это не простой перевод и даже не переложение сюжетов, ранее бытовавших у восточных народов, под названием "назира", а скорее оригинальная поэма на известный сюжет "Леили и Межнун".

Умело используя новаторские приемы Абая, внесенные им в форму казахского стиха, Ш.Худайбердиев несомненно внес известный вклад в казахскую литературу и в частности - в развитие жанра сюжетной поэмы.

Разумеется, в мировоззрении поэта встречаются противоречия, ограниченность, обусловленные сложной эпохой, в которой он жил и творил. Эти слабости особенно ясно видны в его философских, публицистических работах. Во многом Ш.Худайбердиев оставался на позициях просветительства, гуманизма и это получило свое отражение на его художественных произведениях.

Считаем, что сектор литературы Академии Наук Казахской ССР должен внимательно изучить творчество Ш.Худайбердиева, подготовить к изданию его лучшие произведения, а также принять меры к тому, чтобы его творчество вошло в курс истории литературы для Вузов и средних школ.

Лучшие произведения Ш.Худайбердиева заслуживают того, чтобы они стали достоянием широкого круга читателей.

Секретарь Правления Союза писателей Казахстана Мусрепов

1957 (ҚР ОММ, 1778 қор, 2 тізім, 255 іс, 7-9 бб)".

Әрине, бұл ұсыныстың жүзеге аспай қалғаны белгілі. Оның себептеріне бұл арада тоқталып жатпаймын.

Сөйтіп, тілге тиек табылды. Олжас ағамыз: "Енді Орталық комитетке өтініш жазатын және олар жауап қайтаратындай нақты адресі бар адам табыңдар", - деп тапсырма берді. Өкінішке орай Ахат ағамыз ол кезде марқұм болып кетіп еді. Ал Зияттың ұлы Мереке ағамыз Қапшағайдың құмында қойшы көрінеді. Нақты мекен-жайын табу үшін бір апта кетеді екен. Ахат ағаның ұлы Фзулидің Дәулет атты жас баласымен Алматыға қоныс аударған келіншегінің (атын есіме түсіре алмадым) некелік және мұрагерлік құжаттары толық расталмапты. Сол арада Талдықорған облысында тұратын Ғафур Шәкәрімұлының қызы Камила апайды тауып, телефон арқылы сөйлестік. Ол кісі ертеңінде келді. Комиссияның адвокаты Нұрғайша ханым өтінішті заңдастыра хатқа түсірді. Бір ызғарды сезгендей Қарағандыдағы Жайық Бектұров ағамызға мән-жайды түсіндіріп, мүмкін болса хат ұйымдастыруын, болмаса көзқарақты болуын өтіндім. Оның себебі де жоқ емес еді. Сонымен қатар сол кездегі журналистика факультетінің жоғары курс студенті Айгүл Рамазановаға Камилә апайдың естелігін хатқа түсіруді тапсырып, өзім ақпан айының ортасында Семейге жол тарттым. Бірден Абай аудандық

партия комитетінің бірінші хатшысы Хафиз Матаев ағамызға арнайы барып, Ш.Құдайбердіұлын ақтау туралы ардагерлер атынан хат ұйымдастыру үшін келгенімді айттым. Ол кісі бірден жауапкершілікті өз мойнына алып, бұл мәселенің әбден пісіп-жетілгенін, ардагерлер кеңесімен ақылдасатынын, хатты шұғыл түрде ұйымдастыратынын айтып, іске кірісіп кетті.

Мен Алматыға қайтып оралғаннан үш күннен кейін Орталық партия комитетіне Абай ауданының соғыс және еңбек ардагерлерінің Шәкәрімді ақтау туралы өтініш еткен хаты да келіп түсті. Ақын досым Төлеген Жанғалиевтің "Құр құдықтағы ақын" туралы толғауын "Жұлдыз" журналының кезекті санына шұғыл түрде салу туралы ұсынысымды бас редактор Бекежан Тілегенов ағамыз дереу қолдады. "Жұлдыз" журналы оқырманға жетіп үлгермей Қарағандыдан "кеңес өкіметінің қас дұшпаны Шәкәрімді ақтағалы жатырсыңдар ма. Төлеген Жанғалиевтің мына айтып отырған "құр құдықтағы ақыны" - Шәкәрім. Оның атын атап, шығармасын жариялауға Орталық комитеттің арнайы комиссиясы мен қауіпсіздік комитеті тиым салған болатын. Біз тіріміз. Оған жол бермейміз" - деген арыз түсті. Әрине, Жазушылар одағы мен "Жұлдызға" келген хат менің қолыма тиді. Ал жоғарыдағы праволық комиссия ұйымдастырған хаттар тиісті мекемелерге жолданған арыздардың алдын орап үлгерді. Оның үстіне Хафиз ағамыз аудандық партия комитетінің бюросында бұл мәселені нақты қойып, аудандық "Совхоз туы" газетінде ашық пікір алысуды бастап та жіберіпті. Сол хаттардың біразын маған өзімнің еңбек жолындағы ұстазым, байырғы журналист Жағыпар Жүнісжанов ағамыз менің атыма жолдапты.

Міне, бұл хаттар - Олжас ағамыз айтқан "халықтық пікірдің" нағыз өзі еді. Сол "халық пікірі" Шәкәрім ақынның шығармашылық өмірінің алаш ардагерлерінен бұрын ақталуына шешуші себеп болды. Хафиз Матаев пен Жағыпар Жүнісжанов бастатқан ел ағаларына шын жүректен алғыс айта отырып, ол күндердің де тарихқа айналып бара жатқанын ескеріп, араға ширек ғасыр өткен соң барып сол бір хатты жариялауды жөн көрдім.

"Тұрсын қарағым, аман-есенсің бе, үй-іші, бала-шағаң аман ба?

Саған хат жазып отырған Жүнісжанов Жағыпар. Мені 1967 жылдан бастап білетін шығарсың деп ойлаймын. Өйткені мен редактор болып істеген кезімде сенің жазған мақалаларыңнан үміттеніп, ынталандыру мақсатында жиі-жиі "Совхоз туы" газетіне жариялап тұрдық. Сен сол үмітті ақтап қазір Қазақстанға белгілі жазушы болдың. Тақауда СССР жазушылар одағының материалынан фамилияңды оқып қуанып қалдым. Мен сені ылғи өзімнің туған ауылым - Сарғалдақтан шыққан азамат деп есептеп, іштартып, жақсы шығармаларыңа риза болып жүрем. Сен менің Мәден апам жөніңде бірнеше рет жаздың ("Қаралы сұлу"). Ол кісі 1987 жылдың декабрь айында қайтыс болды. Алматыға барып жерлеуіне қатысып қайтқам.

Ал, осы хатты жазу себебім: сен Шәкәрімді жарыққа шығаруға тілектес болып, қолдан келген көмегіңді жасап жатқан көрінесің. Ғафиз Матаевичтің тапсыруымен мен "Совхоз туы" газетінде Шәкәрімді жарыққа шығаруды талап еткен қоғамдық пікір ұйымдастырып жүрмін. Ондай пікір 5-6 нөмірге шығып та үлгерді. Дайындалған, әлі де шығуға тиісті материал да көп. Олар, редакциядағы жігіттер, "Совхоз туының" Шәкәрім жөнінде материал шыққан нөмірлерін саған беріп жіберіп тұрмақ болатын. Х.М. (Хафиз Матаевич) екі номерін бердім - деді.

Ал осы хатпен бірге "Совхоз туының" бір номерін және Оспанов Зейнелдің "Ашық хатын" жіберіп отырмын. Осыны Шәкәрім творчествосы мен өмірін зерттеп анықтау жөнінде құрылған комиссияға табыс етуіңізді сұраймын. Осы хат және "Совхоз туында" жарияланған материалдар Шәкәрімді ақтайтын документтер болып табылады. Егер соңына түсіп зерттейтін азамат болса, Шәкәрімді ақтайтын материалдар көп. Шәкәрім 1912 жылдарда Шақпақтан шошала салдырып, творчестволық жұмыспен алаңсыз шұғылдану үшін оңаша өмір сүруді кәсіп еткен. Ол өзінің "Қоңыр ат" деген шығармасында былай дейді ғой.

Жапанда жалғыз жаттым елден жырақ,
Ел іші болмаған соң маған тұрақ.
Жасымнан сүйген өмірім - оңашалық
"Қартайып, алжып жүр ме?" - деме шырақ.

Шәкәрім оңаша өмір сүргені үшін

орынсыз күдікке ұшырап, әділетсіздік пен надандықтың құрбаны болды. Оны өлтіргендер оған жала жапты, оған алдын ала тергеу жүрген жоқ, сот болған жоқ, беталды далаға апарып тастады. Генеральный прокурордың оны ақтаған қағазы бар.

Қайта құру, бетбұрыс, демократия, жариялылық рас болса, Шәкәрім жарыққа шығу керек. Біздің талап осы.

Жауап күтем, туысқандық сәлеммен Жағыпар Жүнісжанов

16.III.1988 жыл.

Оспанов Зейнелдің хатының түп нұсқасы бізде сақтаулы.

Ж.Жүнісжанов".

Шындығында да, нағыз "халықтық пікір" деген осы ғой. Ал Жағыпар ағамыздың жолдаған төмендегі "Ашық хатының" құндылығы тіпті ерекше еді (түпнұсқалық орфография сақталды):

"Қазақтың ғалым академиясына. Алма-ата қаласы.

Абай ауданы, Күлмен ауыл советі Сталин атындағы колхоз мүшесі - пенсионер Зейнел Алиасқарұлы Оспановтан

АШЫҚ ХАТ

1957 жылы сентябрь айында, қазақтың Ғалым Академиясының қызметкері (ұмытпасам) Исмайылов (Есмағамбет) деген жолдас, Абай ауданына келіп, Шәкерім Құдайбердиевтің шығармаларынан түрлі анықтама-мағлұматтар жинастырып жүргенінде менімен кездесіп, әңгімелесіп еді.

Мен Исмайылов жолдастың қолындағы документін көрген соң, Шәкерім жайында біздің ауданымызда әр кім әр түрлі аңыз құрастырып айтып жүргенін айтумен бірге, өзім білетін (жайларды), көргендерімді қысқаша жазып берген едім.

Мұнан кейін Семей облыстық Прокурорының заместителі Гришин жолдас екі рет жауап алды. Оған да Шәкерім жайында өзімнің білгенімді, көргенімді айтып, жауап берген едім.

Бірақ екінші жылға айналды, Шәкерім мәселесі ешбір хабарсыз кетіп барады. Мұны жазу себебім мынау:

Біріншіден: Шәкерімнің еңбектерін жинастырып, анықтауға қазақтың ғалым академиясынан келген жолдас Шәкерімнің еңбектері тексеріледі, жарыққа шығады - деген еді.

Екіншіден: Шәкерімнің 1931 жылғы өлімі жайында шындық жағдайды анықтау керек, сондықтан бұған көзі жететін адамдардан толық мәліметтер жинаймыз - деген еді.

Осыған қарағанда, Шәкерімнің еңбегін жарыққа шығаруды Ғылым Академиясы қажетсіз деп тапты ма, жоқ, Шәкерімнің өлімі жайында шерек ғасырдан кейін тексерген тергеу материалы дұрыс қорытынды шығара алмады ма - деген болжаудамын. Шәкерімнің еңбегі зерттеліп, қажетсіз деп табылса, менің жазуымды кінәламаңдар, ал тергеу мәселесі бөгет болған болса, әлі де бұл істі аяқсыз қалдырмай, шындыққа жету керек деп санап, сіздерге өз көріп-білетіндерімді жеткізбекпін.

Мен 1912 жылы Шыңғыстау (қазіргі Абай) ауданының, Қарауыл ауылында туып өстім. 1924 жылдан Совет мектебінде тәрбие алып, оқып, оқуды аяқтай алмай, 1930-жылы аудандық милиция мекемесіне қызметке орналастым.

Сол жылдан бастап өз ауданымда болған көптеген оқиғалардың куәсімін, барынша қанықпын. Өйткені 1936 жылдың ақырына дейін үздіксіз 6 жыл осы ауданда милиция органында қызметте болдым.

Сөз - Шәкерім турасында болғандықтан, осы жылдарды Шәкерім жайында не білетіндігіме тоқталмақпын. 1930 жылдың ақырында, 1931 жылдың басында бұрынғы Шыңғыстау ауданында жағдайсыз толқымалы әрекеттер шыға бастады. Бұл әрекеттің шығуына, сол жылдардағы "асыра сілтеудің" қателіктері себеп болса, сол қателіктерді байлар, құлақтар өз мақсатына пайдаланды, өйткені олардың жан беру алдындағы жанталасу сағаты еді.

Сана сезімі толық ашылмаған кейбір шараулар байлардың үгітіне ерді. Бірақ толқушылық жағдай бір-екі айда тыныштанды. Оны ұйымдастырушылар ұсталып, тиісті жазаларын алды.

Бұл күндерде Шәкерім Құдайбердиев "Шақпақ" деген жерде жалғыз өзі аң аулаумен кәсіп етті.

Сол 1931 жылы қысты күні, біздің отрядымыздың шолушылары, өзі жоқта Шәкерімнің иесіз үйіне кез болып, жылынып, аздап ауқаттанып келген күні болды.

Шәкерімнің осы турасында астындағы атымен айтысқан өлеңі кейін де ел аузында айтылып жүрді.

1931 жылдың қысында, өсектен аулақ болу үшін Шәкерім ешкіммен байланыс жасамай, жалғыз өзінің елден бөлек кеткенін әңгіме етіп жүрдік. Шынында да Шәкерім 1931 жылғы толқушылыққа қатысқан жоқ еді.

1931 жылы 3 сентябрь күні 150 шамасындай кісі (бытыра мылтықпен, шиті мылтықпен, бірлі-жарлы винтовкамен қаруланған) ауданға шабуыл жасады, екі-үш сағат атыстан кейін ауданға шабуыл жасаушылардың быт-шыты шығарылды. Аудан аман сақталынып қалды. Ауданға шабуылға қатысты дегендер қамауға алына бастады, тұтқын болудан қашқандар үй семьяларын тастап кетіп қалды, кейбіреулері даланы паналай қашып жүрді.

Мұндай уақытта Шәкерімнің де өз басын сауғалап, қашқалақтап жүруі таңданарлық іс емес еді. Шәкерімнің басқа жаққа кетпей, Шыңғыстың тауларын паналап жүргенінен хабардар болған соң, 15 шамасындай кісі іздеуге аттандық.

Шәкерімдердің ізіне 10 - 15 күндей түстік. Октябрь айының бас кезінде "Керегетас" деген жерде, таң атып, күн шығып келе жатқан кезде Шәкерімдердің үстіміздең түскенін бір-ақ білдік.

Күннің тұмандығы сондай 100 - 150 метр жердегіні әзер көретін едік, шырт ұйқыда жатып, нарядтағы қарулардың сигналымен шошып оянған отрядтағылар, ештемені болжай алмай сасқалақтап, мылтық атумен болдық. Бұл уақытта Шәкерім атының басын ешқайда бұрмай, қарсылық көрсетпей қарсы оқ атып абыржып жүрген жаяу отрядтағыларға қарсы келе жатты. Мұны мен (шындығында) Шәкерімнің берілу үшін келе жатқаны еді деп білемін. Бірақ отрядтағылардың әр қайсымыздың өз бетімізбен оқ атуымыздың салдарынан Шәкерімге оқ тиіп өлді. Біз аттарымызды тауып, қашып кеткендерін қуғанша (аттарды қуып жүріп ұстағанша), кімнің қайда кеткен ізтүзін де білмей қалдық.

Егер Шәкерім берілу үшін келе жатпаса, қасындағылар қалай құтылып кетсе, ол да солай құтылып кетпес пе еді.

"Ауданға шабуыл жасаймыз" - деп Шәкерімнен бата сұрап келгенде, оның бата бермей: "Қойыңдар, шығынға ұшырайсындар. Тараңдар" - дегеніне еліріп алғандар көнбеді" - дегенді 1948 жылы, сол жылдағы көтеріліске қатысқан Қасымбек Солтабаевтан ауызба-ауыз естігенім мынау.

Мұнда бір айтылатын жағдай мынау: 1947-жылы жоғарыда аталған Қасымбек Солтабаев ұсталады. Ол 1931 жылғы 3 сентябрьдегі шапқан елдің басқарушының бірі есебінде қылмысы көрсетіліп, тергеу жүргізіледі. Сондықтан да, бұрынғы Шыңғыстау (қазіргі Абай) ауданының сол жылдардағы жағдайларын біледі - деген көптеген адамдарынан жауап алынады. Олардың кейбіреулері "өлген арыстаннан, тірі тышқан" деп Қасымбек Солтабаевты ағарту (ақтау) мақсатымен, бар-жоқты өлген Шәкерімге үйіп төгеді. Енді Шәкерім туралы олардан жауап алса, түлкі бұлталаққа салады. Сондықтан тергеу орнының шындықты шешуіне қиындық кездесуі ғажап емес.

Жалғыз-ақ ескеретін жағдай мынау еді: Солтабаев туралы, кейін де Шәкәрім туралы жауап берушілер кімдер? Дәлді жағдайларды көзбен көріп, білгендер ме? Жоқ, орта жолдан ел аузындағы аңызды теріп: "Біздің ауыл осы жақта" - деп жауап беруші қулар ма?

Меніңше, көпшілік "қулар" шын жағдайды білмейтін, тек ел аузындағы аңызбен сөз құрағандар ма - деймін. Ал ішінде болып, бұлталақ жауап бергендер болса, "өлгенге - өлі дау" деп, расында шындықпен жетпегендер деп білемін. Не өз заңсыздықтарын бүркелеушілер. Сіздер бұл жағдайды қалай білдің дерсіздер. Ол орынды сұрақ. Біріншіден, мен өткен уақиғалардың басы-қасындағы куәсімін. Екіншіден, көп жыл бойы істегендіктен, теріс жұмысынан да хабарсыз емеспін. Үшіншіден, Шәкерім жайында сөз көтеріле бастағаннан, істің жәйі қалай шешілер екен, шындығына жетер ме екен - деп, хабардар болып отырмын.

Мен көп уақыт мынандай ойларға да келдім. Шәкерім жөнінде менің күйінді болғаным не? Маған келер пайда не? Көрдім деген көп сөз... Нем бар, осында - деп, талай рет жазған хатымды талай рет жыртып та тастадым. Бірақ, шындық, әділеттілік өз дәрежесінде шешілетін күнге жетіп отырғанда, болған шындық бұрмаланып,

шындықты білетін куәлар өз бастарын қорғап, іс дұрыс шешілмеді ме - деген ой мені тынышсыздандырып, көзім көрген, білген шындық шыдатпай, осыны жазуға мәжбүр етті.

Болған уақиғалардың түйінді әсерлерінен қысқартып жазғандағым осы болды. Осы жағдайды анықтауға не айтасыздар, ол енді сіздерге байланысты.

Менің бұл хатымды алғандықтарыңыздан хабар етулеріңізді сұраймын.

Оспанов (подпись)

Менің адресім:

Семипалатинская область, Абайский район колхоз им.Сталина, с. Каскабулак.

Оспанов Зейнел Алиаскарович.

24 декабрь 1958".

Бұл хаттың соңына осы жазудың иесінің қолын және оның түпнұсқа екендігін растаған ауылдық кеңестің мөрі басылыпты. Шыншыл қарияның "Ашық хаты" Қазақстан Орталық комитеттетіндегі талқылау барысында айғақ ретінде пайдаланылды. Септігі де ерекше тиді. Сол үшін де Жағыпар ағамызға, сол деректі ол кісіге жинақтап беруге көмектескен М.Тұңлікбаев ағамызға да мың да бір рахмет айтамын.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының алаш ардагерлерінен бұрын ақталып, халыққа жедел жетуінің "халықтық жолы" осындай еді. Ал тағдырлы ақынның жазықсыз жазмыш жазасына ұшырауы туралы әңгіменің жөні бір басқа. Әзірше, осы бір "халықтық пікірді" қозғаушы ағалардың еңбегін кешігіп те болса көпшілікке жеткізуді парызым деп санадым. Өйткені, осындай шешуші пікір иелері туралы мағлұматтар Шәкәрімнің өміріне қатысты арнайы ұйымдастырылған басылымдардың назарынан тыс қалып келеді. Ақын тағдырына араша түскен адамдардың есімін естен шығару тектіліктің белгісі емес болса керек. Қайырын халықтың қалыс тілегі берсін.

ӘОЖ 821.512.122

Б.ӘБДІҒАЗИҰЛЫ, филология ғылымдарының докторы, профессор Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті қазақ филологиясы факультетінің деканы

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШӘКӘРІМТАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Автор ұсынылып отырған мақаласында шәкәрімтану мәселелерін бағамдайды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы шәкәрімтануға қатысты шыққан зерттеулердің мәнмаңызына сараптау жүргізеді. Шәкәрімтану саласына қатысты жаңа тұрғыдағы зерттеулердің бағыт-бағдарын ұсынады.

Төл әдебиетіміздің тарихындағы аса күрделі әрі өте жемісті кезең, ұлттық әдебиетіміздің жаңғыра тыныстап, жаңарған дәуірі он тоғызыншы ғасырдың соңғы ширегі мен жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегін қамтып жатқан жарты ғасырлық заман болды. Оның бастауында тұрған Абайдың өз шығармашылығы, ақындық, ойшылдық, хакімдік табиғаты, одан кейінгі реалистік әдебиеттің тууы мен дамуы, оның өзіндік жаңалығы, бағыт-бағдары жөнінде бүгінге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында көптеген салихалы ғылыми зерттеулер жүргізілді, салмақты жұмыстар атқарылды, зерттеу кітаптары жарық көрді. Қазақ зиялыларының атасы атанған Ахмет Байтұрсыновтан бастап бүгінгі таңдағы көрнекті ғалымдарымызға дейін осы кезеңнің әдебиеті жөнінде нақты көзқарас, ғылыми, шығармашылық ой-түсінік қалыптастырды. Ендігі міндет осынау қалыптасқан қазынаны жаңа арналармен байыту, нәрлі бастауларын молайтып, айдынын кеңейте түсу болса керек.

Абайдан кейінгі дәуірдегі әдебиет дегенде ең алдымен ауызға ілініп, ойға оралатыны ұлы ұстаздың өзінен тікелей тәлім-тәрбие алып, шығармашылық мектебінен дәріс алған Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Мұқа, Шәкәрім, Уәйіс, Әріп, Әсет, Нарманбеттер тәрізді талантты шәкірттер тобы десек, осынау кезең әдебиетіне қатысты әдебиеттану ғылымындағы әр жылдары түрлі-түрлі дау-дамайдың құрбаны болғандар да осылар дер едік. Кезінде Абайдың өзі жөнінде, оның әдеби мектебі жөнінде, ұлы ақынның төңірегіндегі ақындар жөнінде сан қилы айтыс-тартысқа толы пікірлердің болғаны баршаға мәлім. Ұлы Абайдың айналасындағы талантты жастар шоғырына қатысты әділ пікірін айтып, тиісті бағасын беруге талпынған М.Әуезов, Қ.Мұхаметхановтардың маңдайы тасқа соғылды, өз дегенінен өзгені өзекке тепкен өркөкірек, өзімшіл саясат мұндай қадамның бәрін "аса мұқият" қадағалап, "қырағылықпен" қиып тастап отырды. Сол себепті де аталмыш ақындар шығармашылығына күні кешеге дейін тұтас бір шығармашылық-эстетикалық құбылыс ретінде баға бере алмадық. Ол ол ма, тұтас қарастыру түгілі осынау ақындардың әрқайсысының шығармашылық мұрасын жеке-жеке болса да зерттеуге дәрменсіз болдық. Бар болғаны Ақылбай, Мағауия, Әріп, Әсеттердің бүкіл мұрасын сұрыптап, күзеп, "өзімізге" "ұнаған" туындыларын ғана талдаумен, таныстырумен шектелдік. Ал шын мәнінде бұл ақындар ұлы ұстаздың жаңа тұрпатты әдеби дәстүрінің құдіретін, Абайдың ақындық, ойшылдық тұлғасының күшін алғаш сезініп, соны баянды етуге, ілгері апаруға талпынған алғашқы қарлығаштар, ұлы дәстүрдің ұлағатын тұңғыш ұққан өз алдына қуатты бір шығармашылық құбылыс болатын.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қарай, міне, аталған ақындардың шығармашылық өмірбаянын, ақындық мұрасын зерттеу қолға алынды. Бұл арада осы бағыттағы істің қашанда

бастаушысы болған, сол үшін кезіндегі алпауыт саясаттың талай-талай ауыртпалықтарын арқалаған көрнекті абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметхановтың есімін айрықша бөліп айтқан жөн. Кеңестік идеологияның қаһары жер жарып тұрғанда да өзінің осы жолдағы адал мұратынан бас тартпаған қайсар ғалым тәуелсіздік заманы туған алғашқы сәттен бастап Абай шәкірттерін халқына таныстыруда қыруар іс атқарды. Соның заңды көрінісі ретінде ол 1993-1997 жылдар аралығында "Абайдың ақын шәкірттері" атты бірнеше кітаптан тұратын еңбегін жариялады. Оларда Абай талантын үлгі тұтқан өнерлі шәкірттердің бұрын-соңды белгілі-белгісіз шығармалары топталып, оқырман назарына ұсынылды.

Сонымен қатар соңғы жылдары Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов, Көкбай Жанатаев, Тайыр Жомартбаев тәрізді шәкірт ақындардың шығармашылық мұралары жөнінде арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілді, ғылыми диссертациялар қорғалды.

Әйтсе де бұл салада біткен ісімізден әлі де болса бітпегені көп дер едік. Ең алдымен аталмыш ақындардың шығармаларын көпшілікке кеңінен таныстыру жоғарыдағыдай бірлі-жарым кітаптармен шектелмесе керек. Олардың мұраларын жеке-жеке кітап етіп, тіпті болмаса ұжымдық жинақ етіп бастыру ісі кемшін жатқан секілді. Рас, Абай шәкірттерінің өлеңдері мен поэмалары жоғарыда аталған "Абайдың ақын шәкірттері" атты кітаптарда, сондай-ақ әр кезеңде жарық көрген алуантүрлі антологиялық, хрестоматиялық жинақтарда жарияланды. Осыдан біраз жылдар бұрын Әріп, Әсет, Көкбайлардың бірлі-жарым жинақтары басылды. Ендігі жерде осынау игілікті іске қайта оралып, шәкірт ақындар шығармаларын текстологиялық тұрғыдан саралап, жаңа көзқарас арнасында жүйелеп жариялап жатсақ қандай ғанибет!

Тәуелсіздік жылдары тек әдебиеттану ғылымындағы ғана емес, бүкіл рухани, мәдени өміріміздегі ең басты табысымыз Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды біртуар алаш арыстарының есімі мен мұраларының ортамызға оралуы болды. 1988 жылдың сәуір айында Шәкәрім бастаған әдебиет алыптарын ақтаған ресми шешімдер дүниеге келді. Олардың шығармаларының бір-бір томдық жинақтары іле-шала жарық көрді. Баспасөзде, түрлі басылымдарды арыстарымыздың өмір жолын, шығармашылық өнерін таныстыру бағытында көптеген ғылыми еңбектер, зерттеу мақалалары шықты. Бұл іске республиканың белгілі ғалымдары түгелдей атсалысты. Ш.Сәтбаеваның, С.Қирабаевтың, Р.Нұрғалиевтің, Ш.Елеукеновтың, Б.Әбдіғазиевтің бірқатар монографиялық еңбектері жарияланды. Бір сөзбен айтқанда, осы жылдары ұлттық әдебиет пен әдебиеттану ғылымы өзін-өзі тану мен танытудың жаңаша бір тынысын бастан өткерді.

Бұл кезеңде аттары аталған алыптармен қатар өз заманының жырын жырлаған, жүректерін сыздатқан сырларын бүкпесіз айтқан, сол үшін халқынан "алыстап" қалған Нарманбет Орманбетұлы, Ғұмар Қараш секілді ақындық өрнегі өзгеше талант иелері туралы алғашқы зерттеу нышандары, бірлі-жарым мақалалар, ғылыми зерттеулер төбе көрсете бастады. Олардың шығармаларының жинақтары жеке-жеке кітап болып шықты.

Мұның бәрі де алпыс-жетпіс жыл бойы идеологиялық зынданда жатқан алыптарымыздың шығармашылық табиғатын, шынайы қайраткерлік тұлғасын таныту жолындағы алғашқы қадамдар, ұлттық сөз өнеріндегі ақтаңдақтардың орнын түгендеудің бірінші кезеңі еді.

Бүгінгі таңда әдебиеттанушы ғалымдар алдында осынау игілікті істің екінші кезеңі есік ашып отыр. Енді тұңғиықтан қазып алынған қазынаның ішкі табиғатына тереңірек үңіліп, олардың асыл ойлары мен меруерт кестелерін мұхит түбінен маржан тергендей түгендеп, барлық әрімен жарқырата көрсететін шақ туды. Сөз өнеріндегі асылдарымызды жалпыға жай ғана таныстыру бағытында емес, тану, таныту бағытындағы игі істерді жүзеге асыру керек. Бұл дегеніңіз "ақтаңдақтар" жөнінде жалпылама сөзден гөрі ондағы әрбір туындының тылсым табиғатын ашуға, дәстүрлік негіздерін айқындауға бағыт ұстау қажеттігі күн тәртібіне қойылды, қаламгер шығармасының әр шумағының, әрбір ой орамының эстетикалық-көркемдік, әлеуметтік-философиялық әрін ұғындырудың, талдап түсіндірудің мәні әлдеқайда арта түсті деген сөз.

Осындай рухани сілкініс заманында әдебиеттану ғылымында ғана емес, тұтастай ұлт өмірінде ерекше қуанышқа айналған жайт Абайдан кейінгі көрнекті ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының мол мұрасының ортамызға

оралуы болды. 1988 жылдың сәуір айында сол кездегі Қазақстан компартиясының орталық комитеті "Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде" арнайы қаулы қабылдап, ақын шығармашылығы туралы ақиқатты ашып айтуға мәжбүр болды. Осынау ресми шешім ақын шығармаларының жариялануы мен насихатталуына мүмкіндік жасаумен қатар тұтастай шәкәрімтану ғылымының ірге бекітіп, орныгуына, өркендеуіне де жол ашты.

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы 1988 жылғы ресми шешім жарық көргенге дейін көпшілікке мүлде беймәлім болып келді дей алмаймыз. Ақынның өлеңдері мен мақалалары өз кезіндегі қазақ баспасөзінің беттерінде басылып тұрды. 1911 жылы тұңғыш кітабы - "Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі" Орынборда шықты, бірқатар туындылары 1912 жылы Семейде басылған ақынның "Жолсыз жаза яки кез болған іс", "Қазақ айнасы", "Қалқаман-Мамыр" атты кітаптарына енді. Орыс ақыны А.Пушкиннен аударған "Дубровский әңгімесі" 1924 жылы жеке кітап болып шықса, "Боран" шығармасы 1936 жылы "Әдебиет майданы" журналында жарияланды. Ал "Ләйлә-Мәжнүн" дастаны алдымен "Шолпан" журналында басылып, кейінірек С.Сейфуллиннің басшылығымен жеке кітап болып шықты. Ақынның бір топ өлеңдері 1959 жылы "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланды. Ал 1978 жылы Ленинградта шыққан "Поэты Казахстана" атты антологиялық жинақта бірнеше өлеңі тұңғыш рет орыс тіліне аударылып басылды.

Шәкәрімнің әдеби мұрасы осылайша өзінің көзі тірісінде де, одан кейінгі идеологиялық құрсау заманында да белгілі-бір дәрежеде тасқа басылып, көпшілікке жетіп жатты. Ақын шығармашылығының тағдыры қаншалықты қатаң қыспақты, шытырман шектеулерді бастан кешіргенімен оның ойлы да көркем жыр жолдары, өмір даналығын бойына мол дарытқан дастандары, өзге де өрелі туындылары халықтың жүрегінен алыстаған жоқ. 1988 жылға дейін созылған сұм пиғылды(түпкі мақсатына үңілсек бұдан басқаша айта алмасақ керек) саясаттың салқыны сұңғыла ақын Шәкәрімнің есімін қанша бүркемелеп, "құр құдыққа" қамап келсе де, ақын жырларының табиғатынан ұшқындаған оттың алауын өшіре алмады. Ал тәуелсіз заманның лебі есіп, парасат дәуірі туған сәтте ол алау бар қуатымен рухани әлеміміздің шалқарына шалқып көтеріліп шыға келді. Ақынның шығармалары бүгінгі күнге дейін бірнеше жинақ болып жарық көрді.

Табиғаттың заңына жүгінсек, жоқтан бар тумайды. Тарамдалған тамыры жоқ бәйтеректің әуелей бой көтере алмайтыны тәрізді, шығармашылық ой мен талант та тақыр жерге, құнарсыз топыраққа негізсіз біте бермесе керек. Қандай қаламгер болсын, өзінің алдындағы асыл қазыналарды ақтарып, солардың үздігінен үйренеді, озығына орай алға қадам басады. Әдебиеттегі дәстүр мен жалғастық ұғымдарының сабақтастығы дегеніміз осы. Өткенге көз салмай, халықтың сан ғасырлық тарихи ілгерілеу жолында тірнектеп жинаған рухани маржандарынан нәр алмай, ұлттың эстетикалық ой-парасатының кәусар бұлағынан сусындамай тұрып, ешбір қаламгер көркемдік айдынында еңселі желкен көтере алмаса керек. Көркемдіктің өзі шын мәнінде озық дәстүрлердің көрігінде шыңдалып, талант қайнарына суарылғанда ғана жарқырай көрінбек.

Шәкәрімнің шынайы көркем шығармашылық мұрасына да біз осы тұрғыдан қарауға тиіспіз. Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің бет-бейнесін айшықтап көрсететін көрнекті ақын, талантты прозашы, ойшыл философ, терең тарихшы Шәкәрімнің шоқтығын биіктетіп, айбынын асқақтататын құбылыстың өзі осы, дәлірек айтқанда, оның шығармашылық талантының тым тереңнен тамыр алатыны және ешкімге ұқсамайтын өзіндік ой-парасаты дер едік.

Шәкәрім шығармашылығының зерттелуі халқымыздың сонау тарих тереңінен бүгінге жалғасып келе жатқан аса бай мәдени, рухани қазынасын түгендеу мен бағалаудың құрамдас бір саласы боларына дау жоқ. Ал туған халқының мәдени мұраларын жинақтау мен зерттеу адамзаттың қай ұрпағы үшін де мәртебелі міндет саналған. Дегенмен тарих доңғалағы әрдайым бір ырғақпен қозғала бермеген. Бір заманда жарқырап көрінген кейбір рухани қазыналардың келесі бір тарихи кезеңде көмескі тартатыны, не болмаса керісінше, кешегі күні қадірі мен қасиеті елеусіздеу саналған мұраның бағы жанар жұлдызды шағы туатыны - өмір шындығы. Адамзат парасатының алдындағы биік міндет - шын асылды жасықтан айырып ала білу, оның өзіне лайық бағасын беру. Тарих осыны талап етеді.

Заман ілгері жылжып, адамзат санасы неғұрлым биікке иек артқан сайын оның

алдындағы міндеттердің де мәртебесі биіктеп, ауқымы кеңейіп, мәні күрделілене түспек. Қазақ әдебиеттану ғылымының алдында уақыт керуенімен ілесе еңсе көтере түскен мәртебелі міндеттердің бірегейі - аталмыш мұраларға тұтас рухани, әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде баға беру, жеке пікірлерден жалпы тұжырымға аяқ басу. Сол себепті біз Шәкәрім шығармашылығын әдебиетіміздің даму тарихындағы өзгеге ұқсамайтын өзіндік бояу, өрнегі бар рухани құбылыс тұрғысында қарастыруды мақсат етуіміз қажет. Әрине, жекелеген шығармалар немесе белгілі-бір жанрдағы сіңірген еңбегі қаламгердің суреткерлік дәрежесін, көркемдік ой жүйесін таныта алатынына шек келтірмейміз. Ал Шәкәрім сынды сан қырлы талант иелерінің шынайы тұлғасын сомдау үшін, ұлттық әдебиеттегі орнын нық орнықтыру үшін оның бүкіл әдеби мұрасына үзілмес желі болып тартылған көркемдік ойдың қазығын пайымдап, эстетикалық мұраттары мен темірқазық идеяларының түп тамырына үңіле отырып, тиянақты әрі тұтас ғылыми тұжырым қалыптастыру қажет. Сонда ғана ұрпақтары Шәкәрімді ақын яки прозашы, немесе ойшыл философ деп жеке-жеке танымайды, ұлттық ой-парасат әлеміндегі тұтас құбылыс, биік нысаналы нағыз суреткер ретінде қабылдайтын болады.

Жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдарының соңынан бастап Шәкәрімнің шығармашылық мұралары шынайы ғылыми тұрғыдан, монографиялық сипатта жан-жақты зерттеле бастады. Соңғы оншақты жылдың көлемінде шәкәрімтану ғылымының іргесі бекіп, керегесі кеңи түсті. Олай дейтініміз, шындыққа жүгінер болсақ, Шәкәрімді зерттеу, оның шығармалары туралы пікір айту бүгін ғана басталған іс емес. Шәкәрімтанудың тұңғыш іргетасы ақынның көзі тірісінде қаланған. Кезінде осы тақырыпта "Қазақ" газетінде жарияланған ірілі-ұсақты мақалалар мен пікірлер сөзімізге дәлел бола алады. Бұл тұста сол кезеңдегі қазақ зиялыларының ішіндегі көшбасшыларының бірі Әлихан Бөкейхановтың есімін алдымен еске алуға тиіспіз. 1915 жылы "Қазақ" газетінің бір санында оның Шәкәрім ақынның "Қалқаман-Мамыр" поэмасы туралы жазылған талдау мақаласы "Қыр баласы" деген бүркеншік атпен жарияланды. Кейін бұл мақала Ә.Бөкейханов шығармаларының жинағына енді. Мақаланың авторы поэманың айтар ойы мен маңызын жеткізуге тырысады.

Шәкәрімнің ақындық табиғаты, Абайдан кейінгі әдебиеттен алатын орны туралы тұңғыш байыпты пікір айтқан М.Әуезов болды. 1934 жылы "Әдебиет майданы" журналында басылған мақаласында М.Әуезов Шәкәрімді Абай дәстүрін талантты жалғастырушылардың, ұлы ақын шәкірттерінің қатарына қосады.

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасын жариялау, насихаттаумен қатар ол туралы ғылыми тиянақты пікір айтушылардың қатарында С.Сейфуллин де болды. Ақынның "Ләйлә-Мәжнүн" кітабына жазған алғысөзінде Сәкен Шәкәрім талантының қыры мен сырын талдап бермесе де, аталмыш дастанның қазақ оқырманы үшін қаншалықты қажет екенін айта отырып, Шәкәрімнің еңбегінің маңызын қысқа да нұсқа түрде тұжырымдап береді.

"Ләйлә-Мәжнүн" өткен замандағы араб әдебиетінің дәуірлеп тұрған кезінде шыққан белгілі бір сұлу дастаны саналады,- дейді Сәкен Сейфуллин, - Бұл дастан дүние жүзіндегі мәдениетті елдердің көбінің тілдеріне аударылған белгілі жыр. Қазақ арасында да "Ләйлә-Мәжнүннің" аты көп жайылған. Қазақ елінің әдебиетінде, ауыз әңгімелерінде "Ләйлә-Мәжнүн", "Жан құрбан", "Кірсіз" ғашықтыққа үлгі, мысал болған нәрсе. Бір-екі адамның ғашықтығын әңгіме қылғанда "Ләйлә-Мәжнүн сияқты..." деп аңыз қылысатын.

...Біз дүние жүзіндегі мәдениетті елдердің белгілі әдебиет шығармаларының бәрімен танысуымыз керек. Оның ішінде, қазақ арасында ғашықлыққа үлгі, мысал болған "Ләйлә-Мәжнүн" дастанымен де танысуымыз керек. Ескілікті зерттеп тексергенде "Ләйлә-Мәжнүн" сияқты бір белгілі дәуірдің қиялын, нанымын, тілегін, ой өрістерін, жан сезімдерін, тұрмысын суреттейтін нәрсе үлкен дерек болады. Сондықтан "Ләйлә-Мәжнүннің" қазақшасының кітап болып шыққанын дұрыс көрдік.

Дастанда қазақша өлеңге аударған белгілі ақын Шаһкәрім Құдайбердіұлы."

Шәкәрімтануда бұдан кейін бірнеше жылдық үнсіздік кезеңі орын алды. Елуінші жылдардың басында қазақ зиялыларына төнген аласапыран, одан кейінгі идеологиялық тіміскі саясат осыған мәжбүр етті. Философ ғалым Қ.Бисембиевтің еңбегіндегі Шәкәрім туралы айтылған сыңаржақ тұжырымдар да, міне, осы шырмауықтың бір көрінісі болатын. Осы қыспақтың шеңгелді құрсауы сәл босаған

сәттерде Шәкәрім жөнінде қысқаша әдеби энциклопедияда мақала жарияланды. Белгілі ғалым М.Мағауин "Поэты Казахстана" жинағына жазған мақаласында Шәкәрім шығармашылығының табиғатын ғылыми тұрғыдан орыс оқырмандарына жеткізуге ұмтылды. Мұның бәрі де шәкәрімтану ғылымының іргетасы болған, негізін қалаған дүниелер еді. Олардың әрқайсысы ақын шығармашылығына әр тараптан назар аударып, үзік-үзік тұжырымдар ұсынғанымен, барлығы біріге келгенде Шәкәрімнің Абайдан кейінгі әдебиет өкілдерінің ішіндегі шоқтықты тұлға екенін дәлелдейді.

Шәкәрімнің есімі мен әдеби мұрасы ақталып, шығармаларының жинақтары жарық көрген соңғы жиырма жылдың көлемінде қазақ әдебиеттану ғылымындағы тың серпілістің бір арнасы Шәкәрім мұраларының терең сырларына үңілуге, оның көркемдік табиғатын ғылыми негіздеуге бағыт алды. Біріне бірі жалғаса республикалық баспасөз беттерінде Ш.Елеукеновтың, Ш.Сәтбаеваның, Қ.Мұхаметхановтың, М.Мағауиннің, М.Базарбаевтың, Р.Бердібаевтың, М.Жармұқамедовтың, Б.Әбдіғазиевтің, Р.Сейсенбаевтың, Б.Байғалиевтің, тағы басқа авторлардың ғылыми мақалалары жарияланды.

Алғаш рет Шәкәрім шығармашылығын ғылыми тұрғыдан негіздеген Ә.Тәжібаев пен Ш.Сәтбаеваның, М.Мағауиннің мақалалары жарық көрді. Шәкәрім мұрасына жан-жақты монографиялық деңгейде тұңғыш рет талдау жасап, баға берген Ш.Сәтбаеваның, ақынның поэзиялық мұрасын зерттеуге арналған Б.Әбдіғазиевтің алғашқы кітаптары шықты. Ақынның мұрасы жөнінде докторлық, бірнеше кандидаттық диссертациялар жазылды.

Айта кетерлігі - бұл диссертацияларда Шәкәрімнің тек қана ақын ретінде емес, бүкіл ұлтымыздың руханият дүниесіне сіңірген еңбегі туралы материалдар ғылыми айналымға қосылды. Ақын шығармашылығын диссертациялық деңгейде зерттеу ісіне тұңғыш түрен салған ғалым Б.Әбдіғазиұлының "Абай дәстүрі және Шәкәрім поэзиясы" атты еңбегі болды десек, бұдан кейін Шәкәрім шығармаларындағы адамгершілік, фольклорлық дәстүр, эпикалық сипат, адам тұлғасы, лирикалық кейіпкер мәселелерін, ақынның дүниетанымын, діни ұғым-түсініктерге көзқарасын қарастырған ондаған кандидаттық диссертациялар жазылды. Кейінірек Шәкәрім шығармаларының көркемдік бастаулары мен дәстүрлік негіздері Балтабай Әбдіғазиұлының докторлық диссертациясына арқау болды.

Соңғы кезде ақын шығармашылығын зерттеу бағытында атқарылған ең ауқымды шаралардың бірі Семей мемлекеттік педагогикалық институты жанынан "Шәкәрім" ғылыми-зерттеу орталығының құрылуы болды.

Шәкәрім шығармашылығын зерттеу, ойшыл ақынның мұраларын шын мәнінде біртұтас құбылыс ретінде жүйелі насихаттау ісінде аталмыш орталықтың атқарған жұмысы орасан зор болды. Шәкәрімның 150 жылдығын атап өту мақсатында дүниеге келген осынау ғылыми ұжым шын мәнінде Шәкәрімтану мәселелеріне қатысты жұмыстардың барлығын бір мақсатқа жұмылдыра еңбек еткен шынайы ғылыми орталық бола білді. Орталықтың жұмысы бірнеше саладан тұратын іргелі бағыттар бойынша жүргізілді.

"Шәкәрім" ғылыми-зерттеу орталығы жұмысының ең басты жетістігі ретінде "Шәкәрім" атты көлемді тұлғалық энциклопедия жарыққа шықты. Оны шығаруға, мақалаларын жазуға және де басқа ұйымдастыру жұмыстарына еліміздегі Абай мен Шәкәрім мұраларын зерттеуші көрнекті ғалымдар, әдебиеттанушылар, тарихшылар, философтар, музыкатанушылар, әлеуметтанушылар, т.б. салалардың мамандары жұмылдырылды.

"Шәкәрім" энциклопедиясы тұлғалық энциклопедиялар шығарудағы әлемдік тәжірибелерден үйрене отырып жүзеге асырылды. Бұған дейін қазақ топырағында "Абай" тұлғалық энциклопедиясының ғана туғанын ескерсек, оның ізін ала "Шәкәрім" энциклопедиясының жарық көруі әрі заңдылық іспетті, әрі ұлтымыздың рухани жаму жолындағы кезекті биік жетістігі болды.

"Шәкәрім" ғылыми-зерттеу орталығында өмірге келіп, жүзеге асырылған ендігі бір ғылыми жоба "Шәкәрім әлемі" атты ғылыми монографиялық еңбектер сериясы болды. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару" бағдарламасы бойынша орындалған бұл сериялың ғылыми ортадағы, әдебиеттану, мәдениеттану әлеміндегі маңызы ерекше болды. Аталмыш серия бойынша "Раритет" баспасынан 2008 жылдан бастап жарық көрген Б.Әбдіғазиұлының, Е.Сыдықовтың, Т.Шанбайдың, тағы да басқа

ғалымдардың еңбектері Шәкәрім мұраларының әдеби, тарихи және философиялық негіздеріне жан-жақты талдау жасап, баға беруге арналды.

"Шәкәрім" ғылыми-зерттеу орталығында сонымен бірге "Шәкәрімтану мәселелері" деген атпен сериялы түрде ұдайы шығып тұратын ғылыми мақалалар жинақтары дүниеге келді. Бұл серияның басты ерекшелігі оның көлемі мен жинақ сандарына шектеу қойылмайтынында.

Сериялы жинақтардың мақсаты ұзақ мерзімді қамтиды. Шындығында да Шәкәрім туралы зерттеулер бір жылдың немесе бір ғана тарихи кезеңнің үлесіндегі іс емес. Суреткер мұрасын түпсіз терең қазыналы мұхит десек, оның тереңіне бойлау, түбіндегі барлық маржандарын сүзіп алу, оны жарқыратып көрсету оңай жұмыс емес. Демек Шәкәрім феноменін зерттеу келешек ұрпақтардың да еншісіне бұйыратын ұзақ та үздіксіз процесс. "Шәкәрімтану мәселелері" атты ғылыми жинақтар сериясы, міне осынау ұзақ, әрі үзіліссіз зерттеулердің нәтижелерін жүйелеп, жинақтап, ұрпақтарға ұсынып отыратын маңызды ғылыми жоба екенінде дау жоқ.

Бүгінге дейін осынау сериялы жинақтарда негізінен Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің өзекті проблемаларына арналған ғылыми мақалалар, әр алуан құжаттарға негізделген деректер, мәтінтану, библиография, өмір деректері секілді материалдар жарық көріп келеді.

Атап айтқанда, "Шәкәрімтану мәселелерінің" бірінші кітабы Шәкәрімнің есімі мен шығармашылық мұрасын ақтау бағытындағы алғашқы еңбектердің авторлары болған Қайым Мұхаметхановтың, Мұхтар Мағауиннің, Рымғали Нұрғалидың мақалаларымен ашылған. "Мақалалар", "Естелік", "Шәкәрімтану тарихынан" және "Сөзтізбе" атты бөлімдерден тұратын бұл жинақтың Шәкәрімнің өмірбаяндық деректерін, шығармашылық мұраларын насихаттаудағы маңызы зор болды. Әсіресе, ақынның баласы Ахат Шәкәрімұлының "Менің әкем, халық ұлы Шәкерім" атты мақаласында ақын өмірінің беймәлім қырлары мейлінше ашып көрсетілсе, алаш арыстары Ә.Бөкейхановтың, Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтың мақалаларында Шәкәрімнің жекелеген шығармалары өз тұстастары тұрғысынан талданады, ал Қ.Мұхаметхановтың, М.Мағауиннің, Р.Нұрғалидың еңбектері арқылы ақын мұраларына бүгінгі әдебиеттану талаптары деңгейінде баға берілген.

"Шәкәрімтану мәселелерінің" екінші және үшінші томдарында еліміздегі көрнекті әдебиеттанушы, тарихшы, философ ғалымдардың Шәкәрім мұраларының сан қырлы мәселелерін сөз еткен ғылыми мақалалары топтастырылған. Әсіресе, екінші томдағы академик С.Қирабаевтың "Халық ой-пікірінің тарихын мұқият зерттейік" деп аталатын проблемалық мақаласының аталмыш жинақтардың діңгегіндей міндет арқалап тұрғанын атап айтқан жөн. Мақала ертеректе, 1961 жылы жазылған. Мақалада автор ұлттық әдебиетіміздің тарихындағы Шәкәрім тұрғылас ақындардың, атап айтқанда, Шәді Жәңгіруұлы, Жүсіпбек Шайхысламов, Ақылбек Сабал, Мақыш Қалтаевтардың дүниетанымдық көзқарастарын бағалаудағы қателіктер туралы айта келіп, қашанда ұлттық мұраларға әділ де әділетті баға берілуі тиіс екенін алға тартады. Бұл, сөз жоқ, бүгінгідей тәуелсіздік заманындағы біздің қазіргі рухани мұраттарымызбен де үндес әрі бағыт-бағдар бererлік тұжырым.

Жинақтың төртінші томында Шәкәрім туралы әр жылдары жазылған көрнекті ғалымдардың және жас зерттеушілердің мақалалары берілген. Кітап тарих ғылымдарының докторы Е.Сыдықовтың "Шәкәрім және Алашорда" атты мақаласымен ашылған. Автор бұл мақаласында ұлт тарихында елеулі орын алған Алашорда мәселесі төңірегінде және ондағы Шәкәрімның ролі туралы мәселелерді нақты тарихи деректер мен құжаттарды сөйлете отырып ашып көрсетеді. Кезінде Алашордаға қатысты жайттар Шәкәрімнің бойына қара күйе болып жағылса, бүгінгі таңда ол Шәкәрімнің тұлғасын биіктете түсетін, оның азаматтық позициясын нығайта көрсететін мәселе екенін мақала авторы мейлінше нақтылай түседі.

Сериялы жинақтың бесінші томына Шәкәрім туралы орыс тілінде жазылған, әр жылдары жарық көрген ғылыми мақалалар топтастырылған. Орыс тілді оқырмандар назарына белгілі ғалымдар Ш.Сәтбаеваның, М.Базарбаевтың, Ш.Елеукеновтың, Ғ.Есімнің, А.Еспенбетовтің, Б.Әбдіғазиұлының, А.Ісімақованың зерттеу мақалалары ұсынылған.

"Шәкәрімтану мәселелеріңнің" республика ғалымдарының әр алуан тақырыптағы мақалаларынан тұратын алтыншы томындағы

белгілі әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеукеновтың "Шәкәрімнің оралуы" атты мақаласының шоқтығы биік. Мақалада Шәкәрімнің есімі мен әдеби мұрасы туралы әр кезеңдегі қилы-қилы көзқарастар және ақын мұрасын ақтау жолындағы республика ғалымдарының орасан зор еңбегі сөз болады. Шәкәрімтанудың жаңа кезеңіне жол ашқан алғашқы мақалалардың бірі де осы еңбек болатын.

Жоғарыда айтқанымыздай, "Шәкәрімтану мәселелері" атты ғылыми жинақтар сериясы бұдан ары да жалғасып жатарына сөз жоқ. Теңіздей терең, айдындай шалқар Шәкәрім мұрасы жөніндегі жаңа сөз, тың тұжырымдарды ұсынатын да осы сериядағы еңбектер болатыны ақиқат.

Тәуелсіздік жалдарындағы Шәкәрімтану тарихынан биік орын алуға тиіс еңбектердің бірі - "Шәкәрім" журналы. Бұл журнал да Семей педагогикалық институты ұжымының бастамасымен және "Шәкәрім" ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен және бүгінгі таңдағы полиграфиялық мүмкіндіктерді, әлемдік баспа талаптарын пайдалана отырып жоғары сапамен шығып келе жатқан салмақты басылым.

Ол жұмыстар әрине, бүгінге дейін Шәкәрімтану саласында атқарылған жұмыстардың бір парасы ғана. Көп істер атқарылды. Алда қаншама жоспарлар тұр. Ғылыми-зерттеу орталықтарында бұл жоспарлардың жүзеге аса берері ақиқат. Барымызды бағалап, кемімізді түгендеу жолында "инемен құдық қазарлық" істер жетерлік. Шәкәрімтану саласы да бүгінде жаңа тұрғыдағы зерттеулерді, тың қадамдарды қажет ететіні анық. Шәкәрім шығармаларының академиялық жинағын шығару, ақын өлеңдері мен өзге туындыларына мәтіндік талдаулар жасау, т.б. толып жатқан биік мәртебелі міндеттерді орындау бағытында нені ескеруіміз қажет, қандай нысана ұстауымыз керек деген сауалдар, әрине, бой көрсете бермек.

ӘОЖ 811.512.122

Б.МОМЫНОВА, филология ғылымдарының докторы, профессор Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты

ШӘКӘРІМ ҚОЛДАНҒАН МЕТАФОРАЛАР: ФУНКЦИЯЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Ғалымның мақаласында Шәкәрім поэзиясындағы ерекшеліктер талданған. Ақын қолданысындағы метафоралардың берілу жолдары мен олардың қызметі зерттеу насынаны түскен.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің зерттелуі әдеби тілдің басқа кезеңдеріне қарағанда кешеуілдеген, толық зерттеліп болмай жатыр. Сол дәуірге шығармашылық тудыру уақытының ең бір сүбелі кезі дөп келетін Шәкәрімнің әдеби тілдегі орны, әдеби тілді дамытудағы қызметі және ақын, философ саналатын тұлғаның шығармаларының әдеби тіл стильдерінің жетілуіне, норманың қалыптасуына әсері болды ма деген сұрақтардың да толық, тұшымды жауабын уақыты келгенде аларымыз сөзсіз.

Шәкәрімнің қазақ әдеби тіліндегі орнына шолу беру мақсатында "Шәкәрім" энциклопедиясында жазылған "Шәкәрім сөзі және қазақ әдеби тілі" деген мақаласында белгілі ғалым Қ.Шаяхметұлы: "Өлеңді түрлендіру, пішіндеу жөнінде әрі салмақты, әрі тартымды уәждеме қорытылған. Қазақтың байырғы өлең өрнектерін, жыраулардың ерлік, елдік толғауларын, түркілік, араб-парсылық поэзиядағы үздік үлгілерді меңзеп, ескі ақындық тағлымын нық дәлелдейді. Ескі ақындықта құланның жүйткіп жортуы, тұлпардың танбас шабысы, ақбөкеннің сар желісі, қыранның аспанға оқтай атылып, самғап қалықтауы, жел құйынның ұйтқуы, сұрапыл дауылдың соғуы, қар мен бұршақтың бұрқырауы, нөсер жаңбырдың сел боп төгілуі, судың арқырап ағуы, әралуан деңгейде құбылған әуен екпінімен жаңғырады. Уәзін, ырғақ, тармақ, бунақ, шумақ солай құлпыра өзгеруі абзал деген ойға ден қойғызады", - деп [1], Шәкәрім өлеңдеріндегі ескі сарынның сақталуы тарихи сабақтастықтың әлі үзілмеген тамырын көрсетеді дегенді айтқысы келген. Сонымен бірге ғалым "Шәкәрім дағдылы қара өлең мен халықтық жырды әрлеп өңдеп, сыр мен сипатын арттырғанға қоса, модернизациялауға да батыл қадам басты. Бүгінгі дүниежүзілік поэзияның беделді үні болып есептелетін "еркін өлең" (велибр), "полиметрикалық" (көп өлшемді) өлең, дисметрикалық (ақ өлең) өлең үлгілеріне ұйтқылық қалыптамадағы он үш өлең жазады", - деп бірнеше өлеңді, атап айтқанда, "Қорқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де", "Ақылдың берген жауабы", "Таң" журналына жаңа әнмен байғазы" т.б., атайды [1].

Сөйтіп қазақ өлеңдерінің өлшеміне, архитектоникасына байланысты жаңалық әкелгенін айтады. Қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиялық заңдылықтарына қатысты бұл мәселелерді қарастыру да қажет-ақ. Сондықтан тілші зерттеушілер үшін өлең өлшемінің маңызы жоқ, мүлде қызықтырмайды деуден аулақпыз, дегенмен де өлеңнің буындық өлшемінен гөрі өлең мәтінінің түзілімі мен құрылымындағы, өлең жолдарының ұйқасындағы грамматикалық формалардың атқарып тұрған қызметі, жекелеген лексикалық бірліктердің өлеңді мәтін ретінде ұйыстырудағы қызметі, жекелеген тіркесімдердің белсенділігі, логикалық екпін түсіп тұрған сөздер мен сөз тіркестерінің орны, сөздің семантикалық қозғалысы, сөз таптары мен көмекші құрылымдардың маңызы және тыныс белгілері мен жазылудағы емлелік ерекшеліктерді көбірек сөз еткен әлдеқайда дұрыс болар еді деген пікірдеміз. Осы мәселелерге терең тоқталу

үшін уақыт пен ізденіс, тілдік фактілер жинастыру қажеттігін ескерсек, айтылған мәселелер туралы ізденістер болашақта дүниеге келеді деп сенеміз.

Ақынды, кез келген шығармашылық тұлғаны жеке автор ретінде мойындататын нәрсе - оның тіл шеберлігі. Әркімнің сөзді өзінше сөйлете алуы шығаршылық тұлғаның өзіндік дара стилін тудырады. Біздің қаузамақ сөзіміз сол даралықты не тудырып тұр деген мәселе төңірегінде болмақ. Мақаланы жазудағы мақсат та - осында. Шәкәрімнің стильдік ерекшелігі туралы бұрынғы еңбегімізде айтсақ та [2], сол еңбектегі ойымызды ары қарай дамыта түсуді жөн көріп отырмыз. Соған орай осы мақалада Шәкәрім өлеңдеріндегі метафоралық қолданыстарға аз да болса тоқталуды жөн деп білеміз.

Әдеби тіл функционалдық стильдерінің арасында метафоралар ең көп қолданылатын стиль түрі - көркем әдеби стилі. Көркем әдеби стилінің негізін көркем шығармалар құрайды.

Көркем шығарма XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің негізгі стильдерінің бірі болып қала берді. Қала берді деуіміздің себебі бар, өйткені алдыңғы кезеңдерде де қазақ әдеби тілінің тарихында доминант стильдердің бірі көркем әдеби стиль болса, келесі кезекте публицистикалық стиль тұрғаны анық. Ал көркем дүниелері халық үшін мұра болып саналатын Шәкәрім шығармалары бұл тұрғыдан жете талдана түсуі керек.

Себебі, "көркем шығарма тілі, бір жағынан, тілдік нормаларды қалыптастырып, тұрақтандырып отырса, екінші жағынан, ол нормадан ауытқуға, жаңа норма жасауға да мұрындық болып, әдеби тілдің үнемі дамып, өзгеріп отыруына әсер етеді" [3, 24-б]. Яғни Шәкәрімнің өлеңдері мен қара сөздерін оқи отыра сол кездегі норма тұрақтылығы мен жаңа нормаланаудың белгілерін анықтау қазақ әдеби тілінің тарихы, оның қалыптану кезеңдерін нақтылау үшін, сол тұстағы стильтүзуші көркемдік тәсілдерді белгілеу жағынан да қажет-ақ. Осы тұрғыдан Шәкәрім шығармаларының әдеби тілді дамытудағы қызметі, нормалануға байланысты оның өлеңдері мен шығармаларының маңызы ашылып, орны айқындала түсері хақ.

"XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі" монографиясының авторлары: "Жасыратыны жоқ, көркем сөз шеберлерінің көпшілігі-ақ шығармаларында көпшілік қауымға түсінікті бола бермейтін, белгілі ғана территорияда ғана жұмсалатын тілдік үлгілерді қолдануға құмар-ақ. Әрине, ондай қолданыстардың дұрыс-бұрысын байыбына барып қана айтуға болады. Оған алдын-ала рецепт беру қауіпті. Өйткені ондай тілдік қолданыстар әдеби тілде баламасы бар, тек жазушының өзі ғана білетіндіктен, жазушы туған ауылда жұмсалатындықтан ғана болып отыр ма, болмаса ол білдіретін мән, мағыналық ньюанс әдеби тілде жоқ, сондықтан белгілі стильдік мақсатпен жұмсалып, мағыналық жүк көтеріп тұр ма - осы жағын мұқият ескерілуі керек", - деп көрсетілген [3, 26-б]. Бұл пікір, негізінен, диалект сөздерге нұсқап айтылғанмен, бір ұшығы метафоралық қолданыстарға да қатысты деп ойлаймыз. Себебі метафоралық қолданыстардың да авторға ғана түсінікті, бір ғана автор ғана қолданатындары мен жалпы халыққа танымалдары болады. Метафораға тән осы сипаттардан бөлек, басқа да қасиеттерінің бәрі метафораның қолданыстағы қызметінен келіп шығады.

Метафораны зерттеуші тілшілер сөзді сөздің мағыналық реңктерінен бастағанды ұнатады. Сондай зерттеушілердің бірі метафораның 15 функциясын талдап берген В.К.Харченко: "В лингвистической литературе оттенок рассматривается как прогноз, свидетельство дальнейшего развития значения. С.Н.Муране пишет, что оттенки - сигнал перехода однозначных слов в многозначные. ...Оттенки значений - это не только план, проспект, прогноз, программа развития значений, но и ретроспекция этого развития, тень бывших значений, свидетельство, след исчезающей или исчезнувшей многозначности" [4, 8-б.], - деп көрсетеді. Бір қарағанда сөз мағынасының толығуы мен кемуі, баюы мен азаюы бейберекет түрде жүзеге асатын әрекет нәтижесі болып көрінгенмен, сол бейберекетсіздіктен тәртіпке келтірілген тілдік құбылыстардың пайда болуы байқалады. Бұл бейберекетсіздік пен тәртіптелген заңды құбылыстың арақатынасын ғылымда синэргетика дейтін ғылым зерттейді.

Енді метафораның 15 функциясын М.К.Харченко ізімен атап берелік: 1. атаулық (номинативті) функциясы; 2. ақпараттық (информативтік) функциясы; 3. есте қалу (мнемоникалық) функциясы; 4.стильтүзушілік функциясы; 5.мәтінтүзушілік функциясы; 6. жанртүзушілік функциясы; 7. эвристикалық функциясы; 8. түсіндірушілік (объяснительная)

функциясы; 9. эмоционалды-бағалауыштық функциясы; 10. тәрбиелік (этикалық) функциясы; 11. сендіру (аутосуггестиялық) функциясы; 12. кодтаушылық функциясы (метафора және код); 13.құпияландырушылық (конспиративтендірушілік) функциясы; 14. ойындық (юморлық) функциясы; 15. ритуалды (салттық) функциясы. Әрине, бұл бөліністің шартты екенін ескере отырып, логикаға сай тұстарының бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Біз өз еңбегімізде (Шәкәрім поэзиясының тілі.Лексика-функционалды ракурс.-Алматы:Арыс,2008) философ-ақын поэзиясындағы метафоралар жөнінде: "Көркемдікті жеткізудегі тілдік құралдың бірі метафора болса, Шәкәрім үшін дүние сұлулығын жеткізуде метафораны пайдалану қажеттілік болған", - деп көрсеттік. "Шәкәрімдегі жүрекпен келетін метафоралар көнелерге жататынын айта келіп, *сұм жүрек, жаралы жүрек, сорлы жүрек, от жүрек, ақ жүрек, улы жүрек, жаралы жүрек, дертті жүрек, жылы жүрек, таза жүрек* т.б. тіркесімдер - ақынның ертеден келе жатқан көркемдеуіш құралдарды өз тарапынан жетілдіріп барып қолданылуының нәтижесі ретінде көрсетілген. Шәкәрім поэзиясындағы жүрекпен келетін метафораларға: *жүрек сыры, жүректен шыққан наз, жүректегі мін, жүректегі ыстық шоқ, жүрегі қатып мұз болу, жүрек кірі, жүрек нұры, жүректегі тат,* т.б. жатқызуға болады. Күрделі метафора үлгісіне жан жүрек түріндегі қолданыс жатады.

Дәстүрлі метафораға: *жүрегіңді қылмай тас, жүрегім тұр жыбырлап, ақ жүрек, жүректі тесу, жүрекке әсер ету, ет-жүрегін тас қылды, жүрегіңнің дерті бар, аптыққан жүрек, жүректен шыққан назымды, жұлып алсам жүрегін, елжіретіп жүрегін* т.б.;

Индивидуалды метафора *түріне жүрегіңде болса тат, жүрек кірі, жүректі арақ ішкен мимен жуу, жүрегің болса тайғақ саз, жүректі ағарту, тазалап жүрек ындызын, жүрегіңнің тілі жоқ, ымбалы сол, жүрегіңе төгу* т.б. атауға болады [2, 156-б].

Осы мысалдардың ішінен алдыңғы жіктеліс бойынша номинативті немесе атаулық функция атқарып тұрған метафораларға *жүрек кірі, от жүрек, ақ жүрек, жылы жүрек, таза жүрек, улы жүрек, дертті жүрек, жар, жар сиқыры, жар нұры, жар киесі, жар сыры*, т.б. жатқызамыз.

Құпиялық, конспиративтік қызметіндегі метафоралар *Жар* сөзімен берілетін метафораларға тән. Себебі: "Жар сөзінің бірден мәтінді оқи сала қай мағынаны білдіріп, қалай қолданылып тұрғанын аңғару мүмкін емес. Жар сөз Шәкәрімде Алла, Алла тағала, Тәңірі, Құдай орнына жұмсалады. Жарға ғашықтығы ақынның Аллаға ғашықтығы, аллаға бағытталған. Оның ғашықтығы *Жар нұрына мас болу, асық Жарды табу, Жарынан бөлек жаны жоқ, жаны - Жарының жаны,жалғыз Жарға шоқыну, Жардың нұрына жану* түрінде көрінеді" [2, 143-б.].

Ақын өлеңдеріндегі номинативті қызметке жегілген метафоралардың көбі ақын өлеңдерінің *стильтүзуші элементтері* болып табылады. Өйткені Шәкәрімнің көптеген шығармаларының лейтмотиві өлім мен өмір, ар мен абырой, Алла мен Жаратқан (Жар), дін мен пейіл тазалығына арналғаны белгілі.

Жалпы алғанда, әлем туралы, өзін қоршаған орта туралы көзқарасын адам білімі мен біліктілігі, өмірлік тәжірибесі арқылы қалыптастырады. Сондықтан ақын болсын, жазушы болсын, мәтінді білім, біліктілік, өмірлік тәжірибесін басшылыққа ала отырып дүниеге әкеледі. Бұл тұрғыдан Шәкәрім мәтіндері де автор-субъектінің әлемді қабылдауы мен түсінігінің, өмірлік құбылыстар туралы білім-түсінігінің көрсеткіші, оның тілдегі көрінісі. Ал сөз мағынасының құбылуын мәтінмен және мағынаны актуальдандырушы сөзбен сабақтастықта, бірлікте ала отырып, кейбір метафораларға, атап айтқанда, *жүрек, тазалық, жар, ақ* т.б. сөздерімен тіркесімімен ала отырып, тоқталдық. Тағы бір айтатын мәселе, ақын өлеңдеріндегі "орфографиялық сөз" емес, сөздің қолданыстағы мағыналық ерекшелігі, контекске қарай түрленуі ескерілді.

Шәкәрім - шалқар ойдың иесі, өмір мен ақиқат дүниені өзгеден бөлек, өзгеше қабылдаған шығармашылық тұлға. Жан-жақты, шартарапты ойшыл, сондықтан өз шығармаларына лейтмотив етіп алған сөздердің санқилы ерешеліктерін ой елегінен өткізе отырып, өлеңдеріндегі өзіне ғана тән қолданыстарды дүниеге әкелген. Оны, әсіресе, жүрек пен Жарға байланысты метафораларынан анық байқауға болады. Оқып отырған адамға ақын қолданған метафораларды бірден түсіну, олар жеткізетін ақпаратты ұғыну және ақын психикасындағы бейне-суреттерді қабылдау оңайға түспейді. Әсіресе *жүректі жуу,*

жүректі ағарту сияқты метафоралар туралы осылай деген дұрыс. Бірақ бұл сөздерді дұрыс ұғыну ақын идеясын түсінетін жолға түсіреді.

Атқаратын функциясына қарай Шәкәрім өлеңдеріндегі метафораларды жіктеп шығу жеке бір іргелі еңбектің арқалайтын жүгі. Сондықтан бұл мақалада ақын қолданысындағы жекелеген метафораларға ғана тоқталдық.

Әдебиет

1 Шаяхметұлы Қ. Шәкәрім және қазақ әдеби тілі. - Кітапта: Шәкәрім. Энциклопедия. - Семей,2008. - 864 б.

2 Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі. Лексика-функционалдық ракурс (монография) - Алматы: Арыс,2008. - 253 б.

3 XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі . - Астана: Елорда, 2000. - 343 б.

4 Харченко В.К. (Функция метафоры,Москва, Сзд. ЛКИ,2007.- 85 стр.

ӘОЖ 821.512.122

А.СЕЙСЕКЕНОВА, кандидат филологических наук, доцент
Заведующая кафедрой казахского языка и литературы университета «Қайнар» (Семей)

К ВОПРОСУ ПОНИМАНИЯ ЖИЗНИ КАК СТРАДАНИЯ (НА ПРИМЕРЕ СТИХОТВОРЕНИЯ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДЫУЛЫ "ЕСЛИ БЫ Я ВСТРЕТИЛ ПРОРОКА МОИСЕЯ")

Автор научных статей посвященных актуальным проблемам литературоведения.

Знакомясь с произведениями казахского поэта начала 20 века Шакарима Кудайбердыулы, можно встретить в них имена всемирно известных личностей. Среди них религиозные пророки, авторы различных учений Востока и Запада. Например, в стихотворении, начинающемся со слов "Если бы я встретил пророка Моисея", касаясь различных пророчеств, Шакарим говорит об искажении многих древних учений. Читая строки "Держась за руку Будды, с ним не буду расставаться", мы замечаем, как учение Будды вошло в сердце Шакарима. Здесь речь идет не о распространении буддизма на земле как религии (на это у Шакарима взгляд иной), а скорее о личности и взглядах Будды. Для Шакарима представители восточной и западной цивилизации не чужие. Для него дороже всего гармония человечских душ. Общность этих взгядов проявляется по многим проблемам. Одна из них касается проблемы "жизнь - страдание".

На Востоке к пониманию жизни как страдания впервые пришел Будда, и это стало центральной проблемой раскрытия человеческого бытия.

Страдание - основное чувство человека, и причиной его является отсутствие возможностей исполнения желаний. Так считал Будда, в его учении о дхарме "жизнь - дукха (старадание)", а, значит, целью жизни является преодоление дукхи.

В начале 20 века причиной основных страданий казахов были нестабильные политические события. Это и привело к трагической гибели казахского поэта - мыслителя. Но не за свою жизнь печалился поэт. В те трудные времена, находясь вне времени, он сравнивал жизнь с тучами и ветрами перед тем, как взойдет солнце.

В стихотворении, начинающемся со слов "Здравстуй, единственный брат Абдыгали!", он пишет о своей жизни так:

Мне эта жизнь кажется раем,
Там нет страданий,
как в вашем аду.
Ни на кого не держу зла я [1, 220].
(Подстрочный перевод А.Б. Сейсекеновой)

В своем труде "О жизни, о душе" Шакарим вступает в полемику относительно философии жизни как старадания с немецким мыслителем Шопенгауэром: "Человек по имени Шопенгауэр в своей Новой философии пишет, что "Жизнь - это ад, там нет никакой радости". И вся Европа поддерживала Шопенгауэра в этом. Но мы не удивляемся его новой философии, потому что жизнь - не ад, а - рай. Природных богатств хватит всем людям на земле. Весь этот земной рай человек сам превратил в ад. Не зная об этом, Шопенгауэр всю мировую волю назывет злом. Если бы люди воспринимали друг друга как родню и пользовались дарами природы сообща, то весь мир стал бы раем" [2].

Мы знаем, что мыслители мира по-разному восприняли пессимистическую философию Шопенгауэра.

Если Шопенгауэр, воспринимая учение Будды об избавлении человека "от ненужных желаний" как единственную истину, считал

материальный мир злом, то Шакарим учение Будды о мире понимал по - иному. Ведь на самом деле понятие "дукхи" в учении Будды также подразумевало правильное понимание жизни с точки зрения проявленного. Даже если жизнь является страданием, это означало, что необходимо искать выход, найти свой путь. Говоря о "дукхе", исследователь индийской философии М. Томпсон пишет: "Впрочем, это вовсе не означает, что счастье является недостижимой категорией" [3, 86].

Если Будда проповедовал человеку не идти за "ложным желанием", то и Шакарим призывал к тому же - отличать истинное от ложного, и говорил о неправильности ухода от истинных радостей жизни.

Против мысли Шопенгауэра об уничтожении жизни как злой воли выступал и Лев Толстой. В своей "Исповеди" он, как и Будда, при виде старого больного человека после долгих раздумий о смерти находит смысл жизни. Л.Толстой выступает против идеи "уничтожения себя из-за бессмысленности жизни" Шопенгауэра и пишет следующее: "Что ж, я один с Шопенгауэром так умен, что понял бессмысленность и зло жизни?

Рассуждение о суете жизни не так хитро, и его делают давно и все самые простые люди, а жили и живут. Что ж, они - то все живут и никогда и не думают сомневаться в разумности жизни?

Мое знание, подвержденное мудростью мудрецов, открыло мне, что все на свете - органическое и неорганическое - все необыкновенно умно устроено, только мое одно положение глупо" [4, 37].

Шакарим как мыслитель глубоко исследовал происхождение страданий. В итоге он пришел к выводу, что страдание сначала появилось у людей в голове на основе ложных представлении о жизни, а биосфера, представленная телесным миром, является загадочной красотой, там нет зла, и все зависит от отношения человека к этому миру.

Нәпсі көзін байлаған адамзаттан
Айуан артық біледі өмір жайын [1, 263].
У людей глаза зашорены собственным Эго
А природа мудра и лучше знает жизнь [1, 263].

В "Трех истинах" Шакарим пишет: "Люди, хотя они и не так далеко ушли от животных в своих инстинктах, проявлять полноту и глубину ума могут только они. Но человек тем не менее - не высший Творец, каковым является природа" [5, 29]. Шакарим здесь имел в виду - насколько бы человек ни был сознательным, он не может сотворить природу.

Вот что пишет Елена Блаватская об отрицании жизни в своей книге "О происхождении зла": "Буддийскому философу известно, что продолжительность чередования жизней каждого человека (если только он не достигнет нирваны "намеренно" или, как говорят каббалисты, если он не "возьмет царство Божие силой") аллегорически представлена в виде истории о *сорока девяти днях*, проведенных Гаутамой Буддой под деревом Бо. А индусский мудрец знает, в свою очередь, что ему надлежит зажечь *первый* и погасить *сорок девятый огонь*, прежде чем он достигнет окончательного освобождения. Зная все это, мудрец и философ терпеливо ждут естественного часа своего освобождения; в то время как их злосчастный подражатель - европейский пессимист - всегда готов совершить самоубийство, которое с такой уверенностью пропагандирует. Не зная о том, что гидра существования имеет бесчисленное множество голов, он не может относиться к жизни с таким же философским презрением, с каким относится к смерти, и потому не способен следовать мудрому примеру своих восточных братьев" [6]. Как мы видим из вышесказанного, достижение нирваны индусами как освобождения от ложных представлении о мире не является отрицанием жизни и анализируется как победа души над ложными желаниями и остановкой колеса сансары. В этой же книге Е. Блаватская пишет: "Сам Будда является для каждого из нас примером исключительной силы воли, но это была воля к жизни, а не к отказу от нее. Согласно его учению, зло будет существовать всегда, но оно существует *не в самой материи*, которая вечна, а только в создаваемых ею иллюзиях: в изменчивости и превращениях материи рождается жизнь, но эти изменения условны, и эта жизнь эфемерна. В то же самое время зло не только неотвратимо, но и необходимо. Ибо если мы можем отличать добро от зла и свет от тьмы и ценить первое, избегая второго, то только благодаря существованию контрастов между ними." [6].

Шакарим, исследуя историю разных религий, говорит, какому искажению подверглись слова древних поэтов-ришов. Их мы видим вследствие появления различных сект.

Будданың ұстап білегін,
Айрылмай бірге жүремін.
Жәдігөй, бақсы, ламаға
Шоқынды елің білемін [7, 112].

Начальные две строки переводятся как: "Держась за руку Будды, с ним не буду расставаться". А в последних двух строках говорится об искажении учения Будды. Шакарим обращается к самому Будде такими словами: "Твое учение исказилось, теперь твой народ поклоняется идолам" [7, 112].

Об этом читаем и у Елены Блаватской: "Даже в Индии изначально заложенная в основу рассматриваемого учения мысль была перевернута с ног на голову благодаря стараниям сектантов, что привело к появлению ритуалистических, чисто догматических доктрин хатха-йоги (в противоположность философизму ведантистской раджа-йоги)" [6].

Мы, конечно, не намерены сделать из Шакарима буддиста. Он не входил ни в какой мистический орден, не был религиозным служителем. Скорее, здесь можно отметить отличительную особенность этих людей, их душевные качества, не разделяющиеся на "я" и "ты". В этом и заключается суть учения Шакарима о совести как о создателе. Эти люди всегда чувствуют вертикальную связь между собой сквозь века.

М. Бахтин в своей концепции о диалогизме, рассматривая любой текст как открытую структуру, его интертекстуальную способность объясняет следующими простыми словами: "Два сопоставленных чужих высказывания, не знающих ничего друг о друге, если только они хоть краешком касаются одной и той же темы (мысли), неизбежно вступают друг с другом в диалогические отношения. Они соприкасаются друг с другом на территории общей темы, общей мысли" [8, 293].

В буддизме ум и есть "майя" - иллюзия. Это и объясняет тотальное безумие масс, порождаемое "майей". Такое же коллективное безумство масс отражено в поэме Абая Кунанбаева "Масгут". Когда в "Масгуте" люди стали пить "дурную" дождевую воду, то они начали сходить с ума. И эти безумцы, наборот, обвинили Масгута и халифа сумасшедшими.

Современные дзен-буддисты, а точнее Экхарт Толле в своей книге "Новая земля" пишет: "Величайшее достижение человечества - это не созданные им произведения искусства, науки и технологии, а способность обнаруживать и распознавать нарушения и безумие в себе" [9,7].

"Майя" также означает вуаль. Через эту вуаль человек не видит настоящую реальность. Порождает дукху не что иное как человеческий ум. Ведь дукха - это страдание, неудовлетворение жизнью. Понятие "майя" в прозведениях Шакарима обнаруживется как "челевеческий ум, завуалированный нафсом или ненасытным Эго". В произведениях Шакарима ум порождает страдание:

"Не душа правила, а тело,
поэтому ум начал страдать" [1,156].
(подстрочный перевод. А.Б. Сейсекенова)

Современный ум человека причисляет к самым пагубным страстям наркотики, а наркоманов и алкоголиков считает низкой породой человечества. А тогда, как говорит Шакарим в стихотворении "Страсть и любовь" алкоголизм и алчность, вещизм и наркотики - по степени одинаковые страсти [1,62].

"Поэтому ум не может дать правильную помощь,
и человек зверски поедает другого человека" [1,156].

Если говорить словами буддистов, ум, подчиняясь "ложному "я", вместо того чтобы дать человеку правильную мысль, прибавляет много негативных мыслей, которые вредят ему. Эгоизм человека порождает "ложное я". Ум всегда сравнивает себя с другим, ум обижается, ум страдает, ум завидует, ум ненавидит. В Буддизме ум и сознание - разные понятия. Сознание означает "Сознание Будды". Сознание ничем не обусловлено, оно априорно чистое. Центральной проблемой поэта, философа Шакарима тоже является отличие ума и "чистого ума". А у Абая это означает "светлый ум":

Если ум не светлый,
Живет жизнью животного [10, 227].

Итак, "чистый ум" может быть только в чистой душе, а ум, порождаемый эго, живет заблуждением. Сознание или чистый ум стремится к единству мира, ум стремится быть разделенным. Ум, порожденный эго, хочет, чтобы весь мир был "моим". Абай пишет:

Все, что ты считаешь "моим" - "Его" (Создателя). [10, 212].

В интервью с современным индийским мыслителем Шри Бхаваганом Киара

Уиндрайдер говоря об уме передает интересную мысль: "Бхагаван учит тому, что нет ничего того, что называется "личным умом". Да, у нас есть индивидуальные мысли, но они всего лишь эманации того, что Бхагаван определяет как Древний Ум, коллективная мыслесфера человечества, которая существует с начала текущей цивилизации. Все наши страхи, несостоятельность, беспокойство и боль; всё наше вожделение, дурные привычки, незащищённость и жадность; вся наша ненависть, гнев, ревность, осуждение принадлежат этой мыслесфере. Кроме того, многие наши импульсы творить добро, красоту, стремления к счастью, мужественным поступкам также находятся в этой мыслесфере. Наш ум можно представить в виде приёмной радиостанции, улавливающей частоты в зависимости от состояния нашего ума или здоровья, переживания и различных астрологических факторов. Наши индивидуальные переживания или жизненный опыт тоже вносят свои коррективы в тип частот, которые мы выбираем" [11].

Аллегорическим перевоплощением Древнего Ума можно назвать Мефистофеля Гете. Можно ли все умом решать? Есть и много закономерностей появления барокко, сентиментализма, романтизма и, конечно, модернистских течений. Весь вопрос состоит в направлении мыслей всего человечества. Служит ли человек человеку или он служит богатству, славе и креслу? Для чего дана жизнь человеку?

Литература

1 Кудайбердыулы Ш. Произведения. Стихи, поэмы, проза. Алматы, 1988, 560 с.

2 Абай// 1994, №9. С 30.

3 Томпсон М. Восточная философия. Москва, 2000. -384 с.

4 Толстой .Л.Н. Избранное. Ростов на Дону, 1998, 544с.

5 Кудайбердыулы Ш. Три истины, Алматы, 1991, 80с.

6 Е. Блаватская. О происхождении зла. /http://www.theosophy.ru/lib/hpb-zlo.htm/

7 Кудайбердыұлы Ш. Жолсыз жаза, Өлеңдер мен поэмалар. Алматы, 1988, 256 б.

8 Бахтин М. Эстетика словесного творчества, Москва, 1979, 424 с.

9 ТоллеЭ. Новая земля. Появления нового сознания. 293 с. http://www.tolle.ru/new_earth_index.

10.Абай (Ибраһим Кунанбаев). Алматы, 1986, Т. 1, 304 с.

11 Уиндрайдер К. Вечера с Бхагаваном. http://www.svet-ural.com/bhagavan.php].

ӘОЖ 821.512.122

А.АҚТАНОВА, филология ғылымдарының кандидаты
Семей мемлекеттік педагогикалық институты қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

"ҚАЛҚАМАН -МАМЫР": ПОЭМА МЕН ЛИБРЕТТО

Ұсынылып отырған мақалада автор «Қалқаман-Мамыр» поэмасы мен либреттосының жалпы сюжеттік желідегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, жанрлық ерекшеліктерін қарастырған.

М.Әуезов пен Шәкәрімнің шығармашылық байланысы негізінде дүниеге келген көркем туындылардың қатарында "Қалқаман-Мамыр" оқиғасына байланысты жазылған поэма мен либретто туралы айтпай кету мүмкін емес. Жанрлық жағынан алғанда поэма көркем өнер нысаны болса, либретто би өнерімен байланысты. Десек те, либреттоға негіз болатын көркем сюжетті жазу, оны сахнаға қою қазақ балет өнерінің даму кезеңінде үлкен еңбек болды деуге болады.

М. Әуезовтің "Қалқаман-Мамыр" либреттосына арқау болған оқиғаны Шәкәрім Құдайбердіұлы 1912 жылы Семей қаласындағы "Жәрдем" баспасынан "Мұтылған" деген лақап есіммен жарыққа шығарды. . Шәкәрім кітапты "Қазақ тілінде тарихи хикая" деп атап, кіріспе сөз жазған. Онда: "Бұл әңгіме 1722 жылы біздің орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған анық іс. Біздің қазақ қалмақтан жеңіліп, "Ақтабан шұбырынды" болғаннан бір-ақ жыл бұрын. Қалқаман-Мамырдың ісіне ескі қазақтар теріс көзімен қараса да, осы күнгі көңілінің көзі ашықтар жазасыз екенін біліп, дұға қылса керек. Өлгенді тірілтпесем де, өшкенді жандырғандай болсын деп, биыл жүз тоқсан жыл болып, ұмытылған істі алдыңызға қойдым. Бұл әңгіме ақсақал аузынан да қалып бара жатыр. Сол асықтардың өзі кетсе де, ізі жоғалмасын дедім - біздің де ізіміздің жоғалатынын ойлап. " - делінген

"Қалқаман-Мамыр" дастанындағы тартыстар жүйесі ғашық жастардың өз махабаттары үшін күрескен тұсынан басталады. Шәкәрім халық басындағы трагедиялық жағдайды көрсете отырып, жастардың махаббат еркіндігі үшін күрескен әлсіз болса да қарсылығын көрсеткен. Екі жастың бел буып күреске шығуынан басталатын терең драматизм соңында трагедиялыққа ұласады. Белгілі ғалым Шәкәрім Сәтбаеваның "Қалқаман-Мамыр" поэмасындағы тарихилық мәселесі туралы айта келе: "Қазақ даласының шындығын тарихи тұрғыдан жақсы таныған Шәкәрім екі ғашықтың өмірлік трагедиясын бүкіл елдің трагедиясымен шебер жалғастырды"- деп бағалағанын еске ала отырып, поэмадағы тарихи оқиғалармен көркем сабақтасып, кейіпкерлер психологиясының ерекшелігімен өрілген драматизмнің трагедиялықпен ұласқанын байқауға болады демекпіз. Себебі, қандай да болмасын драматизм адамдардың ішкі жан дүниесміндегі күйзелістен, психологиялық терең тебіреністен қақтығыстан шығады. "Қалқаман-Мамыр " поэмасындағы басты тартыс екі жастың қосылуына қарсы болған ел азаматтары мен ғашықтардың арасынан басталады.

Ғалым Б.Әбдіғазиұлы: "Қалқаман-Мамыр" поэмасындағы трагедиялық туралы: "Ғашықтар трагедиясы Шәкәрімге өзгелерден өзгеше әсер етті. Ақын осынау махаббат мұңлықтарының басындағы қайғылы хал мен ел, қоғам басындағы трагедияны асқан шеберлікпен, ақындық көрегендікпен ұштастыра отырып, ол туралы тамаша туынды жасай білді. Ел ішіндегі бір ғана махаббат тарихын баяндау арқылы ақын қазақ қоғамының сол кездегі этнологиялық сыр-

сипатын ашып берді. Поэманың ең басты құндылығы оның әлеуметтік астарының тереңдігіне жатыр дейтініміз сондықтан",- дейді Ақын тарихи оқиғаларды пайдалана отырып, драмалық тартыстың трагедиялық сипатын ашады. Шериаздан Елеукенов: "тарихи фон поэма қаһармандарының қай тұста өмір сүргенін бағдарлау үшін ғана емес, трагедияға эпикалық құлаш та бітіріп тұр. Мамыр сияқты сүйген жарын өлтірген, өзін оққа байлаған руластарына өкпелі Қалқаманның туған ортасын тастап қашуы - поэманың негізгі идеялық көркемдік ұйытқысы және дүниежүзілік әдебиетте сирек кездесетін шешім. " - дейді. Поэма сюжетіне арқау болған оқиғалардың мекеншақтық белгілері адамдар психологиясындағы салт-санаға деген көзқарасымен астасады. Қалқаманның:

Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені
Шариғат қосады екен немерені.
Қайғы ойлап жаман ырым айта берме,
Алаңсыз сүйген болсаң анық мені,

-деуі қазақ халқының жеті атаға дейін қыз алыспау деген салтына қарама-қайшы ұғым. Барлық тартыс осыдан басталып, трагедиялыққа ұласады. Поэмадағы "шариғат қосады" деген ойды екі жастың қанын төкпес үшін Әнет баба да: "Болар іс болған шығар, малды аяма, Өзі оңдасын ақырын хақ тағала",- дейді. Сондай-ақ, Әнет бабаның "Көкенайдың мінезі қатаң еді"-деуі де алдыда болатын жағдайдан хабар беріп, оқырманын дайындап тұрғандай. "Мәмбетей жатып алды ырық бермей, "Қалыңмал ал, біт" - деген сөзге көнбей", -деген жолдар дәстүрді сақтаған Мәмбетейді бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын қатаң мінезін, өзіндік психологиялық ерекшелігін көрсетеді.

Поэмадағы әр кейіпкердің өзіндік мінез-болмысына сай трагедиялық жағдайды бастарынан кешсе, Көкенай басындағы трагедиялық тартыс заманына сай сұмдық болып көрінетін негізінде туған болатын.Әнет бабаның трагедиялық сипаты да екі ғашыққа ара түсіп, ел бірлігін сақтап қалуды мақсат еткен әрекетінен шығады. Поэмадағы драмалық тартыс негізінде асқақ бейнесін сақтап қалған бейне - Мамыр бейнесі. Мамырдың бойындағы асқақ рух Қалқаманмен алғаш кездескеннен бастап көрінеді. Шәкәрім Мамырды керемет сұлулық пен сүйкімділікті әрбір әрекеті мен қимылынан байқауға болады.Ақын Мамыр бейнесіндегі асқақ сұлулықты сыртқы суретіне емес ішкі психологиялық жан-дүниесіне салған. Қалқаманның жұмбақ қылып айтқан сөзінен кейін Мамыр бейнесін:Қызарды,бір ағарды байдың қызы,Бетке шықпай тұра ма жүрек ізі? Іші ыстық, сыртқы дене суық тартып,Салқын термен мөлдіреп нұрлы жүзі ,-деп береді. Мамырдың сабырлы,ақылды екенін, әрі сүйкімді екенін "Мөлдіреп нұрлы жүзі" деген жолдардан көреміз. Қыздың бойындағы, салқын тері де жайдан-жай болмайтын құбылыс.Терең психологиялық тебіреніс нәтижесін "қызарды, бір ағарды" деген сөздермен берген. Поэмадағы осы төрт шумақ Мамыр бейнесінің биік тұғырлы екенін көрсетеді.

Мамырдың Қалқаманды шын сүйгенін және ол үшін жанын беруге даяр екенін: "Өзімді аяп тұрғам жоқ, сізді аяймын, Сен сау болсаң, болар ем мен-ақ нәзір"-деген сөзінен байқаймыз. Өзі өлім аузында жатып Көкенайға:

Көкенай, қарғамаймын сөзіме бақ,
Ісі жөн, бір құдайға көңілім хақ.
Мойныңа менің қаным халал болсын,
Болма енді Қалқаманның қанына ортақ

-деп айтқан сөздері Мамырдың асқақ бейнесін биіктете түседі.

Поэмадағы драмалық тартыстың шиеленіскен тұсы, Қалқаманды оққа байлаған жерін автор: Аллаға Бабаң сонда сыйыныпты, Аққан тер нұр жүзіне құйылыпты."Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін,Көкенай сонда атсын",- деп бұйырыпты, -деп береді. Әнет бабаның ішкі қиналысын,өзіндік психологиялық тартысын "аққан тер нұр жүзіне құйылыпты" деген жолдар айқындайды. Әнет бабаға да мұндай кесім айтудың аса қиын болғанын осы сөздерден байқаймыз. Шәкәрім Әнет баба шешімінің "көпке топырақ шашпау" шарасыздығынан болғандығын анық көрсетеді. Оның үстіне жасы келген қария адамның екі жастың қанын мойнына алғысы келмей қиналуы, қазақ арасындағы генетикалық қатаң қағиданың бұзылуы, шариғат заңы деген амал ойлап табуы оқиғадағы тартыстың аса бір шиеленіскенін көрсетеді. "Шариғат заңы" деген амал туралы кезінде Әлихан Бөкейханов өзінің "Қалқаман-Мамыр " мақаласында бұны ойлап тауып, кейіпкерлерінің аузына салып отырған Шәкәрім, әйтпесе осыдан "190 жыл бұрын" өмір сүрген жастар "шариғатты айтып мыжиды ма?" деген. Ә. Бөкейхановқа сөз берсек: " Қалқаман мұны айтқан жоқ. Қазақ қызына 190 жыл бұрын түгіл осы күні еркімен ерге тию болған жоқ. Бұл ақынның Қалқаманмен өтірік айтып, рәсімінің

ыңғайына жығылатын молдаға жапқан жаласы.

Дүниеде адам баласы айналып өтпес екі көпір бар. Бірі - өлім, бірі - махаббат. Қалқаман мен Мамырдың жалынғаны махаббат емес пе еді. Сүйіскен екі ғашық молда айтты, шариғатта солай деп мыжиды ма? Махаббат адамды байлағанда шариғат пен молдаға уақыт қала ма?" Яғни, екі жастың бірін-бірі сүюі шынайы таза махаббат болса, генетикалық тұрғыдан қазақ дәстүрі мен ғасырлар бойы қалыптасқан ата заңына қарсы болса осындай екі оттың ортасынан шығудың амалы ретінде шариғат заңы дегенді ақын көркемдік шешім үшін кіргізген деуге болады. Бұл ой Әлихан Бөкейхановтың аталған мақаласында да айтылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының "Қалқаман-Мамыр" поэмасы күрделі драмалық тартысқа құрылған терең мағыналы, кесек туынды. Поэмадағы қарапайымнан күрделенетін шиеленісті оқиғаның драмалық асқақтығы екі жастың махаббат үшін қандай қауіп-қатер болса да бас тігіуінде. Яғни, махаббат асқақтығы бірінші орынға шығады. Поэма туралы талдауларды саралай отырып, олардың белгілі бір жүйеге негізделіп келеді деуге болады. Мәселен, М.Мағауин: "Сонымен "Еңлік-Кебекте " де, "Қалқаман-Мамырда" да жеке бас трагедиясы халық тргедиясының бір бөлшегі ретінде көрінеді. Қиын хал, қат-қабат драма нақты бір кейіпкердің зұлымдығынан туындамайды. Сол сияқты, жақсылық тілеген, жәрдем жасамақ болған адамның әрекетінен де ештеңе өнбейді. Бабаң - ел қамқоры, ағайын панасы. Алайда, әдет-ғұрып заңына тоқтау сала алмайды, Қалқаманды оққа байлап береді. Кеңгірбай ұнамды кейіпкер, бір өзінің емес, Тобықтының қамын жейді, бірақ жағдай құрбаны, заманадан жапа шегуші, ол да Кебекті амалсыздан өлімге қияды. Тіпті Мамырды атып өлтірген. Қалқаманды өлім жазасына кесуді талап еткен Көкенайдың өзі қалыпты ұғымдағы "ұнамсыз кейіпкер" емес. "Өзі батыр, мінезі қатты кісі",- деп сипаттайды Шәкәрім.

Қанықпезер еді, қаражүрек еді демейді. Өйткені ол - ата салтының , патриархалдық ғұрыптың сақшысы, яғни заман мен жағдай құрбаны. Поэмалардың бас кейіпкерлері де өз дәуіріне сай сыр-сипатта. Бірақ өз ортасының әдет-салтын аттап өтіп, махаббат бостандығына ұмтылады. Бұлар да құрбан-асықтың құрбаны-деп Кеңгірбай мен Көкенайдың әрекеттеріндегі қаталдықты ел болашағы үшін жасалып отырған шара ретінде қарайды. Шәкәрім поэмасын алғаш рет қазақ балетіне айналдырған М. Әуезов сюжеттік желісіне өзгерістер енгізген. "Қалқаман-Мамыр " либреттосы бес бөлімді. Бұл либретто жазушының 20 томдық шығармалар жинағы мен 50 томдық жинақтарында жарық көрді. "Қалқаман-Мамыр" либреттосы кезіндегі Кеңестік цензорлардың жіті бақылауында алғаш рет 1938 жылы 24- маусымда қойылды. Адайда либретто көрермендерін қызықтырып тарта алмаған қойылым ретінде 1939 жылы сахнадан алынып тасталған. Сол кезде өз заманының өнертанушылыры: "Қалқаман-Мамыр " - балеті ірі, маңызды жеңіс. Сазгер В.Великановтың, либреттошы М.Әуезовтің жеңісі, РСФСР-дің еңбек сіңірген артисі Л.Жуковтың, халық әртісі, қазақ балетінің бірінші бишісі Шара Жиенқұлованың жеңісі. Бұл спектакльде бидің күрделі техникасын өзінің ерік күшін аямай төккен барлық ұжым мүшелерінің жеңісі." - деп жазған балет не себепті көрермендер жүрегінен орын ала алмады деген сұрақтың жауабын балеттанушы Л.Сарынованың кітабынан табуға болады.Шынында да қазақ ұлтының ұлттық дүниетанымымен, эстетикалық қабылдау деңгейін түсінбеген орыс ұлтының балет қоюшылары европаның классикалық үлгідегі балетін бірден қазақ ортасына әкелемін дегендері дұрыс болмады. Себебі қазақ халқының ұлттық дүниетанымында би өнері сөз өнеріндегі асқақ биікке көтеріле қоймаған кез болатын. Ғылыми зерттеу балеттің, би саласының көркемдігіне емес, М.Әуезовтің либреттошылық шеберлігіне арналғандықтан бұл мәселені егжей-тегжей талдауды жөн санамадық.

М.Әуезов қазақтың алғашқы либреттосының авторы ретінде мәдениет тарихында өз орнын алды. "Қалқаман-Мамыр" поэмасының Шәкәрім жазған нұсқасында негізгі тартыс екі жастың туыстық жақындығы қосылуларына бөгет болса, М.Әуезов либреттода тарихи оқиға желісінен ауытқып, сюжеттік желісіне әмеңгерлік мәселесін алады. Қазақ даласында әмеңгерлік салт та талай жастың мойнына тұзақ болып түскені белгілі. М.Әуезов талантты жазушы ретінде либретто оқиғасын көркем түрде берген. Бірінші бөлімдегі: "Тау-тас арасы, сай. Тап ортасында биік тұрған қанды құз. Қыз-келіншек тобы шығады. Мұң басқан, иығы түскен жүдеу топ. Тап ортасында қаралы Мамыр. Тасқа отырады. Көптен бетін сыртқа бұрады, оқшау. Қасына біресе шұбырып, біресе

жалғыз-жалғыздан қыздар, достары келеді.Айналадан тау-тасты, су, тоғай, аспан көкті көрсетіп алдандырмақ. Мамыр айықпайды. Аналарды серпеді, қой дейді. Әр жаққа таратып жібереді. Өзі жалғыз қалған соң дертімен шерленеді, тілек тілейді. Жартасқа, қанды құзға жалынады,жабысады, егіледі,бүктүсе жалбарынады... Қу ағашқа әлем байлайды, оған жалынады. Күнге, аспанға, көк майса тал шалғынға да, бұралып, оралып зар шығады. Қайтадан шер кернейді." -деген эпизодттар арқылы Мамыр басындағы трагедиялық жағдайды көреміз. Автор қазақ ұлтының танымдық мәдениетіне байланысты Қалқаманмен кездесетін сәтті де жазушы мүмкіндігінше балет талаптарына сай жасаған. Қара жамылған Мамырдың жүрегін дір еткізіп, назарын жаулап алатын жігіттің де осал емес екенін автор батра айтылады. Жорықтан қайтқан топтың ортасында Қалқаман. Бұның тобы қыздарға өздерінің жеңісін, жортуылын баян етеді. Шабуыл қырғын көрінісі." - деп берілген аз ғана сөйлемдер балетке айналғанда сахнада үлкен дүбірлі тойдың көрінісіндей болатын суреттер. "Тау басына тақап енді атыла береді."-деген сөздер Мамырдың басын өлімге тіккенін білдіреді. Бірақ оны мұндай ойынан қайтарған Калқаманның отты бейнесі екенін жазушы: "Билей жүре барлық топ Қалқаманға қошамет көрсетеді. Қалқаман Мамырды көреді. Өзі барып тастан түсіреді. Мамырға қызыққан. Қыз қошаметке елікпейді. Жігітке ғана таңдана қарайды. Екеуі де бірін-бірі алғаш көріскен, таңырқасады. Мамырға ойынға қосылып, көңіл көтеруді ұсынады. Көп оралады. Мамыр қаралы күйде жалғыз, мұңды қалпынан аумайды. Көптің қызығына қарамайды.Қалқаман мамырдың дос қызын жібереді, шақыртпақ. Мамыр ойыспайды. Желікті топ қыза-қыза келіп Қалқаманның айналасында оралып, бұны хан көтеріп алып кете береді" Қалқаманның ерлікке толы, жастықтың қызығына толы өмірі Мамырдың алғашқы ойынан бас тартқызғандай. Қалқаман қыз жүрегінің емшісі сияқты. "Қалқаман Мамырға қызыққан ретінде дос қызына садақ оғын береді. Мамырға бер дейді. Мамыр бұны көріп, ең соңғы сәтте Қалқаманның артынан телміре қарап, ұмтылып тасқа шығып, телміріп қалады. Кәрі жеңгелер шығады. Мамыр тастан түспейді. Қараға оранады. Жеңгелер бұны сүйреңкіреп алып кетеді. Мамыр жалына, қинала, жұлқына артына қарай кете береді де, Қалқаманмен оқ әкелген досына омырауындағы орамалын тастайды. " -деген суреттер арқылы Мамырдың көңілі батырға ауғанын байқатады. Қазақ дәстүріндегі орамалын беру қыз көңілінің бұрылғанын білдіреді. Жеңгелерінің сүйрей түсіруі келесі бөлімдегі оқиғалармен жалғасын табады. Екінші бөлімдегі билер сахнасы, Мамырдың Ескенеге тұрмысқа шықпаймын деп бас тартуы, Көкенай қаталдығымен өріле келе Мамыр қыздың Қалқаманмен қашуға бел буғанын көрсетеді. Жамбы ату көрінісі дала мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді. Сондай-ақ, жамбыны Көкенай мен Ескененің атып түсіре алмауы, ал Қалқаманның атып түсіруімен қоймай Мамырдан орамал алуы да оқиғаны шиеленістіре, тартысты ширықтыра түседі. Көкенайдың өз садағын Қалқаманға сыйға тартуы деталь ретінде сәтті алынған. Кейін сол садақ оғының екі жасты айыруға себепкер болатынын автор алдын ала мегзеп тұрғандай.

Балеттің үшінші бөлімінде : "Түн. Көл жағасы, сары қамыстар. Үміт-тілекпен жаңғырып жайнап шыққан Мамыр. Қасындағы қыз досы, жүректегі қуанышын баян етеді.Сырын ашады. Тау, дала бостандыққа тартады. Дүние бұған күлгендей түн үнін қуана тамашалайды. Елеңдей сабырсыздана күтеді. Дос қызы қорқады. Бөгемек болады. Қой дейді. Ауыр жаза бар дейді. Мамыр қинала күліп, көнбейтінін, өлсе де осылай ететінінін айтады. Елеңдейді, қуанады. Қалқаманмен жалғыз жолдасы шығады. Қалқаман қуанып ұмтылады... Мамыр тартынады, іркіледі... Анау жабысып, жалынып, оң назарын өтінеді. Салқындық себебін сұрайды. Мамыр кетейік мені алып кет дейді." -деген жолдар арқылы кездесуге келген Қалқаманға алғашқы бірге кету идеясын Мамыр айтады. Қыздың өз бақыты жолында басын неге болса да тіккен тәуекелділігі келесі эпизодттарда анық көрінеді. Балетке арналып жазылған жазушы сөздерінің көркемдігі мен шығарма идеясын берудегі тереңдігі айқын. Либретто мәтініндегі "Мамыр ашулы, қызды бұрымынан жұлып, соғып бауыздамақ, өзін де осы арады өшірмек."- деген сөйлемдер Мамырдың мінезіндегі бірбеткей, дегенінен қайтпайтын, керек десе қатал да бола алатынын көрсетеді. Жазушы өз махаббаты үшін ештеңеден тайынбайтын Мамыр қыздың ерекше мінезіндегі өжеттік пен Қалқаманның батырлық, мергендік өз мақсаты үшін тәуекелге бара алатын мінезін шығарманың өн бойында қатар ұстайды. Қалақаманның жолдасы не қыз, не ел-жұрт

дегеніне де құлақ аспайды. Себебі ол өзі үшін өлімге бас тігуге дайын Мамырды көреді. Енді батырды ештеңе де тоқтата алмауы керек. Бірақ сол заманның тарихи-әлеуметтік қайшылықтарына толы қатал заңдары екі жастың басына ноқта болады. "Дабырлап үркіп топ шығады. Бастық-Көкенай... Қап қара түнерген қанжар, кісендер жарқылдаған қанішер бұзар қол... Жігіт пен қызға кісен салады... Ашулы Көкенай қызды бауыздап жібереді. Ант, серт лаулап, дүркіреп, жан-жаққа шабуылдап жөнеліседі..." -деген жолдар арқылы жазушы Қалқаман мен Мамырдың басына төнген қауіптің ұлғайғанын, әрі түнерген топтың да шешімге келіп, тас- түйін болғанын көрсетеді. Шығарманың төртінші бөлімі оқиғаның шарықтау шегіне арналған. "Әбігер үркінді. Жастар жүдеу. Кәрілер, үлкендер зәрлі... Жұрт шошынады... Күтеді. Бақсыдай сарнап Көкенай шығады. Артына айбалталы, сапылы топ тұрғандарға әмір етеді. Жұрт жетелеп, сүйемелдеп Әнетті алып шығады. Көкенай Әнетке күш салып билік айт, бер тентектерді дейді. Әнет өз қолдында жоғын айтады. Ақсақалдар ру басылар талқысы құтырған бурадай. Жастар тағзым етіп, өтініш айтады... Әнет Көкенай өкімін қостайды. Барлық жиын бата қылады…Кәр, зұлымдық үкімі. Қаптап, құжынап лаулай жөнеледі. Жұртында екі ана емшегін көкке сауып, егіліп қалады." -деген либретто сөздерінен жастар жағы Қалқаман мен Мамырды қостаса, билер сахнасы өз шешімдерінен тайынбайтын зұлымдық үкімдерін орындауға кетеді. Аналар ағырап, жастар үшін жандары күйеді."

Либреттоның соңғы бөлімін "Қанды жартас" деп атаған жазушы билердің қатал үкімінің орындалуына нақтылай тоқталады. Поэмамен салыстырғанда либретто жанрлық жағынан би өнерінің ерекшелігін ескеретінін есте ұстасақ, жазушының сюжеттік желіге енгізген өзгерістерін де дұрыс түсінуге болады. Поэма оқиғасында Көкенай мамырды ауылға келгенде атып өлтірсе, либреттода Мамыр жартастан секірерде оққа ұшады. Ал Қалқаман жараланған қалпы еліне бұрылып та қарамастан кете береді. "Қақпа жартас. Қарсы биікте Әнет пен кәрі биелер тобы. Сірескен қол. Тұтқындарды алып шығысады. Көкенай мен Ескене Мамырға қарап әлсірейді, жаны ашығандай. Көкенай тістеніп, қажырланып кеп садақты ұстатады... Жастар Қалқаманды көргенде егіліп тілек тілеп жалбарынады. Қалқаман шалдарға лағнет оқиды, жастарға қарайды. Бірақ олар..." Либреттоның қазақша нұсқасының соңғы бөлімінің аяқ жағы жоғалғандықтан орысша жазылған нұсқасымен салыстыра отырып қорытындысын, трагедиялық жағдайдың аяғын анықтауға болады. М.Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағын құрастырушылар орысша нұсқасындағы либреттоның мәтініне сәйкестендіріп аударған.

Шәкәрімнің поэмасы мен М. Әуезовтің либреттосындағы жалпы сюжеттік желідегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар екі шығарманың жанрлық ерекшеліктері мен екі қаламгердің оқиғаға көзқарастарына да байланысты. Шәкәрім поэмасының соңында Қалқаманнан тараған ұрпақтар болса, хабарлассын деп аяқтайтыны белгілі. Осы оқиғаға байланысты шәкәрімтанушы Д.Сейсенұлы Шәкәрімнің қажылықтан қайтар жолда Алматы арқылы өткенін және Қалқаманның ұрпақтарымен кездескенін жазады.

Әдебиет

1 Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім: дәстүр және көркемдік. - Семей, 2007.

2 Шәкәрімтану мәселелері. 1-том, - 243 б.

3 Шәкәрім өлеңдер мен поэмалар.- Алматы: Жалын, 1998ж.

4 Левина "Первый казахский балет" // Соц. Алма-ата №4

5 Сарынова Л. Балетное искусство Казахстана.- Алма-Ата: Наука, 1976г.

6 Сейсенұлы Д.Шәкәрім, -Алматы: Қазақстан 2009.

ӘОЖ 821.512.122

Ж.СЕКЕЙ, филология ғылымдарының кандидаты
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті аударма теориясы және практикасы кафедрасының аға оқытушысы

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІ (АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ МЕН ФОЛЬКЛОР)

Автор мақаласында дәстүр сабақтастығының Шәкәрім поэзиясындағы көрінісіне тоқталады. Ақын шығармаларындағы ауыз әдебиетінің көркемдік дәстүрінің қолданылу ерекшелігіне талдау жасайды.

Шәкәрім шығармаларындағы дәстүр мәселесін қарастырғанда, біз ең алдымен жастайынан тұла бойына ертегі, жырмен терең сіңірілген халықтың бай ауыз әдебиетіне жете көңіл бөлеміз. Өйткені, халықтың баға жетпес, ғасырлар бойы кемелдену, жетілу үстіндегі ауыз әдебиеті Шәкәрім ақындығының негізін салумен қатар дамытушы ретінде ілгерілеткіш ықпал етті.

"Қазақ әдебиеті, ең алдымен, ұшан-теңіз бай ауыз әдебиеті негізінде туып, дамыды. Қазақтың ауыз әдебиетінің сан алуан формасымен, жанрларынан (батырлар жыры, ертегілер, ғашықтық жырлар, халықтық романдар, салт өлеңдер, мақал-мәтелдер, тағы басқалар) бастап осы күнге дейін сақталып, дамып отырған ақындар айтысына дейін барлығы да біздің рухани творчествомыздың тамаша байлығы, барлық елдердің ақын - жазушылары мен ғалымдарын қайран қалдырған көркемдік ерекшеліктерін танытады" [1] - деп жазған еді профессор Е.Ысмаилов.

Халық мақал-мәтелдеріндегі терең философиялық ойлар, поэзиядағы бейнелілік пен мөлдірлік ақын Шәкәрімге айрықша әсер еткендігі дау туғызбаса керек.

Шәкәрім де жас шағынан қазақ ертегілерімен ауызданып, өлеңдері мен жырларын, мақал-мәтелдерін бойына сіңіріп өседі. Фольклор Шәкәрім шығармашылығына бойлай еніп, терең тамыр жаяды. Шәкәрім қазақ ауыз әдебиетінен нәр алып қана қоймай, оны шығармаларына пайдаланады. Шәкәрімнің ауыз әдебиетіне қатынасын бірнеше тараптан байқауға болады.

Біріншіден, ақын қазақтың халық поэзиясының бүкіл поэтикасы мен сюжеттік элементтерін шығармаларында шеберлікпен пайдаланады. Екіншіден, халық арасында кең таралған, әсіресе тұрмыс-салтқа байланысты туған өлең-жырларды жаңаша түрде қайта жырлайды. Үшіншіден, халық арасына тараған аңыз әңгімелерді тірнектеп жинай отырып, баспасөз беттеріне жариялауға атсалысады. Міне, осының барлығы да Шәкәрім ақынның қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорын өз шығармашылығында қажет жерінде пайдаланған, көркемдік дәстүрді жалғастырушы ақын екендігін дәлелдейді.

Әдеби дамуға көркемдік ықпал жасаған фольклорлық қазынаның жетекшілік әсерін ақын шығармаларынан айқын аңғаруға болады. Фольклорлық дәстүрді Шәкәрім өзіндік мәнермен жалғастырған. Ақын өзінің ғашықтықпен құрсауланған болмысын бейнелеуде дәстүрлі қолданыстарға негізделген бейнелі көркем сөз оралымдарын тұрақты қолданады:

Жібектей қап-қара,
Таралған шашың бар.
Бұдырсыз тап-таза
Жаралған басың бар.
Қардай аппақ әжімсіз маңдайың кең,
Қынаптан суырған қанжардай қасың бар.
Кірпігің тізіліп,
Миыма қадалар,
Нұр көзің сүзіліп,

Ойыма от салар.
Сиқыр жүзің ақылды байлап алып,
Тор шашың шырмалап, басымды ноқталар [2, 30 б.].

Бұл өлеңде әйелге тән рухани ішкі жандүниелік және сұлулық табиғи тұтастықта суреттеледі. Адамның өмірге, тіршілікке құштарлық көзқарасын, ізгілік, имандылық жолына бағыныштылығы әйелге арналған махаббат сезімінің мәнін жан-жақты, терең мазмұнда жырлайды.

Ақынның бейнелік қолданыстарынан оның ауыз әдебиетінің көркемдік факторлары көрініс тапқанын байқаймыз. Рухани қазына ауыз әдебиетінің көркемдік элементтері Шәкәрімнің лирикаларында әдемі үндестік тауып, сәтті қолданыс тапқан: "ақша бет", "аппақ қардай тамақ", "қыр мұрын", "тісің-меруерт", "құлын мүсін", "ақ тамақ", "нұрлы жүз", "алма мойын", "ақ білек", "жұқа ерін", "қос бұрым", "нұрлы көз", "сүмбіл шаш", "мойылдай қара көз".

Шәкәрім шығармаларындағы фольклорлық дәстүрдің сіңіріле қолданылуында халықтық наным-сенім жүйесіндегі қалыптасқан дәстүрлі ойлауға тән сөздердің бейнелілікпен өрілетінін көреміз:

Қолы күйер **ойнағанның отпенен**,
Ойнамаңдар атом дейтін оқпенен /2, 131/.

Немесе

Тұла бойың адалдық сезім еді,
Төрт құбылаң сай тұрған кезің еді…[2, 107 б.].
Сан жұмбақты басынан кешкен екен,
Тоғыз өлшеп бір рет кескен екен…[2, 109 б.].

Сонымен бірге Шәкәрім мақал-мәтелдерді шығармаларына арқау етіп, кей үлгілерін ешбір өзгеріссіз қолданумен бірге тұлғасы жағынан оны икемдеуі байқалады. Ақын өлеңдерінде мақал-мәтелдердің қолданылу орны әр түрлі.

"Молданың істегенін істеме, айтқанын істе" деген мақалдың кей мүшелерін өлең жолына сыйдыру мақсатында түсірген:

"Молданың ісін қылма, айтқанын қыл",
Ерте сақтан әр іске әдеттенбей [2, 90 б.].
"Өнер алды-тіл" деген.
"Тиегі жоқ тіліңнің",
Оны да ойлай біл деген [2, 84 б.].

"Жасында бір бала, Қартайғанда бір бала" деген мақалды:

"Қартайғанда бір бала" деген тәмсіл,
Осындайдан қалған-ау! Осы екен-ау [2, 84 б.].

"Бай бір жұттық" деген мақалды:

Партия қуған қуларың азып-тозар,
Арамдықпен өмірді қанша созар.
"Байдың малы болады бір борандық", -
Бәрінен адал еңбек еткен озар, - деп [2, 172 б.].

"Ауруын жасырған ауырмай өледі", "Жығылған күреске тоймас" тәрізді мақал-мәтелдер кей сөздерін алмастыру /ауру - дерт, ауырмай - ажалсыз/ арқылы мағыналық өзгеріске түсірмей - ақ, жаңаша қолданысқа ие болып тұр:

"Дерт жасырған ажалсыз өлер" деген
Қазақты оңдырмайды осынысы [2, 213 б.].
"Жығылған жан күреске тоймас" деген,
Карта ойнаған кісідей күнде ұтылып [2, 115 б.].

Шәкәрім өлең өрнегіндегі мақал-мәтелдерді қолдануындағы бір ерекшелігі осы. Бұған тағы да төмендегідей мысалдар дәлел бола алады.

"Алты бақан ала ауыз" деген мақалды:

Қазақтың қайратының түбі мәлім,
"Алты бақан ала ауыз" иттей үрді [2, 74 б.].

"Бүлінгеннен бүлдіргі алма" деген мақалды:

"Бүлінгеннен бүлдіргі алма" деген,
Ел бұзылса момын бол қоңыр қойдан [2, 95 б.].

"Көппен көрген ұлы той" деген мақалды:

Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
Көз жұмып **"Көппен көрген ұлы той"** деп,
Береді бұл надандық кімге пайда? [2, 38 б.].

"Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін" деген мақалдың сыңар мүшелерін мейлінше қысқартып, тың өрнек салған:

Болса да аузы қисық байдың ұлы,
Бақаның көп мал беріп қызын алған [2, 436 б.].

"Қасқырдың ауызы - жесе де қан, жемесе де қан" деген мақалды табу сөздер /ит - құс/ арқылы тың тіркес жасай отырып, мағынасы күңгірттенбей, айрықша бояу - реңдік сипатқа ие болып тұр:

Олар мені сілкіп алар оңдырмай,
Иттің ауызы қашандағы қан соқта [2, 184 б.].

"Сақтықта қорлық жоқ" деген мақалдың кей мүшелерін ауыстыру арқылы ақын діттеген ойын жеріне жеткізе айта білген:

"Сақтықта қорлық жүрмес" деген бар ғой,
Сақтанбасаң артқыға сөз боларсың [2, 418 б.].

Ақын ұзақ баяндап жатудан гөрі мағыналы, жинақы нақыл сөздерін қолданып, осы тәрізді мақал-мәтелдерді орынды пайдаланған.

Жоқтау - ел мұңы мен жұрт қайғысын адамның азалы жан толғанысы арқылы беретін фольклордың және халық поэзиясының бір

жанры. Кейіннен бұл жанрда шығарма жазғандардың есімі сақталып, жазба әдебиеттің жанры ретінде көрініс таба бастады. Шәкәрім ақынның сүйікті ұлы Ғафур жазықсыз түрмеге жабылып, қайғылы қазаға ұшырайды. Қайғыдан құса болып, назаланып күйінген Шәкәрім қазалы оқиғаны жеріне жеткізе жазады:

Әділетсіз баламды алды.
Бір ұл мен төрт қызы қалды,
Енесі өлген жетім төлдей.
Ата-ана мен бауырлары
Балалар мен қосақ жары,
Ағызды көз жасын көлдей!
Ағайын, көрші, дос, құда,
Ғафур деп зарлады бұ да,
Жиылып көп, ошар елдей.
Әкеткенге міне бүгін,
Толып бір жыл, жетінші күн,
Өте шықты өмір желдей.
Сен өткенге жеті ай болды,
Соны ойлап сабырым өлді,
Жаман тамым болып көрдей [2, 51 б.].

Қазақ ауыз әдебиетінде қанатын кеңге жайған тақырыптың бірі - адамның жас шамасы туралы, әр кезеңнің өз ерекшелігін ашу болып табылады. Шәкәрімнің бұл тақырыпқа тікелей қатысы бар "Қырық жылдан өтіп жасым", "Жас алпыстан асқан соң", "Кәрілік - құтылмайтын бір қазған ор", "Кәрілік туралы", "Шаранамен туып едің", "Жастық туралы" тағы да басқа шығармалары бар. Адамның жас мөлшеріне байланысты айтылатын шығарманың өз ерекшелігі болады. Мәселен, кәрілік адамға ауыр кезең екенін ақын төмендегідей суреттейді:

Қызусыз тәнің,
Сезімсіз жаның -
Болады кәрілік белгісі.
Оны да сезбей,
Үмітін үзбей,
Келмейді шалдың өлгісі.
Алпыстан әрі бармаңдар,
Аңдамай шал боп қалмаңдар! [2, 57 б.].

Шәкәрім сөз өнерінің алтын қоры фольклор мен ауыз әдебиетінің көркемдік дәстүрін өз шығармашылығында пайдалана отырып, оны түрлендіре дамытты.

Әдебиет

1 Ысмаилов Е. Ақындар. - Алматы, 1956.
2 Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен. (Шығармаларының бәр томдық жинағы). - Алматы: "Дәуір", 2006. - 724 б.

ӘОЖ 821.512.122:957.4

Р.ЕКІБАЕВ, тарих ғылымдарының кандидаты
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті тарих кафедрасының меңгерушісі



ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ БІЛГІРІ

Мақалада автор қазақтың халық болып қалыптасуы, қазақ хандығының құрылу тарихы және хандар генеологиясы мәселелерінің Шәкәрімнің тарихи еңбектерінде берілуі, олардың бұлтартпас дереккөз екендігін көтерген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы тарихқа, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға үлкен көңіл бөлген, өзіндік қалыптасқан тарихи зердесі болған тұлға екендігін ол қалдырған тарихи шығармаларынан байқаймыз. Қазақ тарихын зерделеуде, халқымыздың өткенінің білгірі - Шәкәрім Құдайбердіұлының шежірелік сипатта жазылған еңбектерінің орны орасан зор.

Егер біз Шоқанның, Құрбанғали Халидтың қазақ тарихына қатысты еңбектерін зерделеп отырсақ, оларды тұңғыш қазақ тарихшылары десек, олардан кейін заңды түрде Шәкәрім қажыны айтуымыз керек.

Шәкәрімнің таза тарихи бірден-бір зерттеуі, ел білетін "Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі" атты еңбегі. Бұл ірі еңбекте Шәкәрім қажы қазақ тарихының алдында тұрған үш мәселеге көңіл аударған. Олар: қазақтың халық болып қалыптасуы, қазақ хандығының құрылу тарихы және хандар генеологиясы. Осы ауқымды мәселелер қазіргі уақытта Отан тарихында өзінің маңыздылығын жоймаған сұрақтар.

Еңбекті жазу барысында Шәкәрім Құдайбердіұлы ортағасырлық шығыс тарихшылары Махмұт Қашқаридың, Нәжіп Ғасымбектің, М.Х.Дулатидің, Васифидің, Әбілғазы Бахадұр ханның, сонымен бірге кейінгі заманның зерттеушілері Радлов, Аристовтардың еңбектерін кең пайдаланғандығы және өзіндік ой елегінен өткізгені байқалып тұрады. Мәселен, Шәкәрім қажы өзінің Әбілғазы Бахадұр ханның шежіресіндегі кейбір көне түрік кезеңіне жататын пікірлерімен келіспейтіндігін айтады.

Сондай-ақ, еңбекті жазу барысында Ш.Құдайбердіұлы далалықтардың ауызекі тарихнамалық деректерін де орынды пайдаланған. Осы тарихи еңбекте Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайырға қарсы бас көтеруіне әкелген басты себеп ретінде қарақыпшақ Қобыландының арғын Ақжол биді жекпе-жекте өлтіруі, олардың ханнан жазалауға Қобыландыны сұрауы, елдің бас батырын Әбілхайырдың бермеуі, осыдан кейін ел ішінің бүлінуі тарихи дерек ретінде келтірген. Ал белгілі тарихшы Қойшығара Салғараұлы осы Шәкәрім қажының тарихи еңбегіне сүйене отырып Қобыланды батырдың аңыздық тұлға емес, нақты 15 ғасырда өмір сүрген қайраткер екендігін дәлелдеп шықты.

Сондай-ақ қазіргі уақытта зерттеушілер, тарихшы ғалымдар өздерінің зерттеулерінде Шәкәрім Құдайбердұлының аталған осы еңбегіне сілтеме жасауының өзі осы күннің өзінде маңызын жоймаған құнды еңбек екенін айта кетуіміз керек.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өзге зерттеушілерден артықшылығы, ол қазақ тарихының белгілі кезеңдерін жүйелеп, ой елегінен өткізіп қазақ тарихын жазуы еді. Ол қазақ қауымына жүйелеп жазылған жазба тарихтың қажеттігін алғашқылардың бірі болып түсінген адам екендігін көреміз.

Сондай-ақ еңбектің ғылыми тілде жазылғандығын баса айту керек. Аталған еңбекте зерттеушінің тың пікірлері кездеседі. Мысалы, ол

ертедегі түрікке христиан, будда, зәрдәшіт діндері де белгілі болған дей отыра, "түріктердің өз діні болды" дейді. Ол біз білетін тәңірлік дін. Сол сияқты "қалмақ деген" атаудың Моңғолия жерінен Шыңғысханның наймандарды, керейлерді, жалайырларды қуып шыққанда, солардан қалып қойғандарды айтқан және оларды түрік еді деп айтуы да көңіл аудартады.

Шәкәрім қажының осы сүбелі еңбегінде Қазақстанның шығысының, солтүстік шығысының және қазіргі Ресейдің, Қытайдың, Монғол ұлысының жерлеріне кіретін, Қазақстанға жапсарлас өңірлерінің де өткен тарихи оқиғалары, сол жерлердің ежелгі тайпалары да көрініс береді. Еңбекпен таныса отыра, біз Шәкәрім Құдайбердіұлының нақты тарихи көзқарасы, терең жан-жақты тарихи білімі қалыптасқан, ең бастысы зерттеушіге тән қажеттіліктерді де меңгерген тұлға екендігін көреміз.

Ол өзінің еңбегінде қазақтың көне тарихының мәселелеріне зер салып, зерделейді. Мәселен, Аристовқа сүйене отырып, ежелгі хұндарды бұлар "қытай сөзінше түрік жұрты, бір мезгілде оларды хун яки хунну" деген деп, қазіргі тарих ғылымындағы көзқарас бойынша ежелгі хұндардың негізінен түріктер екендігінің айқындалуы зерттеушінің көзқарасының дұрыстығын дәлелдейді. Сол сияқты қарлұқтардың Ғайсадан бұрынғы 201 жылдан 49 жылға шейінгі аралықта Қара Ертістің бойында жүргендігін жазады. Бұл да шын мәнінде қарлұқтардың 8 ғасырдың бірінші ширегіне дейін Зайсан ойпатын мекендегені тарихи шындық.

Тағы бір тарихи айғақ, 18 ғасырдың II жартысында Абылай хан мен дарабоз қолбасшы Ер Қабанбай бастаған қазақ әскерінің ежелгі түрік-қазақ жерлерін жоңғарлардан босатуы, Ертіс бойына, Алтай маңына, Тарбағатай мен Жетісуға орналасуы тарихта болған. Осы жөнінде Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деп көрсетеді: "Ұлы жүз қазағы күн батыс Алатаудан Қаратал өзеніне шейін өз орнын алды, орта жүзде керей мен найман Тарбағатайға келіп, ақырында Қытай жеріне де кіріп, найманның шеті Ебінор басына шейін барып керей қара Ертіске барды". Сонымен бірге тобықты руының жоңғар шапқыншылығы кезінде Оңтүстік Қазақстаннан Орынбор маңына Ордың Қарағашына барғанын, кейіннен Шыңғыстауға келіп тұрақтанғандарын айтады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ тарихына қатысты оқиғалар сипатталатын туындыларының қатарына оның эпикалық шығармалары да жатады. Олар "Қалқаман-Мамыр", "Еңлік-Кебек" поэмалары. Осы аталған шығармаладан өлке тарихына қатысты көптеген деректер алуымызға болады.

Шәкәрім қажының осы еңбектерін және жоғарыда айтып өткен "Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі" тарихи еңбегін зерделей отыра, бүгінгі тарих ғылымының терең зерттеуді қажет ететін тарихи география сияқты саласына мол дерек бере алатын шығармалар деп толықтай атауымызға болады.

Сонымен бірге Шәкәрім Құдайбердіұлы араб- парсы, түрік, татар, орыс тілдерін жетік меңгерген. Ол бірнеше тілді білгендіктен әлемдік тарих пен мәдениеттен де мол хабардар болған. Әлем халықтарының ғасырлар бойы жинаған рухани мұраларына еркін бойлап, терең игере білген. Бұған мысал "Крез патша" шығармасы. Шәкәрімнің 24 шумақты осы шығарамсы арқылы Лидия патшасы Крездің тарихи-тұлғалық мәнін ашады.

Сонымен сөздің түйініне келетін болсақ, Шәкәрім қажының отандық тарих үшін орасан зор еңбегінде қазақ және қазақпен туыстас түрік халықтарының ежелгі дәуірден бергі тарихына, тұрмыс-тіршілігіне көңіл бөлуі, соған қатысты тамаша зерттеу туғызуы, ол кісінің орасан зор зердесін, ғалымға тән қасиеттерін жарқырата ашады.

Қорыта айтқанда, осы тарихи зерттеулерден Шәкәрім Құдайбердіұлының өз заманында қазақ тарихының үлкен білгірі болғандығын анық білеміз. Оның негізгі тарихи туындылары аса бағалы дерек көздері бола отырып, ешуақытта маңыздылығын жоймайтынына еш күмән жоқ.

Әдебиет

1 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.- Алматы, 1991

2 Сыдықов Е. Шәкәрім еңбектерінде қазақ тарихының зерттелуі. Шәкәрімтану мәселелері: сериялық ғылыми жинақ. 2Т.-Алматы:Раритет, 2007.-226-232бб.

3 Ескендіров М. Шәкәрім шежіресіндегі аймақ тарихы мәселелері Шәкәрімтану мәселелері: сериялық ғылыми жинақ. 4Т.-Алматы: Раритет, 2007.-60-67 бб.

ӘОЖ 821.512.122: 33

Б.ҚУАНТҚАН, экономика ғылымдарының кандидаты
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті "Экономика және бизнес" кафедрасының доценті

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Автор Шәкәрім шығармаларындағы экономикалық ойларға талдау жасайды. Шәкәрімнің өлең өрнегіндегі экономикалық ұғымдардың берілу ерекшелігін, экономикалық көзқарастарын саралайды.

XX ғасырдың соңы адамзат тарихында жаңа серпіліс әкелген тарихи кезең екендігі анық. Қазақ елі егемендік алғаннан кейінгі азғана уақыт аралығында дамудың жаңа сатысына көтерілді. Елімізді әлемге таныту үшін экономикалық, әлеуметтік, саяси, демографиялық, рухани даму саласында орасан зор тарихи міндеттер жүзеге асырылды.

Сайып келгенде, біз үшін ең маңыздысы - елдік егемендігімізді нығайтып, тәуелсіздік туын тік ұстаумен қатар мемлекеттігімізді дамыту, өркендету және өткен тарихымыз бен әдебиетімізді насихаттап, адамзат қауымдастығында, дүниежүзілік өркениет көшінде қазақ этносының бүтіндік дербестігін таныту көкейкесті мәселе. Осы орайда, халықтың баға жетпес, ғасырлар бойы кемелдену, жетілу үстіндегі халық шығармашылығы Шәкәрім ақындығының негізін салумен қатар, дамытушы ретінде ілгерілеткіш ықпал етті. Шәкәрім жас шағынан қазақ ертегілері мен аңыздарын, өлеңдері мен жырларын, мақал-мәтелдерін бойына сіңіріп өседі.

Шәкәрім шығармалары біз үшін аса қымбат мұра екендігінде дау жоқ. Ол қазақ өлеңінің тақырыптық шеңберін кеңейтіп қана қоймай, өз тұсындағы бұқара халықтың қоғамдық-саяси өмірі мен тұрмыс тіршілігін өткір бейнелей отырып, өзі өмір сүрген ортаның кемшін тұстары мен әлеумет өміріндегі ауыр дертті әр қырынан ашып көрсете білді. Шәкәрімнің қайталанбас көркем және ғылыми шығармашылығының өміршеңдік қуат көздері қазіргі заман ағымымен үндесіп жатқандай.

Қай халықтың болмасын оның дана ойшылдары өзі өмір сүрген ортасында экономикалық іліммен арнайы айналыспаса да, одан шет қалмай, экономиканың түрлі үрдістері мен категорияларын жалпы халықтық сипатта беріп отырған. Әлбетте, өз дәуірінің ыстық-суығын басынан өткерген ақын Шәкәрім де қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдан оқшау қалмай, дүйім қазақ жұртының бейнесін асқан көрегендікпен, қырағылықпен сезіп, анық түйсінді. Шәкәрім туындыларындағы ақынның әлеуметтік-экономикалық жағдаяттарды өзіндік топшылауы нақтылама дәйектемелер бере отырып, экономикалық категория негізінде мән мазмұнына үңілуі бұның айқын айғағы.

Дәлірек айтқанда, экономика ғылымы сан алуан құбылыстар мен үрдістерді қамтумен бірге шектеулі материалдық ресурстармен қоғамның қажеттіліктерін қамтамасыз ету жолында адамдардың, олардың топтарының өндірісте бөлу, айырбас, тұтыну қатынастарын зерттейді.

Англиядағы классикалық саяси экономияның негізін салушы Уильям Петтидің (1623-1687жж.) "Еңбек - байлықтың атасы, жер - оның анасы" деген қанатты сөздеріндегі еңбектің қасиетін Шәкәрімнің "Шын бақ қайсы? Күншіл кім?" өлеңінен айқын аңғаруға болады.

Бай, ұлық жуандарды бақты көрмек,
Ол мисыз шолақ оймен баға бермек.
Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар:

Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек.
Бұл үшеуі біріксе, сорды жоймақ,
Шын бақ осы деп бұған ақыл тоймақ.
Бір адамға мұндай бақ біте қалса,

Өзімшіл көп күншілдік көзін оймақ - деп адал еңбекті бақ ретінде санауының өзіндік зор мәні бар. Яғни XYII ғасырда У.Петти "Еңбек - байлықтың атасы" деп бағаласа, XX ғасырдың басында қазақ ақыны Шәкәрімнің "Үш бақтың біреуі - адал еңбек" деп жоғары баға беріп отырғанын көреміз.

Сонымен қатар, "Тағы сорлы қазақ" өлеңінен ақынның экономикалық көзқарасын кездестіруге болады.

Салынған қала жоқ,
Оқытқан бала жоқ,
Қолында өнер жоқ,
Ғылымда дана жоқ.
Қалалық жері жоқ,
Еңбектің тері жоқ,
Пайдасыз шығыншыл,
Қазақтан сері жоқ.
Қазынасы тағы жоқ,

Басында бағы жоқ - дей келе, ақын өзі өмір сүрген тұсындағы халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайының нашар екендігін суреттей отырып, "еңбектің тері жоқ" деп істейтін жұмыс орынның жоқтығын көрсетеді. Яғни, жұмыссыздықтың бар екендігін әдеби-көркем шеберлікпен бейнелей келе, жұмыссыздықтың халыққа тигізер әлеуметтік салдарын меңзеп отырғанын анық аңғаруға болады. Сонымен қатар, "пайдасыз шығыншыл" деп пайданың жоқ болуымен қатар шығынның көп екендігі экономикада дағдарыс болатыны белгілі. Демек, дағдарыс жағдайында халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайынын төмен екендігін тағы дәлелдейді. "Қазынасы тағы жоқ" деп бюджетінің жоқтығын көрсетіп отыр. Яғни, сол тұста қазақта мемлекет болмағандықтан оның бюджетінің жоқ болуын өлең жолдары арқылы жеткізіп тұр.

Ақын жастарды еңбек етуге уағыздай отырып, еңбектің құндылық маңызын "Қош" өлеңінде сөз етеді:

Насихат тегін ғой,
Салулы егін ғой.
Еңбек қыл, ерінбе,
Араздық кегін қой.

Сондай-ақ, "Бостандық таңы атты" өлеңінде:

Бұл өмір таусылмас,
жаңарар адамзат,
Арам ой ұмтылып,
зорлықшып болар мат.
Адал етсең, еңбектің
жемісін жеп,
Шалқыған ел-жұртым,

боларсың көңілің шат - деп еңбектің түпкі мақсаты мен жемісін ардақтай келе, халықтың тәуелсіздікті аңсағанын көреміз.

"Шаруа мен ысырап" өлеңінде:

Қайтер еді, жігіттер,
Тым қымбатты кимесек.
Мақтан үшін борышты
Үсті-үстіне үймесек.
Қаладағы байлардың
Ыңғайына билесек.
Аяғында қайтеміз,
Банкрот боп күйресек.

Орта кисек ұрса ма, - деп "қарыз", "банкрот" сөздерін қолдана отырып, қанағат тұтпай қарызды бола беріп, соңында банкрот болып қалсақ қайтеміз деген мәселені қозғайды. Экономикада банкрот деп төлем қабілетсіздігін білдіретіні белгілі.

Ақын экономикадағы байлық көздерінің жиналу, қорлану мәселелеріне жіті назар аударды. Бұл орайда "Бай мен кедей" өлеңінде:

Байлық жақсы екені елге мәлім,
Өзің істеп әдет қыл, келсе халің.
Қолың білсе, біреуге жалынбайсың,
Шыдамды бол, еріншек болма, жаным.
Анық байлық - денеге біткен өнер,
Білімдінің бәрі де соған төнер.
Арам жиып мақтанған дәулет емес,

Алдымызда бір күн бар есеп берер - дей келе, "шыдамды бол, еріншек болма, жаным" - дейді де, Шәкәрім: "анық байлық - денеге біткен өнер" - деп тұжырымдайды. Демек, дәулетті, бақуатты болу адамның маңдай терін төккен еңбегінің жемісі деген ойға саяды. Қоғам мүшелері ауқатты болса, мемлекет те бай болатыны сөзсіз. Ақын адам бойындағы жалқаулық, еріншектік сияқты қасиеттерді де қатты сынға алады.

Сонымен бірге Шәкәрім экономикалық ұғымдарды шығармаларына арқау етіп, кей үлгілерін сол күйінде қолданылуымен бірге халықтық ұғымға жақындатып оны икемдеуі байқалады. Шәкәрімнің өлең өрнегіндегі экономикалық ұғымдарды қолдануындағы бір ерекшелігі осы. Бұған төмендегі мысал дәлел

бола алады.

"Байдың малы бір жұттық" деген мақалды:

Байдың малы болады бір борандық,

Бәрінен адал еткен еңбек озар - деп түйіндейді.

Бүгінгі таңда Шәкәрімнің әлеуметтік-экономикалық көзқарастарын жалғастыра тізіп қарастыру, арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу күн тәртібіндегі толғақты мәселердің бірі. Шәкәрімнің және қазақ ойшылдарының экономикалық көзқарастарын, ой-пікірлерін саралау әлі де болса жіті зерделеуді қажет етеді.

Әдебиет

1 Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, /А.Құдайбердиев./ - Алматы: Жазушы, 1988. - 560 бет.

2 Шеденов Ө.К., Ядгаров Я.С., Досқалиев С.Ә. Экономика ілімдерінің тарихы: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 313 бет.

3 Айдарханов М.Х., Серіков Р.С., Қуантқан Б. Экономикалық ілімдер тарихы: Оқу құралы. - Семей, 2003. - 82 бет.

ӘОЖ 957.4

А.СЛӘМОВ, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала «Алаш» қозғалысының түйінді мәселелеріне арналған. Алашорда үкіметінің бостандыққа алып барар жолдағы ізденістері мен іркілістері зерттеу нысанына түскен.

Тәуелсіз еліміздің аты шартарапқа танылып жатқан бүгінгі күндері, өткен тарихымызды саралап, жаңғырту негізгі азаматтық борышымыз десек, бұл тұрғыда атқарылар істеріміз әлі де көп. Төл тарихымыздың әлі де болса зерттеуді қажет ететін беттерінің бірі - Алаш және Алашорда тарихы.

Соңғы ондаған жылдардың көлемінде аға буын тарихшыларымыз бен қатар іздемпаз жас зерттеушілеріміздің осы бағытта зерттеулер жасай бастауы құптарлық жай. Алаш партиясы мен Алашорда тарихын ғылыми әдебиетте Алаш қозғалысы немесе Алашорда үкіметі тарихы деп атау осы жылдардың үлесіне тиеді /1/.

Қазағым өз алдына ел болып, отау тігіп, тәуелсіз өмір сүрсе екен деп қиын-қыстау заманда елім деп өткен қазақ зиялылары сол кезде көптеген игі істер атқарса, Алашорданың құрылуы олардың ғасырлар бойғы, оның ішінде XX ғасыр басында басталған отаршылдыққа қарсы, тәуелсіздікті аңсаған идеялардың көрінісі еді.

Халқымыздың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерінің бірі болып саналатын. Алаш және Алашорда тарихы өзге елдермен терезесі тең, дербес ұлт ретінде күн кешуге жұртын сендіре алған жаңашыл қозғалыс болды. XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі топтардың, ағымдардың өзара қақтығыс күрес кезеңі болса, қарама қайшылықты оқиғаларға толы бұл кезде, барлық әлеуметтік топтар күрес жолына шығып, бұл теке-тірес бүкіл өңірді қамтыды.

Алмағайып осынау бір тұста ұлт бірлігі, дербесшісі өз елінің нұрлы болашағы жолында отқа да күйіп, суға да түскен озық ойлы үркердей шағын топ халқына жол көрсетіп, осы істерді шешу жолына білек түре кірісті.

Белгілі алаштанушы М.Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ, Алаш қозғалысы біріншіден, бүгінде қайта жаңғыруды бастан кешіріп отырған ұлттық сана-сезіміміздің, қоғамдық түсінік-түйсігіміздің қайнар бастауында тұрған, осы қасиеттері жетіліп, дамуына тікелей ықпал болған құбылыстардың бірі. Оның өмірге келуі отарлық езгідегі халқымыздың ғасырлардан бері жинақталып келген және әбден пісіп-жетілген наразылығының ішкі жан айқайының сыртқа шығу көрінісі болды. Ол қазақ тарихында тұңғыш рет қалың бұқара санасына бостандық, теңдік, туысқандық деген мәңгілік ұғымдардың ұрығын шашты, оларды естіген халық еңсесін көтерді, қараңғылық пен тәуелсіздіктің түнегінен азаттықтың таңына қол созды. Алаш қозғалысының халық жадында қайта жаңғыруының екінші себебі, ол күн тәртібіне қойған негізгі қоғамдық міндетке - XYIII ғасырда ыдырауға ұшыраған қазақ ұлттық мемлекеттік жаңа заман талабына сай жаңа сапада қайта құру міндетіне байланысты. Алаш зиялыларының ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі жағдайында аяқ асты болып келген ұлттық мүддені қорғай алатын, сол арқылы қазақ елінің әлем халықтарымен бірге үдемелі прогрессшіл дамуын қамтамасыз ете алатын ең негізгі фактор - ол ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді /2/.

Қазақ зиялылары бодандық жағдайда іске аспайтын бұл жайды патшаның тақтан құлауын пайдаланып дербес ұлттық автономия жолымен шешуге ұмтылды. Мұндай күрескерлік ойдың 1905 жылғы алғашқы төңкеріс кезінен кейін де бастау алғаны, саяси күрестің бастауында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар қоғамның ең өзекті мәселесі - отарлық езгіге қарсы ұлттық санасын оятып, біріктіру мақсатында ұшан-теңіз жұмыстар атқарды, қиналған халқына жан ашуын айтып жаңа сөз арнады. Халқының құлағына бірі "маса" болып ызыңдаса, екіншісі бар дауысын сала "оян қазақ" деп жар салса, басқа да қайраткерлер осы идеядан нәр алды.

Бұл кезеңдегі ұлт азаттық қозғалысының сипаты төл тарихымыздың дамуына сүбелі үлесін қосқан академик М.Қозыбаевтың пікірінше: "Алаштың -ұлт азаттық қозғалысы идеологиясының өзегі - отаршылдыққа наразылық, отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық" болды. Кез келген ұлттың тәуелсіздікке ұмтылуы табиғи қажеттілік десек, оған жету барысында халықты осы бағытта біріктіру өте күрделі іс. Қазақ жұртының көшбасшылары сондықтан да кезінде "Қазақ" газетінде: "Ұлт ісі деген ұлы жұмыс. Ұлт ісін ұлт болып өзі істемесе, өзі жөндемесе істелмейді де, жөнделмейді де. Жұрт жұмысының жөні, мақсаты бір, істеу жолы түрліше. Соның әр түрін әркім қолына алып жұртқа керек жөнімен мақсатқа қарай жүргізу керек. Жұрт ісін тоқсан жолмен істелік бәрі барын бір салаға қосылмақ деп" ұлтжандылықтың көрінер шағы туындағанын және әр жолмен жүрген бірлігі жоқ ел бола алмайтыны, ал ұлт боламын десе бір идея төңірегіне бірігу қажеттігін атап көрсеткені де осы тұс болатын.

Ақпан төңкерісі тарихта бұрын-соңды болмаған күшпен қаналған аймақтардағы ұлттық қозғалысты дүр сілкіндірді десек, алғашқы жеңістен соң қаналған халықтың жұмысшы табы, сонымен қатар қазақтар ұлттық тәуелсіздіктің жарқын мүддесінің іске асатындығына сеніммен қарады. Ұлт азаттық күрес жаңа сипат алып сөз бостандығы үшін күресуді мақсат-мұрат тұтқан халықтың жаңа әрекеттерге көшуге ынтасы байқалды. Көптеген қазақ съездері мен жиналыстарында сәл кейініректе ұлттық өкімет ұйымдарында қозғалыстың нақты ойы көрініс тапты.

Қозғалыс өзінің биік шыңына 1917 жылы желтоқсан айында жетті. Алаш басшылары түрлі аймақтардағы қалыптасқан жағдайды еске ала отырып, ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқ, саяси тұрақсыздық белең алған тұста тек біртұтас ұлттық мемлекеттік құрылым ғана қазақ жұртын апаттан құтқарады, бостандық жолына алып шыға алады деп түсінді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқалардың ұйымдастыруымен II-жалпы қазақ съезі Орынбор қаласында шақырылды.

1917 жылдың 5 желтоқсанында ашылған бұл жиынға қазақ жұртының барлық облыстарынан, сондай-ақ өлкеден тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқанд облысынан және Қырғыз жерінен барлығы 82 адам қатысты. Съездің күн тәртібіне мынандай мәселелер ұсынылды: "1. Сібір Түркістан автономиясы һәм юго-восточный союз туралы. 2. Қазақ-қырғыз автономиясы. 3.Милиция. 4.Ұлт Кеңесі 5. Оқу мәселесі. 6. Ұлт қазынасы. 7.Муфтилік мәселесі. 8.Народный сот. 9. Аульный управление. 10. Азық-түлік мәселесі.

Әрине, съездің күн тәртібі мәселелерінің ішіндегі ең негізі мәселе ұлттық автономия құру болатын. Аталмыш мәселе төңірегінде Ә.Бөкейхановтың баяндамасы тыңдалып, талқыланды. Арнайы құрылған комиссия съезд шешімдері бойынша қаулы қабылдады. Ә.Бөкейханов пен Х.Ғаббасов пікірлері негізінде қабылданған бұл қаулыда "Октябрь айының аяғында уақытша Үкіметтің, Ресей мемлекетінде халыққа сенімді һәм беделді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік жау болған соң халық арасы бұзылып пышақтасып кеткендігін, бүкіл мемлекет бүліншілікке ұшырап, бассыздық күшейіп, күннен-күнге халі нашарлап һәм бұл бүліншілік біздің қазақ-қырғыздың басына келуі ықтималдығын ойлап бүкіл қазақ қырғызды билейтін өкімет керек екендігін ескеріп, съезд бір ауыздан қаулы қылды:

1. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы һәм Амудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облыстарындағы һәм Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық-жерлі автономия құруға;

2. Қазақ-қырғыз автономиясы Алаш деп аталсын.

Съезде Алашорда ұлт кеңесі құрылды. Бұл күн... өлгенді тірілткен, өшкенді жандандырған,

өткен дәуренді, үшқан бақты еске түсірген күн еді".

Осындай тарихи сәтте Алаш автономиясының жариялануы мен Алашорда Ұлт Кеңесінің дүниеге келуіне орай осы істің басы қасында жүрген тұлғалардын бірі - Халел Ғаббасовтың сөзімен айтсақ: "автономия", мәселесі аяқ астынан туып отырған жоқ. Бұл екі жалпы қырғыз-қазақ топтарында 9 облыс, 1 губерния қазақтарының жеке-жеке топтарында неше рет кесіліп-пішілген мәселелердің бірі. Кеше Сібірге қосылмаушы болғанымызда (Том қаласында өткен Сібір автономиясын құру мәселесін талқылаған жиында туындаған жайларды айтады - А.С.) да сол алаш ұранды қазақ баласының басын бір жерге қосып өзімізге "жеке автономия алмақ мақсат еді".

Жалпықазақ съезінде қабылданған қаулыда Алашорданың ағзасы болып 25 орын, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды. Алашорданың уақытша тұратын орны - Семей қаласы, ол бүгіннен бастап, қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады, делінді. Алаш автономиясы туралы кезінде "Сарыарқа" газетінде 1918 жылы қаңтардың 22-сі күні жарияланған бас мақаласында Әлімхан Ермекұлы былай деп жазады: "Желтоқсанның 12-күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге "Алаш" автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты Алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты отанды болды. Іштегі дертті айта алмай, күрмеліп жүрген қызыл тіл бұл күнде дүниежүзін жаңғыртып, Алаш ұранын шақырып отыр. Алаш! Алаш! Көтер басты, уақыт жетті, сүртелік көзден аққан қанды жасты. Алаш автономиясына құран оқылып, ат қойылғанда, жалпы қазақ съезінде ел ішінен келген қария ақсақалдардың еңіреп жылағаны болып еді. Ерлердей ұмтылып 6 миллион халқы, тұтас жері бар қазақ жұрты қарап отырып қалса, жұрттығын жоғалтып өзін-өзі тірідей көмгені. Иншалла! Сенеміз: Алаш туының астында жиылмайтын қырғыз-қазақ баласы болмас, тігілген Алаш туын, құлатпас деп. Жасасын! Алаш автономиясы". "Алашордасына" сайланған адамдардың тізімі аттары аталды. Алашорда бастығын сайлау туралы тасқа салынып дауыс берілді, қорытындысында бұл орынға Әлихан Бөкейханұлы сайланды /3/.

Екінші жалпықазақ съезі қабылдаған қаулының 6-тармағында Алашорда үкіметінің құрылғандығы туралы шешім жарияланды. Қаулы тармақтарында Алашорда халықтық милициясын жасақтау міндеттелді, жақын уақытта Алаш автономиясының жиналысын шақыру, автономия конституциясының жобасын әзірлеу ұсынылады делінген.

Тоғыз күнге созылған жалпы қазақ-қырғыз съезінде басқа да мәселелер қаралып, олар бойынша тиісті қаулылар қабылданды. Ресейде түрлі аймақтарда саяси тұрақсыздық сақталып соғыс қаупі жағдайында құрылып жұмысын бастаған. Алашорда үкіметі қазақ халқының және оның жерінде тұратын басқа да мәселелер қаралып, олар бойынша тиісті қаулылар қабылданды. Ресейде түрлі аймақтарда саяси тұрақсыздық сақталып соғыс қаупі жағдайында құрылып жұмысын бастаған Алашорда үкіметі қазақ халқының және оның жерінде тұратын басқа да халықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күрес алаңына шықты. Алайда, Қазан төңкерісінен кейін орын алған большевик дауылы нәтижесінде жер-жерлерде орнай бастаған кеңес билігі Алаш автономиясының кең қанат жаюына, әрі Алашорда үкіметі - Ұлт кеңесінің жергілікті жерлердегі бөлімдерінің құрылу процесіне тежеу болды. Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы күндерден бастап саяси биліктен айырылған топтардың Орталық және жергілікті жерлердегі жұмысшы - шаруа советтерінің өкімет билігін тартып алуы үлкен қарсылығын туғызды. Осы кезде басталған азамат соғысы билік үшін күрестің жалғасы болып табылады. 1918 жылы 18 қаңтарда Әліби Жангельдин ұйымдастырған қызылдар жасағы П.Кобозев пен С.Павлов басқаруындағы қызыл гвардия отрядтарымен бірлесе отырып Орынбор қаласын басып алды. Барлық қазақ жерлерін біртұтас қазақ автономиясына біріктіре алмаған Алашорда үкіметі бірлігінен айырылып қалды. Үкімет мүшелерінің біразы Семей қаласына (Алаш қаласы атанған бүгінгі Жаңа Семейге - А.С.) келіп өздерін Алашорданың Шығыс бөлімі деп жарияласа, үкімет мүшелерінің екінші бөлігі Орал облысындағы Жымпиты елді мекеніне келіп, өздерін Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі деп жариялады. 1918 жылдың маусым айында Алаш автономиясының уақытша ұлттық кеңесі "Алашорда" үкіметі ресми түрде өз жұмысын бастады. Жаңа қалыптасқан саяси жағдайдан соң Алашорданың шығыс бөлімі (географиялық

орналасуына байланысты осылай аталып кеткен - А.С.) нақтысында Орталық және Семей облыстық комитеті қызметі негізінде өзінің бүкіл Қазақстанды бір үлкен орталыққа біріктіру және ағымдық сипаттағы әлеуметтік-экономикалық және рухани өрістеріне қатысты салалық мәселелерді түбегейлі шешуді, сондай ақ мемлекетке тән өмірді қамтамасыз етуді басты мұрат, мақсат етті.

Ендігі жерде Ұлт кеңесіне сайланған мүшелерінің негізгі бөлігінің Алаш қаласына (Зеречная Слободкаға - А.С.) шоғырлануы басталды, Алашорда үкіметінің сол саяси өзгерістерге сай әрекет жасаудың саяси шешімдері осы қаладан бастау алды. "Алаш" партиясының "Алашорда Үкіметінің" құрылуы XX ғасырдың басындағы демократиялық бағыттағы қазақ зиялы қауымының саяси қызметінің қорытындысы десек, оның шығыс бөлімі туралы да біршама тарихи деректер бар.

Алашорда Семей қаласына қаңтар айының соңына қарай келіп орналасты. Бұл кезде өңірдің қоғамдық саяси ұйымдары да елдегі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты өз көзқарастарын білдіріп жатты. Қалалық думада 5-қаңтарда өткізілген мәжілісте гласный Кузин дума мүшелерінің назарын Қазақ комитетінің өтінішіне аударды. Қазақ комитеті Қазақстанда ұлттық-территориялық автономияның толықтай жүзеге асуы мүмкін деген көзқарасы айтылған болатын. Аталынған фактінің өзінен-ақ қалалық Дума мүшелеріне жаңа саяси күштің келгенін анық байқауымызға болады.

Қазақстанның барлық облыстарында ол кезде Кеңес өкіметі бел алып күшейіп жатқан кезде Алашорда Кеңес өкіметімен және оның жергілікті органдармен амалсыз байланыс жасауға мәжбүр болды. Батыс және шығыс бөлімдерді де елде қалыптасқан күрделі жағдайларға қарамастан бірлесе қызмет ету принципін ұстағандықтары мәлім. Кеңес өкіметі Қазақстанда кеңестік билікті тұрақтандыруда Алашордамен болатын келісімнің басты роль атқаратынын айқын сезінді. Сөйтіп, Кеңес өкіметі Алашорда арасында саяси келісімге келуге мүмкіндік ашылды. Алашорда қазақ қоғамының келешегі, автономияның болашағы үшін Кеңес өкіметіне жақындасуды қажет деп тапты. Біз ұлт қайраткерлерінің алғашқы маңызды саяси шешімі - социализм идеяларын қабылдай алмаса да, большевиктерге қарсы күресте дәрменсіз күйде болғандықтан және жұртты азамат соғысынан аман алып қалу үшін олармен ымыраға келе отырып, Алашорда үкіметінің тарапынан Алаш автономиясын Кеңес өкіметіне ресми түрде мойындату мақсатын көздеді деп түсінуіміз керек.

Айта кетер жай, аталынған кезеңде Кеңес өкіметі тарапынан Алашорда басшыларын тұтқындауға ұмтылғанын ұмытпауымыз керек. Алашорда басшысы Ә.Бөкейхановтың 1918 жылғы қаңтар-маусым айлары аралығында Семей қаласынан 250 шақырым жерде Қарқаралы уезінің территориясында қырда жасырынып жүруі осы сөзіміздің дәлелі. Сол себептен де Кеңес өкіметімен арадағы келіссөздер Алашорданың шығыс және батыс бөлімшелері атынан жүргізілді. Бұл қазақ Алашорда үкіметінің тұңғыш рет дербес саяси ұйым ретіндегі жүргізген келіссөзі болатын. Кеңес өкіметі қаншама қарулы күшке сүйенгенімен Семей облысы сияқты қазақтар көп қоныстанған аймақта Алашорданың Шығыс бөлімінің орталығы өкілдерімен саяси мәмілеге келуге мәжбүр болды. Азамат соғысы барысында, біріншіден, орын алған демографиялық фактор, екіншіден экономикалық ахуал, үшіншіден Кеңес өкіметі Алашорданың қарсы саяси күштер жағына өтуіне жол бермеуге тырысты. Осы келіссөздердің өрбу барысын еске сала кету барысында сол кезеңде орын алған кейбір мәселелерге назар аударамақпыз: Мәскеуге Орталық Кеңес өкіметінің басшысы В.И.Ленинмен және ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен кездесу үшін Ә.Бөкейханов өзінің жақын досы, серігі Халел және Жаһанша Досмұхамбетовтерді жібереді. Ал 1918 жылғы 2 сәуір күні Ә.Бөкейхановтың тікелей тапсырмасымен Халел Ғаббасов Семейден телеграф (төте сым) арқылы В.И.Ленинмен және И.Сталинмен Алашорда мен Кеңес өкіметінің арақатынасы жөнінде келіссөздер жүргізеді. Олар барған бетте аталынған жоғарғы лауазымды адамдармен кездесіп, оларға екінші жалпы қазақ-қырғыз съезінің (Орынбор, 1917, желтоқсан) қаулысын табыс етеді. И.В.Сталин қаулымен танысқаннан соң Семейге телеграфпен хабарласып Ә.Бөкейханов және оның орынбасары Х.Ғаббасовты келіссөзге шақырады. Ертеңінде Сталинмен телеграф арқылы келіссөзді Халел Ғаббасов жүргізеді. Әңгіме Алашорда автономиясының статусы жөнінде болады. Келіссөздердің барысында Алашорда жетекшілері В.И.Ленин мен И.В.Сталиннің талап етуі бойынша "Кеңес өкіметін" Ресейдегі барлық автономиялы

халықтардың «кіндік өкіметі» деп тануға мәжбүр болады. Алайда, осыған қарамастан олар Алаш автономиясының тәуелсіздігін белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етуге тиісті біраз талап тілектерді Орталық Кеңес өкіметінің алдына қояды. Ол талаптар негізінен мыналар еді: Алаш автономиясының шеңберінде қазақ халқының атақоныс болған барлық жерлерді топтастыру (жинау). Алашорданың қолына заң шығарушы және билік жүргізуші өкіметтің шоғырлануы, қазақтар арасындағы даулы мәселелерді шешуді халықтың өзі сайлап қойған облыстық, уездік соттарға беру. Халықтық милиция аталған Алаш автономиясының әсерін құру, жергілікті кеңестердің шешімімен тұтқындалған Алашорданы жақтаушы Қазақ комитетінің, облыстық земство мен т.б. мекемелерге мүше болған қазақ зиялыларының босатылуы және келешекте саяси көзқарас тұрғысынан қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыратпауға тиым салу.

Өз талап-тілектеріне жекелеген мәселелер болмаса Алашорда Орталық Кеңес өкіметі тарапынан қанағаттанарлық жауап алған жоқ. Семейден тура телеграф сымы арқылы, РСФСР-дің ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.Сталинмен келіссөз жүргізген Х.Ғаббасов бұл жөнінде 1929 жылғы қарашаның 10-шы жұлдызында ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабында былай деген болатын: Келіссөзде мен Кеңес өкіметінің декларациясының (Ресей халықтарының декларациясын айтады. 2-қараша 1917 жылғы - А.С.) идеяларына сәйкес қазақ халқының өзін-өзі билеу құқығының кедергісіз жүргізілуін талап еттім. Мен барлығы есімде жоқ тармақтан тұратын талаптар қойдым. Олардың есімде қалғандары: Ұлттық автономияны құру, таратылған қазақ мекемелерін қалпына келтіру, халқымыздың тұтқынға алынған қайраткерлерін босату. Сталин Алашорда Кеңес өкіметін мойындаған жағдайда ғана Қазақстанның Құрылтай жиналысын шақыруға әрекеттер жасалатындығын айтты. Біз телеграф арқылы Сталинге Кеңес өкіметін мойындайтынымызды мәлімдеп сол уақытта Мәскеуде жүрген Халел және Жаһанша Досмұхамбетовтерге Орталық үкімет алдында біздің мүдделерімізді қорғауды тапсырдық. Сталинмен сөйлесіп болғаннан кейін телеграф сымына Семей облыстық Кеңестің төрағасы Шугаев шақырылды. Олардың не туралы сөйлескендерін білмеймін. Халел Ғаббасовтың мәлімдеуінше, оның Сталинмен телеграф арқылы келіссөздерде қойған ұсыныс талаптары алдын-ала Ә.Бөкейханов, Р.Мәрсеков, Ә.Ермеков, Б.Сәрсенов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар қатысқан арнайы мәжілісте талқыланған болатын.

Мәскеудегі Кеңес өкіметі басшыларымен кездесулер және телеграф сымы арқылы Сталинмен жүргізген кездесулерден Орталық Кеңес өкіметінің ынтымақ пен ұлттық тұтастық негізіндегі қазақ мемлекеттігін мойындамағандығы, керісінше, қазақ халқына таптық жіктелуге негізделген кеңестік тұрпаттағы автономия беруге даяр екендігі байқалды. Орталық Кеңес өкіметі Алашорда жетекшілерімен келіссөздер жүргізу барысында екіжүзділік танытты. Іс жүзінде Орталық Кеңес өкіметі қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлт азаттық күресінің нәтижесінде келген Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін мойындамады. Шығыс Алашорда үкіметі И.Сталинмен болған келіссөзден кейін де арнайы мәжіліс өткізген. Онда Алашорда тарапынан (Ғ.Ғаббасов) және Кеңес өкіметі (И.Сталин) арасындағы келіссөздер кезіндегі туындаған мәселелер талқыланып, нәтижесінде Алашорда атынан тиісті шешім қабылданды. Кеңес өкіметі мен Алашорданың арсындағы келіссөздер барысы Облыстық қазақ комитетінің Шығыс Алашорданың басылымы "Сарыарқа" газеті беттерінде жарияланып тұрды. 1918 жылдың көктеміндегі Алашорда мен Кеңес билігі арасында өмірлік шындықтан бастау алатын, екі қуатты қоғамдық қозғалыстың (ұлттық және әлеуметтік таптық) табиғатынан туындаған өзара түсінушілікке кішкене болса да ұмтылушылықтың орын алғанын аңғару қиын емес.

Шығыс Алашорда жетекшілері Кеңестердің билігі күшейе бастаған тұста олармен ымыраға баруды қажет деп тапты. Большевиктердің ұр да жық әрекеттерінен Алашорда өкілдері бұл тұста қазақ қауымын қорғауды басты мақсат етті. Кеңес өкіметіне қарсы жақындасу және жүргізілген келіссөздердің нәтиже бермеуі Алашорданың шығыс бөлімі өкілдерін біртіндеп Кеңестерге қарсы күштерге жақындасуға мәжбүр етті. Х.Ғаббасов пен И.Әлімбековтер кеңес өкіметі мекемелерінде жауапты қызметте жүріп-ақ, кеңестерге қарсы жасырын әрекет жасап жүрген кадеттер мен эсерлерге қаржылай көмек көрсеткен. Кейбір қажетті мәліметтерді де беріп түрған /4/.

Қазақстанда сәуір айында Кеңестер жүйесін

құру жандана түсті. 1918 жылдың көктемінде Семей облыстық Кеңесі атқару комитеттерінің төрағасы К.А.Шугаев Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіне жолдаған жеделхатында облыстың көпшілік болыстарында Кеңестер ұйымдасты деп хабарлады. Сол жылғы 20 сәуірдегі мәліметтер бойынша бір Семей облысының өзінде 262 ауылдық және селолық Кеңестер құрылды /5/.

Шығыс Алашорданың өкілдері Семей облысы бойынша Кеңестік басқару органдарына мүше болып ене бастады. Халел Ғаббасов Семей облыстық шаруа жұмысшы, солдат депутаттарының біріккен съезінде (10-21 наурыз, 1918ж) Облыстық атқару Комитетінің төрағасының орынбасарлығына сайланды. 29 сәуірде өткен мәжілісінде Уақытша Семей облыстық қазақ сотына қатысты мәселе қарап, қаражат мәселесін шешеді, және қазақ соты кеңестік құрылыс кезінде де тоқтаусыз жұмыс істеді. қалалық әскери революциялық комитет Облыстық Кеңес шешімімен құрылып (10.05.1918 ж) оның құрамына қазақтардан өкіл енгізіледі. Х.Ғаббасовтың қаражат бөліміне төраға болуы және И.Әлімбековтің оқу-ағарту бөлімі төрағалығына сайлануы, қалалық әскери-революциялық комитет мүшесі болуы Кеңестердегі қазақтардың да ықпалының арта түскендігін көрсетеді /6/. Облыста қазақ қоғамында большевиктер билігі тұсында партияшылдық, өзара жікке бөлінушіліктің де бой көрсеткені белгілі. Бұл істі саяси тұрғыда "Үш жүз" партиясы бастаған болатын. Кезінде шығыс Алашорда қайраткерлері казақ қоғамы үшін "Үш жүздің" теріс әрекеттерінің қауіпті екендігін ескерте келе одан сақтануға шақырған болатын /7/.

Облыстың саяси өміріндегі қалыптасқан күрделі жағдай Алашорданың тағдырының баянсыз болып тұрғанына байланысты облыстық Қазақ съезін шақыру мәселесін көтерді. Облыстық Қазақ комитетінің Семей уездік кеңесіне жіберген қатынас қағазында Алаш қаласында Облыстық қазақ съезінің өтетіндігі хабарланып, талқылауға ұсынылған сегіз түрлі мәселе көрсетіледі. Ревком штабына рұқсат беруін сұрап қатынас жіберілді. Бірақ рұқсат қағазына бұрыштама қойылмады, түрлі сипаттағы кедергілер жалғаса берген.

Қазақ комитеті облыстық съезд жұмысын Алаш қаласында 1918 жылғы 21 мамырда бастайды. Алғашқы күннен соң съезд жұмысы тоқтап қалады. Осы оқиғаға байланысты "Трудовое Знамя" газетінде бірнеше мақала жарияланады. Съезд жұмысының тарап кетуінің басты себептері мына жайлармен түсіндірілді: Ресейдегі антибольшевиктік топтардың қарулы күреске шығуы, Кеңес өкіметінің жергілікті органдарының съезді өткізуге рұқсат бергенімен оған қарсы қазақтардың большевиктерді жақтайтын топтарын айдап салуы, Семейдегі Кеңес өкіметін құлату мақсатындағы көтерілістің сәтсіздікке ұшырауы т.б.

Семей облысында 1918 жылғы маусым айының бас кезінде Кеңес өкіметінің құлатылуы ресми билік иелері ретінде әскерилердің жаңа саяси жағдайға байланысты халыққа мәлімдемелері жасалды. Халықты қобалжудан сақтандыру, жаңа билікке келгендерге көмек көрсету жалғасты. Алаш қаласының тұрғындары 1918 жылғы маусымдағы большевиктердің қаладан қуылуын елеулі саяси оқиға қатарында бағалады.

Билік алмасуы болған тұста Семейге де жаңа азаматтық билік жүйесінің қалыптасуы басталып, ресми билік басындағылар негізінен, батыс Сібір комиссариатына бағынышты күй кешті. Бүкілресейлік құрылтай жиналысы жаңа өкімет құрамы анықталғанша Батыс Сібірге қарасты территорияларда (оның ішінде Семей облысы да бар - А.С.) ауылдық, облыстық уездік және қалалық жиналыстарды шақыруға (земство) уақытша атқару комитеттерін құрып, қарулы отрядтар жасақтауға шақырды /8/.

Кеңес өкіметі тұсында таратылған түрлі қоғамдық-саяси ұйымдар мен бұрынғы Уақытша Үкімет тұсындағы Комитеттер мен басқармалар өз жұмыстарын қайта бастады. Облыстық земство басқармасы төрағасы Р.Мәрсеков, мүшелері К.Ляшкевич, Х.Ғаббасов, Д.Троицкий және Ә.Сәтбаев құрамында 27-маусымда өз жұмысын бастады /9/.

Қалалық дума уездік земстволар да жұмысқа кірісті. Облыстық сот жұмысына И.Тарабаев пен К.Мерсалимовтер де белсенді түрде араласқан. Шығыс Алашорданың Өскемен, Қарқаралы уездеріндегі жұмыстарын да бастау туралы нұсқаулар берілді. Семей облыстық Р.Мәрсековтің басқаруындағы земство басқармасы облыстағы жүргізілген саяси оқиғаларға да ерекше мән берген. Земство Алашорданың түрлі деңгейдегі комитеттерімен тығыз байланыс жасаған. Көбінесе экономика саласындағы мәселелер бірлесіп шешілген. Шығыс Алашорданың түрлі өңірлердегі

жүргізген жұмыстары беделі мен билігі хақында түрлі мысалдар келтіруімізге болады. Семей және Қарқаралы уездері көптеген жұмыстарды жүргізудің ұйтқысы болды. Қарқаралыдағы земство жиналысында Алашорда мүшесі Ж.Ақпаев пен И.Әлімбековтің беделдері зор болды. Олар көтерген негізгі мәселелер қатарына қазақ автономиясын тұрақтандыру, қазақ соты жұмыстарын жолға қою, милиция жасағын құру сияқты жұмыстарды жатқызуымызға болады.

1918 жылғы маусым айында Алаш автономиясының Уақытша ұлттық кеңесі "Алашорда" үкіметінің өз қызметін ресми түрде бастауы осы жылдың қаңтар-мамыр айлары арасында большевиктер тарапынан тоқтатылған қызметінің заңды түрдегі жалғасуы болып табылады. Қаржылық мәселе, салықтар жинау мәселесіне назар аударылды, нұсқаулар берілді. Алаш әскерін жасақтауға жете көңіл бөлінді.

Алаш әскери жасағын әрбір болыстан 30 атты милицияны алуды және оның материалдық жабдықталуы сол болыстарға міндеттелетіндігі атап көрсетілді /10/.

Өзінің аймақтық бөлімдерінің де қызметтерін қалыптастыру барысында түрлі қиындықтар кездесті, оларды жеңуге тура келді. Орталық Алашорда Комитеті атынан 1918 жылдың маусым айында бірнеше қаулылар қабылданды. Қаулылар мәтіні Алаш автономиясының негізінде кеңестік билік күші жойылғандығы туралы, Алаш автономиясы жерінде земстволы қайта енгізу, Алаштың әскери кеңесін құру және оның соғыс жағдайындағы негізгі қызметі жасақтарды құру туралы Алашорданың облыстық және уездік комитеттерін және осы комитеттердің қызмет аясы туралы, жерге иелік ету туралы, демократиялық бостандықтар туралы, қазақ соты мен тергеу комиссиялары туралы болды. Кең ауқымды, мемлекеттік іс-әрекеттер жүйесі құрылып осы бағытта жұмыстар, шаралар жүргізу жөнінде бағыттар, нұсқаулар берілді. Алда Алашорданың қазақ жерінде нақты билігін қамтамасыз ету үшін көптеген жұмыстар жүргізу қажет еді. Алғашқы кезекте Уақытша Сібір үкіметімен саяси қарым-қатынастар бастауын алды. Семейге 1918 жылдың маусым айының ортасында келіп орналасқан Алашорда үкіметі алғашқы кезеңнен бастап Уақытша Сібір өкіметімен байланыс жасауға тырысты. Осы мақсатта онда Ә.Ермеков жіберілді. Ал шілде айында Омбыға уақытша Сібір үкіметіне келген Алашорда өкілдері автономия мәселесін шешу жолдарының бағыттарын анықтауға кіріскен. Алашорданың соғыс жағдайындағы әскери жасағының ортақ жауға қарсы күресін үйлестіру де келесі кезектегі міндеттердің бірі болды. Уақытша Сібір үкіметімен арадағы байланыстарға талдау жасау барысында түйгеніміз Алашорданың саяси статусы туралы нақтылы шешім қабылданбады, Уақытша сібір Үкіметі оны тек жартылай ғана мойындаған. М.Дулатовтың Алашорда атынан Өскемен уезіне (14 шілде, 1918 ж) барған іс-сапарының негізгі мақсаты Алашорданың жергілікті комитеттерін құру және оған қазақ қауымынан басқарушы адамдарды анықтау болды. Уақытша Сібір үкіметі және Алашорданы қолдайтындықтарын білдірген хабарлар Семей өңірінің түрлі болыстарынан да келіп түскен. Алашорда арқылы ғана қазақ болыстарында Уақытша Сібір үкіметінің билігін мойындайтындығы байқалды. Черно-Иртышский болысы тұрғындары өздерінің жиналыстарында қабылдаған қаулыларында тек Алашорда кеңесі ұйғарымымен ғана Уақытша Сібір үкіметі нұсқауларын орындайтындықтарын мәлімдеген /11/.

Алашорда мен Уақытша Сібір үкіметі байланыстары нәтижесі әскери саладағы жұмыстардан да көрінді. Саяси салада шешілмеген мәселелер әлі де болды. Әлеуметтік саладағы мәселелердің кейбіреуін тек қазақ соты ғана шешу мүмкін еді. Осы тұрғыда қазақ соты қызметінің ресми билік тарапынан мойындалуы талап етілді /12/.

Алашорда органы "Сарыарқа" газеті өзінің кезекті бір санында Алашорданы тарату жөніндегі шыққан жарлыққа аса назар аударды. Онда арнайы жарлық шыққанға дейін Алашорда өзінің статусын сақтай тұратындығы көрсетілген. Бұл жай Шығыс майдандағы Қызыл Армияның жеңістерінен соң антибольшевиктік күштердің Уфадағы мемлекеттік мәжілісінде көтерілген болатын.

Сібір Уақытша үкіметі Самара Комучі, ұлттық автономиялар сияқты күштердің басын біріктіру керек болды. Уфа Директориясы Алашорданы осы негізде тарату керек деген шешім қабылдады. 4 қазандағы 1918 жылғы Уфа Директориясының шешімі Алашорданы жаңа саяси жағдайға душар етті. Өз тарапынан Алашорда бұл шешімді жақтамайтындықтарын

білдірді: "Біз бұрынғыша бүкілроссиялық федеративтік республиканы жақтаймыз, республикамыздың көлемінде болғанын қалаймыз" деп атап көрсеткен болатын. Айтпағымыз бұл, Директория Алашорда қызметін мүлдем тоқтатып тастаған жоқ. Алашорда өкілдері жергілікті саяси ұйымдар арқылы өз жұмыстарын жалғастыра берді. Қазақ қауымы Уфа директориясы мен Колчак үкіметінің жарлықтарына наразылықтарын білдірді. Кезінде мерзімдік басылымдар ол туралы бірнеше мақалалар да берді: Сол мақалалардың бірінде былай делінді: "Алашордаға шығарған жарлығында кіндік үкімет Алаш мекемелері тоқталады деп отыр... " Аз уақыт ішінде Алашорда ісін тоқтатқанға қынжылып, кейімейік. Қазақ-қырғыздың ел екені рас болса, тілеуіне жетпей қоймас.

Ақиқатына Алашорда қызметінің тоқтатылуы уақытша құбылыс болды. Колчак үкіметі азамат соғысының майданы қазақ жерінде де өтіп жатқандығын ескеріп армияның қамтамасыз етілуі жағдайын ойластыра келіп Алашорданың аймақтағы ықпалымен санасуды дұрыс деп тапты. Бұл жөнінде сәл кейініректе газет бетіндегі "Ойлан, Алаш! " атты мақалада түсіндірілді, жазылды. Осы кезеңде болған уақытша Бүкілресейлік үкіметпен және Колчак үкіметімен болған арадағы байланыстар нәтиже бермеді. Көптеген істердің Алашорда мен Колчак үкіметі арасында тоқтатылғандығы айқын көрініс бере бастады. Далалық Екінші Сібір корпусы командирінің бұйрығымен Алаш қаласы атауы жойылсын, ол тек Семейдің бір бөлігі «Заречная Слободка» атауымен қалдырылсын деген үкім шығарылды. Колчак үкімет комиссиясының төрағасы П.Корокпачанский мен Алашорда үкіметі төрағасы Ә.Бөкейханов жүргізген келіссөздер (1919 жыл, ақпан) қазақ халқы күткендей еш нәтиже берген жоқ. Әлихан Бөкейханов жасаған баяндама мәтіні бойынша да еш жауап болмады. Әртүрлі саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша түрлі ведомостволарға бару үсынылды. Колчакпен арадағы болған келіссөз, байланыстардың нәтижесіздігі, аяқсыз қалуы Алашорданы Кеңес өкіметімен ымыраласуға итермеледі. Семей облыстық басқарушысы тарапынан Алашорданың жергілікті жерлердегі әрекетіне де тоқтау салына бастады. Қарқаралы уезіндегі салық жинау ісі заңсыз деп табылып осы саладағы жұмысты тоқтату керек деген шешім қабылданды.

Павлодар уезіне жіберген қатынасында Семей облыстық басқарушы уездік комитетінің жекеленген іс-әрекеттерін тоқтату туралы нұсқаулар берді. Алашорданың облыстық комитеті Алаш қаласында өз жұмысын 1919 жылдың соңына шейін жүргізген /13/.

Колчак үкіметі тұсында Алашорданың түрлі қыспаққа ұшырағандығы туралы кезінде М.Дулатов та ашына жазды. "Қара күндер қайта туды. Руссияны қара бұлт қаптады. Автономия деген сөзді айтудан қалдық. Қит етсе абақтыға жапты И.Әлімбеков, Б.Сәрсенов, Ә.Бөкейханов, Е.Омаров, Қ.Бөкейханов, А.Омаров, А.Райымбеков, М.Оспанов, С.Ақаев тағы басқалар. Сөздің қысқасы, бірнеше айдың ішінде Колчак үкіметі қазақ даласын жын ойнағындай қылды" /14/.

Алашорданы Колчак үкіметі автономия ретінде мүлдем қабылдамады. 1919 жылы Алашорданың облыстық және уездік комитеттері жергілікті ресми орындардың тарапынан болған қарсылықтарға қарамастан өз мейлінше табандылықпен жүргізді.

Азаматтық қарсыластық жылдарында Қазақстандағы қоғамдық саяси өмірдің соғыс жағдайын бет алуына байланысты Алашорда әскери жасақтарының түрлі өңірлерде әртүрлі уақыттарда жүзеге асырылды және ол біраз уақытқа созылып кетті. Қазан төңкерісінен кейінгі саяси өзгерістерден соң іле-шала зиялылар тілімен айтқанда "дүниеде бар болу мен жоқ болу жұмбағының кездесуіне" байланысты II-жалпықазақ съезінің өзінде Алаш әскерін құру, жасақтау туралы тарихи шешім қабылдағаны белгілі. Жалпы әскер жасақтау ісі барлық жерлерде бірдей және бөгетсіз жүргізілген жоқ. Бұл іс Семей, Орал, Торғай облыстарында пәрменді түрде жүргізілсе, Ақмола, Жетісу өңірлерінде (кейбір жекеленген уездерде болмаса) тым сылбыр түрде жүзеге асырылды.

Азамат соғысының қан төгісінен халқын аман сақтау үшін "Алаш өкіметінің құрылуындағы бірінші міндет - "елді қырғыннан аман сақтау үшін жасақ құру"болатын /15/.

Семей облысында Алашорда әскері 1918 жылғы қаңтар және мамыр айлары аралығында жасақтала бастады. Алаш қаласында Атты әскер полкінің жасақталу тарихы осы кезеңде басталған болатын. Алғашқыда қазақ жасағын жасақтау үшін Семейде оқып жүрген студенттер, әр түрлі

орындарда қызмет етіп жүрген жастар тобы жұмылдырылды. Алаш әскеріне жазылу ерікті жағдайда жүргізілді. Кезінде бұл жөнінде "Алаш құрбандары" деген мақалада нақтылы деректер берілген /16/.

1918 жылы Семейде қазақ жігіттерінен милиция ұйымдастырылды. Милицияны басқарушы - офицер ретінде Қозы Нұрмұхамбетұлы тағайындалды. Бұл кезде Қозы, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев - бәрі бірге оқитын. Атты милицияларды жаттықтырып, ойнатып жүрген кезінде, большевик солдаттары, Қозыны атып өлтіреді. Осы оқиғаның ішінде болған Бейімбет Майлин "Сарыарқа" газетінде 1918 жылы наурыздың 18 күні жарияланған "Тұңғыш құрбан" атты көлемді мақаласында қайғылы халді және сол кездегі ахуалды толық баяндап береді: Соңғы жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша Семейде атты-жаяу милиция құрылған еді. Мұны соңғы кезде большевиктер ұнатпай, "Ойыныңды тоқтат, мылтықты бер" деп мінез көрсетіп жүрді. Оған біздің милиционер-қорғаушылар өз жүректерінде ұлт сақтаудан басқа ешкімге қастық қылатын ниеті болмаған соң, қарсы да келмеді, ойынын да тоқтатпады. 6-наурызда таңертең 9-шамасында Алаш қаласында мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың жанына 10-15 солдат келіп, еш себепсіз мылтықты бір-екі басып қалады. Ешкімге оқ тимейді. Мылтық дауысы шыққан соң бірлі жарымды жігіт қашуға айналғанда, милиция бастығы, учительская семинария шәкірті Қозы Нұрмұхамбетұлы жігіттерге айқайлап: "Қайда барасыңдар? - жазықсыз өлсек өлейік, бәрімізді қырмас деп, тоқтау айтып, өзі орнында тұрады. Сол арада мылтық үсті-үстіне атылып, Қозының өзіне де, атына да оқ тиеді. Оқ жүректен тиеді. Есіл жас сол арада жан тапсырады. Алғаш жолында құрбан болған жас бағыланды ұмытпасқа белгі болып қалсын деп, екі рет суретке басылды (бірі, қанды киімімен жатқан халінде, екіншісі, халық жаназа оқылып сапта тұрғанда, табытта жатқанын). Қабірге қойып, құран оқылып болғаннан кейін, Шәкәрім ақсақал халыққа қарап сөз сөйледі: "Әлеумет! Мына жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл - ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демеңдер, бұл өлген жоқ. Бұл бүгінгі және мұнан соңғы "ұлтым" деген азаматтар, мына мен сияқты болып, "ұлтым" деңдер деп, өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті"."Қарағым, Қозыжан! Қадіріңді біліп құрметтей алмасақ, кешу қыл, қош! қабірің нұрлы болсын" деді /17/.

Мұнан кейін Міржақып (Дулатұлы), Райымжан (Мәрсекұлы), Жүсіпбек (Аймауытұлы) сөйледі. Қозының өлімі Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастарын да терең тебірентті. Омбыдағы "Бірлік" атты жастар ұйымының басшылары: Смағұл Садуақасұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Ғаббас Тоғызанұлы т.б. көңіл білдірген жеделхаттар "Сарыарқа" газетінің 1918 жылғы, сәуірдің 15 күнгі санында жарияланды.

Ұлттық әскер бөлімдерін жасақтау жоғарыда айтылған тағы басқа қиындықтарға қарамастан Семейде одан әрі жалғасын тапты. Оны мына бір мысал негізінде анық аңғаруымызға болады. 1918 жылы 25 маусымда Алашорда Ұлт кеңесінің: "Бек тығыз Семей уезінің земство Управасының бастығы Ахметжан Қозыбағарұлына: Семей уезінен, болыстар басына 30 милиционер алуға қаулы қылынды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жеткілікті атымен жиылған азамат атымен Семейге келеді". Алашорда бастығы Ғалихан /18/.

Семей уездік Земство Семей уезінің барлық төрағасы А.Қозыбағаров Семей уезінің барлық болыстарына тығыз түрде әрбір болыс ат-әбзелдерін сайлап, 30 жігіттен милиция даярлауға тапсырма береді. Ұлт Кеңесі үйленбеген бойдақ милицонерлерге 60 сом, ал жанұясы бар милицонерлерге 160 сомнан жалақы белгіледі /19/. Өлкенің барлық жерлерінде толыққанды "халықтық милицияны" жасақтау барысында қиындықтар кездесті. Әсіресе, Оңтүстікте Кеңес өкіметінің билігінің жүргізілуіне байланысты бұл жұмыстарды жүргізу мүмкін болмады. 1918 жылғы маусым айының басында Семейде ғана әскер санын 350-500- ге жеткізу мүмкін болды.

Осы кезде Алаш әскеріне киім-кешектің зәрулігін ескеріп, Ә.Бөкейханов пен М.Тынышпаевтың зайыптары әскери киім тігу мақсатында Алаш қаласындағы әйелдер қауымынан ұйым ашып өз қолғабыстарын тигізген. "Қазақ әскерінің" атынан әскердің киімін тігіп берген Алаш қаласындағы ханымдарға көптеп көк тәңір жарылқасын айтуды міндет көрдім. Әсіресе күні-түні демей, қызмет қылған А.Я.Бөкейханова, Гүлбаһрам Тынышпаевалларға һәм Алаш баспаханасын басқарушы Шынже мырза Керейбаевқа көптен-көп тәңір жарылқасын

айтамын. Қазақтың көңілді әскерінің бастығы Хамит Тоқтамышев деп өзінің алғыс сезімін "Сарыарқа" газеті арқылы білдірген /20/.

"Воля народа" газеті өзінің 1918 жылғы 30 қазандағы санында Алаш әскерінің киім үлгілері туралы, нақтылы деректер әзірге жоқ. Бізге белгілі М.Дулатовтың қысқалау тігілген, жағасы тері ішігіне ұқсас сырт киім деп жазды/21/.

Алашорда атты әскерін ұйымдастыру мен жабдықтауда Ә.Бөкейханов пен Х.Тоқтамышевтің басшылық қызметтерінің рөлі зор болды. Әскерді жасақтауға қаржы-қаражат жағынан, жабдықтармен жарақтандыруда Қарқаралы мен Шыңғыстау өңірлерінің ұлтжанды азаматтары да мейлінше ат салысқан /22/.

Қиын-қыстау күндерде Семейде Атты әскер полкі жасақталды. Дегенмен қиындықтар да кездесті, кейбір болыстар әскер қатарына шақырылған адамдарды уақытында жібермеді. Мұндай әрекеттер Делбегетей, Аққұм болыстарында орын алды. Жалпы Семей уезінің 18 болысынан 16 мен 50 жас аралығындағы жігіттерден іріктелмеген 430 адам (Семейдегі құжаттар орталығында әрбір жауынгердің аты-жөні жазылған - А.С.).

Алаш полкінің әскер қатарына шақырылған адамдар аты-жөні, тізімдері толық сақталмаған. Көршілес Қарқаралы уезінен де әскер қатарына қазақ жігіттері де шақырылған /23/.

Өскемен, Зайсан, Павлодар уездерінде Алашорда әскерін жасақтау туралы деректер аз. Біз оны аталынған өңірлерде Алашорда комитеттерінің кейіннен құрылғандығынан деп түсінеміз. Сонымен бірге қазақ ұлтынан офицер кадрларын даярлау үшін 1918 жылы күзде офицерлер даярлайтын медресе ашылғандығы көрсетілген. Бұл медреседе Ғ.Қоскейбаев, А.Әуезов, С.Әмзин, О.Ермұхаметов, Х.Бейсекеев т.б. қазақ жастары оқып, әскери өнерді меңгерген. Алашорда үкіметі мен әскерін Семей облысы уездері ішінде материалдық, қаражат жағынан қамтамасыз етуде Семей уезі земстволық басқармасы өздерінің айрықша үлестерін қосты. Алашорданың атты әскер полкі жан-жақты әскери даярлық жүргізгеннен соң Жетісу майданындағы шайқастарға біртіндеп қатыстырылған. Алашорда әскері прапорщик Ступиннің басқаруында (кезінде ол Ступиннің "жүздігі" аталған) Жетісу майдандарында 1918 жылғы тамыз айында шайқастарға қатысқан. Олар Үржар, Андреевка, Ново-Покровка, Сарқан, Лепсі үшін болған шайқастарда ерліктер көрсеткен. Сәл кейініректе "Алаш эскадроның құрамасы қазан-қараша айларында ұрыс қимылдарына қатыстырылды.

Семей өңірінде жасақталған ұлттық әскери бөлімдердің соғыс кезіндегі майдандардағы қимылдары туралы баспасөз бетінде орыс басылымдарының материалдары бойынша хабарлар беріліп тұрған. Мәселен, Жетісу майданындағы І-Алаш полкінің құрамындағы жігіттердің соғыс қимылдарына жоғары баға бере отырып "Сибирский Вестник" газеті Алаш атты әскерінің әсіресе, барлау қызметіндегі рөлін ерекше атап көрсетеді /24/.

Алайда, бұдан Алаштың әскери құрамалары тек қана ерліктің, жауынгерліктің символы болды деген біржақты пікір қалыптаспауы керек. Кей жағдайларда әскер қатарынан қазақ жігіттерінің қашу оқиғаларының да кездескендігін жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен көптеген жағдайларда елі мен жері үшін күрескен Алаш азаматтарына тән қасиет отаншылдық рухын қиын-қыстау сәттерде олардың жарқырай көрінгендігін жауы мен досының мойындағаны тарих еншісінде. Олар халқының тәуелсіздігі мен бостандығы жолында аянбай күресті деп айтуға толық негіз бар.

Азаматтық қарсылық жылдарында Алашорданың әскери жасақтарының әскери штабының мәліметтері бойынша әуелде 4 атты корпус, бір жеке дивизия құру ниеті болғандығы белгілі. Дәл осындай санды әскер болмағанымен әсіресе Шығыс Алашорда әскерінің біршама ұйымдасқан қимыл жасағандығын оның осы салада табысты жұмыстар жасағандығын көрсетеді /25/.

Сонымен Алаш ұлтының әскери жасақтарының құрылуы, оның майдандағы іс-қимылдары қазақ халқының ел қорғау барысында атқарған игілікті істерінің бірінен саналады. Алаш полктерін жасақтау арқылы оның басшы қайраткерлері халықтың жауынгерлік рухын жаңғыртуды көздегені анық. Бұл қиындығы мол да жауапты іс толық жүзеге асырылмаса да алдағы тәуелсіз өмірге ұмтылудың жарқын көрінісі болатын.

Саяси текетірес жолында бар мүмкіндіктің шектеулі екендігі Алашорда жетекшілерін тығырыққа тірегендігі анық. Қалыптасқан ахуалды нақты бағалай білген олар бар ауырпашылықты өздеріне арта отыра, қазақ ұлтының намысын сақтап қалу жолында аянбай

еңбек етті. Алашорда үкіметі мүшелерінің белсенді ұстанымдары, атқарған жұмыстары халқының әр кез жадында. Исі қазақтың тауқыметті тағдыры жолында тер төге еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің озық, ойшыл идеясы еш уақытта өшпек емес. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастауында болған ұлт көшбасшыларының халқы алдында атқарған істері тарихымыздың төрінде және уақыт өткен сайын жарқырай көріне береді.

Алашорда үкіметінің пайда болуы, қызметі және күйреуінің тарихы туралы бүгінде зерттеулер өз жалғасын табуда. 1929 жылы алғаш рет жарық көрген құжаттар жинағынан кейінгі Алаш тақырыбына тиым салынған тұста оның тарихын, деректемелік негізін салуға мүмкін болмаса, соңғы уақыттарда ол туралы нақты пікірлер, тұжырымдар айтылуда.

"Алашорда" үкіметі іс жүзінде бас аяғы бір жарым жылдан артық қана өмір сүргенімен қазақ тарихында өзінің өшпес ізін, орнын қалдырды. Бүгінгі күні бастауын 90-шы жылдардан алған Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметіне қатысты зерттеулер жалғасын табуда. Біз сол зерттеулерді басшылыққа ала отырып, бүкіл әлемдік саяси жүйеге өзгеріс әкелген Алашорда үкіметінің - оның Шығыс, Семей бөлімінің де туын тіккен, болашақ үшін күресте батыл қадамдарымен көзге түскен адамдардың түрлі бағыттағы істерін сөз ете отырып, тәуелсіз - өмір жолындағы осы істердің тарихымызда мәңгі орын алғандығын оның жарқын сәттерге толы болғандығына көз жеткіземіз.

Әдебиет

1 Нұрпейісов Қ. Алаш қозғалысы тарихының деректік негіздері. //Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы.-Алматы, 1995, № 2, 96 б.

2 Қойгелдиев М. Алаш Орда//Егеменді Қазақстан, 1992, 18-қаңтар

3 "Алаш" съезінің ақиқаты. // Жас алаш, 1992 жыл, 17 сәуір.

4 Сайлаубай Е.Е. Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының автореферати.-Алматы, 2001, 32 б.

5 Нұрпейісов К. Қазақстанның шаруалар Советтері. (1917-1920 жж).-Алматы, 1972, -346 б.

6 ШҚО ҚЗТҚО Р-44-қ. 1-т. 7-іс. 36-п.

7 Ижанов З. "Үш жүз" қалай қараланды?// Ақиқат, 1998, № 1.

8 ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т. 1-іс. 111-п.

9 ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т. 6-іс. 67-п.

10 ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т. 126-іс. 2-п.

11 ШҚО ҚЗТҚО 48-қор. 1-т. 96-іс. 21-п.

12 ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т. 94-іс. 100-104 б.

13 Сонда, 72 қор. 1-т. 23-іс. 39-п.

14 Дулатов М. Октябрь төңкерісінің үшінші жылы //Ақиқат. 1998, № 4.

15 Жұртбаев Т. Алаштың арын сақтайық// Қазақ әдебиеті. 1992 жыл, 21 тамыз.

16 Ахмедов Ғ. Алаш "Алаш" болғанда... //Қазақ әдебиеті 1989 жыл, 8 желтоқсан.

17 "Алаш" съезінің ақиқаты.//Жас алаш, 1992 жыл, сәуір.

18 ШҚО ҚЗТҚО 37-қ. 1-т. 126-іс. 126-п.

19 Шаяхметов Н. "Ел бүгіншіл, менікі-ертеңі үшін".- Алматы, 2001, 150 б.

20 Сарыарқа, 1919, № 77

21 Әбсеметов М. Ұлттық әскердің де тарихы бар. //Ана тілі, 1991, 13-ақпан.

22 ШҚО ҚЗТҚО. 37-қор. 1-т. 126-іс. 71-74, 80 б.

23 ШҚО ҚЗТҚО. 48-қор. 1-т, 132-іс. 57-п.

24 Сибирский Вестник, 1918, ғ 56

25 Қозыбаев М.Қ. Аласұрған XX ғасыр (толқыныс, ізденіс, проблемалар) //Казахстан в начале XX века. - Алматы, 1993, 8 б.

ӘОЖ 821.512.122

Б.ЕРДЕМБЕКОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің стратегиялық даму және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры

КҮРЕТАМЫР

Мақала тақырыбына кешегі алаш арыстарынан ьасталатын күретамырдың бір толқынының басында тұрған Рымғали Нұрғали шығармашылығы арқау болған.

"Қай жазушының болмасын талантын қалыптастыратын оның өскен ортасы, алған тәрбиесі, білімі, өмір жолдары. Әсіресе, жас күнгі әсер, балғын шақтағы сезім тайға басқан таңбадай із қалдырады". Бұл - академик Рымғали Нұрғалидың, әрине, ол кезде ғылымға енді ғана ентелей бас сұққан жас зерттеушінің ойы. 1968 жылы шыққан "Трагедия табиғатында" Әуезовтің "Абай" драмасына қатысты әңгіменің басы. Америка аша қоймайтын бұл пікірді неге бісмілләләп отыр дерсіз, айтайын, балғын шақта қағазға түскен пікірді дәл академиктің өзіне қарата, қайыра айтсақ та жарасып тұр.

Абыралының бүгінде аңызынан гөрі қасіреті андыздап тұр. Туған ауылы туралы сөз бола қалса, әлгіндей еміренуден кейін кіржие қалатын қабағына мұң қонып, көңіліне шер шырмалатын қашанда.

Қайнар таудың биігіне ұмтылған қара баланың қиялын Дегелеңнен демде өсіп шыққан саңырауқұлақ бұзғандай. Қызыл империяның қазаққа арнап атырған аждаһа-қызыл күні көзді қарықтырып, артынша жасанды дауыл тұрғанда есті бала Қобыланды биігін таса қылды ма екен, кім білсін? Ежіктеп қайтейік, Рымғали Нұрғалидың Сұлтан ағамызға (Оразалин) ұсынған "Дегелең дерті" деген кітабында мынадай қолтаңба мөлтілдейді: "Сұлтан! Ата қоныстан, аға-бауырдан айырған, ұрпақ тамырына балта шапқан Дегелең дерті - менің ғана дертім емес, сенің де дертің, Сұлтан, еліңнің дерті. Бұл кітапты сол көз жасыңның бір тамшысы деп білерсің. Рымғали".

"Әй, балаларым, інілерім, о заманда, бұ заман, тау өлгенін көрген кісі бар ма, міне, соған да жеттік, менің атамекенім, туған тауым - Дегелең өлген екен, маған көңіл айтыңдар"… "Өлген таудағы" Сапарғалидың сөзі. Рымғали ағамызға жансыз жатқан Дегелең үшін көрген сайын көңіл айтатынмын ішімнен. Ғалым көркем дүниеге көп бармады. Барғандағы оймақтай дүниелерінің түгелі - туған ауыл түндігінің маңы. "Қылмыстағы" дүрбелең көш, полковник Кашкин мен студент Асановтың қилы тағдырлары, перзентін бауырына тарта алмаған өлген тау, қабірін қамдаған Орынғали, сынақтың салдарынан араққа салынған Төлеубек, үш аяқты құлын - бәрі-бәрі Рымкеңнің өзі көзбен көріп, көңіліне түйген жайларының жаңғырығы. Дерті асқынған ауылымен жүрегі бірге сыздаған қаламгер қамау терін қаламға алғызды.

Бір ернеуін Ертіске, бір ернеуін Балқашқа тіреп, Қарқаралыға қарай көсіліп, Шыңғыстауға қисая жантайған ата жұрт - Абыралының қасіретін айтқанда ащы запыран өзекті қаритын. "Елден-ел айрылды, Абыралы ауданы быт-шыт болды, босқыншылық басталды. Кесапат, ауру-сырқау жан-жаққа тарады. Қаз дауысты Қазыбек, Бұқар жырау, Абай топырағы - қазақ халқының киелі топырағы қорлық, зорлық, мазақ астында қалды", - деп күңіренген есіл ердің жүрегі тағы бір шым еткені көз алдымызда.

Төсі тесіліп, қайран дала тулақтай тозып бара жатқанмен рухани құнар тамыры тереңге кеткен ғой, әрін бермепті. "Абайдың сүйегін сынақ

маңынан әкетеміз", - деген әумесер саясаттың әрекетін халық толқыны тоқтатты. Абайды бергізбей, Шәкәрімді құр құдықтан аршып ап, Жидебайға жеткізген елдің жетесін тозаң алмапты. Қазбек би мен Жанақ, Тәттімбет пен Абайдан жалғасқан елдік сана Шәкәрім, Әміре, Алаш мұраттарымен мұнартып жатты жадыда.

Әкесі Нұрғали Байзолдаұлы Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтермен қатар жүрген, Әлихан, Ахмет, Міржақыптарды көріп, сөзін тыңдаған көзі ашық адам еді. Бала Рымғалидың кеудесіне Алаш сәулесін әке тәлімі тәпсірледі.

Қағілез жасқа Жаратқан әу бастан ортаны жақсы сыбағалапты. Кешегі Абайдың ақын, әнші шәкірті Уәйіс елінде, Мұхтар Мағауин, Төлек Тілеухановтармен бір сыныпта оқиды. Бір әріптен қателесіп, алтынның орнына күміс медалін еншілеген ауыл баласы алғашында ауылшаруашылық институтын жағалап көргенмен, көркем сөздің құдіреті көп адастырмады. Әуезов, Кенжебаев, Бекхожин, Кеңесбаев, Балақаев, Нұртазин .... Алматының әдеби ортасы бұлқынған жасты бауырына тартып, болашақ азулы академикті тәрбиелеп жатты. Қасында үзеңгі қағыстырарың болмай, құйрық тістесер қара көрінбегенде Ардакүреңнің де көмбеден көрінуі екіталай еді. Бес жыл бірге оқыған жетпістің тең жарымы аламанға шабар алқымдылар болды. Кейін қаламы қатайғанда жетеуінің қасиетіне арнайы тоқталды. Әбіш Кекілбаев, Сұлтан Оразалин, Қабдеш Жұмаділов тағы басқа замандастар туралы толғап жазды. Ортасы - әдебиеттің қайнаған қара қазаны еді.

Отыз жетіде жаншылған Алаш мұраттары булығып, бұлықсып Әуезов, Кенжебаевтардың кеудесінде жүрді. Әке салған шоқты үрлеп, Р.Нұрғалиевті шын алашшыл қылған ұстазы, рухани әкесі - Бейсенбай Кенжебаев.

"Бейсекең берген тағылым, үлгі-өнеге орасан. Тоталитаризмнің қылышынан қан тамған қаһарлы жылдарда Бейсекең ұлтқа қызмет ету, мансап-дәулет үшін сатылмау, бойындағы барыңды үлкен мақсатқа арнау секілді алаш қайраткерлері мұрат тұтқан ұлы қасиеттерді өзі берік ұстанып, бойымызға сіңіре білді", - деген шәкірт саналы ғұмырында рухани әке аманатын ақтай алды.

Рымғали Нұрғали ғылымға келген уақытта социалистік реализмнің күш алып, әдебиеттегі ұлттық мүдденің мансұқталып жатқан кезі. Алаштану пәні Кенжебаев пәтерінде оқылды.

"Профессор Б.Кенжебаев қиын кезеңде, жабық кезеңде, аттары айтуға болмайтын кезеңде бізге Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларын оқуға құлағымызға оңашада сыбырлап қоятын. Мен сол 1958-1963 жылдар аралығында ерекше рұқсатпен ғана оқуға болатын А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, Х.Досмұхамбетовтың, Ә.Бөкейхановтың еңбектерін профессор Б.Кенжебаевтың ықпалымен, сол кісінің кеңесімен оқыдым деп айтсам, әділет болады", - деп ағынан жарылған Рымғали ағамыз тақырып түренін Әуезовтен бастауы кездейсоқтық емес. 27 жастағы зерттеуші Әуезовтің өзі "бас тартқан" шығармаларын әдеби айналымға түсіреді.

"Осы ретте Мұхтар Әуезовтің 1932 жылғы белгілі хатын кесе көлденең тарта беру орынсыз сияқты" деп түйген Р.Нұрғали "Еңлік - Кебек", "Бәйбіше - Тоқал", "Қарагөз", "Түнгі сарын", "Абай" трагедияларының табиғатын ғылыми тұрғыда анықтады. "Төртінші нұсқа - Шәкәрімнің 1912 жылы Семейде жеке кітап болып басылған "Жолсыз жаза" поэмасы. Ескілікті жақсы білген шежіре ақын Еңлік-Кебек оқиғасы 1780 жылдар шамасында болды деп дәл көрсетеді", - деп ары қарай сол кезде атын атауға тыйым салынған Шәкәрімнің поэмасын еркін талдауға барады. Мәселен, автор басқа нұсқалардан Шәкәрім шығармасының ерекшелігін тануда "...бұрынғы варианттарда жоқ ерекшелік - жас батырдың портреті", - деп мысалдар келтіріп, "...Осы эпизодтан Абай өлеңі мәдениетінің игілікті әсерін байқау қиын емес. Сылдыр сөзден қашып, сурет жасауға, образдылыққа мән беру жағы көзге түспей қоймайды", - десе, келесі бір тұста "автор Кебек пен Еңліктің алғаш жолығысуын бұрынғы нұсқалардағы дәстүрмен шолақ қайырмай, мол, әрі қызықты суреттеген" немесе "Еңлік образын пайымдауда сонылық бар", - деген сияқты сол кезде әлі ақталмаған "халық жауы" - Шәкәрімнің ақындық шеберлігіне әділ баға бере сөйлеу - екінің бірінің бойына дарымаған батылдық-тын. Еңлік пен Кебек оқиғасына байланысты туған бірнеше туындыны зерттеу нысанына алып, кеңестік жүйе қырын қараған тағдыры ауыр трагедияны алғаш ғылыми айналымға түсірген ғалым - Рымғали Нұрғали. "Екеу" деген бүркеншік атпен "Абай" журналында жарияланған "Абайдың өмірі мен қызметі", "Абайдан кейінгі ақындар" деген Жүсіпбек пен Мұхтардың мақалаларына пікір

айтты. Арты белгілі, социалистік реализмнің солақай сыны былай тұрсын, тікелей Қарасартовтың кәріне ұшырады. Бағына ұстазы Кенжебаев Шәкәрімнің түбіне жеткен әбжыланның басына ақ құйып шығарып салды. Алаш рухы ұялап үлгерген екен, Қарасартовтың қаһары дір еткізгенмен жас зерттеушіні жолынан тайдыра алмады. Ғылыми еңбектерінде ғана емес, ұстаздық жолында да Алашты айтудан танбады. Шәкірті Тұрсын Жұртбайды тыңдасақ, ғалым лекцияларында Мағжанның "Түркістанын", "Шойын жолын" жатқа оқып, мұражай қорында жатқан Әуезовтің "Қилы заманымен" таныстырады. Сонау 1960 жылдардың өзінде Алаш әдебиеті өкілдерінің өлеңдерін жатқа айтып, сағаттап әңгіме қылар Р.Нұрғали туралы тебіреніп жазды досы - Қоғабай ағамыз.

Кенжебаевтан кейін "Алаштану курсы" Р.Нұрғалидің үйінде өтеді. Жүсіпбек пен Міржақыптың шығармаларын, Әлихан, Ахмет, Мағжанды уақытынан бұрын осы Рымғали ұстаз арқылы таниды бір топ сәулелі шәкірттер. Сол қарқынмен 1973 жылы "Қазақ драматургиясының поэтикасы" тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Бұл жолы "Күретамырға" (докторлық диссертацияның негізінде жазылған кітап) балта шабылып, арындаған ардакүреңге арқан керілді. Басқасын былай қойғанда кітапта келтірілген Ленинның цитатынан қате іздеп әуреге түскендер ақыры ардакүреңді бақандай он жылға тұсаулады. Бірақ саясаттың тұсауы қаламға жүрмеді. "Күретамыр" (1973), "Өнер алды - қызыл тіл" (1974), "Өнердің эстетикалық нысанасы" (1977), "Поэтика драмы" (1979) сынды еңбектері шығып, ғылыми ортаға тың серпіліс әкелді.

1988 жылы энциклопедияның құлағын ұстап тұрғанда Алаш қайраткерлері Ж.Ақбаев, Ә.Ермековті кітапқа енгізіп саясаттың сынына барлау жасап барып, жоспарға енгізіліп қойған 4-томды тежеп тұрып, Шәкәрім, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтарды енгізген екен шәкірті Мұхтар Құл-Мұхаммедтің сөзіне бақсақ.

Елдің еркіндігімен бірге арда ғалымның ойтұсауы ағытылды. Ардакүрең арындап кетті. Алаш арыстары туралы мақалалар, баяндамалар, жинақтарына алғысөздер, "Әуезов және Алаш", "Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры", "Вершины возвращенной казахской литературы", "Алашордынцы. Алаш и литература", тағы-тағылар…. көп жылғы көкейге тұнған алаш шерінің көбесі сөгіліп жүре берді.

Төл перзентіндей бауырына басқан Алаш тақырыбына қатысты әлдебір іс-шарадан қалыс қалса, алаңдап, елегізіп қалатынын да байқадық. Алаш әдебиеттануы ғылымын алға сүйреп жүрген Ербол Тілешов пен Диқан Қамзабекұлының құрастыруымен шыққан "Алаш қозғалысы" анықтамалығына бел шешіп кіріспей қалғанына күйінген-ді. Бұл кіндігі байланған тақырыбына деген өзгеше құрмет, зерттеген тақырыбына деген ерекше адалдық.

Жазған сөзі мен істеген қарекеті бір жерден шығып жататындар аз. Алаштан жұққан дерт зерттеушіні социализм соқпағынан қиысқа сала берді. Кеңестік идеологияның ызғарына ілінген Б.Соқпақбаевқа араша түсіп, "Өлгендер қайтып келмейдіні" сол уақыттағы солақай сыннан арашалайды. Әбділда туралы жазғанына "Қызыл күрең домбыра" деп ат қойды. Былай қарасаңыз жарасымды, ал сол кезде (1979 ж.) ұлттық иіс аңқып тұр, қауіпті.

І.Есенберлиннің ұлттық мүдде жолындағы қаламгерлік қайратын қаймықпай айтты. Алаш ойлы ақындар - Төлеужан Ысмайылов пен Шәкір Әбенов туралы тебірене жазды.

Сен едің қара тілді, айыр көмей,

Бүгіннің Қаз дауысты Қазыбегі, - деген шәкірті, ақын Несіпбектің баламасында қылаудай қызыл сөз жоқ. Турашыл мінезбен қатар Жаратқан бүлкіл көмей, шешен тілді де көпсінбепті. Жасынан Әуезовтің трагедияларымен "ауырған" Рымғали шабытын шақырған кезде көз алдында бірде кесек ойлы Кеңгірбай, бірде қара сөзді қабарта алар Қараменде би қарауылдар еді. Тура сөйлеп, біраз жақынның көңіліне қаяу түсірген тұстары да аз емес. Көңілі қалған дос-жаранды "Қоян мен шаян" мысалын алға тартып райынан қайтарар Сұлтан ағалар жалғыз. Бетке айтылған ауыр сөзді көтере алмағандардан көз жазып қалған кездері де болыпты айыр көмей ағамыздың.

Ұлтқа жасаған бір жақсы қарекетін көрсе, соны аспандатып, ардақтап жүретін. Әлемге желтоқсан көтерілісін жариялап жіберген М.Шахановтың ерлігіне сүйсінген ағамыз "бүгіннен бастап Шахановтың қойының кезегіне барам", - деп әзілдепті. Әзілінің астарында қаншалықты құрмет жатыр ұққанға.

Мақаланың атауына таңдау түскенде келісті ат қоюдың шебері академиктің өзіне жүгіндік. Күретамыр. Әлихан мен Ахмет, Міржақып пен

Мағжандардан үзілмей тартылған Алаш күретамыры Кенжебаевтан Р.Нұрғалиларға жетті. Алашұлы арқылы тәуелсіз елдің сусап қалған жүлгесіне рухани қан жүгірді…

Абыралыдан жеті жасында еріксіз қоныс аударғанымен дүниеден өтер-өткенінше жаралы ауылдың жабырқау тірлігіне жаны ауырып өтті. Әсіресе, кейінгі жылдары ауылының бұзауы жоғалып, бұтасы оталса да елеңдейтінді шығарды. Шау тартқан сайын туған жердің киесі шақыра бергіштегендей. Алаң көңіл ағаның қасына ауылға бір сапарында Иранғайып (айтыскер ақын) бала еріпті. (Жалпы айтыскерлерді қасына жиған саңлақ еді ғой). Қайнардың қойнауындағы Жақсы Абыралы, Жаман Абыралы, Сұлушоқы, Жалаулы, Жосалы, Жалғызтау, Таңбалытас, Қалмақтас, Мейізек тауларын армансыз аралаған ұстаз бір төбенің басына тоқтап, көк тасты нұсқап: "Мен өлсем, осы тасты апарып басыма қойыңдар деп", аманаттаған екен. Рымкеңнің көңілсіздеу әңгімесінің жалғасын жүрегі қаламаған ақын шәкірт, бірден жұлып алғандай:

"Пәлі, ағатай, зілмауыр тасты қияндағы Алматыға көтергенше, сізді осы жерге әкеле салмаймыз ба"? - деп ағасын ақжарқын күлкіге малыпты. Немере шәкірттің атасымен жарасқан қалжыңы ғой. Қара өлеңнің көкжалына айналып келе жатқан Дәулеткерей ұстазының әлгі аманатын арқалап қос қалаға қойып келді. Рекең өзі көрсеткен екі тастың бірі Кеңсайдағы басында, екіншісі Астанадағы академикке арналып ашылған кабинетінде тұр. Көне дәуірдің суреттері бедерленген көк таста Қайнар қынасының исі бар...

Басында Қобыландының арша жалғыз,
Жете алмай сол аршаға шаршағанбыз.
Айрылып алты алаштың абызынан
Қайғырып талай жылды қарсы аламыз…

Серікзат шәкірттің ұстазын сағынуы… Айтқандай, Қобыланды биігіндегі арша өсіп тұр ма екен? Мәңгі жап-жасыл боп тұруы бек мүмкін, тамыры тасты жарып, тереңге кеткен ғой… Алаш күретамырындай!

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

ӘОЖ 811.512.122

Ш.СЕЙІТОВА, филология ғылымдарының докторы
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі

КЕЙБІР ЭТНОНИМДІК МАҒЫНАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Ғалым ұсынып отырған мақаласында этноимдік бірліктердің тілдік және тарихи ерекшеліктеріне тоқталады. Қазақ тіл білімінде әр қырынан зерттеу нысанына түскен тұрақты сөз тіркестерінің ру-тайпа атауларымен байланысын, этнонимдердің қоғамның даму барысынан, әлеуметтік жағдайынан, тарихи оқиғалардан хабар беретен құнды дерек екендігі турасындағы көзқарастарды бағамдайды.

Тіл білімінің лексикалық қорының мәнді бір қабатын жалқы есімдер құрайды. Жалқы есімдер, яғни ономастикалық мәдени бірліктер күнделікті қарым-қатынаста апеллятивтік (мәнді сөз) қызмет атқаратын, сонымен қатар ұлт тарихынан да хабардар ететін, ұлт мәдениетін зерттеуде таптырмайтын құнды да бағалы мұраның бірегейі. Ономастикалық бірліктердің қазақ ұлтының ұлттық мәдени айшықтарын айшықтаудағы қызмет ерекшелігі - олардың өз бойына этнографиялық, тарихи, лингвистикалық, мәдени деректерді жинаған тілдік таңбалар болуында.

Жалпы этнонимдер, оның ішінде Шығыс Қазақстан аймағына қарасты ру-тайпа атаулары да белгілі бір кезеңдегі қоғамның даму барысынан, оның әлеуметтік жағдаяттарынан, ұстанған ұстанымдарынан, тарихи оқиғалардан көрініс беріп отыратын құнды тілдік дереккөз болғандықтан, кешенді пәндер негізінде, атап айтқанда, тарих, этнология, этнография, лингвистика тұрғысынан зерттеуді қажет ететін мирас болып саналады.

Ономастика жайлы еңбектердің басым көпшілігінде этнонимдер жалқы есімнің бір бөлшегі ретінде танылып, лингвистикалық тұрғыдан терең де жан-жақты зерттеліп келеді. Ол жөнінде Т.Жанұзақов өз еңбегінде былай деп атап өтеді: "Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі этнонимдер материалдары олардың жалқы есімге тән категория екенін толық көрсетеді",- деген пікіріне орай, этнонимдер - зат атауы (зат есім болып есептеледі), сондықтан да олар тілімізде ру аты, тайпа, халық аты деген терминдерге, атауыштық қасиетке ие; ру, тайпа аттарынан жасалған географиялық атаулар (*Майлы шаты, Ділдә өзені, Садыр көлі, Қаратай ауған* т.б.); керісінше, географиялық атаулардан жасалған ру аттары (*Кербұлақ, Найма, Арғанаты* т.б.); кісі аттарынан жасалған ру аттары (*Назар, Жолымбет* т.б.); ру аттарынан жасалған кісі аттары (*Арғын, Керей, Назар, Селебе* т.б.) өте көп. Бұл құбылыс, әсіресе, қазақ тіліндегі ономастика өмірінде жиі ұшырайды. Ал славян тілдеріндегі этнонимдер, әсіресе, орыс халқының халық ретінде танылып, пайда болуы тым әріде болғандықтан ол тілдегі этнонимдер көнеріп, қолданылу белсенділігі төмен сөздер қатарынан орын алған. Т.Жанұзақов өзінің "Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры" деген еңбегінде тілдегі этнонимдер жалқы есімнен гөрі жалпы есімге өткен категория ретінде танылатынын атап өтеді. Ал бүгінгі біз тұтынатын, қолданыстағы этнонимдердің лексика-семантикалық сипаты да, грамматикалық құрылымы да, шығу, пайда болу, даму болмысы да өзгеше, өзіндік ерекшеліктер мен тылсым сырға ие сөздер. Олар күні бүгінге дейін жалқы есімдік мәннен ауытқып, тұтастай жалпы есімдік мағынаға көше қойған жоқ. Қазақ халқын идентификациялайтын бірден-бір көз - этноним атауының аясында шоғырланатын ұлт болмысы сынды пайым-байқау, ұғым-түсініктің бастауы, толыса түсетін арнасы, ел іші әңгімесінің төңірегінде өрбитін қайнар, ол - халық тілінде сақталған этнонимдік аталымдар, олардан туындайтын тұрақты тіркестер. Осы тұрғыдан

қарағанымызда, этнонимдерді жалқы есім ретінде танып, арнайы зерттеудің ерекше мәні зор.

Ғасырлар бойы даналығымен, өміршеңдігімен, қасиеттілігімен өзінің маңызын жоймай келе жатқан халқымыздың тәлім-тәрбиесі - ұрпаққа рухани азық. Халқымыздың тілін, ата салтын, тарихын, ұлттық дәстүрін ұмытып, адамгершілік өресінен табылар құндылықтардың парқы азайған уақытта ана тілінің нәрлі бастауынан, адамның көкірек көзін ашатындай қайнар бұлақтардың арнасын, көзін ашу - тіл қасиетін тұшына түсінуге бастар жол. Тілдегі мың сан мағыналық бірліктерді жинастыра отырып, оларды лингвомәдени, этнолингвистикалық тұрғыдан саралау - алтын сандықтың аузын ашумен тең. Сондықтан да ру-тайпа, олардың табына, танымал адамдарына қатысты тұрақты тіркестерді "тіл - этнос әлемі" тұрғысынан зерттеу - тіл білімінің басты мәселелерінің бірі. Ру-тайпа атауларынан, танымал, белгілі адамдар есімінен қалыптасқан тұрақты тіркестерді жинастырудың бірден-бір көзі - жергілікті жер материалдары, соның ішінде әр рудың, оның тармағының тарихын зерделейтін - шежірелер. Себебі, кез келген шежіренің өн бойынан белгілі бір ұлт пен ұлыстың, тайпаның, рудың арман-мақсатын, аңызға толы жүріп өткен жолын, өнегесін, ұлттық тағылымын, өмірлік дағдысын, ұстанымының т.б. өрнегін көруге болады. Шежіре хронологиялық немесе тек адам аттарының жалаң тізбесінен ғана тұрмайды. Ол сонымен қатар, қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың тарихын, даңқты адамдарын, ізгілік қасиеттерін мадақтай отырып, ұлттың мәдени-рухани болмысын қалыптастыруына да ықпал ететіні белгілі. Ғылымның қай саласында болмасын дереккөз ретінде қарастырылып жүрген және талданып отырған зерттеу жұмысын жазу барысында тарих қойнауынан жеткен материалдарды тілдік тұрғыдан бағамдау барысында қолданылған шежірелер жеткілікті. Соның ішінде аймақтық тұрғыда ұлт тарихын қалыптасқан дәстүр - шежірешілік негізде қарастырған материалдар да жеткілікті. Атап айтқанда, арғын руына қатысты: Ә. Қожахметұлының "Аталар салған даңғыл жол", Т.Рымжановтың "Жалықпас шежіресі", М.Ж. Көпейұлы "Қазақ шежіресі", М. Сәрсекеев "Тарақты және Қаракесек шежіресі", Т. Төлеков "Ұрпаққа айтар сөзім бар", А. Шакенов "Аманат немесе Арғын Қаракесек шежіресі", М. Жанболатұлының "Тобықты - Шыңғыстау шежіресі", Б. Нәсенов "Абыралы - Сарыарқаның кіндігі" еңбектері; -найман руына қатысты: Ә. Садуақасовтың "Тарихыңды танып біл", С. Өзбеков "Мұра", Т. Смағұлұлының "Найман Мәмбетқұл және Ырғызбай әулие әулеттері", Қ.К. Егізбай "Тағылым", Т. Нұрғалиұлы "Ақсуат - ата мекенім", С. Қорабаев "Ақтайлақ би", А. Смайылав "Ғасырлар төріндегі тектілер", Б. Кітапбаев "Шежіре", З. Қайсеновтің "Найман шежіресі", А. Жақыпов, Т. Жирентаев, М. Абылғазиннің "Тоғыз тума тарихы"; А. Жақыповтың "Хан батыр Қабанбай", Қ.Қажығұловтың "Жеті атаң-жарық жұлдызың"; -керей руына қатысты: К.К. Төлемісұлы "Жондағы Жобалай Керей елінде"; -уақ руына қатысты: М. Имашев "Уақтар" // Үш анық (ақпан-маусым) және т.б. зерттеу еңбектерін, шежіре кітаптарды атап өтіп, тілдік дереккөз ретінде қарастыру барысында тың этнонимдік мағыналық бірліктерді іріктеп, тілдік ғылыми айналымға түсіруге болатынын көреміз.

Әрбір тарихи кезең, қоғамдық құбылыстар белгілі бір әлеуметтік заңдылықтармен сәйкес келіп және оның әрбір белесі мен қадамы өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Адамзат баласының ұлттық және этникалық ерекшеліктері тарих пен табиғат дамуының қайталанбас кереметі. Осындай ұлттық және этникалық жағынан танылатын жайттардың бірі - ру-тайпа атауларының тілі мен ру-тайпа атауларына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер. Бізге белгілі кез келген тіркес астарында стереотиптік құбылыс бар. Мысалы: *тарақ найзалы батыр; кең қолтық керей; астындағы атын алты ай іздеген Малтүгел; ұл туса қызай қуанар, гүл өссе қыз қуанар*. Соңғы мысалды алатын болсақ, түздің қатерлі де қиын шаруаларын атқару ер адамның мойнына жүктелген іс екені қалып алған жағдай, ал жаугершілік заманда, үркінді кезеңде ер-азаматсыз отбасы өмір сүре алмас еді, сондықтан қазақ отбасында дүниеге ұл бала келсе, қуаныш еселенеді. "Ұл туған әйелге - күн туады" ел санасында қатталған стереотиптің бір бір көрінісі. "Ұлан-ғайыр, көп" - санада орныққан стереотиптік жайт. Бұл сан *мыңдаған, құмырсқадай қаптаған, жұлдыздай бықынаған* дегенді ойша елестету арқылы жасалған ситуациямен ассоциациаланады, ұласады да, екінші реттегі таңбамен

вербалданған тұрақты тіркес *"аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ"* түрінде беріледі. Символ - әр қырынан танылатын көпқырлылығымен танылатын мәдениеттің тұрақты элементі. Мысалы, *бөлінгенді бөрі жейді; бір рулы ел.* Бейне когнитивтік модель қалыптастыратын таңба, кейіпкерлер мен нысандар: *Айбике, Нұрбике, Айдабол, Ергенекті Уақ, Байыс, Қу дауысты Құттыбай, Тұз еккен Малтүгел.*

Жоғарыда көрсетілген когнитивті модельді ұйымдастыратын бірліктер мен таңбаларға (ассоциация, стереотип, символ, бейнелер) зер салсақ, олардың адамның ойлауы мен түсінуіне, қабылдауына, елестетуіне ықпалы ерекше екенін тануымызға болады. Сондай-ақ сөз мағынасының қалыптасуында да айналамыздағы заттар мен құбылыстардың мағыналық элементінің қызметі айрықша.

Аз сөзбен көп мағына таныта білген қазақ халқының ру-тайпа атауларының қойылуының өзін де үлкен мән жатыр. Мәселен, жоғарыда айтылған тілтанымдағы денотат [1, 66], референт, сигнификат [2, 86] сынды ұғымдар негізінде найман, уақ, қоңырат, қыпшақ, арғын, керей руларының өзіндік аталуы мен белгілерін ажыратып көрсетуге болады. Мысалы найман денотаты - ру атауы, сигнификаты - қазақ арасындағы бірігіп өмір сүрген ру атауы, референті - Алтайдан Балқашқа дейінгі кең байтақ қазақ жерін мекендеген, сегіз арыс, тоғыз таңбалы. Негізгі таңбасы - бақан, ұраны - Қаптағай; уақ тайпасының референті - Ергенекті уақ деп те атайды, ұраны - Жаубасар, таңбасы - ашамай; арғын тайпасының референті - Шығыстан Батысқа қарай Ертіс, Торғай өзендерінің аралығын, Балқаш көлінен шөлейтке қарай мекен еткен. Таңбасы - көз т.б. Керей тайпасының референті - Қара Ертістің басы, Алтай айналасын мекендеген Ашамайлы Керей, Абақ Керей. Ұраны - Ошыбай. Он екі ата Абақ Керей. Жылқы шаруашылығымен шұғылданған. Аталған парадигма аясында қарастырылған жоғарыдағы бір ғана мысалда көрсетілгендей, құрылымдық болмаса жүйелі зерттеулер қазіргі таңда және болашақта да құнды болып есептелетіні сөзсіз.

Ал антропоцентристік парадигма тұрғысынан адам әлемді өзін-өзі жете түсіну арқылы таниды. Дүниені адами призма арқылы танитынымызға көптеген тілдік бірліктер дәлел. Мысалы: *аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ; Ұшасын арқалаған Ақтағыс; ноқта аға; жаныс көп пе, қамыс көп пе?* т.б. Ешқандай абстрактілі теория неге ноқта аға немесе арғынның көптігін аспанға, қыпшақтың көптігін жұлдызға теңеуін, тіпті болмаса Ақтағыстың (кісі есімі) Ұшаны (жер атауы) арқалауын түсіндіре алмас еді. Адамға болмыстағы заттардың өлшемі ретінде өзін сезінуі адамға өз санасында антропоцентристік түйсік түзілім құруын ғылыми деңгейде зерттеуге болатынын көрсетеді. Адам санасындағы, басындағы түйсік түзілімі, оның рухани болмысын, іс-әрекетінің уәжін, құндылықтар дәрежесін анықтайды. Адамның сөзін, сөйлесімін (речь) жиі қолданатын сөз орамдарын зерттеу арқылы болмысын түсінуге болады.

Тілдің мәдени мағыналы ақпаратты жинақтау мен сақтау қызметі тағы бар. Кей бірліктерде бұл ақпарат қазіргі кездегі тілді тасушы имплициттерде жүздеген жылдар трансформациясына жасырылған. Алайда ол бар әрі қызмет жасайды (мысалы, найман тайпасының қыржы табын алсақ, ел ішіндегі қалыптасқан түсінік: ол - малсақ, еңбекқор, бауырмал, бірақ өкпешілдігі де бар, сондықтан болар *қыржи, қыржи, Мәмбетқұл; қисая қалса, қыржы болғаны* сынды тұрақты тіркестер сүйекке сіңді қасиетіне қатысты қалыптасқаны және т.б.) Сонымен, жалпы тіл білімінде, түркітануда, оның ішінде қазақ тіл білімінде зерттеліп, әр қырынан қарастырылып келе жатқан тұрақты тіркестердің жалпы сипаты, ру-тайпа атауларына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестерде көрсетілетін қырлары жетерлік. Қазақ халқының "ғалам бейнесінде" өзін-өзі ұлт, халық ретінде идентификациялауға қатысты мағыналық бірліктер шежіре-тарих, әдебиет-тіл, этнография, этнологияға қатысты тұтас тілдік әлемді құрайды да дүниетаным мен дүниені бағалаудың ұлттық негіздерін қалыптастырады.

Әдебиет

1 Розенталь Д., Теленникова М.А. Словарь - справочник лингвистических терминов. - М.: Наука, 1976. - 87 с.

2 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. - Алматы: Рауан, 1991. - 216 б.

ӘОЖ 070 (574)

А.РАМАЗАН, филология ғылымдарының докторы
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының профессоры

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ТІЛ САЯСАТЫНА ҚАРСЫЛЫҒЫНЫҢ БАСПАСӨЗДЕГІ КӨРІНІСІ

Ғалым кеңестік кезеңдегі баспасөз беттеріндегі ұлттық мүдде, рухани құндылықтар көрінісіне талдау жасайды. Кеңестік тіл саясатына деген қазақ ғалымдарының қарсылығының баспасөз беттерінде көріну жолдары, олардың мазмұндық мәні сынды мәселелер қарастырлған.

Ахаңдар іргетасын қалаған қазақ журналистикасының ұлттың рухын көтерудегі, ұлттық құндылықтарды сақтаудағы, тіптен ұлттық идеологияны қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Қазақ журналистикасының қара шаңырағы - "Қазақ әдебиеті" газеті тіпті мұз құрсаулаған тоталитаризм заманында да ұлт мәселесін көтеріп, ана тіліне араша түскенін, кейіннен осы істері үшін газет ұжымы қуғынға түсіп, мүйізделгенін біреу біліп, біреу білмес.

Жалпы сол тұстағы баспасөзге тән қасиет - сірескен ресмиліктен, күрмелген аударма сөйлемдерден әбден мезі болған оқырманды 1955 жылы қайта шыға бастаған "Қазақ әдебиеті" газеті өзінің қазақы әдеби тілімен, ұлттың рухын көтерер өткір мақалаларымен бірден баурап алады. Ал газеттің 1956 жылғы 22 сәуір күнгі санында жарияланған Р. Бердібаевтың "Ең үлкен мәдени байлық" атты мақаласы өзінің өткірлігімен, батылдығымен, сонылығымен елді елең еткізеді.Талайлардың көкейінде жүрген, бірақ айтуға батылдары жетпеген тіл мәселесінің "Қазақ әдебиетінде" көтерілуі - көзіқарақты оқырманды желпіндіріп тастайды. Оқырманның қопаңдап желпінетіндей, "шынымен осы тақырып қалай көтерілді екен" деп таңданатындай заман еді ол. "Орыс тілін неғұрлым тезірек үйренсек, соғұрлым коммунизмге тезірек жетеміз" деген Хрущев ұранын бетке ұстап, ұлттардың өзара жымдасып, жоғалуын көздеген "бір ұлтты", "бір тілді" Кеңестер Одағы болуға ұмтылып жатқан уақыт еді. Жерде де, көкте де орыс тілі насихатталып, баспасөз беттері "Орыс тілін қазақ мектептерінде оқыту, үйрету жайлы" деген құлаш-құлаш материалдарға толы еді. Оның үстіне, 1955 жылы Қазақ ССР Оқу министрлігі аяқ астынан "Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуды тоқтату" жайлы қаулы қабылдап, елдің еңсесін түсіріп тастаған еді [1]. Сол қазақ тілін оқытуды тоқтатқан министрліктің қазақ мектептерінің жоғарғы сыныптарының негізгі пәндерін - физиканы, математиканы, химияны орыс тілінде оқытуды қолға алуы - жығылған үстіне жұдырық болды.

Кезекті орыс тілін насихаттауға арналған конференцияға редакция тапсырмасымен барған журналист Рахманқұл Бердібаев "тақырыптан ауытқып", кеңестік тіл саясатына өзінің ішкі қарсылығын қағаз бетіне түсіріп, "Ең үлкен мәдени байлық" деген атаумен газет бетінде жариялайды. Р.Бердібаев бұл мақаласында жоғарғы оқу орындарында қабылдау емтиханын қазақ тілінде жүргізу, жоғарғы оқу орындарында қазақ бөлімдерін ашу, қазақ тілді басылымдар қатарын молайту, қазақ тілінде ғылыми термин жасау сияқты қабырғалы мәселелерді көтереді. Сондай-ақ автор жоғарғы оқу орындарына қабылдау емтиханының орыс тілінде өткізілуі, талантты жастардың білім алуына қолбайлау болып отырғанына баса мән береді. Қазақ тілінің мұңын мұңдаған мұндай пікірді 1923 жылдары жүргізілген "жергіліктендіру" науқанынан кейін баспасөз бетінде кездестірмеген оқырман қауым Рахманқұл ағаны қызу қуаттай жөнеледі. Сондықтан Рахманқұл ағаның бұл мақаласын

"жоғары жақтың" қазақ тілінің өрісін қолдан тарылтып, отбасы, ошақ қасы тіліне айналдыру саясатына қазақ халқы тарапынан жасалған алғашқы қарсылық ретінде бағалауымыз керек.

Р.Бердібаев мақаласына жеделдете үн қосқан мақалалар газет бетінде кезек-кезегімен жариялана бастайды. Кейіннен әдебиеттану саласының алтын діңгегіне айналған азаматтар бұл істе ұйымшылдық танытып, айрықша белсенділік көрсеткенін атап өтуіміз керек. Ә.Нарымбетовтың "Ана тілін ардақтайық", М.Қаратаевтың "Қайта қарауды қажет ететін мәселе", Т.Кәкішұлы бастаған топтың "Тіл мәдениеті" атты мақалалары газет бетінде жарық көріп, жұртшылықты сергітіп тастайды.Талайдан бері айтылмай жүрген шерлері тарқағандай, жадырап қалысады.

Бұл мақалаларда көтерілген негізгі мәселелер:

– коммунизмге тез жетуді сылтауратып, ана тіліне мұрын шүйіру тенденциясының бой алуы;

– орыс тілінде білім беретін білім ошақтарында қазақ тілін оқытудың тоқтатылуы;

– қазақ тілін қолданылу аясының тарылуының негізгі себептері көрсетіледі.

Сондай-ақ бұл тақырыптағы "Қазақ әдебиетінің" бастамасын қолдаған, қуаттаған оқырман хаттары редакцияға қарша борайды. Қазіргі кезде мұрағатта тіркеулі тұрған бұл хаттарда газет фактілерін растап, қуаттаушылық басым, тіпті қосымша нақты дәйектермен толықтырулар да жетерлік. Бұл хаттарда қазақ тіліне жасалған қиянат, қазақ халқының ана тілінде білім алуына қойылған кедергілер ашып көрсетілген. Мәселен, Семей облысы, Ақсуат ауданынан жіберілген бір хатта бір жылғы мектеп түлектерінен тек екі-үш жастың ғана жоғарғы оқу орнына түскенін, ал көпшілігінің емтиханнан "құлап қалып", ауылға қайтуына емтиханның орыс тілінде өтуі бөгет болғаны тілге тиек етілген. Ал екінші хатта Павлодар облысының Каганович ауданының "Ермак" совхозының №1 қой фермасында шопан болып жұмыс істейтін қазақ әйелінің 18 жасар ұлының орыс тілін нашар білгендіктен, тіпті трактористер курсына қабылдана алмауын көрсеткен [2].

Сонымен, "Қазақ әдебиеті" газетінің нақты фактілерге негізделген мұндай хаттарды үзбей берудегі мақсаты - қоғамдық пікір қалыптастырып, қиюы қашқан ана тілі мәселесіне "биліктің мойнын бұрғызып", оң шешім табуына мұрындық болу еді деп есептейміз.

Ана тіліне араша түсуді өздеріне міндет санаған азаматтар қазақ жеріндегі тіл саясатының өрескел бұзылуы жөнінде Мәскеуді де хабардар етуді жөн көріпті. Сондай мақсатпен арнайы хат жазылып, сол тұстағы Кеңестер Одағының басшысы Н.С.Хрущевке жолданылады. Авторлары көрсетілмеген, бүкіл қазақ халқы атынан жолданған бұл хатта Қазақ республикасындағы ұлт саясатындағы өрескел қателіктер жіпке тізе көрсетіліп, бұған Хрущевтің баспасөз арқылы жауап беруі талап етіледі:

"Қымбатты Никита Сергеевич!

Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының ірі басшысы ретінде, партияның ұлт саясатына байланысты туындаған кейбір сауалдарымызға жауап беруіңізді өтінеміз.

1. Қазір Қазақстандағы қазақтардың қатары басқа ұлттарға қарағанда, күн санап азайып келеді. Әсіресе, қалалы жерлерде бар-жоғы 15-20 пайыз ғана. Яғни, әр үйде екі-үш отбасынан. Сондықтан біздің балаларымыз тілі шыққан күннен бастап орыс тілінде сөйлейді. Олардың ана тілі - орыс тіліне айналуда. Болмысы қазақ баласының тек орыс тілінде сөйлеуі ыңғайсыз жағдайға қалдырады екен. Қалада да, ауданда да мекеме орысша сөйлейтін болғандықтан, бізде орысша сөйлеуге мәжбүрміз.

Никита Сергеевич! Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай? Бұны қазақ халқының ерікті орыстануы дейміз бе, әлде мәжбүрлі орыстану дейміз бе?

2. Қазақстанда қазақ мектептері болғанымен, қыздар институтын есепке алмағанда, қазақ тілінде білім беретін институт жоқ.

Ал қазақ мектебін бітірген түлектерге институтқа қабылдау емтиханында орыс мектебін бітіргендермен бірдей талап қою орынды ма?

3. Қазақстанда сот, прокуратура неге тек ғана орыс тілінде жұмыс істейді? СССР Конституциясы неге бұзылады?

4. Қазақстанда мемлекеттік тіл неге орыс тілі болып отыр, мемлекеттік мекемелердің қазақ тілінде жұмыс істеуі соншалықты қиын іс пе ? Мәселен, Эстония қызмет тілін ана тілінде жүргізіп отыр ғой. Оларда шағын республика...

5. 1929-33 жылдарда Қазақстанда коллективтендіру дұрыс жүргізілді ме? Халықтың 1/3 бөлігінің ашаршылыққа ұшырауына кім кінәлі?

6. Қазір Қазақстанды Қазақ республикасы деп атаудың өзі дұрыс па? Себебі, Қазақстанға саяхаттап келген шетелдік туристер жергілікті халық - қазақтарды кездестірмей, қайран қалуы мүмкін ғой. Мұның өзі ыңғайсыз жайға қалдырмайды ма?

7. Қазақтардың ата кәсібі - мал шаруашылығы екені белгілі. Кеңес билігі тұсынан бері Қазақстанда мал саны азайып кетті. Мал басын көбейтуге еш шара қолданылмады. Соңғы жылдары жылқыны көбейтуге тыйым салынып отыр. Жылқының дәмді еті - қазақтардың сүйікті асы, ал қымызы - құнарлы сусыны. Сондықтан, сіздің Алматыдағы кеңесте мал басын, оның ішінде қой мен жылқыны қалпына келтіру жөніндегі пікіріңізге ерекше рахмет айтамыз.

Никита Сергеевич! Осы көтерілген мәселелер бойынша баспасөз бетінде жауап беруіңізді өтінеміз .

Қол қоймаймыз, себебі бұл әр қазақтың аузында жүрген сөз [3].

Сонымен, Рахманқұл ағамыз бастаған, ұлтжанды азаматтар қоштаған игі іс жүзеге аспай, орта жолда қалды. Бұған себеп - "советтік шындықты өрескел бұрмалады" деген айыппен мақала авторларының, редакция ұжымының қуғынға түсуі еді.

"Қазақ әдебиеті" газетінің екпінінен, оқырмандардың талқылауға қызу араласуынан билік секем алып, бұл тақырыптағы материалдарды жариялауға күрт тыйым салады. Тіл саясаты ұлт саясатымен өзектес болғандықтан, істің жалпыұлттық қозғалысқа айналып кетуінен қауіптенген сыңайлы. Қалай болған күнде де, биліктің көкейіндегі көп күдіктің бірінің - шұғыл шешім қабылдауға итермелегені шындық.

1956 жылдың қазан айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында бұл мәселе талқыға салынады. Бюро барысында "Қазақ әдебиеті" газеті редакциясының өрескел қателіктері туралы" жабық қаулы (өте құпия айдарымен тіркелген - А.Р.) қабылданып, газеттің жіберген қателерін түзетуге нұсқау беріледі [4]. Іс бұнымен бітпейді. 1956 жылдың 10 желтоқсанында "Республиканың мәдени дамуындағы кейбір мәселелерді бейнелеудегі "Қазақ әдебиеті" газетінің жіберген қателері туралы" тағы бір қаулы қабылданады. Ал 1957 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Жазушылар Одағының жабық партия жиналысында "Қазақ әдебиеті" газеті мәселесі" арнайы қарастырылады [5]. 58 партия мүшесінің 48-і қатысқан үлкен жиынға ҚКП ОК үгіт және насихат бөлімінің бастығы Иванов, "Казахстанская правда" газетінің жауапты редакторы Нефедов, обкомның насихат бөлімінің бастығы Бекмұратов, қалалық аудандық партия комитетінің насихат бөлімінің бастығы Доспанова, ҚКП ОК инструкторлары - Изотов пен Зубарев, "Правда" газетінің тілшісі Куприн, "Казахстанская правда" газетінің тілшісі Мацкевич пен Малиновскийлер баскөз болады.

Шу дегеннен, жазушылар арасындағы партиялық жұмыстың әлсіреуінен, кейбір коммунистердің жауапкершілігін жоғалтуынан "Қазақ әдебиеті" газеті советтік шындықты бұрмалап көрсетіп отыр деп, шүйлігеді. Бас редактор - Сырбай Мәуленов, оның орынбасары Жұбан Молдағалиев, редколлегия мүшелері саяси болжамсыздық танытты, советтік құрылысқа жала жабатын материалдар жариялап, саяси қате жіберді деп, түйіледі. Ең бастысы - өздері ғана адаспай, оқырманды да адастырып, ұлы орыс халқымен арадағы достыққа сызат түсірді деп, кінәлайды.

Таяқтың басы - мақала авторлары Р.Бердібай мен Т. Кәкішұлына, М. Қаратаевқа тиеді. Олардың мақалаларында көрсетілген фактілерді ойдан шығарылған, қиялдан туған деп айыптайды.

Қазақстан Жазушылар Одағының партия комитеті "маңызды мақалалар бұдан былай редколлегия рұқсатымен ғана басуға ұсынылсын, редакция жоспары алдын-ала көрсетілсін, редколлегия құрамы өзгертіліп, дайындығы мол адамдармен толықтырылсын" деп қаулы қабылдайды.

Сонымен, түйілу мен шүйлігудің соңы жаппай төпелеуге ұласады. "Социалистік Қазақстан", "Казахстанская правда", "Қазақстан коммунисі" сынды партиялық басылымдарда "Қазақ әдебиеті" газетін "сойып салу" басталады. Бәрінің мақсаты - "Қазақ әдебиеті" газеті ұжымының кемшілігін бетіне басып, қателігін мойындату, қалыс басқан қадамын түзету.

Аталмыш басылымдар беттерінде: "Қазақ әдебиеті" газетінің Қазақстанда қазақ тілі жөнінде бейне бір озбырлық болып отыр деген, қазақ еңбекшілерінің мүдделері мен тілектерін ескерушілік жоқ деген, мал шаруашылығында және республика халық шаруашылығының басқа

да салаларында қазақ тілін білмейтін мамандардың жұмыс істеуі қолайсыз деген, бейне бір "ұлтшылдықпен" қорқытушылық және лениндік ұлт саясатының принциптерін бұзушылық бар деген пікірлері де әрі дәлелсіз, әрі зиянды" [6] деген пікірлер үздіксіз жарияланды.

"Бұл істе де" әсіре сақтық жасап, билік көзіне түсуді көздегендерде кездеспей қалған жоқ. Әсіресе, сол тұстағы "Социалистік Қазақстан" газетінің редакторы Қасым Шәріповтың редакция қоржынына келіп түскен материалдардың ішінен "Қазақ әдебиеті" көтерген мәселелерді қолдап жазғандарын іріктеп, "қоңырау тағып", ЦК-ға жіберуді әдетке айналдыруы - "іріліктен" болған іс емес екендігі ақиқат [7].

Партияның жас ұлтшылдармен күресі газеттің бас редакторы С. Мәуленовтің, оның орынбасары Ж. Молдағалиевтың, жауапты хатшы Т. Абдрахмановтың қызметтен босатылуымен аяқталады. Ал ана тілі мәселесін газет бетінде алғаш көтерген сын бөлімінің меңгерушісі Р.Бердібай жұмыстан да, партиядан да шығарылады.

Қазақ зиялыларының кеңестік тіл саясатына баспасөз бетіндегі қарсылығы осылай басып, жаншылды. Кеңес үкіметі жиі қолданған "басып, жаншу", "тірідей тұншықтыру" әдістері қазақ елі тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана түпкілікті жойылды.

Әдебиет

1 Языковая политика в Казахстане (1921 - 1990 годы): Сб.документов. сост. М. К. Айбасова, Р.К.Имажанова, Г.Т.Исахан, Б.Ж.Кабдулашев;Пред. М.Ж. Хасанаева. - Алматы:Қазақ университеті, 1997. - 225 б.

2 ҚР Президенті мұрағаты. 708 - қор, 29 - тізім, 1395 - іс. 219 -223 бет.

3 ҚР Президенті мұрағаты. 708 - қор, 29 - тізім, 1395 - іс, 244- 246 бет.

4 ҚР Президенті мұрағаты. 708 - қор, 29 - тізім, 1395 - іс, 236 - 237 бет.

5 ҚР Президенті мұрағаты. 708 - қор, 29 - тізім, 1395 - іс, 294 - 297 бет.

6 Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік7 //Қазақ әдебиеті. 1957, 1 февраль, №5

7 ҚР Президенті мұрағаты. Қ - 708, т. - 29, іс - 1395, 21-140 б.

ӘОЖ 821.512.122

А.СМАҒҰЛОВА, филология ғылымдарының кандидаты
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті жанындағы «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Қ.МҰХАМЕДХАНОВ ЖӘНЕ ТЕКСТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада автор Абай шығармаларының мәтіндік бірізділігін айқындаудағы Қ.Мұхамедхановтың ұстанымдарына талдау жасайды. Сонымен қатар зерттеу нысанына Шәкәрім, Махамбет өлеңдерін оқуда жіберіліп жүрген қателерді нақты тарихи деректер арқылы негіздеген Қ.Мұхамедхановтың еңбектеріне тоқталады.

Рухани құндылығымызға айналған ұлы ақын Абайдың мұраларын тану жолында абайтану сынды ғылым қалыптасты. Бұл саланың негізгі зерттеу нысанасы болып отырған Абай мұрасын тану, бағалау бүгінге дейін үздіксіз зерттелу үстінде. Абайтану ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі - ақын шығармаларының мәтіндік бірізділігі.

Текстология - қазақ әдебиеті тарихының сыни көзқарастарында назарға ілінбеген, Қ.Мұхамедханов негізін салған ғылыми сала. Әрине, ұлы ұстазы Әуезовтің ақыл-кеңесімен туындаған еңбек. Қ.Мұхамедханов негіздеген Абай шығармаларының мәтіндік бірізділігі мәселесі күні бүгінге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. З.Ахметов, С.Қирабаев, М.Мырзахаметов сынды ғалымдар жалғастырып, тереңдеп із салғанымен де түзеу жұмыстары қайырылып бітті деп те айта алмаймыз. "Тегінде Абай шығармаларының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз" деген ұстаз өсиетіне берік Қ.Мұхамедханов Абайдың бар сөзінің кенеуін кетірмеуге үндейді, өзі осы жолда бар ғұмырын сарп етіп, үзбей еңбектеніп кейінгі ұрпаққа өшпестей өнеге бола білді.

Абай шығармаларының текстологиясы - 1951 жылы Абай мұраларын тану, зерттеуге қатысты әдебиетімізде полемика тудырған күрделі де, іргелі тақырыптардың бірі. Абайтану саласының өсу жолындағы түйіні көп мәселелерден тұратын ақын мұраларының текстологиясын зерттеу осы кезеңнен бастап жаңа белеске, жаңа мазмұндық сапаға көтерілді.

Ақын шығармаларының кезекті бір басылымы 1954 жылы екі томдық болып жарыққа шықты. Бұл ақын шығармаларының алтыншы рет баспа жүзін көрген, әрі ұлттық әдебиеттану ғылымында көп сынға ұшыраған жинағы еді. Жинақтағы қателіктер мен өзгерістерді ортаға салған мақалалар легі де баспасөз беттерінде жариялана бастады.

Қ.Мұхамедханов бұл тұста жалпылай шолған өзге сыншылардан айырмашылығы мәтін түзу мәселесінде ғылыми негізді пікірлермен ерекшеленеді. Зерттеуші ғалым: "Ақынның өз қолжазбасы сақталмағандықтан, Абай жинағын баспаға әзірлеуде 1909 жылы шыққан кітапты, Мүрсейіт қолжазбаларын текстологиялық негіз ретінде алу дұрыс. Бірақ, ол жеткіліксіз. Оның себебі, ол кезде Қазақстанда полиграфия базасының болмауы, баспасөз мамандарының жоқтығы сапалы болып шығуын қамтамасыз ете алған жоқ -[1] деп Абай шығармаларының мәтінін түзудегі кемшіліктердің орын алу себептерін айқындайды.

1954 жылғы шыққан Абай жинағының текстология мәселесінде кемшіліктердің мол болуына әсер еткен басты себептер: 1909 жылы Петербург қаласында басылып жатқан Абай шығармалары корректурасының Семейде жүргізілуі, ескі араб әрпімен басылған жинақта қазақ сөздерінің дәл берілмеуі, грамматикалық ережелердің сақталмауы. Сонымен бірге, аталған

академиялық жинаққа Мүрсейіт қолжазбалары бірден-бір текстологиялық негіз етіп алынады. Анығында, Мүрсейіт қолжазбалары - Абай шығармаларының түпнұсқасы емес, ел аузында жүрген ақын шығармаларының нұсқасы. Ақын мұраларындағы текстологиялық кемшіліктерді тек аталған екі жинақпен салыстыру жеткіліксіз екендігін "біз Абай шығармалар жинағының текстологиялық кемшіліктеріне тоқталмақ болғанда ақынның алғашқы өлеңдер жинағымен, Мүрсейіт қолжазбаларымен қатар, Абай шығармаларын көшірген басқа адамдардың да қолжазбаларын пайдаландық (мысалы, Оразке, Р.Жандыбаев т.б.). 1954 жылдан бұрынғы шыққан Абай жинақтарын баспаға даярлауда істелген текстология жөніндегі еңбектерді еске алдық. Абай өлеңдерінің көпшілігін ертеден жадында сақтап келген адамдардың мағлұматтарының (Мәди Әсенов, Әкімәл Мамырбаев, Сапарғали Әлімбетов, Әрхам Ысқақов, Рахымжан Мамырқазов т.б.) бағалы дегенін пайдаландық. Ең ақырында негізгі шешуші дерек - Абайдың өз шығармалары болады" [1],- деп Қ.Мұхамедханов өз зерттеуінің мақсатын көрсетеді.

Аталған жинақтағы текстология туралы мақаласынан өрбіген ой-пікірлері ғалымға тереңдеп зерттеуге негіз болып, кейіннен көлемді зерттеу еңбегінде көрініс берді. Соның негізінде, 1959 жылы зерттеушінің "Абай шығармаларының текстологиясы жайында" атты еңбегі жарық көрді.

Идеялық мазмұны, көркемдігі астасып жатқан ақын шығармаларында бөтен сөздің кездесуі оны мазмұн жағынан да, өлеңдік қисын жағынан да ойсыратып тұрары сөзсіз. Қ.Мұхамедхановтың ақын шығармаларындағы текстологиялық мәселелерге арналған зерттеуі - аталған саладағы күні бүгінге дейін құнын жоймаған бірден-бір жалғыз туынды. Ғалым айғақты деректерімен ақын өлеңдерінің бұрмаланып берілген тұстарын, арасына енгізілген сөздерін дәлелдеп берді. Сөздің бір әрпі түсіп қалса да, айтылар ойға көлеңке түсіріп, мәтіннің айқындылығын солғындатады. Абай шығармаларындағы осы тәрізді заңсыз өзгертулер Қайым Мұхамедханов назарынан тыс қалмады. Мәселен, Абайдың "Алланың өзі де рас, сөзі де рас" өлеңінің бесінші шумағы 1909, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарында

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

-деп берілген. Қ.Мұхамедханов: "біз өлең жолын былайша оқысақ, Абайдың өзіндік түп нұсқасын қалпына келтіреміз деп берік сенеміз:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы осы деп ғаділетті"

-деп түзету енгізеді. Себебі өлеңде жаратушы алла тағала туралы сөз болғандықтан "ғаділет" сөзі "әділетті" дегенге қарағанда анағұрлым мағыналық аясы кең. Әрі "ғаділет" сөзі - алланың біден-бір ақиқат кітабы болып танылған құран кәрімнің сөзі. Біздіңше, текстолог осы шумаққа өзгеріс енгізуде осындай қисындарды ұстанған. Дәлел ретінде келесі шумақтағы (алтыншы шумақ)

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп тахиқ біл

-деген жолдарды негіз етеді. Осы өлеңнің 9-шумағындағы "дүние" сөзі өлең шумағының мағынасына нұқсан келтіріп тұрғандығын айта келіп: "Бас жоғары жаралған, мойын төмен, Қарашы дене біткен ретімен" нұсқасы дұрыс. Абай бұл арада дүниенің құрылысын айтып отырған жоқ, адамның дене мүшесінің рет бітімін айтып отыр. Бұл пікірімізді осы өлеңнің бірінші жолы тапжылтпай дәлелдеп тұр",- дейді текстолог. Сонымен қатар, зерттеуші аталған өлеңнің екінші шумағының соңғы жолындағы (Жарлықпен ол сіздерге сызды өлер ме), тоғызыншы шумағының 4-жолындағы (Иман білмей тағатты қабыл демен) теріс икемдеулерді ақын жинақтарымен (1909, 1945, 1954) салыстыра дәлелдейді.

1954 жылғы жинақта ақынның "Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол" деген өлеңіне берілген түсінікте: "өлеңнің тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша басылды",- делінген. Аталмыш өлең шумақтарының мәтінін анықтауда біресе Мүрсейіт қолжазбасына, біресе 1909 жылғы жинаққа сүйенген. Соның негізінде, ақын шығармалары негізсіз өзгертілген. Мүрсейіт қолжазбасына сын көзімен қарап, Абай өлеңінің мазмұнын негізге ала отырып, ғылыми түсінік берудің орнына, ешбір негізсіз құрғақ мақұлдай салғандығын текстолог Қ.Мұхамедханов батыл айта отырып, "шынында, "Бұрынғы жақсылардан қалған мирас" ("Бұрынғы жақсылардан қалған өрнек" емес) деген жол түпкі нұсқаға жақын",- дейді. Текстологтың пікірінің негізгі дәлелі - ақын айтып отырған халықтың ежелгі ел дәстүріне,

тұрмыс салтына байланысты туған өлең-жыр, тақпақ, мақал. Абай ақын "мирас қалған" деп қазақ халқының өлең-жырды, шешендік сөзді "өнер алды - қызыл тіл" деп бағалайтынын, ұрпақтан ұрпаққа мирас-мұра болып қалып келе жатқан халықтың бай ауыз әдебиетін айтып отыр. Дүниеге мирас келген күннен бастап мәңгілік сапарға аттанар кезге дейінгі адамзат өмірі өлеңмен өрілген. Ұлы ақын: "Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең",- дейді. Ұрпақтан ұрпаққа мирас болып жалғасып келе жатқан өлең - адам өмірінің мәні. Бұлай деуіміздің тағы бір дәлелі - өлеңнің екінші шумағындағы "өлеңсіз солар қызық бола ма гүл" деген жол.

Аталған өлеңнің оныншы шумағының екінші тармағы бұрынғы басылымдарда:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау

-деп басылып келген. 1954 жылғы басылымда институт қызметкерлері қате деп есептеп:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау
Өлеңі бәрі жамау, бәрі құрау

-деп түзеткен.

Абай Шортанбай, Дулат, Бұқарлардың ақындығын жоққа шығарып, өлеңдерінің "бәрі жамау, бәрі құрау" деп олардың ақындығына мүлдем шек қоймайды. Өлеңдерінде кездесетін идеялық және көркемдік кемшіліктерін сынайды. "Кемшілігі әр жерде -ақ көрінеу тұр-ау" деген жолдың өзінен-ақ ақынның барлық шығармаларын жоққа шығармай, тек кездесетін кемшіліктерін ғана сынап отырғанын анық аңғарамыз. Болмаса "кемшілігі бар жерде көрінеу тұр-ау" деп үзілді - кесілді айтудан Абай жасқанбаса керек" [1,26]. Бұл ойымыздың келесі бір дәлелі әдебиет зерттеушісі Б.Кенжебаевтың төмендегі пікірі: "Ойымызша, бұл түзету орынсыз, қате. Себебі, Абай институт қызметкерлері ойлағандай, нигилист болмаған, өзінен бұрынғының бәрін жаман, зиянды, керексіз деп білмеген. Қайта тарихта бұрынды-соңды болған әрбір классик ақын секілді, өз халқының бұрынғы мәдениетін, соның ішінде өзінен бұрынғы ақындардың өлеңдерін қадірлеген, мұқият тексерген: оның жақсысын да, жаманын да білген, таныған. Жақсысынан үлгі алып, жаманын сынаған. Сондықтан, оның "Бәрі жамау, бәрі құрау" деуі мүмкін емес. Тек "Бірі жамау, бірі құрау" деуі ғана мүмкін" [2,167].

Ақын өлеңінің бойындағы осы сынды ақаулар өлеңнің көркемдік кестесін, ойлы, күшті әсерлілігін солғындатары сөзсіз.

"Болыс болдым мінеки" өлеңіндегі

Алқыны күшті асулар,
Ноқтаға басы кірілді

-деген жолдардағы "кірілді" сөзін тестолог "керілді" деп түзейді. Яғни,

Алқыны күшті асулар,
Ноқтаға басы керілді

-деп оқысақ, түпнұсқаны қалпына келтірген болар едік деген пікір қорытады Қ.Мұхамедханов. Осы өлеңнің соңғы жолдары 1945, 1954 жылғы баспаларда:

Көрмей тұрып түсеміз,
Темір көзді сарайды

-деп жарияланған. 1954 жылғы жинақта төмендегідей түсінік берілген: "1909 жылғы жинақта: "Көрмей тұрып құсамын" деп басылған жол Мүрсейіт қолжазбасы бойынша: "Көрмей тұрып түсеміз" деп басылды" [2,274].

Берілген түсініктің өзі түсініксіз, нақты емес. "Темір көзді сарайды, яғни түрмені көрмей тұрып "құсамын" не болмаса, түрмені көрмей тұрып "түсеміз" деген сөздер ақынның айтпақ ойын бере алмайды, тіпті өрескел мағынасыздыққа соқтырады.

"Біз бұл жөнінде өлеңнің мазмұнына және Абайдың басқа өлеңдеріндегі сөз қолданыстарына сүйене отырып, жорамал (гипотеза) жасап "құсамын", "түземіз" деп қате басылып жүрген сөздерді түзеп, былайша оқыр едік:

Көрмей тұрып күсемін
Темір көзді сарайды.

"Күсемін" беземін деген мағынада. Яғни темір көзді сарайды көрмей тұрып-ақ зәрем ұшады, одан беземін деген түсінік береді" [1,29-б.],- дейді Қ.Мұхамедханов. Оған дәлел ретінде зерттеуші "күсемін", "күспек" сөзінің ақынның өзге өлеңдерінде де (Соры қалың соққы жеген пышанамыз, Қайтып суып, жалғаннан күсе аламыз) кездесетінін ескереді. Осы контексте де "күсемін" сөзі "беземін" деген мағынада қолданылғандығын айтады. 1909 жылғы басылымда "құсамын" деп басылған, баспа орны "күсемін" сөзінің мағынасын түсінбей, түзеп жіберуі де мүмкін. Ал кейінгі басылымдарда осы "түзетуге" ғылыми мән берілмей мағынасыздыққа әкеліп соқтырған. Текстолог пайымдаған бұл дәлелдеу, бұл түзету өлең жолдарына айқын ұғым береді, алғашқы қалпына келтіреді.

Аталған өлеңнің ("Болыс болдым мінеки") бір тармағы 1954 жылғы басылымда "Өзі залым,

зәкүншік" деп берілген. Осы түзетілудің қате, негізсіз екендігін, тармақтың алдыңғы жолында: "Тауып алып жалғанын, Қылмысыңды сынайды" болып келетіндігін айта келіп ғалым Б.Кенжебаев: "сынаған қылмысы тек "өзі залым, зәкүншік қана болмай, "ұры залым, зәкүншік" болуға тиісті" [2,167],- дегенде ғана, тармақ мағынасы толық ұғынуға негіз болатындығын айтады.

Абайдың "Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман" өлеңінде кездесетін "мен қазақтан кегіңді әперем деп" деген жолдардағы "әперем деп" тіркесі кейбір жинақтарда "әпперем" болып басылған. Осы етістіктердің (әпперем// әперем деп) қайсысы түпнұсқа. Қайсысы дұрыс деген мәселе жөнінде де ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер бар. Мәселен, М.Сәрсекеев бұл екі етістіктің мағына жағынан еш айырмасы жоқ екендігін, екеуі де алып беремнің қысқарған түрі екендігін айта келіп: "әперем жымын білдіртпестей, қосылып бірігіп кеткен. Құлаққа естілуі, жетуі жағынан бұл жерде "әперем" әлдеқайда ойнақы. Шумақтың алғашқы жолдарындағы "көп берем деп, тек берем деп" ұйқастарына барып қиюласқанда, "әп" өз алдына мағыналық үнге ие болады" [3],- деп қорытындылайды.

Ал, осы етістіктердің текстологиясы жөнінде Қ.Мұхамедханов "өлеңнің басқы екі жолында: "көп берем деп", "тек берем деп" келе жатқан өлеңнің екпінді, әсерлі ұйқас, ырғағы соңғы жолға келгенде "әпперем деп" делініп әлсіреп тұр" [1],- дейді. Сонымен қатар, текстолог осы етісітктің 1909 жылғы жинақта "ап берем" деп басылғандығын айтады. Аталған өлең бойындағы "мал берсем" (ет берсем емес), "жанын сатқан" (арын сатқан емес), "шертиген" (шіренген емес) сынды ауытқуларды да зерттеуші 1909 жылғы жинақпен, Оразке қолжазбаларымен салыстыра қарап, дәлелдейді. Ақын қаламынан туындаған өлең жолдарындағы осы сынды ауытқулар, өзгерістер шығарма мазмұнына нұқсанын тигізбей қоймайды, әрі оның әсерлілігін де солғындата түсері түсері сөзсіз. Мәселен, біз сөз етіп отырған текстологиялық зерттеуде осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін, 1954 жылғы академиялық толық жинақты алып, 1909 жылғы жинақпен, Мүрсейіт, Оразке, Р.Жандыбаевтардың қолжазбаларымен тікелей салыстырып, дұрыс, бұрыс жақтарын нақты айғақтармен дәлелдеп отырады.

Абай өлеңдеріне түсінік жайында да Қ.Мұхамедханов өз зерттеуін жүргізді. 1977 жылы жарыққа шыққан ақын шығармалары жинағының түсіндірме сөздерге жүргізген тексерулері жайында зерттеуші мынандай толғақты мәселелерді көтереді: кездесетін түсініксіз сөздер, адам есімдері талдап көрсетілуі қажет.

Өз зерттеуін осындай талап негізінде жүзеге асырған зерттеушінің ғылыми тұжырымдары бүгінде де бағасын жойған жоқ. Мәселен, "Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да" өлеңіндегі:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда

-деген жолдардағы "жыға" сөзіне 1977 жылғы жинақта: "жыға - дулығаның артынан қаптап қоятын зат" - деп түсінік берілген. "Жыға дулығаның артынан қаптап қоятын зат емес, батырлардың дулығасының төбесіне шаншылта қадап қоятын зат болады. Егер жауы жеңіліп қалса, жау жығасы жығылды, не жаудың жолы болмаған шақта, жау жығасы қисайды деп, жау басына түскен істі оның жығасына ауыстырып айтатын қазақтың дәстүрлі сөзі болғаны белгілі. Ал, жыға деген сөздің өзіне келетін болсақ, бұл сөзді орыс ғалымы А.З.Будагов былай түсіндіреді: "жыға-пук перьев, султан, носимый на чалме или на шапке, перья на шапке, носимые храбрыми войнами".

Қ.Мұхамедхановтың талдауына сүйенсек, Абай "бастан жыға қисайғанда" деп адамның басынан бағы таюды, басына іс түсуді ақын тілімен бейнелеп беріп отырғанын түсінеміз. Кемеңгер жазушы М.Әуезовтің "Еңлік-Кебек" пьесасындағы: "Есен батыр бұл күнге дейін Найманның батыры болса, қазірде Тобықтының жығылған жығасын қайта тұрғызған Найманның бір шіріген жұмыртқасы" -деген жолдар да Қ.Мұхамедханов тұжырымының дәлелі болмақ.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Б.Кенжебаев ақын өлеңіндегі "жыға" сөзіне былайша түсінік береді: "Жыға - дулығаның темірден, болаттан жасалған құйрығы. Ол дулыға мен сауыт арасын жалғап, мойынды жауып тұрады. Жыға қисайса, батырдың желкесі жалаңаш қалады. Жау оны желкеден шауып өлтіреді" [2,337]. Яғни, зерттеушінің ойы пайда үшін әркім жолдас, бірақ бірге өлетін дос сирек дегенді айтып отыр деген пікірге саяды. Ақын өлеңдерінің толық жинағының сапасын арыттыратын мұндай ғылыми түсініктер жасау - кез-келгенннің қолынан келе бермейтін күрделі дүние.

Шәкәрім шығармаларының текстологиясын бастаған да Қ.Мұхамедханов. Ғалым: "Шәкәрімнің асыл мұрасын мүлтіксіз жариялап, халыққа кіршіксіз жарқыратып жеткізу - біздің аса жауапты, әрі құрметті борышымыз",-дейді.

Осындай борышты ар алдында, ұрпақ алдында міндет етіп қойған зерттеуші "Құдай деген сөзден құдай сақтасын" атты мақаласын жариялайды [4]. Мақала 1988 жылы "Жазушы" және "Жалын" баспаларынан шыққан ақын шығармаларының жариялану кейпін, 1912 жылғы "Қазақ айнасы" жинағымен салыстыра отырып, әрі текстологиялық, әрі хронологиялық талдау жасауға арналған. Бірер мысал:

Құдайдан жарлыққа деп жәрдем сұра,
Сен талайды қылдың біле тұра.
Аяғыңды аңдап бас өлім таяу,
Қарсы алдыңда дайын қазған ұра.

-дейтін төрт жол өлең "Жазушы" баспасынан шыққан жинаққа енбей қалған (Құдай деген сөзден сескенген болу керек).

"Қазақ айнасында" екінші өлең (4-бет)

Көкіректе толған шер, көңіл қаяу,
Ермейсің деп елім жау, досым баяу.
Сүйер кісім, сүйенер жақыным жоқ,
Бір өзіңе сыйындым, бар құдай -ау

-деп басталса, "Жинақта" бұл бір ауыз өлең мүлде жоқ. Бұл өлеңде де "құдай" деген қорқынышты сөз тұр ғой.

Немесе, "Дін" атты өлеңінің (263-264 бет) оныншы шумағын жеке-жеке оқып көрейік:

Жердің (?) жүзін дәл тауып,
Ешбір дін жоқ орныққан-депті.

Бұдан ешнәрсе түсінуге болмайды. Бәрін бүлдіріп тұрған "жердің" деген бөтен сөз. Шәкәрім жазған түпнұсқа мынау:

Жардың жүзін дәл тауып,
Ешбір дін жоқ орныққан
Бәрінде де бар қауып,
Дін көбейді сондықтан

-дейді ақын. Ақынның "Жардың жүзін дәл тауып" деп отырғаны: хақиқатты, шындықты дәл тауып дегені" ақын шығармаларын "бөтен сөзбен былғап, өңін айналдырып", шырқын бұзып" алуда кеткен қателіктерге ғалым архив құжаттарын парақтай отырып, аса ыждағатттылықпен, мұқиятылықпен талдау жасайды.

Махамбет өлеңдерінің басылу тәртібі өлеңдердің, жеке сөздерді әр жинақта түрліше берілуі, мәтіндік талдаудың дұрыс жүргізілмегендігі жөнінде де ортаға ой салып, зерттеу жүргізген - Қ.Мұхамедханов. "Семсер жырға сергек қарайық" атты мақаласында ғалым Махамбеттің 1925 жылдан бері басылып шыққан сегіз жинағындағы өлеңдердің берілу жолдарына талдау жүргізеді. Текстологиялық талдау дұрыс жүргізілмегендіктен ақынның әйгілі деген өлеңдерінің де идеялық мазмұнына, көркемдік сапасына нұқсан келіп тұрғандығын айтады зерттеуші. Бұл жерде зерттеушінің әйгілі деп отырғаны - "Ереулі атқа ер салмай" өлеңі. Ерулі ме, ереулі ме деген сауал зерттеушілердің арасында аз дау тудырған жоқ. Бұл жөнінде Ғ.Мүсірепов: Махамбет жырларының 1925 жылы Ташкентте араб әрпімен шыққан кітабында ереулі деп қате басылған (яғни, емле қатесі) әйтпесе өлеңнің екінші жолындағы егеулі деген сөзге ұйқасымы үшін қолдан өзгертілген, яғни жасанды сөз деп ұғу қажет. Дұрысы - ерулі атқа ер салмай, "Шайырдың" құрастырушысы оған "ерулі ат мінбей сақталған ат" деп, дұрыс түсінік берген. Бұл - еш талассыз, басы ашық мәселе, кейбіреулер мұны тышқанкөкпарға салып жүрсе басқа кәсіп таппағаны-да" [5], -дей келе, 1974, 1979 жылдарда Б.Аманшин құрастырған ақын жинағында "ерулі" сөзінің дұрыс берілгендігін де ескертеді. Бұл мәселе төңірегенде Қ.Мұхамедханов "Шаир" жинағында (қазақ ақындарының басты жырлары) аталған өлеңнің берілу жолдарымен салыстыра отырып, ыждахаттылықпен зерттеу жүргізеді. "Шаир" жинағында тұңғыш жарияланған Махамбет өлеңіндегі қалың оқырманға түсініксіз болар деп ойлаған сөздерге түсінік берілген. Осы түсініктерді негізге ала отырып, текстолог бұрмалауға түскен ақын өлеңдерінен мынандай сәйкессіздіктерді анықтайды: "Еңкейіңкі жер шалмай (1925 жылғы жинақта), ал "Шаирда" "Еңку-еңку жер шалмай". Қазақ жер туралы еңкейіңкі жер, болмаса шалқайыңқы жер демейді. Немесе, "Тебінгі терге шірімей, терлігі майдай ерімей" (1925 жылғы жинақта), ал алғашқы жариялнымда ("Шаирда") "Тебінгіні терге шірітпей, Терлікті сүттей іріткей" деп басылған. 1925 жылғы жинақта "Терлігі майдай ерімей" деп ақынның аса нанымды, айқын тұрған сөз образдары ақылға қонбайтындай болып, өрескел бұрмаланған. Шынында да, жабағыдан жасалған терлік (потник) аттың ащы тері сіңе-сіңе сүттің ірігені сияқты іриді. Қалың жабағы терлік еріген май сияқты, сұйық затқа айналып кетпейді, іртік-іртік болып, іріген сүт секілді күйге түседі" [6].

Абай шығармаларының мәтіндік бірізділігін

анықтау - абайтану ғылымының үлкен тарауы. Қ.Мұхамедханов негіздеген мәтін ақын мұраларының толық мағынасындағы текстологиялық үлгісі болып табылады. түлкі" деп оқуға толық негіз бар екендігін дәлелді берген. Абай туындыларының төл нұсқасын қалпына келтіру ісінің жүлгесін салып, жүйесін жасауда Қайым Мұхамедханов еңбегі қашанда негізге алар ақиқат.

Әдебиет

1 Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы. - А.:Қазмемкөрәд баспасы, 1959, -144 б.

2 Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. (Құрастырып, алғы сөзін жазған Қ.Ергөбек).- Алматы: Ана тілі, 2004, -344 б.

3 Сәрсекеев М. Абай шығармаларының текстологиясы жайында //Әдебиет және искусство, 1956, №9, 97 б.

4 Мұхамедханов Қ. Құдай деген сөзден құдай сақтасын //Қазақ әдебиеті, 1989, 17 наурыз.

5 Мұхамедханов Қ. Семсер жырға сергек қарайық //Қазақ әдебиеті, 1986, 9 мамыр.

6 Мұхамедханов Қ. Маржанды тозаң тұтпасын //Қазақ әдебиеті, 1985, 21 маусым.

ӘОЖ 821.512.122

Д.ШАЯХИМОВ, филология ғылымдарының кандидаты
Көкшетау техникалық институтының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының профессоры

«АҒЫБАЙ БАТЫР» ПОЭМАСЫНЫҢ БІР НҰСҚАСЫ ЖАЙЫНДА МӘЛІМЕТ

Назарларыңызға ұсынылып отырған мақалада автор «Ағыбай батыр» поэмасының тарихынан сыр шертеді. Поэманың әртүрлі нұсқадағы қолжазбаларына талдау жасайды. Алдыда әлі толық ғылыми текстологиялық зерттеу міндеті тұрғандығын айтып өтеді.

Һәкім Абайдың ақындық үрдісін жалғастырушы, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары қазақ әдебиетіне қайта оралып түбегейлі зерттелуде. Бүгінгі таңда әдебиетші - ғалымдар тарапынан ақын өмірі мен шығармашылығын көпшілік қауымға кеңінен таныстыру мақсатында ғылыми мақалалар жазылып, баспасөз бетінде кеңінен жариялануда, дегенмен де Шәкәрім Құдайбердіұлының бізге қалдырып кеткен мұрасын ел ішінен әлі де болса кездестіруге болады. Мұның дәлелі, менің қолымдағы Шыңғысхан Сләмқұлұлы Көрпебаевтың сақтап келген қолжазбалары. Оның ішінде Шәкәрім қажының біршама өлеңдері, поэмалары мен "Ағыбай батыр" атты поэмасы бар.

Әрине Ағыбай батыр жайында жырлар, аңыздар ел арасында кеңінен тарағаны бізге белгілі жәйіт. Осыны ескере отырып, бұл поэма нақтылы Шәкәрімнің поэмасы деп кесіп айта алмаймыз. Ол әлі зерттеуді қажет етеді. Бізге тарихтан белгілі Кенесары ханның әскерінде ерлікпен көзге түскен Ағыбай батыр оқырман қауымға таныс. Танымал жазушы Төлеген Қажыбаевтың "Хан кене" атты кітабының ішінде "Ағыбай-дастаны" атты дастан бар [1]. Аталмыш дастан да фольклор үлгісінде жазылған, соңыда ел аузынан жазып алғаны адамның аты-жөні көрсетілген. Мұндағы оқиға желісі қолжазбадан табылған "Ағыбай батыр" поэмасына ұқсамайды. Демек, мүлде бөлек туынды. Біз сөз етіп отырған "Ағыбай батыр" поэмасының қолжазба нұсқасы аңыз-әңгіме үлгісінде жазылған. Поэмада аңызға ұқсас жерлер көп кездеседі. Сөз тіркестері мен өлең иірімдері ұйқастан, оқиға желісінен алшақтап кеткені байқалып тұр. Кейбір сөздер мен сөз тіркестердің мағыналары түсініксіз, қолжазбаны төте жазудан аударып көшірген адам қате жіберген болуы керек деген болжам жасауға болады.

Шәкәрім шығармашылығын түбегейлі, терең зерттеу XXI ғасырдың еншісіне тиіп отыр. Шәкәрім есімі XX басында ел арасында кеңінен танымал болды. Осы жайында белгілі абайтанушы Мұхтар Мағауин мынандай пікір айтады: "Арнайы оқу орнын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы-қазақ қана емес, - бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілін жетік біледі, классикалық шығыс поэзиясын, орыс және Еуропа әдебиетінің озық үлгілерін терең түсіне оқумен шектелмей, философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді де қадағалап отырады. Құнанбай әулетінің дәстүрі бойынша ел ішінде билік құрып көреді, сол кезде өнер жолына біржолата бет қойған, дұшпаны көбейіп, тынысы тарылған Абайға сүйеніш, демесін болады. Алайда болыстықтың бар "қызығын" басқа інілеріне қалдырып, өзінің шын мұраты - сөз патшалығын жаулауға біржолата бет қояды" [2]. Қазақ халқының ертеректе де, қазір де, қай жерде де, қай елде де ең көп ардақтайтын ақыны екеу. Мұның бірі - Абай, екіншісі Шәкәрім. Абайды көбінесе кітап

болып шыққан шығармалары арқылы білсе, Шәкәрімді қолжазбаларын қолмен көшіріп, жаттап біледі. Осындайлардың бірі мысал ретінде Шинжаң қазақтарын айтуға болады.[3]

Алматы қаласындағы Қазақстан Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер Институтының сирек қолжазбалар қорында сақталған Ағыбай батырға қатысты жырлардың қолжазба нұсқасын алып қарағанымда, менің қолымдағы "Ағыбай батыр" поэмасына ұқсас бір нұсқаны кездестірдім, түсінікті болу үшін сол нұсқаның аннотациясынан мысал келтірейін:

Аталуы Ағыбай батыр.

Жинаушысы Айнатасов Тужи.

Аннотация. Ағыбай батыр қасына қырық кісі алып түркімен еліне аттанады. Шу өзенінде дем алып жатқанда қалың қамыстан жолбарыс шығып бұларға шаппақ болады, сол кезде оны Ағыбай садақпен атып өлтіреді. Ертеңіне бір биік таудың бауырына келіп, бақырға ет асып тынығып отырғанда, кершолақ ат мінген, қолында шашақты найзасы бар бір батыр келіп, атын бұлақтан суарып, бақырдағы етті найзамен іліп алып кетеді, - деп әңгіме бітеді.

Нұсқа толық емес, он бір буынды қара өлеңмен жазылған бар - жоғы он сегіз бет.

Қолтаңбасы жинаушынікі.

Папканың нөмірі № 688. Айнатасов Т. шығармалары [4]. Осы қолжазба нұсқасындағы Ағыбай батырдың жолбарысты садақпен өлтіруі, табылған Ағыбай батыр поэмасындағы нұсқаға ұқсас жері, бірақ Шәкәрім қолжазбаларынан табылған Ағыбай батыр поэмасының қырық бірінші шумағында жолбарысты бейтаныс батыр шоқпармен өлтіреді. Поэма 98 шумақ яғни 161 жолдан тұрады, аяқталмаған я жоғалған, қолжазбадан табылған нұсқасы осы. Көшірген адам поэмадағы өлең жолдарын бір - бірімен қосып жіберген, соның салдарынан ұйқас пен өлең ырғағы бұзылған. Бұлай етуінің себебі оқи алмаған жерлерін тастап кеткен тәрізді. Поэманың соңында (Көшіріп жазып алған Еңсебайұлы Ғұсман 1927 жыл) - деп жазылған. Осы Ғұсман деген адам есімі журналист Рысбек Сарғожиннің "Шәкәрімнің "Үш анығын" академияға қалай тапсырдым" атты мақаласында кездеседі. Рыспек Сарғожиннің мақаласынан үзінді "1944 жылдың 12 ноябрінде Шыңжаң өлкесіндегі Іле қазақ автономиялық облысында Гоминданның отаршылдық әкімшілігіне қарсы ұлтазаттық төңкеріс бұрқ ете түсті. Ұйғыр, қазақ, қырғыз, дұнған, татар, орыстардан құралған ұлтазаттық армиясы 1945 жылдың шілде айында Шәуешек қаласын азат етті. Сөйтіп Тарбағатай аймағының орталығы Шәуешек қаласында қазақ жастарының ерікті Тарбағатай алтыншы - атты полкі жасақталып, қалған 10 аймақты азат ету үшін Шихуға қарай аттанды. Солардың қатарында мен де бар едім.

Біздің Гоминданнан Тарбағатай аймағындағы тоғыз жолдың торабы деп аталатын Шихуды азат етіп, атақты "Манас" өзенінің жағасына келіп окоп қазып дұшпанға қарсы шеп құрып жаттық. Ұйғыр, қазақ, дұнған ұлттары мекендейтін, сауда - саттығы, клуб, мектептері, дәріханасы бар бас - аяғы көрініп тұратын шағын ғана Шиху қаласына қолым босай қалса келіп - кетіп жүргенімде бір шешей: "саған көзімдей көріп жүрсін деп, Шәкәрім қажының "Үш анық" дейтін қолжазбасын берейін деп отырмын. Күндердің - күнінде бір керегіңе жарар, жоғалтпай сақтап жүр", - деп аманат етіп берді [5]. Бұл мақаладан үзінді келтіріп отырғанымыз жоғарыда айтылған Шәкәрім қолжазбаларының ішінен табылған "Ағыбай батыр" атты поэмасының соңында көшіріп жазып алған Еңсебайұлы Ғұсман деген жазу бар. Шәкәрімнің "Үш анық" әңгімесінің қолжазбасын сақтап, қолжазба қорына тапсырған Рысбектің әкесінің аты Ғұсман фамилясы Сарғожин. Ол кісі осы мақаланың авторы. Оның аты - жөні туралы мақалада мынандай мәлімет бар: "Шарт қағазды орысша жазайын ба, әлде қазақша жазайын ба ? деп ақ қағаз бен қаламды дөңгелек столға жайып салды Ахат Шәкәрімұлы.

Айып етпесеңіз, араб әрпімен қазақша жазыңыз, - дедім. Ахат аға осы шарт қағазды Сарықожа немересі Ғұсманұлы Рысбек пен Құдайберді немересі Шәкәрімұлы Ахат екеуміз жасаймыз. "Үш анық" атты философиялық қолжазбасын 1947 жылдан бері сақтап келген Рысбек пен екеуміз келешекте кітап болып шыға қалса, қалам ақысын бөліп аламыз. "Үш анықты" тапсырып берген Сарықожа немересі Ғұсманұлы Рысбек пен Құдайберді немересі Шәкәрімұлы Ахат- деп актіге қолымызды қойдық [4].

Келтірілген деректерге сүйенсек, біз сөз етіп отырған "Ағыбай батыр" поэмасы Шәкәрім қажының еңбегі болу мүмкін деп айтуға негіз бар сияқты. Біздің қолымыздағы "Ағыбай батыр" атты поэманың қолжазба көшірмесінің соңында жазылған Еңсебайұлы Ғұсман, мақаланың

авторы Рысбектің әкесі болуы да мүмкін деген болжам айтқымыз келеді. Шәкәрімнің қытай жерінен келген қолжазбаларында басқа Ғұсман есімі кездеспейді. Бұл келтірілен мысалдан Шәкәрім қолжазбалары Кеңес өкіметінен тыс жерлерге де кең тарағанын аңғарамыз. Сөзіміз дәлелді бол үшін менің қолымдағы "Ағыбай батыр" поэмасын Таужи Айнатасовтың сирек қолжазбалар қорына тапсырған "Ағыбай батыр" нұсқасына ұқсас жерінен үзінді келтіре кетейік:

Ыстық қылып ішті күн батқанша,
Ат суып, демін алды ел жатқанша.
Таң ата тағы тұрды екі батыр,
Уайым ойламайды, ---- болып қана.

Қамысы шытырманды жөнсіз қалың,
Жағалап әлгі өзенді жүріп еді.
Ақыра түрегелді бір жолбарыс,
Ағыбай сескеніп, шошып қалды.

Мысықша шапшып келіп қарғығанда,
Бір қолмен шоқпарымен салып қалды.
Бір ұрып, өлген иттей домалатты,
Екі көз екпінімен шығып кетті.

Жығылып шекесімен жерге жатты,
Айнала қабырғасын іре дағы.
Терісін ал, бауыр сыртын екі бөліп,

Ағыбай айтқанының бәрін қылды, - деп келеді. Жолбарысты шоқпармен өлтіретін батыр Ерқамыс. Жырдың басында Ағыбай батырдың жігіттеріне келіп қосылған бейтаныс батырдың қолында найза емес, шоқпар болғаны жайында айтылған (Қолында бір шоқпар, сойылы бар) деп берілген. Белгісіз батырды автор әдейілеп таныстырмайды, тек жырда (Айтпады сонан басқа ешбір сөзді, Ерқамыс та, аттан түсіп қаңтарды) - деп келетін жерінде ғана аты аталады. Поэма оқиғасының ерекшелігі де осында. Поэма текстологиялық талдау жасауды қажет етеді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін, поэманың қолда бар 98 шумағын толығымен ұсынып отырмын.

Қолжазбадан табылған **"Ағыбай батыр"** поэмасы.

Атақты ер Ағыбай шұбыртпалы,
Екеу ме сол күндегі ердің басы.
Дүниеде баяны жоқ солар да өтті,
Ешкімге опа бермес дүние жалған.

Мал үшін олар еңбек қылған емес,
Салғаны малды ортаға елдің қамы.
Бұрынғы өтіп кеткен батырлардың,
Барады көмескі боп не қылғаны.

Бұқарбай, Ағыбай мен ер Әйтімбет,
Атақты батыры сол Кене ханы.
Солардың біреуінен сөз бастайын,
Жамағат құлақ сал тыңда мұны.

Жазып алған мұра болып Ағыбайдан,
Таралған үлгі болып осы майдан.
Ауызға " ә" -дегенде тола түскен,
Азырақ сөз бастайын Ағыбайдан.

Бір ел бар күншығыста дей сөйлейін,
Жақсысы асқан сұлу, жүйрік жорға.
Жорғасы судай жылжып шарпайды да,
Көрген жан қуанғаннан мақтайды да.

Айтады біреу келіп Ағыбайға,
Биесі озып шығар шарпайды да.
Ойланды сонда Ағыбай барайын деп,
Сол елді болса алыс табайын деп.

Аттанды жолдасымен ер Ағыбай,
Жүйрікті өзім барып алайын деп.
Ағыбай сапарына ыңғайланды,
Қасына жеті кісі жолдас алды.

Жүйріктен әсем тұқым алайық деп.,
Бет қойып күншығысқа кете барды.
Сол кезде жеротаға келген кезі,
Сапарға шыққан емес бұдан бұрын.

Аз жүріп, бұл жолда енді бұлар,
Келіпті Қызыл - Қайнар Тектұрмасқа.
Тектұрмас самал салқын, құрағы бар,
Атарлық арқар, бөкен, құланы бар,

Жігіттер тыңдасаңдар әңгіме көп,
Келетін бұл бұлаққа жолаушы көп.
Ғашықтың қорлығы көп болғаннан соң,
Қоныпты Қызыл -Қайнар Тектұрмасқа.

Келеді ер Ағыбай өрге салып,
Қорқады адамзаттан бұлар нағып.
Батырлар түн ішінде сақ жүреді,
Алуға қарауылды ерте барып.

Батырлар бусандырды мінген атын,

Тастамай батырлықтың салтанатын.
Таң атырып атты, жата кетті,
Таң ата оянды көзін ашып.

Жатама жамандарша, ұйқы басып,
Басына Тектұрмастың біреу кетті.
Бес батыр әңгіме қылып, көп кеңесті,
Өзіміз де тамақтанып алайық деп.

Біреуі бақыр алып, от жағысты,
Әлгі адам қарауылдап қарап тұрса,
Елсізден бір атты адам келе жатыр,
Аттыны қарауылдағы адам көрді.

Таңырқап, неғылған жан мынау деді,
Елсізден бір атты адам келеді деп.
Жолдасы Ағыбайға хабарлады,
Батыр айтты, келеме бізге таман.

Жын көрініп кетті ме әлде саған,
Елсізде жапа -жалғыз келе жатқан.
Апырау оның өзі неқылған жан,
Бұл өзі ел жоқ, жан жоқ, жапан дала.

Осында келеме екен тұп -тура,
Анығын шындығының маған білу үшін.
Шық тағы, қарауылға қайта қара,
Әлгі адам қарауылға қайта шықты.

Келе жатқан адамға көзін салды,
Келіп қалды осы жерге тұп -тура.
Қайтадан Ағыбайға хабарлады,
Көрді де қарауылшы хабар салды.

Бұларда неткен жан деп таңырқанды,
Қолында бір шоқпар, сойылы бар.
Кезеңнен шыға келді ақсұңқар атты,
Айтқандай ақсұңқар атты шыға келді.

Өрімдей ақсұр жігіт, бұлар көрді,
Жіңішке ұзын бойлы, тіп -тік жігіт.
Отырған батырларға сәлем берді,
Иіліп сәлем берді бұларға кеп.

Болғасын Ағыбайды ұнатты тек,
Адамша алдына кеп амандасты.
Ағыбай амансыз ба аға -еке деп,
Сөйлесе аузы сөзге сондай епті.

Айтпады сонан басқа ешбір сөзді,
Еркамыс та, аттан түсіп қаңтарды.
Ертоқымын жастық қылып жата кетті,
Именіп бұлар қорқып, қалды тоқтап.

Ерлікпен елден шыққан өңкей мықты,
Ағыбай ойлап отыр әрбір ойды.
Өрімдей бала жігіт ұзын бойлы,
Өздері асқан етті жеді дағы.

Бұған да тағыда ет асып қойды,
Көтерді сонда басын ұйқысы қанып.
Бұлаққа бетін жуды, суға барып,
Бір ауыз сөз сұрасқан жауабы жоқ.

Алдына асқан етті әкеп берді,
Отырды да етті жеді, аспай - саспай.
Бұрылып бөтен жаққа қадам баспай,
Белін буып, атына кетті мініп.

Бұлармен бір ауыз сөз жауаптаспай,
Бұларға қарамайды мойын бұрып.
Бұлар да бір сөз қатпай қалды тұрып,
Тым болмаса бір ауыз қош деместен.

Әлгі келген жағына кетті жүріп,
Ағыбай айтты мынау неғылған жан.
Мен мұның қылығына боламын таң,
Мынаның жөнін білмей елге барсам.

Өлгенім жақсы емес пе бұдандағы,
Соны айтып мінді атына, барайын деп.
Мұндайдың көріп ем талайын деп,
Мынаның жөнін білмей, босқа өлгенше.

Соңынан еріп, өліп қалайын деп.
Атына батыр мінеді қайрат етіп.
Қарамай әлгі бала кетті жүріп,
Бұлаң құйрық, жортақпен бара жатыр.

Артынан қуып жетті шауып келіп,
Мынау еді Ағыбай жолыққаны.
Жан қимас, жолдас екен, сорлы мекен.
Бері кел Ағыбайға қош келдіңіз,

Деді де бір сөз айтты, жүріп кетті,
Келеді екі батыр, жан батпайды. ?
Тырысып бір ретте сөз қатпады,
Елсізде жолдас болған екі батыр,

Айалдап қинамайды мінген атын,
Бір құлан жусап жатқан тұра қашты.
Алдынан екеуінің кешке жақын,

Құланды екі батыр куып кетті.

Атына қамшы басты екпіндетіп,
Ағыбай түз аңына ере алмады.
Ұзатпай әлгі бала келіп жетті,
Құланға тұзақ салды ағындайтын

Қарынға кескекпенен қалды тартып ?
Жығылды екпінімен құлан жерге.
Үзіліп, ауыз омыртқа кеткен екен,
Бала айтты: Ағыбай тез түсе қал.

Кетпесін арам өліп тез түсе қал,
Айнала қабырғасын іреп ал да.
Өзге етін керек қылмай қазысын ал,
Өзге етін тастады да жүре берді.

Күн кеш болып бұлаққа бұл да келді,
Атынан түсті дағы әлгі бала.
Даладан етегімен тезек терді,
Ағыбай ол да неғып тұрсын қарап.

Қам етті, от жағуға шақпақ шағып,
Құланның бағанағы терісін сойып.
Ортаға ас қылды, бақыр асып,
Ыстық қылып ішті күн батқанша.

Ат суып, демін алды ел жатқанша,
Таң ата тағы тұрды екі батыр.
Уайым ойламайды, болып қана,
Қамысы шытырманды жөнсіз қалың.

Жағалап әлгі өзенді жүріп еді,
Ақыра түрегелді бір жолбарыс.
Ағыбай сескеніп, шошып қалды,
Мысықша шапшып келіп қарғығанда.

Бір қолмен шоқпарымен салып қалды,
Бір ұрып, өлген иттей домалатты.
Екі көз екпінімен шығып кетті,
Жығылып шекесімен жерге жатты.

Айнала қабырғасын іре дағы,
Терісін ал, бауыр сыртын екі бөліп.
Ағыбай айтқанының бәрін қылды,
Білмейді одан басқа не қыларын.

Баланың қайратына пар келмейді,
Батырдың қорқақ көңілі жарым.
Үкімі, сол баланың сондай қатты,
Жолдас боп екі күндей дәмін татты.

Жүрді де бұл екеуі күні бойы,
Кешінде бір орманға тағы жатты.
Ағыбай ұнатпайды бала түрін,
Шыбықтай жап - жас бала, көзге көркем.

Ұйықтап, тынығып көп жатпайды,
Ертерек жүріп кетті таңнан бұрын.
Әңгіме бұларда жоқ, ойын күлкі,
Бұл түнде ұйықтаған жоқ тыныш ұйқы.

Жағалап бір өзенді келе жатса,
Жолықты екеуіне қалың жылқы.
Жолдасы қасындағы жүреді жай,
Жас бала жаннан асқан асыл - болат.

Жылқысы үйірдің арасында,
Жайылған тоқсан бір дей шабдар көкте. ?
Бала айтты мұндай - мұндай болды менің қалым
Болмаған сабаз едім, ой, бір мінім.

Жануар осынау жатқан қалың жылқы,
Бар ма екен, дейтін күнім менің малым
Көк атты астындағы тебінеді,
Таң ата елең-алаң болған кезде.

Алдынан бір тілек ел көрінеді, ?
Ағыбай түстім деді қандай жолға.
"А" -құдай сапарымды өзің оңда,
Арасы екеуінің бір шақырым.

Көрінеді елден аулақ екі Ақ Орда,
Ертерек елді көрді екі батыр.
Алдынан қатын келді жылап - еңіреп,
Бейшара жалғыздықтан көрдің бейнет.

Көзіме егер көрінсе өлтіремін деп.,
Саған тісін қайрап, кәпір сен деп.
Бейшара мұнда келіп не боласың,
Келгені ажалыңның енді өлесің.

Жалғызым ақиретте көрісейік,
Қалғанша сапар шегіп жөнелесің.
Бұлбұлдай зарлап қалды әлгі қатын,
Оған бала қарамады мойын бұрып.

Қатынға жылап тұрған бір қарамай,
Жоғарғы Ақ Ордаға келді жетіп.
Атынан түсе қалды әлгі жарым,
Түгі шығып, сыртына ашу кернер.

Сол жерде Ағыбайға бір сөз айтты,
Бар болса, Ағыбай аға қанжарың бер.
Бұл жерде тілектес боп сіз тұра тұр,
Баланы кетемін деп қайтіп тастап.

Тұрғаным неде болса осы жайда,
Ең қиыны өлермін осы жолда.
Бала үйге кіргеннен соң, аз кіжініп,
Сырқырап - ақ айналды оңды - солды.

Әрқашан ер Ағыбай болған жолы,
Сидаңдап үйден бала шыға келді.
Жолдасым отырмысың Ағыбайым,
Саған көп айтылмаған менің жайым.

Жанымды қас дұшпаннан құтқардыңыз,
Отырмай атыңа мін, Ақжолтайым.
Атына мініп, төменгі үйге келді жетіп,
Зар еңіреп, сорлы қатын жылап отыр.

Шықтың ба құралыңмен есен-аман,
Қорқытқан қабағымен елдің бәрін.
Батырмен жолы құтты жолдас болып,
Түсірдім ішек - қарын аяғына.

Бұл бала мұны айтты гүл -гүл жанып,
Барша жан қуанғаннан "А" - құдайлап.
Төсек сал жолы құтты батырыма,
Дем алсын аунап -қунап осы таңда.

Қуанып сорлы қатын төсек салды,
Біреуден - біреу естіп хабарланды.
Абыр - сабыр, ел - жұрты қуанып жүр,
Төсекке ер Ағыбай жатып қалды.

Ұйқыдан батыр тұрды кешке жақын,
Барлық халық қуанған Ағыбайлап.
Тәңірге тәуекел деп қуанып жүр,
Залымнан құтылдық деп есен - аман.

Бұл ел разы деп бар құдайым,
Көп айтып қуанышын не қылайын.
Ас ішіп ұйқы қанып, жайланған соң,
Сұрады енді батыр бала жайын.

Батырға бала айтты қара маған,
Жаман адам көсемге жарамаған.
Неше күн жөн айтыспай жолда болдық,
Айтайын мен жайымды енді саған.

Менің жайым сұрасаң бір үлкен гәп,
Кебімді мен отырмын қозғайын деп. ?
Бай екен менің әкем өзі жалғыз,
Малы көп, бірақ еркек баласы жоқ.

Жалғыз бопты әкемнің ғазез басы,
Ағады бала десе көзден, көздің жасы.
Өзінде аға да жоқ, іні де жоқ,
Бар екен бір туысқан қарындасы.

Әкеме жалғыздықтың сызы батты,
Қайғырып бас кезінде жабырқапты.
Әкемнің әлгі ұзатқан қарындасы,
Малы көп, бас кемдіктен болып мұңлы.

Баланың қыздан туған қиыны жоқ деп.,
Жиенді алды асырап бала қылып.
Малы көп жасырғандай жердің жүзін,
Ешкімді тең көрмейді жиен өзін.

Көп малдан симай жатқан айдап барып,
Жиенге әперді бір бай қызын.
Көп қылып енші берді және дағы,
Қондырып бөлек ауыл қойды тағы.

Ең кемі болса, бар шығар екі мыңдай,
Көп жылқы сонікі еді бағанағы.
Өжет, өзі мықты, болды арыстан,
Жері жоқ кейін қалған ешбір жаннан.
Өлең жолдары қайталанады

Жетеді малдан басқа дүние артық,
Маған да қыз ұзатты бір алыстан.
Жері жоқ кейін қалған ешбір жаннан,
Жетеді малдан басқа дүние артық.

Маған да қыз ұзатты бір алыстан,
Құда түсіп, той қылып, ат шаптырып.
Үйлендік екі бала бір ұядан,
Әкеміз сол уақытта дүние салды.

Артында мал мен екі ұл қалды,
Қанша мал беріп аттандырдық.
Қондырдық құтты орнына сорлы шалды,
Адамнан қалдырмас дүние жалған.

Ойым жоқ, көрем деген мұндай қорлық,
Мен кенже, жиен тұңғыш адам болдық.
Біраз күн мұныменен дәурен сүрдік,
Жиеннің діні қатты, рақымы жоқ.
Адамға мейірімі жоқ бала жастан,

Бетіне қарамайды ешбір адам.
Мейлінше **батыр болды жаннан асқан,**
Сол жиен батыр болды жаннан асқан.

Екпіні соққан желдей көкті жарып,
Қанағат өз малына разы болмай.
Менің де бар малымды алды тартып,
Қарашы сұм жиеннің ақылына.

Ағасына қастық қылды жақынына,
Малды алғанымен тұрмады құдай ұрып.
Қызықты мына менің қатынына,
Сөйтті де қатынына қолын салды.

Аптығып ырық бермей ашуланды,
Қойнымда жатқан жерде сүйреп алды.
Еріксіз үйіне апарып, жатып алды,
Осындай күйге қазез басым түсті.

Болмады бір басымда ықтиярым,
Бір адам оған қарсы сөз айтпады.
Қор етіп, жеңіп алған елдің бәрін,
Осындай мен жолықтым неткен күнге.

Жазылмас, душар болдым қайғы дертке,
Мендағы ырық бермей жүрсем дағы.
Өзімді ниет қылды өлтірмекке,
Қатыным бұл ойынан хабар берді.

Күшті еді қайратымен елді жеңген,
Қу басым мал мен жаннан тәтті болып.
Бір күні ат сұратып елден қаштым,
Өлсем деп, қолға түссем жанталасып.

Неше күн тыным көрмей қашып барып,
Бір жерге жата кеттім әлім құрып.
Алладан мәдәт сұрап қашып кеттім,
Түсіме кірді менің әкем ғарып.

Ей балам, көп уайымдап болма қапа,
Сен де жүр, осы атаңның жолы менен.
Қасында жеті кісі жолдасы бар,
Ағыбай Тектұрмасқа келе жатыр.

Сонда жүр, сол ағаңның жолыменен,
Олар да жүріп келді күні - түні.
Ақжолтай жолы құтты батыр еді,
Жолдас бол, барып балам сонымен .

Ағыбай кезіксе болар нәсіп,
Екеуің жолдас болсаң дидарласып.

Қанжарын екі қырлы тарту қылса,
Аласың дұшпаныңның басын кесіп.

Қуанып сол түсіме түрегелдім,
Шын көрсет пендең болсам құдай дедім.
Қуанып сол түсіме атқа міндім,
Тезірек Ағыбайға жетсем дедім.

Бет қойып Тектұрмасқа жүре бердім,
Ентелеп Тектұрмасқа жетіп келдім.
Әкемнің түсімдегі айтуымен,
Қуанып, құдай тілек берді деп.

Жайымды бұл жерде, айтып отырмадым,
Соңымнан құдай бастап ерер дедім.
Ақжолтай - Ағыбай **сенің атың,**
Жайылған жер жүзіне **сенің атың.**

Ақ үйден шыға келіп зар жылаған,
Бағанағы көргенің біздің қатын.
Мен сізден қанжар алдым жаннан шошып,
Барсам жатыр екен көңіл өсіп.

Қанжарды қақ жүректен салдым дағы,
Жібердім төмен қарай есіп - есіп.
Шошынып ұйқысынан сонда оянды,
Шошынып кірпік қағып, қарбақтап еді.

Менің де білегімнен ұстап алды,
Ұстап ап лақтыруға ыңғайланды.
Қолынан тартып келіп жұлқынғанда,
Теңселіп ақ орда үй шыр айналды.

Орнынан тұрайын деп ұмтылғанда,
Салбырап ішек - қарны түсе қалды.
Білегімнен ұстаған қолы босап,
Әлсіреп өліміне кете барды.

Ей батыр, міне осындай менің жайым,
Құтқарды сұм залымнан бір құдайым.
Алдыңның толысынша мал алып қайт,
Құдайды сөзбен алдап не қылайын.

Кәпірден жаман қорлық көргенім көп,
Зәрінен жұрт қорықты уайым жеп.
Көп жылқы өзендегі сонікі еді,
Бер жақта менің жылқым одан да көп.

Ағыбай көп отырды артын ойлап,
Сырын айтты бала әбден жайлап.
Табыннан екі құр ат, таңдап алды,

Көп малды не қылайын бәрін алдап

Он бірдің бір - екеуі қызыл ауыз ат,
Пошымы жануардың жылқыдан жат.
Сауға деп ер Ағыбай сұрап алды,
Сүйсінді, жүрістінің бәрі ұнап?

Сол кезде қызыл ауыз ат бесті екен,
Майысқан балдырғандай бір жануар.
Өзгесі жасқа толған есті ат екен,
Сол кезде қызыл ауыз ат, төрт - бес жаста.

Мойнының ұзындығы кез жарымдай,
Қапқан бел, қамыс құлақ, бұты талтақ.
Салпы ерін, омыраулы дегендейін,
Қол салып байқасаңыз бұғанасы.

Өткендей атты кісі арасынан,
Үстіне кісі мінсе қоразданып.
Қояды басын тартса шайқап - шайқап,
Садақтың оғындай боп секіреді.

Өзгеден жүрсе де, желдей есері,
Қанаты қабырғада кере қарыс... маған

Поэманың соңында оқиғаның желісі үзіліп, поэма осы екі тармақпен аяқталған.Туындының көркемдік жағы да сын көтермейді. Десек те, қолжазбаны көшіріп жазған адам барын көшіріп жазған болар. Қолжазбаның түпнұсқасы сақталмаған, тек көшірмесі ғана бар. Қолжазбада кездесетін түсініксіз сөздерді көп нүктемен белгілеп отырған. Соған қарағанда, қолжазбаны жазған адам өз жадынан еш нәрсе қосып жазбағаны анық.

Қорыта келе айтпағым, қолда бар мәлімет жеткіліксіз болғандықтан ойымыздың күрмеуі шешілмеді. Аталмыш қолжазбаға түбегейлі текстологиялық зерттеу жүргізсек қана ақиқатын анықтай аламыз. Осы уақытқа дейін поэманы толық жариялау мүмкін болмады. Себебі поэманың көлемі мақалаға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Ал егер поэмадан тек үзінді ғана келтірсек, алға қойған мақсатқа толық қол жеткізу мүмкін емес. Ал, бұл поэмны текстологиялық тұрғыдан басқа нұсқаларымен салыстыра зерттейтін болсақ, бір мақаланың төңірегіне сыятын дүние емес.

Әдебиет

1 Қажыбаев Т. "Хан Кене" (талғаулар, дастандар, драмалар). - Алматы: "Жібек жолы" 2002 ж.

2 Мағауин М. Абайдың інісі. Кітапта: Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Жалын, 1988 ж.

3 Жүнісов А. Өртенбей қалған қолжазба. // Семей таңы. 1989февраль.

4 М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Сирек қолжазбалар қоры. № 688 папка.

5 Сарғожиннің Р. //Семей таңы 1991ж., 15 қаңтар.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯ

ӘОЖ 372.882.151.2

С.ЖУРСУНОВ, №16-орта мектеп" ММ-нің жоғары санатты мұғалімі ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасының, ҚР Президентінің "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік төсбелгісінің иегері

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Мақалада автор Шәкәрім шығармашылығын оқыту жолдарын қарастырған. Ақын шығармашылығын өскелең ұрпаққа үйрету жолында жаңа технологияларды тиімді қолдану жолдарын қарастыра отырып, оқыту тәжірибесіің өзіндік үлгілерін ұсынады.

Сабақтың тақырыбы: Шәкәрім - жауыздық құрбаны.

Сот сабағы. Шаһкәрім Құдайбердиевті ар алдында ақтау соты

Білімдік мақсаты:

Оқушыларға Шәкәрім өмірінің соңғы сәттеріне байланысты куәлер мен айғақ деректерін айтқыза, келтіре отырып, шындықты ұғындыру.

Тәрбиелік мәні:

Оқушыларды адамгершілікке, әділдікке, шыншылдыққа баулу.

Дамытушылық мақсаты:

Сөйлеу дағдыларын дамыту. Өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын, мақамдап, интонациясын келтіре айту, оқу машықтарын арттыру.

Әдісі: Сұрақ-жауап, ішінара іздендіру, әңгімелеу, түсіндіру т. б.

Типі (Түрі): Жаңа сабақ.`

Формасы: Сот сабағы

Көрнекілігі: Шәкәрім суреті, Жазулар, Кітап көрмесі.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы.

С а б а қ т ы ң б а р ы с ы

І Ұйымдастыру

ІІ Жаңа сабаққа дайындық

Кіріспе сөз

Біз соңғы сағатта Абайдың бірегей шәкірті ақын Шаһкәрім Құдайбердиевтің өмірі мен шығармашылығымен таныстық. Жариялылық арқасында еліне қайта танылған ақынның өмірінде әлі де толық ашылмаған кезеңдері бар екендігіне көз жеткіздік. Оның алашордада өткен өмір кезеңі, Парижде, Стамбулға барған сапарлары әлі де зерттеуді қажет етеді. Сол сияқты жұмбақты кезеңінің бірі - өмірінің соңғы сәттері. Ақын өмірін қиған осы сұмдық оқиға қалай болды, қандай жағдайлар кездесті. Мұның бәрі - заман тұңғиығында жатқан жұмбақтар. Біз бүгін жұмбақтардың түйінін, әр түрлі мақалаларда жарық көрген материалдар арқылы көрсетпекпіз.

Сонымен, сәт сапар! Жұмбақ түйіні сіздердің қолдарыңда, қадірменді ар сотына қатысушылар!

ІІІ Жаңа сабақ

ХАТШЫ:

Сот мәжілісіне шақырылғандар түгел келді ме?

куә - Абзал Қарасартов

куә - чекист Айтмырза Тұңлікбаев

куә - чекист Бекен Әзімбаев (Бекдаш)

куә - Хамза Әубәкіров

куә - Қазақ ССР халық жазушысы Х.Ерғалиев

куә - бұрынғы Қазақстан Орталық Комитетінің идеология секретары Нұрымбек Жанділдин

--Тұрыңыздар Сот келеді!

СОТ:

--Отырыңыздар!

Бүгін Құнанбай қажының немересі Шәкәрім Құдайбердіұлының 1931 жылы 2 октябрьде НКВД чекистердің қолынан қаза табуына байланысты қаралып келген ісін қайта қарау мақсатында жиналған сотты, сот мәжілісін,ар сотын, ақтау сотын ашық деп

жариялаймын.

Бүгінгі сот құрамы:

Сот-

Кеңесші-

Кеңесші-

Бірінші сөз тергеу қорытындысы ретінде прокурорға беріледі.

ПРОКУРОР:

- Біз 1931 жылы НКВД чекистерінің қолынан қаза тапты делінетін Шаһкәрім (Шәкәрім) Құдайбердіұлының ісін ақтау мақсатында жиналып отырмыз. Бұл жерде прокурор ретінде мынадай жайларды естеріңізге салғым келеді:

1. Шәкәрім Құдайбердиев - атақты аға-сұлтан Құнанбайдың немересі, өзі де болыс болған, қажылыққа барған. Бұл сол кездегі саясатпен жер аударуға жататын адам.

2. Ол 1917-1918 жылдары Семейдегі Алашорда ұйымының құрметті мүшесі атанған.

3. 1929-1931 жылдары болған Шұбартау көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі болған деген дерек бар.

4. Шәкәрімнің НКВД бастығы Қарасартов ұйымдастырумен өлтірілгені дәлелденбеген.

5. Абзал Қарасартов көптеген жылдар бойы Совет өкіметіне белсенді жұмыс жүргізген чекист болатын. Оның өтірік айтуы мүмкін емес.

6. Уақыт осыдан 60 жылдан астам бұрын болған уақиғаны қамтиды. 1931 жылы болған өлім жөніндегі айғақтардың уақыты ескірді деп есептеймін!

Куәлардың айтатыны бар шығар. Сонда да құрметті сот құрамы, осындай жағдайларға байланысты Шәкәрімді ақтаудың бұдан 60 жыл бұрын болып, бояуы сіңген істі қайта қараудың ешқандай қажеті жоқ деп есептеймін.

АДВОКАТ:

- Құрметті сот құрамы, маған сөйлеуге рұқсат етіңіздер!

СОТ:

- Сөйлеңіз! Сөз Шәкәрім Құдайбердіұлы ісі бойынша қорғаушыға беріледі.

АДВОКАТ:

- Құрметті сот құрамы! Менің ойымша, Шәкәрімді тарих алдында, халық алдында ақтауымыз керек. Шәкәрім өмірі мен шығармашылығын ақтау, өз ортамызға әкелу арқылы біздің қазақ әдебиеті жоғары деңгейге көтеріледі. Оны Шәкәрімсіз елестету қиын. Сондықтан да бүгінгі ақтау соты қажет. Ол үшін мен Шәкәрімді сіздермен таныстыруым аса қажет деп санадым.

Ұлы Абайдың бірегей шәкірті лирик, эпик, ақын және жазушы, әрі композитор, әрі музыкант Шәһкәрім (Шәкәрім) Құдайбердіұлы 1858 жылы ескіше 11 шілдеде Семей облысы Абай ауданы Шыңғыстау етегінде Құнанбай ауылында дүниеге келеді.

Шәкәрім Құнанбайдың Құдайберді деген үлкен ұлының кенже баласы. Сонда Абайдың немере інісі болып келеді.

Әкесі Құдайберді 1886 жылы отыз жеті жасында қайтыс болып, артынан алты бала қалады. Бірінші әйелінен: Омар, Мұртаза, Шаһмардан (Шәке), Шаһкәрім. Екінші әйелінен: Әмір, Ырзықбай.

Шаһкәрім бес жасында оқуға беріліп, жеті жасына дейін ғана оқу оқиды. Әкесінен жастай жетім қалған Шәкәрім өзінің ағасы ақын Абай Құнанбаевтың отбасында тәрбиеленеді. Оның ұстаздық өсиеттері Шәкәрімнің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, поэзиядағы шеберлігі шығармашылығының шыңдалуына өшпес әсер етті. Жан жүрегіне білімге деген құштарлық сезімін құйды. Ол орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, тақырыбы мен проблемасы жөнінен өз ұстазының ағартушылық идеясын жалғастырған өлеңдер жазды.

Шәкәрім жеті жасында өлең шығарып жаза бастаған. (Өзі өлтірген құртқа жаны ашып). Шәкәрім әкеден жетім қалды деген аты болмаса, жетімдік көрмеген. Құнанбайдың ерке немересі болып өскен.

Жасы он бестен асқанда ақылы кемелденіп, ой-өрісі тереңдей өсе бастаған. Шәкәрім ғылым жолына ойысып, ақындық өнерін де жарыққа шығара бастады.

Жиырмадан өткенде,
Азғана ғылым оқыдым.
Алғызып кітап шеттен де,
Көңілге біраз тоқыдым.

Білмегенді сұрадым.
Жиыстырып құрадым.
Оқыған сайын ұйыдым.
Жолына түстім осының,
Білімге салып тілекті,
Сыбанып едім білекті.
Айтуға енді жүректі - дейді.

Ұлы ұстазы Абай ағасынын: "Ғылым таппай мақтанба, пайда ойлама, арды ойла, талап қыл артық білуге, артық ғылым кітапта ерінбей

оқып көруге",- деген ақылын алған саналы інісі - Шәкәрім ғылым, білім іздеуге білек сыбанып құлшына кірісіп, тіпті "шеттен де кітап алғызып" құныға оқуға салынады. Білмегенді сұрап білетін ақылшысы қасында болады.

Шәкәрім - ауылдан ұзап шығып, ешбір оқу орнында оқымаған адам.

Оның мектебі де, университеті де-Абай.

Ақынның жиырма жасында жазған өлендері көбінше, жастық, махаббат өленделері болып келеді. Мысалы:

Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай
Мінезі майдай
Өзгеден артық сол жері
Дариядай ақыл мол еді
Жан ғашығым сол еді -

деп басталатын өленін 21 жасында жазған.

20 жасында Шәкәрім өз елінде болыс болады. Ысқақтың орнына бір сайлау болыс болып 1881 жылы болыстықты Абайдың ақылымен Оспанға өткізеді.

Ал 1905-1906 жылдары Шәкәрім қажылық сапар шегеді. Меккеге барған осы сапарын пайдаланып ақын өзінің байырғы арманын жүзеге асырады. Стамбул кітапханаларынан, кейбір жорамалдар бойынша Париж кітапханаларынан да туған халқының тарихына сәуле түсіретін кітаптарды оқиды. Осылайша жиналған материалдарды негізінде ол «Түрік, қырғыз, қазақ хандар шежіресі» кітабын жариялайды.

Ол исламның неғұрлым ортадоксальды қиссаларын халық пайдасына қарай жақсарту мақсатымен "Мұсылмандық шарты" деген кітап жазды.

Шәкәрім 1909-1910 жылдарда ел ортасын тастап оңаша елсізге кетіп, оқу, ойлау, жазумен болған. Жеті жасынан бастап өлең жаза бастаған ақынның өмір бойы қаламы қолынан түспеген.

Тыныштық жоқ, тыным жоқ.
Ойсыз менің күнім жоқ.
Қайғырамын қан жұтып,
Көзімді ілер күнім жоқ.
Ойлаумен түрді батырам,
Жазумен таңды атырам,
Тесіле қарап кітапқа,
Сілемді сөйтіп қатырам - дейді.

Шәкәрімнің 1878 жылдан бастап 1904 жылға дейін жазған өленделері "Қазақ айнасы" деген атпен 1912 жылы жеке кітап болып Семейде басылып шыққан.

1888 жылы "Қалқаман-Мамыр" поэмасын, 1891 жылы "Еңлік-Кебек" поэмасын жазады. Бұл поэмалары жеке-жеке кітап болып, Семейде басылып шыққан.

"Ләйлі - Мәжнүн" /Фэулиден/ поэмасын 1907 жылы жазған.

"Дубровский әңгімесі" /Пушкиннен/ 1908 жылы жазылған. Хафиз ақынның өленделерін аударған. 1904 жылы "Дума" деген поэма жазған. Мысал өленделер, жұмбақ өленделер, нақыл сөздер "Жайлаудың баласымен айтысы", "Қодардың өлімі" атты поэма "Ұждан", "Қолшатыр бұйрығы" әнгімелерін, "Үш анық", "Жан мен тіршілік туралы", "Адам баласының шын бақытты өмірі туралы әңгіме" тағы басқа шығармаларын жазды.

Абай өмірбаянын "Қазақ лұғаты" деген еңбегін жазумен шұғылданады. Американ жазушысы Бичер - Стоу Гарриеттің (1811-1896) Америкадағы құл иемдену озбырлығы туралы жазған. "Том ағайдың балағаны" романын, Лев Толстойдың қысқа әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Одан басқа "Мұсылмандық белгісі" кітабын, "Нартайлақ - Айсұлу" поэмасын "Түрік хандар шежіресін"жазды.

Ағартушы ақын Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармашылығы халық арасында кеңінен мәлім болған.Буржуазиялық ұлтшылдар ақынды "Алашорда" ісіне тартуға барынша күш салып бақты.1918 жылы ол Семей қаласындағы алашордашыл облыстық сот құрамына сырттай кіргізіледі. Бірақ ақын көп ұзамай буржуазияшыл ұлтшылдардан біржолата шылбыр үзісіп, туған өлкесіне кетеді.

1919 жылы декабрьде Семей облысында да совет өкіметі түпкілікті орнады. "Бостандық таңы атты!" -деп ақ жүрек адал ниетпен қуанып рухы көтеріліп, шабыттанған ақын халқына жар салды:

Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер!
Арға ие басшының соңынан еріңдер.
Таң артынан хақиқат күн шығады,
Еріншек, жалқаулық әдеттен безіңдер.
Арамдық, аразды түбімен жойыңдар,
Өтірік, өсекті біржола қойыңдар.
Намыс, жігер бойына жиып қайрат,
Қажымай адалдық жағында болыңдар.
Білек пен талапты еңбекке салыңдар,-

деп өзі де қайта түлеп, қаламын қасына алып алаңсыз емін-еркін еңбекке кіріседі.Ақын жаңа өмірде туа бастаған жаңалықтары

қуанышпен қарсы алады. "Қазақ тілі" (Семей) газетіне 1924 жылы әдебиет сыны туралы жазылған "Сын һәм сынауды сынау", " "Қазақ тілі" газетінің басқармасына өтініш" мақалалары жарияланыпты. Ақан сері туралы шығарма және "Шын бақыттың айнасы" еңбегін жазады. Ол жиырмадан астам ән шығарған.

Өкінішке орай, ақынның 1931жылдан бастап өмірі аса ауыр халде өтті. Бірсыпыра жұрттың Шәкәрімнің шыққан әлеуметтігінің тегі үрейлендіреді. Асыра сілтеудің салдарынан ақын ел ортасынан аулаққа кетуге мәжбүр болады. Шыңғыс тауларының тыныш бір қойнауында Шәкәрімнің оқшау үйі, жазу столы, шағын кітапханасы болған.Жалғыз досы қағаз бен қалам ғана еді. Бандылармен байланыста болды деген жала жабылған ақын түрмеге де қамалады,бірақ айғақтың жоқтығынан одан босатылды. Елден оқшау жатса да ақынның әуре-сарсаңы біте қоймады.Бұған кінәлі сол кездегі асыра сілтеу саясатын қолданушылар еді.

Осы кезеңдегі асыра сілтеу жағдайы, оған Шәкәрімнің қатысы туралы тарихшының сөзін тыңдаңыздар.

ТАРИХШЫ (МҰҒАЛІМ):

Азамат соғысы аяқталған соң қатты күйзелген ауыл шаруашылығы біртіндеп қайта қалпына келтіріле бастады, нәтижесінде кедейлер мен байлар азайды, орташалар көбейді.

Бірақ бұл уақытша болатын.Социалистік құрылыстың ең қиын және жауапты науқандарының бірі - жаппай коллективтендіру басталды.

Тұрар Рысқұловтар Қазақстанда коллективтендіру бірінші кезекте емес, екінші тіпті үшінші мерзімде Орта Азия Республикаларымен бірге жүргізілуі қажет екендігін дәлелдеді. Алайда ол сияқты іскер адамдар басшылықтан шеттеліп орнына Филипп Голощекин,Ораз Исаев,Семен Голодов сияқты ел ерекшеліктерін білмейтіндер немесе Ізмұқан Құрамысов,Елтай Ерназаров сынды сенімді терең білімі жоқ,басшылыққа тәжірибесіз адамдар келді.

Қазақстанда мал басының 50 пайызы байлар қолында болатын.

Оларды тап жаулары деп атап,мал-мүлкін ортаға өткізу талап етілді.Ал олар өзінің маңдай терімен тапқан малды әлдекімдерге тектен - текке бере салуға қарсылық көрсетті.

Филипп Голощекин "Кіші октябрь" революциясын "асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын" сөзімен жүргізді.Асыра сілтеп егін екпеген елден астық салығын талап етті.Ел малын астыққа айырбастап,ол астықты өкіметке өткізуге мәжбүр болды.Сөйтіп малдан да, астықтан да айрылған халыққа аштан өлу қаупі туды.Сонымен қазақ халқы жаппай басқа жаққа көшуге немесе өлуге тиіс болды. Қазақ халқы аштық жылдары 2млн.200 мың адамның аштан өлуінің куәсі болды.Бұл қазақтың 53 проценті деген сөз еді./ Атақты Ақтабан шұбырындыда да 1 млн.100 мың өлген/.

Қазақстаннан көшіп кеткен 1 млн.200 мың босқындар мен шұбырындыларды қоса санағанда халық өзінің үштен екісінен астамынан айрылып қалды./Жергілікті материалдар келтірілді/.Жаңа айтып өттік,байларды конфискелеу,өздерін Сибирьге жіберу 1928 жылдан басталды.Осы кезде байлармен қоса орташалар НЭП кезінде ғана байығандар да солармен бірдей қаралғандықтан ел жаңа өкіметке үрке,секемдене қарады.Оның үстіне коллективтендіру кезеңіндегі асыра сілтеу қосылды.Ал осы қиыншылықты көп көрген,сондықтан да өлмеу үшін жанталасқан елдің бірі Семей елі еді.

Сол кезде Совнарком болған Елтай Ерназаров босқан халықты тоқтатуға Семейге келіп:

- Мұны тоқтата алатын кім бар?!- дегенде,ел:

- Шәкәрім ғана тоқтата алады- дейді.Шәкәрімді шақырып:

"Саған жағдай жасайық,елді тоқтат!"-деген де тоқтатса, елдің аштан қырылатынын білген Шәкең үнсіз шығып кетеді. Сонда Елтай: "Ең үлкен жау - Шәкәрім",-дейді.Осыны естіген шолақ белсенділерден енді қайыр болмасын түсінген ақын елден бөлініп,елге залалы болмауын ойлайды.

АДВОКАТ:

-Ел ортасынан аулаққа кеткенде қарт ақын басқа бөтен оймен кеудесіне кек сақтап кеткен жоқ.

- Мен кеттім сендер елде қойдың қалып
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып
Елу бес жыл жинаған қазынамды
Оңашада қорытам ойға салып, -

деп өзінің оңаша кету мақсатын ашық түсіндіреді. Ол елсіздегі қорада жалғыз жатады. Бар шаруасын өзі істейді.

2 октябрьде /қазан/ күні Шыңғыстаудан банда қууға шыққан Абзал Қарасаратовтың отряды аз адаммен аңға шыққан Шәкәрімді

кездестіреді. Басқадан бөлініп өзінің залалсыз адам екенін білдірмек болған Шәкәрімді отряд екі дүркін атады.Ақын осылай дүниеден қоштасады. Бұл сұмдық оқиға 1931 жылы 2 октябрь күні болған. Сөйтіп Шәкәрім ақын 73 жасында жазықсыз оққа ұшқан.

Құрметті сот құрамы! Менің ойымша, ақынның бүкіл шығармаларының ішінде іс-әрекетінде ұлтшылдық сарын Совет өкіметіне қарсы жазылған бір ауыз өлең, не бірде - бір сөз жоқ немесе қылмыс ұйымдастырды деген дерек жоқ.

1957-1958 жылдар Шәкәрімнің жазықсыз өлімі туралы мәселе қозғалған. Ол мәселені СССР прокуратурасы қарап, Шәкәрімнің қылмысы жоқ деп тауып, 1958 жылы 2 октябрьде шешім шығарған.

Құрметті сот құрамы! Содан бері өкімет алдында ақталса да, халық алдында толық танымаған ақынға бүгінгі ақтау соты қажет деп есептеймін.

СОТ:

-Болдыңыз ба? Кімде жолдас адвокатқа қояр сұрақ бар?

І КЕҢЕСШІ:

-Жолдас қорғаушы, сіз Шәкәрім 1958 жылы 2 октябрьде ақталған дедіңіз. Содан бергі 30 жылдан астам уақыттан бері Шәкәрім туралы шындықтың халыққа жетпеуіне не себеп болды ?

АДВОКАТ:

-Шындықтың халыққа жетпеуі Шәкәрімнің өліміне кінәлі адамдар бұл кезеңде, 1959 жылы, аса жоғары қызметтерде болатын. Сондықтан бұл адамдар Орталық Комитетке дейін хат жазып, шындықтың халыққа жеткізілу жолын жауып тастады.

СОТ:

-Жақсы. Тағы сауалдарың бар ма?

Сұрақ жоқ болса отырыңыз!

СОТ: /Көпшілікке/

-Сонымен прокурордың және қорғаушының сөздерін ескере келе қандай шешімге келеміз ?! Ар алдында ақтау қажет пе, жоқ па?

КӨПШІЛІК: - Ақтау қажет! Ар соты болу керек!

СОТ:

- Онда ақтау соты болсын дегендеріңіз қол көтеріңіздер

/көпшілік қолдарын көтереді/

Онда сөз куәгер ретінде шақырылған Абзал Қарасартовқа беріледі.

-Куә, шындығынызды айтатыныңыз туралы хатшының алдындағы қағазға қол қойыңыз.

А. ҚАРАСАРТОВ:

-1931 жылы мен Бесқарағай ауданында милицияның райотделі болып істеп тұрдым. Сонда маған приказ келді. "Сізді Шыңғыстауға жіберейік",- деп отырмыз. Онда жағдай жақсы емес. Ел толқып тұр. Бандылар шығыпты, сондықтан елмен қоян-қолтық араласып, жағдайды түзеңіз! Онда Абайдың немере інісі Құнанбаев Шәкәрім ақын тұрады. Соның тілін тауып ұстай білсең, халық жаныңнан шықпайды. Шәкәріммен дос бол, ол бізге де керек. Келешек үшін Шәкәрімді соттау қажет, - деп тапсырма берді.

Соны мен Шыңғыстауға келдім.Бір күні көптеген көруге аңсаған Шәкәрім қажымен кездестім. Мен әдебиетке жақын едім. Шәкәрімнің "Дубровскийін" жатқа білетінмін. Сондықтан кездескен соң үйге қонаққа шақырдым. Екі күннен соң келді. Өзін сондай сыпайы ұстады. Сараң ғана сөйледі. Екеуіміз сол кездегі жағдай туралы, сол кездегі әдебиет туралы сөйлестік. Әңгіміміз онша үйлеспей тұрды.

Ол ертеңінде қайтып кетті.

Арада жұма өткенде Шұбартауда көтеріліс басталды. Маған Шәкәрімді тірідей ұстау керек болды. Ұстап алып кел деп бірінің артынан бірін екі отряд жібердім. Содан қашып жүргендерді тоқтатуға аттандық. Келе жатыр едік. Жотадан 5-6 атты көрінді. Біреуі бізге қарай бөлініп шықты. Мен қасымдағыларға: "Атыңдар!",- дедім. Олар да ата бастады. Бізге келе жатқан адам аттан құлады. Келсем Шәкәрім екен. Қасындағылар қашып кетті.

Менің ойымша, оған өзімен келе жатқан адамдардың оғы тиді. Оны жерлеуге кісі бөлдім. Менің білетінім осы.

Ал Шәкәрім өліміне қатысым жоқ. Өйткені мен оны қатты сыйлайтынмын, әрі тірідей ұстау жөнінде бұйрық бар болатын.

СОТ:/Кеңесшілеріне/ Сұрақтарыңыз бар ма?

КЕҢЕСШІ:

-Бар. Жолдас куә 1958 жылғы комиссия Шәкәрім мәселесімен сізбен кездесті ме?

А.ҚАРАСАРТОВ:

- Кездесті. Шарабаев (Ә.Шәріпжанов), Оспанов дегендер мен өлтірді депті. Мені өлгенге санаған жоқ. Беттестіргенде тірі екенімді көргенде зәрелері ұшып кетті.

КЕҢЕСШІ:

- Сіз әдебиетке жақын болдыңыз. Өлең кітабыңыз жарыққа шықты ма?

ҚАРАСАРТОВ:

-Жоқ. Кейінгі жазған еңбектерім де екі чемодан. Ылғи баспалардан "сіз ақын емессіз" деген жауап аламын.

СОТ:

-Жақсы. Отырыңыз.

Келесі сөз куәгер Қазақстан Республикасының халық жазушысы Хамит Ерғалиевке беріледі. /куәгер қол қояды/

Х. ЕРҒАЛИЕВ:

-Құрметті сот құрамы! Қарасартовтың Шәкәрім қарауыл үстіндегі атыс кезінде өлді деуі шындық емес. Оның өлімі бұл оқиғадан бір кейін, мүлде басқа жерде, атап айтқанда, Керегетаста болған іс. Оның сүйегі Бақанас бойындағы құр-құдыққа сол жерден апарылған. Бұл кісінің "білмедім Шәкәрімді кім атқанын"-деуі де шындық емес. Білген, оны дәлелдеушілер көп.

1959 жылы Шәкәрім Құдайбердиев ақталып "Қазақ әдебиеті" газетінде оның бірнеше өлеңі жарияланды. А.Қарасартовтың ақынға қаншалықты жаны ашитынын біз сонда көргенбіз, ол жоғары орындардан кірмеген есік қалдырмай айғайын сала жүріп, ақынның өлгеннен кейінгі өмірін тағы да өшіртіп тастаған. Қарасартов Қазақстан Жазушылар Одағына да келген "банды бастығын ақтамақшы адамдардың өздерін жауапқа тарту керек!",- деп столды соға даурыққанын өз құлағымен естіп, өз көзіммен көргенім де бар.

СОТ:

/кеңесшілеріне/ Куәға сұрақтарыңыз бар ма?

КЕҢЕСШІЛЕР:

-Жоқ

ПРОКУРОР:

-Сонда сіз Шәкәрімді А.Қарасартов өлтірді деп ойлайсыз ғой?

Х.ЕРҒАЛИЕВ:

-Өлтіруі де мүмкін. Менің ойымша А.Қарасартов өлімді ұйымдастырушы.

СОТ:

-Сұрақтарыңыз жоқ па? Отырыңыз.

-Келесі сөз куә Айтмырза Түңлікбаевқа беріледі. Шындықты айтам деп қол қойыңыз.

А. ТҮҢЛІКБАЕВ:

-Мен 1928 жылдан партия мүшесімін. Бұл оқиға тұсында Қарасартовтың қарауында чекистке қызмет атқардым. Бандалар қарауылды шауып Олжабайды өлтіріп кеткен соң араға үш күн салып Шәкәрім аға біздің үйге келді. Қатты ауырып жатқан тоқсандағы әкемнің көңілін сұрады. Сонда ол бүлікшілікке қатысқандарды қатты жазғырып отырды. Сонда бұның банда болғандығы қайсы?!

Ал ақын қазасына келсек, ол былай болған: Таң мезгілі. Күздің бір бұлыңғыр күні еді. Жерді қырбақ қырау басқан. Күзетте тұрған башқұрт Халитов анадайдан мұнартып көрінген бір топ аттылардың бізге қарай беттегенін көрген. Осы хабар тиісімен оларды банда деп ойлаған. Қарасартов бізге бірден-ақ "атыңдар" деп бұйырды. Одан-бұдан мылтық атыла бастаған соң аналар іркіліп қалды. Сол кезде іркілген топтан біреуі үзіліп шығып, атының жорғасын төндіре бізге қарай беттеді. Жақындағанда Шәкәрім екенін бәріміз-ақ танидық. Бірақ "атысты тоқтатыңдар" деген бұйрық болмаған соң, башқұрт Халитов оны бір рет емес, екі дүркін атты. Шәкәрім атының жалын құша беріп жерге құлап түсті. Аты да оңбай жарақаттанды. Бұл кезде Шәкеңнің серіктері зым-зия жоқ болып кетті.

Қапелімде жан тәсілім қия алмай қиналып жатқан қарттың қаруын, үстіндегі киімдерін бұйрық бойынша жұрт үлестіріп ала бастады. Қасқыр - ішік, тымақ саптама етік, сырма бешмент, шалбар дегендеріңіз бір - бірден алынып болған соң ақ қыраудың үстінде ақ жейде ақ дамбалымен қан жоса болып ақ сақалды шал жатты. Сонда начальник маған:

- Әй, тобықты, сен неге алмадың?, - зекіді.

- Мен алатындай несі қалды?.. дегенді мен ызаға булығып айттым.

- Өзін ал! Бақанасқа жеткіз! - деген бұйрық берді.

"Мен алатын несі қалды?" дегенді ызаланып жасқа булығып айтқаным үшін Қарасартов маған сенімсіздік көрсетіп, мені он бес тәулік бойы гаупвахтада ұстады. Сол уақыт ішінде ол өзінің қорқытып жаздырған адамдарының бәріне "Шәкәрім банданы ұйымдастырушы болды" дегізіп үлгерген. Гаупвахтадан шыққан соң мен де сол сарында жазуға мәжбүр болдым. Ал Халитовты дереу басқа жаққа шығарып жіберді.

СОТ: -Болдыңыз ба?

А. ТҮҢЛІКБАЕВ:- Болдым.

СОТ: Кімнің Түңлікбаевқа сұрағы бар?

ПРОКУРОР: -Менің сұрағым бар: Сіз неліктен шындықты сол қалпында сол уақытта елге жеткізбедіңіз?

А.ТҮҢЛІКБАЕВ:- Мен қорықтым. Егер шындықты айтсам сол уақытта көзім жойылатын болды. Бұдан кейін әйгілі 1937 жыл келді.

Сонымен шындық елге жетпеді.

КЕҢЕСШІ: -Қарттың денесі сол құдықта әлі жатыр ма?

А.ТҰҢЛІКБАЕВ:- Жоқ. 1961 жылы ақынның ұлы Ахат оны құдықтан қазып алып Абай зиратына қайта жерлеген. Абай қабірінен 5-6 қадам жерде жатыр.

СОТ: -Жақсы, отырыңыз. Келесі сөз куә Бекдаш Әзімбаевқа беріледі. Қолыңызды қойыңыз.

Б. ӘЗІМБАЕВ: Біз өз туыстарымыздан 5-6 адам жиналып Шәкәрім ағаның хал-күйін білгелі Шақпақтағы саят-мекеніне барғанбыз. Ағаның бір ауық аң аулап сендермен бірге көңіл сергітейін деген тілегі бойынша шыққан бетіміз сол еді.Таң мезгілі. Күн бұлыңғыр болатын. Шәкәрім аға бұл жолы өзінің Абай сыйлаған маузерімен шыққан-ды.

Бір жазықта аттылы-түйелі адамдардың шоғыры көрінді. Солай қарай беттей бергенімізде неше мәрте атылған оқтан секем алдық та, іркіліп қалдық. Шәкең: "Тегінде бұлар әнеугі бандыны қуып жүрген отряд шығар, мен жолығып соларға жөнімізді білгізейін. Сендер осы арада аялдай тұрыңдар",- деді де жүріп кетті. Барған бетінде екі дүркін мылтық атылды. Бүліншіліктің барлығын да біздің тұқымға телігісі келеді дегенді де естуші едік. Шәкеңді атып өлтіргенін бірден сездік. Бұлар кім болғанда да оны өлтірген соң, бізді сірә да аямас,- дедік те сол бетімізбен Қытайға өтіп кеттік.

СОТ: - Кімде қандай сұрақ бар?

ПРОКУРОР: - Сол жолы сіздердің қолдарыңызда мылтық болды ма?

Б. ӘЗІМБАЕВ: Маузер Шәкәрімнің қолында болатын. Қалғанымызда бытырамен оқталған құс ататын мылтық қана болған.

ІІ КЕҢЕСШІ: Сонда сіздер жақтан мылтық атқан болды ма?

Б. ӘЗІМБАЕВ: Жоқ. Ешкім мылтық атқан жоқ.

СОТ: -Отырыңыз. Келесі сөз Қазақстан Орталық Комитетінің идеология жөніндегі секретары болған Нұрымбек Жанділдинге беріледі.

Н. ЖАНДІЛДИН: (Қол қойып болған соң) - Менің балалық шағым және жасөспірімдік шағым Қарағанды облысының Қу, Қарқаралы аудандарының орталықтарында өтті. 1934-38 жылдары Абзал Қарасартов осы екі ауданда НКВД -ның бастығы болып істеді. Ортадан төменірек бойы бар, дембелше, қараторы, сымбатты деп айтуға болатын жігіт еді ол кезде. Бұл адаммен жақын білісуім 1942 жылдан басталды. Мен Егіндібұлақта аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарып жүргенімде, А.Қарасартов райисполкомның жауапты хатшысы еді.

1959 жылы "Қазақ әдебиеті" газеті Шәкәрімнің жоғарғы сот шешімі бойынша толық ақталуына байланысты материалдар жариялады. Соның артынан іл-шала Қарасартов Алматыға келіпті. Амандасып, жай - жапсарларды сұрастырып болысымен-ақ ол өзінің ішіне сыймай жүрген ызалы көңіл- күйін ақтара бастады. Біздің бәрімізге: "таптық қырағылықты бәсеңдетіп отырсыңдар", - деп кінә тақты. Ондағысы - Шәкәрім өлеңдерінің жарыққа шығуы болды.

Маған мәселені былай қойды: "Шәкәрім Құдайбердиев - Совет өкіметінің қас жауы. Қолына қару алып күрескен өкіметке қарсы көтеріліс ұйымдастырып, оған оқ атқан адам.Мұндай адам ағартылатын болса, мен соңғы демім өткенше ісім сендермен болады, Хрущевқа дейін барамын", - деп қоқан лоққыға басты. "Бұл айтқандарымды толық анықтайтын деректердің бәрі КГБ - де, олар ақырына дейін менің жағымда болады", - деп кетті.

Сол тұста бір жазушы Қарасаровтың қолында Шәкәрімнің көптеген қолжазбалары барлығын, сіңіріп кету мақсатымен оны ешкімге бермей тығып жүргендігін айтты. Мен Қарасаровты Алматыға шақырдым. Ол келді:

-Шәкәрімнің қолжазбалары сіздің қолыңызға қалай түсті, оны тиісті ғылыми мекемелердің біріне тапсырмай неге осы күнге дейін тығып жүрсіз?- деп сұрадым.

Осы арада Қарасартовтың түсі ерекше бұзылып кетті. Біраздан соң ғана "Шәкәрім өлеңінің маған қажетті не, мен өзім өлең жазатын адаммын, - деп портфелінен бір қағаздар алып шықты. Онысы жай өлеңсымақтар екен.

Менің ойымша, қадірлі сот құрамы, Қарасартов Шәкәрімнің қолжазбаларын қолына түсіру үшін Шәкәрімді өлтіруді алдын - ала жоспарлады. Шәкеңмен кездесіп, қолжазбасын қолына түсірген соң, оны өлтіруді ұйымдастырды. Осы сұмдық өлімге кінәлі адам - Абзал Қарасартов. Сондықтан да кінәсіз ақын ақталуға тиіс.

СОТ: - Сізге менің сұрағым бар.Сіз ол кезде өте жоғары қызметте екенсіз.Неге Шәкәрім туралы шындықты сол 1959 жылы баспасөзде жариялатпаңыз.

Н.ЖАНДІЛДИН:-Ол кезде менен жоғары 2-ші хатшы, КГБ басшылары бұл мәселені жауып

тастауға тырысты,тіпті Орталық Комитетке хат жазғандар болды.Сонымен шындық елге жетпеді.

СОТ: - Жақсы отырыңыз. Келесі сөз куә Әубәкіров Хамзаға беріледі.

Х. ӘУБӘКІРОВ: Мен Қарасартовпен көптен таныспын. Ол Қарқаралыда ГПУ бастығы болғанда мен ауданда жауапты қызметте едім. Бір күні ол біздің үйге бір үлкен чемодан алып келді. Оны маған:

- Мынаның ішінде менің өмірлік азығым. Сен мұны ешкімнің көзіне түспейтұғын жерге тығуың керек!- деді. Мен оны шошаланың (кладовка) ішіндегі шкафтың жоғары сөресіне қойдым. Бір күні Абзал жоқта бірдемелер іздеп жүріп, чемоданды құлатып алдым. Сол сәтте ескі чемодан ашылып кетіп, ішінен ондағы дәптерлер ақтарылып, жерге шашылды. Қарасам дәптердің бәрі Шәкәрімнің қолжазба өлеңдері екен.....

Кешке Қарасартовтан:

-Шәкәрімнің саған қалай келді? Оны не істеймін деп өзіңмен бірге сүйреп жүрсің?-деп сұрадым. Қарасартов зәресі ұшып қорқып кетті де:

- Хамзажан, мұны сен менен сұрама, мен саған айтпаймын, өлтіремін десең де. Аузыңнан бір сөз шыға көрмесін! Сенен жалына сұраймын, өтінемін,- деп сол сағатта ол үйден чемоданын көтеріп, кетіп қалды. Менің білетінім -осы.

СОТ: Жолдас Әубәкіровке кімнің сұрағы бар?

ПРОКУРОР: Осы айтқан сөзіңізді растайтын куәңіз немесе айғақ затыңыз бар ма?

Х. Әубәкіров: Мұны сол уақытта үйге келген Бекенов деген жігіт көрген, бірақ ол 1961 жылы қайтыс болып кетті.

Ал айғақ затқа келетін болсақ, қолжазбалар шашылған кезде қараңғы бұрышта көрінбей қалған өлең жазылған екі парақ қағаз көп уақыт менде сақталған. Ал қазір қайда екенін таба алмай жүрмін. Тапсам әкеліп берейін.

СОТ: Жақсы отырыңыз (Түрегеліп)

- Құрметті сот процесіне қатысушылар! Қорғаушының және куәлардың сөздерін тыңдай келе, сот құрамы кеңеске кіріседі.

ХАТШЫ: Сот құрамының кеңеске кірісуіне байланысты үзіліс жарияланады!

ҮЗІЛІС

ХАТШЫ: - Тұрыңыздар, сот келеді! (Көпшілік түрегеледі)

СОТ: - Құрметті, жиналған қауым! Жиналған куәлардың, қорғаушының айтқан сөздерін ескере келе сот мүшелері төмендегідей шешім қабылдады:

1. 1931 жылы НКВД чекистерінің қолынан жазықсыз мерт болған Шаһкәрім Құнанбайұлының іс- әрекетінде қылмыс жоқтығына орай толық ақталып, 1959 жылғы әділеттілік қалпына келтірілсін! (ду қол шапалақтау)
2. Сот мәжілісі Шаһкәрім өліміне қатысты адамдарды келешекте анықтау, тарихи шындығын қалпына келтіру қажет деп санайды.
3. Сот құрамы Шаһкәрімнің шығармашылығын бүкіл жұртшылыққа Абайдың бірегей шәкірті ретінде кеңінен насихаттауды, мектеп бағдарламасына арнаулы сағаттар енгізуді ұсынады.
4. Осы қорытынды баспасөзде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қоса жариялануы тиіс!

ХАТШЫ:

- Осымен сот процесін жабық деп жариялаймын!.

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ:

Біз бүгін ақтау сотында Шаһкәрімнің өмірінің соңғы кезеңіне тоқталдық. Сол арқылы тарихи шындыққа қол жеткіздік

Шындық жолы ауыр жол. Әділеттікке жету - тек бүгінгі күні ғана мүмкін болып отыр.

Сол қаралы 1931 жылдан кейін Шәкәрім маңайына қара бұлт,қатерлі бұлт төнген еді. Шәкеңнің туыстары, балалары-Қапыр, Қабыш, Ахат, Зият, Гүлнәрлардың өмірлері аса қиын болды.Мәселен:Қапыр деген ұлы өзін-өзі түрмеде пышақтап өлтірді. Ахат 20 жылдай түрмеде болды.Шәкәрім маңайындағылардың тағдыры осыған ұқсас өтті.Сол Шәкең өлген тұста қызы Гүлнәр жоқтау шығарса,ұлы Ахат әкесінің сүйегі жатқан құдыққа арнап өлең шығарды.

1957-1958 жылдар Шәкәрімнің жазықсыз өлімі туралы мәселе қозғалған. Ол мәселені СССР прокуратурасы қарап, Шәкәрімнің қылмысы жоқ деп тауып, 1958 жылы 2 октябрьде шешім шығарған. Ақын 1988 жылы халқымен қайта қауышты.

МҰШЕЛТОЙ

ӘОЖ 821.512.122

А.СМАҒҰЛОВА, филология ғылымдарының кандидаты
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті жанындағы «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

АҚЫЛ МЕН ҒИБРАТ ӨРНЕГІ
(Шәкәрім Құдайбердіұлының тұңғыш өлеңдер жинағына 100 жыл)

Мақала Шәкәрім Құдайбердіұлының тұңғыш шығармалар жинағы «Қазақ айнасының» жарық көргеніне 100 жыл толуына арналған. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағының маңызы, онда көтерілген әлеуметтік мәселелер сынды дүниелерді бағамдайды.

Терең философия мен ұшқынды ой, ақыл мен ғибратты өрнектей білген Шәкәрім Құдайбердіұлының тұңғыш өлеңдер жинағының шыққанына 100 жыл. Ақынның тұңғыш жинағы 1912 жылы Семейдегі "Ярдам" ("Жәрдем") баспасынан "Қазақ айнасы" деген атпен жарыққа шықты. Кітап араб әрпімен басылған. Мұқабасында "г.Семипалатинскъ. Типографія. Т-ва "ЯРДАМЪ" 1912 г." деп көрсетілген.

Ең алдымен "Жәрдем" ("Ярдам") баспаханасы туралы бірер сөз, "Жәрдем" - ағайынды Садық, Сұлтан Нығматуллиндердің ұйымдастыруымен ашылған Қазақстандағы тұңғыш ұлттық баспахана.

Баспаханадан Т.Жомартбаевтың "Балаларға жеміс" өлеңдер жинағы мен "Қыз көрелік" романы, М.Малдыбаевтың "Оқу кітабы", Б.Айтқожаұлының "Шын мақсұттар" өлеңдер жинағы және т.б. кітаптар жарық көрген.

"Қазақ айнасы" кітабын баспаға әзірлеп, бастырушы, әрі редакторы Шәкәрім Құдайбердіұлының өзі болған, оған кітаптың сыртқы бетінде: "нашир уа мехәррирі: Шаһкарим Құдайберді ұғлы" деп жазылуы дәлел бола алады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы Сәбит Мұқановқа жолдаған хатында: "Бұрын басылған "Қазақ айнасы", "Еңлік-Кебек", "Қалқаман-Мамыр" деген өлеңдерімді әрбірінен өз қаражатыммен 1000 (экземпляр) дана бастырып елге таратып едім" ,- дейді. Бұдан аталған өлеңдер топтамасының таралу ауқымын да аңдауға болады.

Шәкәрім ақын өлеңдер жинағының алғашқы басылымына "Қазақ айнасы" деген ат берген. Бұл турасында Шәкәрім шығармашылығына арналған тұңғыш монографиялық еңбектің авторы Ш.Сәтбаева былай дейді: "Айна-сәуле, сөз өнері - өмір сәулесі, суреттемесі деген ғылыми-философиялық, эстетикалық көзқарасқа меңзейді, негізгі мазмұн - қазақ болмысы, қазақ өмірі. Сөз өнерінің құдіретті күші арқылы ақын қазақ қоғамының жақсаруына, адамдардың жеке басының жетілуіне әсер етуі көзделген" [1,13]. Яғни ақын жинаққа енген өлеңдері арқылы сол кездегі қоғамдық жағдай көрінісін, халықтың жай-күйін, қазақ халқының болмыс-бітімінің бейнесін өзекті ойлары арқылы түйіндеген.

"Қазақ айнасына" ақынның 1878 жылдан 1904 жылға дейін жазған өлеңдері, яғни барлығы 30 өлең енген. Мәселен, "Өзіме", "Бай мен кедей", "Партия адамдары", "Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым", "Өмір", "Бояулы суыр", "Қаншыр мен бөдене", "Ақылшы торғай", "Қасқыр, түлкі, бөдене", "Талап пен ақыл", "Қорқақ бай", "Жан менен дене һәм көңіл" сынды өлеңдерінде ақын қоғамдық қайшылықтар, адам мінезіндегі кереғарлық іс-әрекеттерді сынайды.

Жинаққа енген "Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым" өлеңінде ұлы ұстазы Абай дүниеден өткенен кейінгі Шәкәрім ақынның ой-тебіренісі негізінде ұстазымен тілдесуі баяндалады. *"Енді есіңді жисаңшы, Манар тауға сыйсаңшы. Аласұрып аптықпай, Бұл жалғанды қисаңшы"* деп тиянақ іздейді, өз-өзіне басу айтады. Және ақын қазақтың кері тартар

кемшіліктерін де сынайды: *"Құры айтқанмен бол ма, мұсылмандық түрі жоқ"*. Ақын пікірінше, хақ мұсылмандық шарты: рахым, ұят, ар, ынсап. *"Мұсылманбыз" дегені-Бұл қазақтың шыны емес"* деп өткір аяусыз мін айтады.

"Қазақ айнасына" енген өлеңдерінің дені адам тағдыры, адам өмірінің мәні, адамгершілік тәрізді философиялық ой-таным турасында.

Біреу маған от жақ деп қылды бұйрық,
Жағайын деп ұмтылдым көңіл жүйрік.
От жаққалы жатқаным бір үлкен үй,

Отын жиып қойыпты талай күндік- деп басталатын "Өмір" өлеңінен ақынның ой-тереңдігін, ақындық танымның кеңдігін байқаймыз. Ақын От-Өмір-Тіршілік ұғымдарын қатар қояды. От қазақ ұғымында қашанда киелі, ақын өмірді от сөзімен алмастырып символдық бейне жасап тұр. *"Үш -ақ түрлі өмір бар...Ең керекті дегенің -ортаншы өмір"*,-дейді де ақын, ортаншы өмірді: *"Жалын шығып лапылдап жанып еді"* деп суреттейді.

"Бай мен кедей" өлеңінде ақын қоғам өмірі, әлеуметтік теңсіздікті, адамдардың рухани түсінігінің деңгейін бейнелейді. Тоғышар бай мен кедей тұрмысы салыстыра суреттеледі. *"Қымыз ішсең, көже ішіп мен де жүрмін, Бәрі бір, бай болғанмен қайтіп өттің?"* -деп ақын байға қымыз, кедейге көже ішкізу арқылы әлеуметтік айырмашылықты нақтылай түседі. Қымыз бен көже - ауқатты адам мен сіңірі шыққан жалдамалы кедейдің арасындағы айырмашылық. Осылайша ақын қоғамның ащы шындығын қатар қоя отырып: *"Өзің істеп әдет қыл, келсе халің"* деп ғибрат айтады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ғибратты ортада тәлім - тәрбие алуы оның болашағына зор әсерін тигізгені сөзсіз. Болмысы мен танымының қалыптасуы да рухани ортада есеюімен тығыз байланысты. Ең алдымен Шәкәрім ұстаз ағасы Абайдың өнегесін көріп, тәлімін тыңдаған.

"Әкеміздің бір шешесінен туған - Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тәлім алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім.

Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хаким философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті",-дейді Шәкәрім Құдайбердіұлы рухани тәрбиешісі хақында. Ол ұлы Абайдың сөз өнеріне деген ықыласы мен пейілін көріп өсті. Содан да болар, ол о бастан-ақ ақындық, өнердегі өзінің биік нысанасын, асыл мұратын айқын сезініп қалыптасты. Халықтың мұңын жырлау, адам қасиеттерін қастерлеу оның шығармаларының алтын арқауына айналды.

Шәкәрімнің баласы Ахаттың айтуы бойынша, "Қазақ айнасының" 2-бөлімін жазу мақсатымен Шәкәрім: "Қазақтың бай ауыз әдебиетін, эпостық әңгімелерін, мақал-тақпақтарын, мәнді сөздерін жинайды. Қазақтың мақал-мәтелдерін сынап, оларды құрып, "Қазақ айнасының 2-бөлімі" деп жазады" [2]. Бұл турасында "Қазақ айнасының" қара сөзбен жазылған екінші бөлімінің қолжазбасын Шаһкәрімнің баласы Ахатты 1937 жылы НКВД тұтқындаған кезде алып кеткен" деп көрсетеді абайтанушы Қ.Мұхамедханов [3,37]. Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар және қолжазбалар қорында Ахат Шәкәрімұлының 1936 жылы өткізген "Шәкәрім Құдайбердіұлының қолжазбаларының тізімі" деген екі дәптері сақтаулы. Сонда былай деп көрсетеді: "Шәкәрімнің қолжазбалары осылар ғана емес. Басқа көп қолжазбалары болатын. Олардың қайсыбірлері тірі күнінде баспаға жіберілген. Өзінің қолымен жазған барлық шығармалары Қытайға кеткен баласының қолында болуы керек" [4]. Яғни "Қазақ айнасының" 2-бөлімі Қ.Мұхамедханов көрсеткендей 1937 жылы тәркіленбеген ба дейміз. Себебі егер ол Ахат Шәкәрімұлының қолында болса 1936 жылы тапсырған қолжазбалармен бірге өткізер еді. Алмағайып уақыт, кеңестік заманның астыртын саясатын жақсы білген Ахат ол қолжазбаны қолында қалдырмас еді.

Сондай-ақ, "Жәрдем" баспасынан Шәкәрімнің "Қазақ тілінде тарихи хикая" ("Қалқаман-Мамыр"), "Жолсыз жаза, яки кез болған іс" ("Еңлік-Кебек") атты дастандары да жарыққа шыққан. Бұдан бір жыл бұрын, яғни 1911 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының "Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі" мен "Мұсылмандық шарты" еңбегі баспа жүзін көргені белгілі. Бұл турасында белгілі абайтанушы Қ.Мұхамедханов былай дейді: "Екі жылдың ішінде жарық көрген бес кітабы арқылы бұрын да елге әйгілі Шаһкәрімнің даңқы халық арасында кеңінен жайылды". Әрине еңбектерін елге тарату негізінде атақ-мансап емес, ұлтының рухани кемелденуін аңсау жатқаны белгілі.


قازاق آیناسی

برچی بولاك

ناشر ومحرری:

شاه‌کریم خدایبیردی اوغلی.

۱۹۰٤ نچی یلی یازلغان.

МОСКОВСКІЙ ПУБЛИЧНЫЙ
ХП-11687
И РУМЯНЦЕВСКІЙ МУЗЕИ

هر حقوقی صاحبنه عائد.

г. Семипалатинскъ.
Типографія Т-ва „ЯРДАМЪ"
1912 г.

Шәкәрім Құдайбердіұлының 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан «Қазақ айнасы» деген атпен жарық көрген тұңғыш өлеңдер жинағының мұқабасы



Шәкәрім Құдайбердіұлының 1912 жылы жарық көрген "Жолсыз жаза, яки кез болған іс" ("Еңлік-Кебек") дастанының мұқабасы



موطولغان

قالقامان ـ مامر

بول آڭگمه، ۱۷۲۲ نچی حلی بزدڭ اورطا جوز قازاغی صرداریا بویننه حورگینده بولغان آنق اس، بزدڭ قازاق، قالمافدان جیڭیلیب «آقطابان شوبورندی» بولغانتان براق جل بورون.

قالقامان ـ مامردڭ اسینه. ایسکی قارافدار نیرس کوزی مینین قارامادا. اوص كونگی كوڭلیمڭ كوزی آجفدار. جزاسز ایکدنن بلب دعا قلسا کیرك.

اولگیندی تریلنیه یمنه. اوچکیندی ماندیرغاندای بولسون دیب. بیبل، جوز طوقصان جل بولب موطولغان اسدی آلدیڭزغا قویدم: بول آڭگمه آقصاقالدار آوزیاندا قالب بارا جاطر. صول آصقاردڭ اوزی کینسه‌ده ایزی حوغالماسن دیپم بزدڭنه ایزیمز حوغالاطوغون اویلاب. . . . .

شاه کریم.

Шәкәрім Құдайбердіұлының 1912 жылы жарияланған "Қазақ тілінде тарихи хикая" ("Қалқаман-Мамыр") дастанының алғашқы беті

Ақын өмірінің соңғы жылдарында жазылған "Мұтылғанның өмірі" шығармасындағы:

Жаздым "Қазақ айнасын",
Мінез түзеу айласын.
Ел көрсін деп пайдасын,
Бастырып, елге тараған

-деген жолдар алғашқы өлеңдер жинағының салмағын нақтылайды. Ақын алғашқы жинағындағы өлеңдері арқылы рухани дамуды насихат етуді мақсұт тұтты.

Шәкәрім ақын өз туындыларында өзі өмір сүрген дәуірдің барлық шындығын дөп басып суреттей білді. Ол сол кездегі қазақ даласының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсы білді. Сол себепті де Шәкәрімнің өнегелі жыр жолдары сол дәуірдегі қазақ өмірінің айнасына айналды.

Әдебиет

1. Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев.- Алматы, 1990.-52 б.

2. Шәкәрімұлы А. Менің әкем, халық ұлы - Шәкәрім// Жұлдыз, 1988, №11

3. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері.- Алматы, 1995. -208 б.

4. Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының қоры КП 34-35/3

ТҰЛҒАЛАР

БИМБОЭС АЛЬВИН (1878-1942) - экономист-ғалым, журналист, музыкант, этнограф. Қазақ халқының музыкалық шығармаларын жинастырушы. Мюнхен, Гейдельберг университеттерінде, Карлсруэ қаласындағы политехникалық институтта және Берлиндегі коммерциялық институтта оқыған. 1911 жылдан Ресейде тұрған. 1919 - 22 жылдары Ақмолада тұрып, Көкшетау ауданы саяси бөлімінде нұсқаушы болып қызмет атқарған. Қызмет бабымен Ақмола губерниясында жүргенде 100-ге тарта қазақтың халық әндерін жазып алған. Олардың арасында Абайдың "Сегіз аяқ", "Татьянаның хаты", "Жиырма бес", "Қыз Бикен", т.б. әндері бар. Ақмолада тұңғыш балалар музыка мектебін ашқан. Фортепьяноның, хордың, симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен айтуға бірнеше дауыс ырғақтарын өңдеген. Бимбоэс композиторлар А.К. Глазунов, А.В. Затаевичтермен кездесіп, хат жазысып тұрған. Оларға өзі жазып алған әндердің аудармасы мен өңделген нұсқасы жазылған қолжазбаларын, өзі салған суреттерін берген. Өмірінің соңына дейін Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы КСРО Қаржы халық комиссариатының жанындағы Экономикалық зерттеулер институтында, әр түрлі басылымдар редакциясында қызмет істеген.

Музыкатанушы Т.Бекхожина Шәкәрім әндерін алғаш нотаға түсіруші Бимбоэс екені туралы және сол нотаға түскен әндердің тарихы туралы "Аманат" жинағында құнды дерек келтіреді: "Қолдағы жиналған деректерге қарағанда, Шәкәрімнің әндерін алғаш рет нотаға түсірген голландық Альвин Эрнестович Бимбоэс. Ол 1919-1922 жылдар аралығында Ақмола политотделінде инструкторлық қызмет атқарып жүріп, қазақ әндерін нотаға түсірумен шұғылданады. Соның нәтижесінде 1926 жылы Н.Ф.Финдейзеннің редакциялауымен шыққан "Музыкалық этнография" жинағында Бимбоэстің қазақ музыкасы туралы жазған көлемді мақаласына қоса қазақтың 25 әнінің нотасы басылды. Аты аталған жинақтың ішінде "№1 Шакарим", "№2 Шакарим (частушка)" деген атпен Шәкәрімнің екі әні жарық көреді".

ЖӘНІБЕК КӘРМЕНОВ (1949-1992) - әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстан Жастар сыйлығының лауреаты. Қазіргі Шығыс Қазақстан, бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келген.

Алғашында Алматы эстрада-цирк өнері студиясының (қазіргі колледж) әншілік бөлімін, одан кейін Қазақ мемлекеттік университетін бітірді.

Жәнібек Кәрменов "Өнер" баспасында редактор, Алматы мемлекеттік консерваториясында халық әндері кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ол өзіндік ән орындаушылығымен ерекше көзге түсті, көптеген халық композиторларының шығармашылық өмірі мен мұрасын насихаттау және олардың ұмытылған ән мәтіндерін қалпына келтіру ісіне зор үлес қосты.

Қазақ радиосы мен телевизиясы арқылы халық әншілері мен әншілік дәстүр жайында хабарлар жүргізді.

1966 жылы өткен көркемөнерпаздардың республикалық байқауында бірінші орын алады. 1984 жылы концерттік-орындаушылық, зерттеу қызметтері және жастар арасында халық өнерін насихаттаудағы жұмыстары үшін оған Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы ұсынылды. 1996 жылы оның есімі Қарауыл ауылындағы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы) музыка мектебіне берілді.

Жәнібек Кәрменов Елебеков класын бітірген. Бұл әншінің дауысын орнықтыруда, елге танылуына үлкен ықпал етті. Көзінің тірісінде "Ақылбайдың әні", "Махаббат әні", "Ғашықтың тілі" атты кітаптары жарық көрген. Шәкәрім әндерінің табиғатын терең танып, ерекше мәнерін меңгерумен қатар, насихатшысы да болды.

КЕЛДЕНБАЙ ӨЛМЕСЕКОВ (1953-2010) - әнші композитор, Шығыс Қазақстан облысы, Құйған селосы, Күршім ауданында дүниеге келген.

Қазақ өнерінің қос бәйтерегі, халық әртістері Жүсіпбек Елебеков пен Бекен Жылысбаевтан дәріс алып, олардың баулуынан өтеді.

Келденбай Өлмесеков - ән өнерінің белгілі өкілі - лекция-концерттер берумен ерекшеленген әнші. Бірнеше жыл бойы Шәкәрім әндерін, дәстүрлі өнердің жанашыры ретінде ескі ән-әуендерді, мәтіндерді жинастырды

Әнші Келденбай Өлмесековтің айтуы бойынша: "Шәкәрім композиторлығы Ақан сері, Біржан салдан бөлек, яғни Шәкәрім әнді ойды жеткізу құралы ретінде пайдаланған. Ән шумақтары, әдетте, төрт жолдан тұрса, бұл кісінің кейбір шумақтары 6-7, тіпті 8-9 жолға дейін кетеді. Әншінің ойынша, Шәкәрім композитор болуды мақсат етіп қоймаған да, әрине Абайға еліктеу де бар шығар, бірақ негізінен, айтар ойын ән-әуен арқылы жеткізуге тырысқан", деп ой толғайды.

Келденбай Өлмесеков Шәкәрім әндерін ең алғаш рет 1982 жылы естіген екен. "Жастық туралы", "Кәрілік туралы" әндерін үйренген. Абайтанушы Т.Ибрагимовтың көмегі арқасында әнші өміріне де өзгерістер енді. Дәстүрлі әнші енді ақын әндерін орындап қана қоймай, Төкен Ибрагимовтен Шәкәрімнің өмірбаяны мен шығармашылық тарихын жазып алып, оны өзінше қорытып, лекция дайындады. "Шәкәрімнің музыкалық мұрасы" және "Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек" атты лекция-концерттерімен ақын әндерінің насихатшысы болды. Жылына 200-ге дейін концерттер беруге жетті, бүкіл Қазақстанды түгелдей аралап шықты десе де болады, мектептерге, жоғары оқу орындары мен қарапайым көрермендерге барып қажы атамыздың әндерін 20 жыл бойы тынбастан насихаттап келді. Тек Қазақстанға ғана емес, Моңғол, Қытай, Ресей асырып, тарыдай шашыраған қандастарына таратты.

Әнші Келденбай Өлмесековтің орындауында "Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек..." дискісі 2007 жылы жарыққа шықты.

ТАЛИҒА БЕКХОЖИНА (1919-1995) - музыкатанушы, музыка фольклоршысы, әнші. 1963 ж. Алматы мемлекеттік Консерваториясының музыка теориясы мен тарихы факультетін (проф. И.И.Дубовскийдің жетекшілігімен) бітірді. Бекхожина алғашында шығармашылық қызметін әнші болудан бастады; 1941-58 ж. Қазақ мемлекеттік филармониясы құрамында әнші болды. Ұлы Отан соғысы жылдары концерттік бригада құрамында майданның алғы шебінде болып, жауынгерлерге мәдени қызмет көрсетті. 1962-80 ж. ҚазКСР-і ҒА-ның Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінде лаборант, кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеді. Көп жылдар фольклорлық экспедиция құрамында болған ол Қазақстанның және Өзбекстанның жергілікті тұрғындары арасынан бұрын белгісіз болып келген көптеген әндерді (1500-ден астам) нотаға түсіріп жазып алды; халық шығармашылығын орындаушылары жайында деректер жинады.

Т. Бекхожина ақын әрі композитор Шәкәрім Құдайбердиевтің әндерін жинап құрастырушы. 1989 жылы "Аманат" баспасынан өзі алғы сөзін жазып Шәкәрім әндерін басып шығарады.

ФОТОШЕЖІРЕ

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде өткен танымал ақын, халықаралық Жамбыл атындағы және Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтардың лауреаты, "Парасат" орденінің иегері Несіпбек Айтұлының шығармашылық кеші

Ақынның тебіреніспен оқыған өлеңдері кездесуге келген қонақтарға зор әсер қалдырды.

ФОТОШЕЖІРЕ

Ақын Несіпбек Айтұлына "Шәкәрім" атындағы медаль табыс етілді

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы, студенттер және Несіпбек Айтұлы

ФОТОШЕЖІРЕ

□.□.□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□ 115 □□□ □□□□□□□□ □□□□ □□□□□□□□ □□□□□□□□□ □□□□□□ □□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□□□□□□ □□□□□□ "□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□" □□□□□ □□□□□□□□□ □□□□ □□□□□□□□□□□ □□□□ □□□□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□ □□□□□□ □□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□□□ □□□□ □□□□□□□□ □□□□□□□□.

Жас ақындар кемеңгер жазушыға жыр жолдарын арнауда

ФОТОШЕЖІРЕ

□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□□□ □□□□□□ □□□□

«ШӘКӘРІМ» ЖУРНАЛЫ

Мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығы. Глинка көшесі, №20 "А". Бас ғимарат, 106 бөлме. Байланыс телефоны:
8 (7222) 35 48 52;
E-mail: shakarimtanu.semey@mail.ru

Беттеуге тапсырылған күні -26.03.2012 жыл. Басуға қол қойылған күні - 31.03.2012 жыл.
Форматы - 60х84 1/8. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді